


Алмас АХМЕТБЕКҰЛЫ



ЖҰМЕКЕННЕҢ

100
өлең

Алмас АХМЕТБЕКҰЛЫ

**ЖҰМЕКЕННЕҢ
100
ӨЛЕҢ**

Әдеби сын

«Сардар» баспа үйі
Алматы
2022

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5Қаз)
А 94

*Қазақстан Республикасы Мәдениет жөнне спорт министрлігі
«Мәдениет жөнне онер саласындағы бәсекелестіктің жоғарылату,
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау
жөнне архив ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу,
басып шыгару жөнне тарату» кіші бағдарламасы
бойынша жарық корді*

АХМЕТБЕКҰЛЫ А.
А 94 **Жұмекеннен 100 өлең. Әдеби сын.** / Алмас Ахметбекұлы.
– Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2022. – 320 бет.

ISBN 978-601-7624-22-4

Кітапқа автордың Жұмекен поэзиясына талдау жасаған ауқымды еңбегі арқау болды. Жұмекен ақынның көркем өлеңдерін біліп оқу, сезіп, түсініп оқу ол – көркем ойлауға жетелейді.

Автор ауқымды әрі көркем ұлттық өлеңдерді талдай отырып, тіліміздің соншама бай құбылыс пен терең түйсіктерге дейін бейнелей алатын сұлу қасиетін сөз етеді, сонымен бірге Жұмекеннің орасан қуатты шабытын, өлең сөз қысыныңдағы қайталанбас тәсілдерін тарқатады. Оның әр алуан тақырыптар тұсындағы шекіз шеберлігінің шиелерін шешеді. Кітапқа автордың «BairaQ.kz» порталында жарияланған Жұмекен туралы 30 макаласы негіз болды. Оған коса әдеби сын жаңындағы өзге де мақалалары «Сөзтану» және «Шәуешек феномені» деген атпен топтастырылған.

Кітап өлең сүйер қауымға және оку орындарының шәкірттеріне арналған.

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-7624-22-4

© Ахметбекұлы А., 2022
© «Сардар» баспа үйі, 2022

ӨЛЕҢ ТАНДАУ

Қымбатты оқырман!

Мінеки, бұл – нағыз поэзия туралы бірегей талдау. Жұмекен қазақ әдебиетінде осы күнге дейін неге көп айтылмай келді, ол жағы белгісіз. Бірақ ол шынында нағыз ақын болатын. Ол олеңдегі формасы, стилі және ой орнегі өзгеше ақын. Оның олеңдерінде дала сазы, ұлттық тұс, тарихи жады, дәстүр жалгастығы, заман келбеті, көңіл толқыны бір-бірімен тербеліске түсіп, жаңғыра сәулө шашатын. Қадіріне жете алған адамга соның өзі үлкен қазына еді. Әсіресе, жат идеология жайлалған заманда Жұмекен поэзиясы ұлттың қалжыраган, торыққан-тозған жадына ақ жауын-дай себелеп нәрін құйды.

Ол өз оқырманы бар ақын еді. Өйткені оны қабылдау үшін әркімге ыстық қайрат, нұрлы ақыл, биік интеллектуалдық керек болатын.

Кеш болса да, откен гасырдың 80-жылдарында біз тәлім-тәрбиесі басқа бօгде ортада жүріп-ақ, оның поэзиясы арқылы рухани байыганбыз. Біздің арамыздан Жұмекенді ең алдымен оқу бақыты Алмасқа бұйырды. Жұмекеннің қатты мұқабалы, жасасыл түсті, едәуір салмақты кітабы қайда барса да оның чемоданында жүретін. Алмас оны бар ықласымен беріліп оқыды. Біраз олеңін өзі қызмет ететін «Тарбагатай» журналына төте жазумен бастырды. Содан кейде

ойлаймын, сонау қыяңда осындай оқырмандары бар Жұмекен де бақытты ақын деп. Шын мәнінде, Алмас оның мыңдаган оқырмандарының ішіндегі түсінігі терең жсанкуйері болатын. Жұмекеннің «Тор», «Домбыра туралы», «Жаңғырық» деген олеңдері мен поэмаларын нашина келтіріп жеткә оқитын. Әсіресе, «Жаңғырық» поэмасының:

«Саудагер гой қашан да
Сыртқы жаудың қатары.
Сатылады ішкі жау,
Сатылған соң сатады.
Сондықтан да батырлар қапы кетіп жетады,
Әр тақымда кісінеп аты кетіп жетады...

Батыр аулақ біздерден
Батырлардан біз аулақ
Тұлпар туар биелер
Сиыр болды бұзаулап...

Революцияның шабуылы жоқ біткен,
Қарын тоқтық бір емес,
Тогышарлық тоқтықпен...

Еуропаның қылышы
Сілтемеді қандай дәл?!
Азияда тұрсаң да
Дәл ұрады маңдайдан, –
деп түсемін жерлерінде бәріміз де тебіреніп, тоқып кететін едік.

Жұмекен сондай. Ол – ұлттың қылыш тағдырын, мұңды мұратын, ақеділ аңсарын жазған ақын еді. Ал Алмас болса, оның рухымен үндесіп, ойымен ортақтаса түсетін. Осылайша, ол Жұмекеннің Шынжан қазақтары арасындағы бірден бір насиҳатшысына айналды. Сол себептен, біз ол жақта Жұмекенді «Алмастың Жұмекені» дейтінбіз. Одан бері де 40 жыл отті. Мінеки, Оның «Жұмекеннен 100 өлең» атты сараламалық еңбегін қарап отырмын. Ақынның ақын туралы толғанысына толған кітап.

Бұл еңбек Алмастың ұзақ уақыт бойында Жұмекен поэзиясын жсан-жақтылы, жіті зерттеуінің, ол туралы толассыз толғаныстарының жемісі. Өз басым бұл кітапті жұмықентануға басқа бір қырынан қосылған субелі еңбек деп есептеймін. Егер Алмас Ахметбекұлы бүгінде Жұмекен шыгармашылығы және оның коркемдігі, ұлттық арман-мұраты туралы кеңінен сөйлейтін уақытқа және жалпы Қазақстан халқына бұл туралы айтатын деңгейге жетсе, бұл оның көп жылғы табанды ізденістері мен коркем поэзияга деген құрметінің, парасат-пайымының нәтижесі.

Мұнда оміршең поэзия туралы өскелең ойлар айтылған. Өлең тану – жүйрік жырды таныу да тұлпардың сынын таннитын атбөгілік қасиңт сыйқты. Еңбек құтты болсын!

**Тұрсынхан Зәкен
жазушы, тарихиы**

«МЕҢІ ТАПСАН – ӨЗІМ БЕРЕМ ЖҰЛДЕНІ...»

Ардақты әкем Жұмекен Нәжімеденовтің өлеңдерінің ішінен 100 өлеңін іріктеп, оларды *Bairaq.kz* порталында жсан-жсақты талдаган ақын Алмас Ахметбекұлы осы еңбегін кітап түрінде шығарып, көтилік оқырманга ұсынғалы отыр.

Алмастың ерекшелігі – әкемнің шығармаларын жатқа айтуын былай қойғанда, «жұмбақ ақын» деген тікірді қолдамауы және сол көзқарасқа қарсылығы. Ақынның өлеңдерін талдаган кезде Алмасқа ешқандай жұмбақ жсоқ, бәрі түсінікті. Түсінікті болған соң талдауын портал арқылы көтилікке жеткізді. Талдауы маган ұнады, әкемнің шығармаларын басқа қырынан оқып ойланып қалдым.

Мениң ойымша, әкемнің өлеңдерін түсіну үшін оқырман біраң қыындықты басынан кешіруі керек. Өлең оқыған адамның жсаны нәзік әрі сезімтал ал өзі білімді, адаптациялы болғаны жөн. Содан кейін өлеңдерін оқығаннан кейін басқа адам болып, өзінің сұрақтарына жауап тауып, ойланып, биіктеп, жсаны тазарып шығады.

Ал Алмас қарапайым оқырман емес, ол өзі де талантты ақын ретінде әкемнің шығармаларындағы астарлап айтқан ойларын, идеяларын, параллельдерін, озекті мәселелерді, терең философиясын дәл осы XXI ғасырдағы жағдайда әкемнің көзімен көріп отырғандай талдаады. Таңдан алған шығармалардың

ішінде Отанға деген сүйіспенішілік тақырыбына ерекше назар аударған. Ақын мен халық, ақын мен билік, халық пен билік, тұлға мен халық арасындағы бірлік пен түсінбеушілік, қарама-қарсылық, батырлық пен осалдық туралы сюжеттер. Оның ішінде ақынның міндеті, оның азаматтық болмысы, орны – қазіргі жағдайда өте маңызды мәселелер.

Жалпы алғанда, әкемнің ашпаған өмір құбылыстары жоқ деуге болады. Тіршіліктің барлық жасағын байқап, ғалымша зерттеп, ақындық тұрғыдан баға беріп, ақ пен қараны сарапап жазып кеткен. Өзінің әдебиет әлеміндегі орнын білген, ешкімге үқсамайтынын, халықтың перзенті екенін дәлелдеген ақын. Қолжазбалардың арасында басылмаган өлеңдердің біреуінде мынадағы жолдар бар:

Аталардың шаңырақ артқан көшінен

Тұсіп қалып, жолда жатқан олжамын.

Бұл маңайда іздеуші жоқ, біл, мені,

Мені тапсан – өзім берем жүлдені.

Сондықтан әкемнің асыл мұрасы зерттеген сайын ашила түсестін, гасырлар откен сайын маңыздылығын жоймайтын, баға жетпес әдеби мұра деп ойлаймын. Былтыр ақынның 85 жылдығына орай *Bairaq.kz* порталында жарияланған 100 өлеңді талдау жұмысын керемет бастама деп бағалағынын. Алмас Ахметбекұлына шыгармашылық шабыт, толағай табыс тілеймін. Кейінгі жастар Алмасстан үлгі алып, Жұмекеннен 100 өлең емес, 1000 өлеңді талдауга ұмтылса, бастаманың иғі жалғасы болары сөзсіз.

Әйкен Жұмекенқызы Нәжімеденова

I БӨЛІМ

ТҰМАНДЫШАҚ ТҮНҮК ОЙ



KIPICU

Жұмекен Нәжімеденовтың өлеңдерін талдау, оны өлеңсүйер қауымға, жалпы ұлтсүйігіш халықта түсіндіріп жеткізу, бұл – қасиетті жұмыс. Жұмекенді жас кезімізден оқып, жаттап, оған тәнті болып, оның өлеңдерінен шабыт алып өскен ақын ретінде, рухани шәкірті ретінде Жұмекен туралы жазуды көп жылдан ойлап жүргенбіз. Ара-тұра жаздық та.

Өткен жылы Жұмекеннің туғанына 85 жыл толған кезде біздің де ойымыз толысып, сөзімізді айтуда мұршамыз келген кез болды. Сөйтіп, оның 100 өлеңін талдауды қолға алдық. Шын мәнінде, Жұмекен өзімен қатар аталатын ақындардан әлдеқайда басқаша ойлайтын және басқаша жазатын, соншама ұқыпты, көркем жазатын ақын.

Поэзиядағы көркемдік пен оның идеялық биіктігін тың, тосын, өзінше жасаған ақын. Шығармаларының ең басты ерекшелігі – оның бостандық аңсауы, азаттық аңсауы, өзі жасаған заманды қараңғы қапас түн ретінде сезінуі және солай жазуы.

Мәселен: Жұмекеннің:

Тұнгі дауыс
Кетеді ғой тым алыс.
Тұнгі дауыс –
Сенсің маған қуаныш, –

деп басталатын өлеңі бар.

Озі айтқандай, оның шығармаларының бәрі де – тұнгі дауыс. Тым алысқа кетіп жатқан дауыс. Жұмекен қайтқаннан кейін де мәңгі жаңғырып тұратын дауыс; ақын жасаған өнірінен әлде-қайда қыыр шетте жүрген бізге жеткен дауыс.

Тұн дегенің ол – бодандық заманы. Сондықтан, Жұмекен шығармаларының ең үлкен бір биік шыңы – уақыттың, бодандық дәүірдің сипатын беруі. Мысалы, «тұн» сипаты ақын шығармаларының көбінде кездеседі.

Қараңғы тұн қап-қара,
Қараңғылығы тұннің де,
Жұғардай – ақ мақтаға, –

деп келетін шумактары бар.

Айсыз қара түндерге,
Ат құлағын қақтырып...
Тәуекелдің қолына
Тағдырымды лақтырып...

Бұл дегеніңіз бағана айтқанымыздай ол – өзі жасаған уақытты тұннің сипатында сезінуі.

Оның «Тор» деген поэмасында тордың тарылыш бара жатқанын көрсетеді. Қиғаштың жағасында тор жамап отырған қарияны:

Сондай шығар бір Алла,

Кәрі кісі болса ол да, –

деп суреттейді. Сөйтсе, қария тордың жыртығын жамамай, есесіне тордың көзін тарылтып отырады. Ақынның мені сол тұста қатты күйіп кетеді.

Мың аттылы жарысқан кең өлкеге ұсадым,

Дәмесі жоқ, демі жоқ қоленцкеге ұсадым.

Бұл өлеңдегінің барлық бөгөнайы – сол замандағы қазақ даласының, қазақ халқының көрген күні.

Ата, халің жоқ шығар ашығатын айғайлап,

балықты аула,

шабағын құтқаратын жайды ойлап.

Ірілердің шығыны – көндірген іс,

бүтін бас

шабақ түгіл бұл тордан қоңыз да аман құтылmas!

Осы өлеңінде тағы бір тұста:

Түйе өлтіру – түк емес,

түйдегімен өлтірудің қасында

Ірілер – аз, әдетте

ұсақтар көп,

анық бұл;

шабағынан бастайды құртатындар балықты,

балағынан бастайды құртатындар халықты, –

деп түседі.

Міне, Жұмекен өлеңдерінің көркемдігі өз алдына бөлек, оның азаттық аңсауы, бостандық аңсауы өз замандас ақындарының бірде-бірінде жоқ деп айта аламын. Ар жағында Мағжандарда, Илиястарда болды. Бірақ кеңес заманында туған мұндай ақын болған жоқ деп сеніммен жазамын.

Кейде өлеңсүйер қауым, сыншылар «әдебиет саясиланбау керек» деп айтып жатады. Егер әдебиет саясиланбаса, онда ұлттанбау керек. Ұлт деген – саясат, ұлттық сүйіспеншілік деген – саясат. Суреттер, өлеңдер уақытына қарай діндерге, таптарға бөлініп кетуі мүмкін.

«Осы сіз Жұмекен туралы айтқанда оның азаттықты, бостандықты аңсауын айтып жүресіз. Сол замандағы қысастықты, қара түнекті айтасыз. Сонда әдебиет деген саясат үшін бе?» – деген сұраптар қойылады маған.

Иә. Әдебиет саясат үшін. Саясат деген – ұлт. Ұлт деген – мемлекет. Ұлт деген халықтың, адамның тағдыры. Әрине, оның бәрін биік көркемдікпен, поэзияның қан-сөліне сініріп, қызыл шайға балқаймақ қосқандай жеткізе алса, міне, бұл нағыз ұлттың әдебиеті болады.

Біз осы 100 өлеңді талдауда қарапайым жүрттың түсінігіне жақындауға құлышынамыз. Себебі, ең алғашқы өлеңдерінен бастап, алты-жеті топқа бөліп, Жұмекен өлеңдерінің характерін ашуға кірісеміз.

Жұмекен – заманына сыймаған ақын. Тіпті, оның анау романдарының өзі мүлде өз саласына ұқсамаған. «Ақ шағыл» окуға жеңіл, керемет, көсіліп отырып оқисың. Артынша «Данқ пен дақпыртқа» өтсөніз, мүлде басқа психологиялық әлемге көшесіз. Бас кейіпкерлерінен бастап, бәрінің ішкі дүниесі психологиялық шытырманға тартып әкетеді. Қоғамның соншама кері кеткені, дақпырттың сонша даңғойлығы, оның даңққа жұмыс істеуі, таланттың қадірсіздігі суреттеледі.

Жалпы, Жұмекен шығармалары – жаңалыққа толы, шынайы көркемдік. Алдағы уақытта ақын өлеңдерін қарапайым тәсілмен бір-бірлеп талдай бастаймыз. Бізben бірге оқыңыздар!

«ЖҰМЕКЕННЕҢ ЖҰЗ ӨЛЕҢ» ТАЛДАУ ҚАДАМЫ

Бұл өзі көп жыл бойы жүреккә жиып, көмейге кептелген, әбден піскен ойлар еді. Сөйтіп, Жұмекен Нәжімеденнің 85 жылдығына орай осынау ҰЛТ АҚЫНЫНЫҢ шығармаларын талдауды бастадық. Ақынның көркем өлеңдерін біліп оку, сезіп оку, түсініп, түйсініп оку ол – санаға салмақ түсіретін еңбек.

Біз бұл ауқымды әрі көркем ұлттық жобаны бастай отырып, тіліміздің соншама көркем құбылыс пен терең түйсіктерге дейін бейнелей алатын сұлу қасиетін талдаймыз. Сонымен бірге ақынның орасан қуатты шабытын, өлең сөз қисынындағы қайталанбас тәсілдерін зерделейміз. Оның әр алуан тақырыптар түсіндағы шекіз шеберлігінің шиелерін шешеміз.

**«Түйдек-түйдек сөздердің
түйген жерде мәні бар.
Түйсікті ерлер жолықса
бір жалт етіп танылар»**

Жұмекен жырларының да жалпақ жүртқа танылар таңы әлдекашан атып еді.

АЛМАТЫ

**Жатыр жақпар...
Қарағайды
аралайды жел ескең,
Жапырақтар, жапырақтар
сыбыр-сыбыр кенескен.**

Тау сулары
таусылмады,
ынтықтырып ағады,
Қыз толқындар бірін-бірі
шымшып құліп барады,
Айдалада ақ мандайлы
Алатау бір қас батыр,
Айналада тал-қайындар,
тал қайындар сапта тұр.

Қызыл гүлдер
«үзілдім» дер,
баяула жел, баяула,
Қызыл гүлдер, қызыл гүлдер
ұйқыда ма, ояу ма?
Бар табиғат – бір тіршілік,
бір тіршілік баяғы,
Тартады ұрлап ой тамырын;
қүй қанатын жаяды.
Жұз қоңырау бәрі құлкі,
бүгін-дағы, кеше де
Біздің мынау Алматыда,
құн жайланаң көшеде.
Бұл кезімдей құлемін мен,
құлеміз біз құнге ұсап,
Құн көзіндей қуат берер
айқасқанда мың құшақ.

Трамваймен жүре алмаймын,
жаяулаймын – көп қызық,
Көп қызықты қапылыста
алмайыншы өткізіп!
Жұлдыз көрмей
күндіз көрдім,
күндіз көрем әрине,
Түнде көрсем үн демес ем түсім гой деп бәрі де

...Жұз толқындар
бірін-бірі
тұншықтырып ағады,
Қыз толқындар
бірін-бірі
шымшып күліп барады.
Міне, біздің
Алматы осы –
Алма төсі бұлтиып,
Алма-төске жас бұтандың
саусақтары тұр тиіп.
Жүрші, жаным, қыдырайық,
неғыласың жалғыз қап,
Алатайдың ақ қарынан
әперейін балмұздақ!

Бұл он бес буындық қос жол мен егіз ұйқасқа төгілген көркем өлең 12 шумақтан тұрады. Кей шумақтарда өлең жолының әр түсі еркін ұйқасып, құйылып, құйғып түседі. Қалың қауымның Жүмекен өлеңдерін окуға дағдысын дамыта түсуді ойлап, өлең шумақтарының арасын жіктеп қойдық.

Бірде сатирик ақын Көпен Әмірбек Жұмекенді жатқа оқитынымды байқап, «Алматыны» оқыши деді. Иә, Жұмекен жайлышағанымен оның көзін көрген жігіттер де жаттағандар, жүрегіне сақтағандар болды.

Жұмекеннің «Алматы» өлеңін алғаш оқыған кезіндегі әсер туралы Әбіш Кекілбаев былай толғанады:

«Жұрт алдына келіп, алғаш өлең оқығаны әлі есімде. Ол кезде Жазуышылар Одагының позия секциясы әр апта сайын «Ақындар сәрсенбілігін» откізеді. Тайлыш-таяғымыз қалмай жиналадамыз. Есік жақта май дәметкен мысықтың баласындағы жылмыш-жылмыш өлеңді енді бастап жүрген жастар отырады. Әуелі әйдік ақындар жазып жатқан жаңа кітаптарынан жырып оқиды. Сосын кезек жастарға тиеді. Бірде консерваторияда оқып жүрген ашаң қара жігітке соз берілді.

...Жұз толқындар бірін-бірі
тұншықтырып ағады,
Қыз толқындар бірін-бірі
шымшып күліп барады.
Міне, біздің
Алматы осы –
Алма төсі бұлтиып,
Алма-төске жас бұттаның
саусақтары түр тиіп.
Жүрші, жаным, қызырайық,
неғыласың жалғыз қап,
Алатаудың ақ қарынан
әперейін балмұздак!..

Мінбедегі тәмпіш мұрын жігіт өлең оқып емес, зікір салып тұрғандай, жұрт соған қарай жаппай елітіп, тіл мен жақтан айырылып қалғандай. Ілгері жақта шашы дудырап, құлағы селтиіп, үздіге тындаған Әбу ақын: «Айналайын-ай!» деп, айқайлап жіберді. Біздің қасымызда мейіл қандырар иіс аңдыған жас бөлтіріктей ұзын мұрнын әуелете көтеріп, көзін ұясынан шығара адырайтып, еміне құлақ тосқан Қадыр Мырзалиев ләммим деместен тізесімен тіземді тұртіп-тұртіп қойды. Жастардың жана жинағын құрастырып жүрген Мұзафар Әлімбаев мінбеден түсіп келе жатқан бейтаныс жігітті сәл бөгеп: «Қарағым, басқа да жазғандарынды қосып бізге әкеліп берші», – деді. Кейін, рахында да, сол жинақтың нағыз інжу-маржаны Жұмекеннің топтамасы болды».

Ол залда болған кісілер бүгін жоқ. Сонда да біз сол тұстағы өлеңге – өнерге таласы бар жандардың бір азы сонда болғанын сеземіз. Әбіш жазғандай «тайлы – таяғы қалмай» жиналғанын білеміз.

**Міне біздің
Алматы осы,
Алма төсі бұлтиып,
Алма төске
жас бұтаның саусақтары тұр тиіп.**

Осындағы суретті ақын көңіліне ауыса отырып, санаңызда ойша сызу үшін сәл кідіріп, түйсінуге тұра келер... Ал өлең үйқасына келсек, «тұншықтырып ағады, шымшып құліп барады» деп жеті буыннан қыстырып түсіру – өлең технологиясын мінсіз менгерген кісінің қолтаңбасы.

Бұл – осыдан 60 жыл бұрын 1960 жылы жазылған өлең. Ақынның алғашқы жүрт алдында оқыған жыры. Өлеңдегі суреткерлігі, көркем түйсік пен тосын теңеулер тындағанды таңқалдырған кез.

Ақындардың көбі дерлік алғашқы өлеңдерін табиғат, махаббат лирикаларына құрады. Жастық шақ жырлары. Ол – сыртқы әсер мен ішкі түйсіктің бірігуі. Кейін Жұмекен қоғам келбеті, жан табиғаты, кісі мақсұты, ұлт мұраты тақырыптарында ешкім бармаған тосын әлемге шықты. Жанар тау атты, құбылыс жасады. «ЖҰМЕКЕННЕН 100 ӨЛЕҢДЕ» Жұмекен табиғатын тануға – бірге тануға; оны оқуға – сізben онаша оқуға құлшынамыз.

Мұндай өлең жазған кісі ол – көркем өлең жазудың көз тартар биігіне сол жиырма жастардағы кездे-ақ көтеріліп болған кісі. Енді біз аса суреткер ақынның ары қарайғы ширек ғасырлық шығармашылығынан, өлеңдерінен таңдалап алғып, талдай отырып бірге оқимыз.



«КӨК ТАСҚА ҰЙЫҚТАДЫ ЖАЛАҢАШ...»

Жалындаң барды да батты күн,
Оның да уақыты болып қап.
Жүйрік жел баса алмай аптығын
Бұтага сүйенді солықтап.

Жапырақ дір етіп басылды,
Қалың қау қалды ұйып – жабагы.
Бояулар қызылды-жасылды
Аспанда дыбыссыз ағады.

Жабырқап ой ерте, дөң ерте,
Ұзын бел баурынан жарады.
Сайлардан қаптаған көлеңке
Тауларды қусырып барады.

Бір ымырт пердесін түсіріп,
Мұлгіді, мызғыды кәрі ағаш.
Ақ бұлақ көрпесін ысырып
Көк тасқа ұйықтады жалаңаш..

Өлеңдегі ең биік мұрат, ең биік белгі – оның сұлулығы, көркемдігі, тілі, теңеулері. Жұмекен туралы сөйлегендегі біз бұл тіркестерді жиі қайталаймыз. Сол сұлулық қана өлеңнің шын өлең екенінің белгісі.

Біз «Жұмекеннен 100 өлең» жобасының бастапқы бөлігін оның шастық шағын, өлеңге келу барысын байқатқандай

көркемдік ойлау құбылысын көрсететіндей дәйектермен әдейі бір-бірлеп талда отырмыз.

**Жалындан барды да батты күн
Оның да уақыты болып қап.
Жүйрік жел баса алмай аптығын,
Бұтаға сүйенді солықтап.**

Дәл осы өлеңді бұдан жиырма жыл бұрын Алматыдағы Мұхтар Әуезов атындағы театрдың залында, Жұмекенге арналған кезекті бір кеште Зейнолла Қабдолов оқып тұрды. Аудиторияны менгерудің асқан шебері Зейнолла аға қолын сермелеп сөйлемеп тұр. Жаңағы күннің батқанын асықпай, тармақтарға бөліп, нығыздап оқи кеп:

**...Жүйрік жел баса алмай аптығын,
Бұтаға сүйенді солықтап, –**

деп тоқтады. Қолын бұтаға сүйеп тұрған секілді, өзі сүйеніп тұрған сияқты. Егер жаңағы жел жүгіріп келе жатып, уақыты біткенде тоқтай қалу керек болса, әрине, жүгірген кісі сияқты өкпесі солықтап тұrap еді. Сол солықтап тұрған өкпесінің қимылын, тыныс алған тұсын ақын қиялды бұтаның қозғалысынан байқайды. Осы шумақты оқып тоқтағанда қолын әлі де бір нәрсеге сүйегендей толқыта ұстап тұрған Зейнолла Қабдолов:

– Мұндай көркем ойды, мұндай өлеңді «есі дұрыс» адам жаза ма? – деп заңға қайыра сұрау таstadtы. Зал дүр етті. Иә, осы жердегі «есі дұрыс» деген ұғымды Зекен өте ұтымды пайдаланды. Шешен тілді Ұстаз, поэзиядағы сұлулықты ақындардың көзімен бірге көретін Зекен осы өлеңнің төрт шумағын талдағанда айрықша көсіліп еді.

Көз алдындағы тірі құбылысты жәй кісі көзімен көреді. Егер ол кісі жай кісі емес, түйсіну жағынан қарапайым адамнан

әлдеқайда басқаша, жүз есе, тіпті, мың есе артық болса, бейнені қиялмен көре алатын адам болса, ол жүгіріп бара жатқан желді көріп, алуан сұлбада кейіптер еді.

Бізде «Жылқы желден жаралған» деген сөз бар ғой. Мүмкін желдің жүгіргенін ақынның көзі шынымен де көрген шығар?

Жұмекеннің көз алдында жел екеш желдің өзі жүгіріп келіп бұтаға сүйене тоқтайды. Құннің уақыты бітіп батқан соң желдің де қозғалыс уақыты біткен сықылды. Бұтаның қимылдары көрінбейтін жағдайда жел де көзден ғайып болар ма еді?! Мұндан кейіпте көру «есі басқаша» адамға тән жағдай. Байқаганыңыздай, осыншама қимылды – табиғаттың екінті мен ақшамының арасындағы уақыт пен қозғалыс – Жұмекеннің төрт шу-мағында картинаға айналып, тілге қонып, тізіліп өтеді.

Біз Әбіш Кекілбаевты айтсақ та, Зейнолла Қабдоловты айтсақ та, бұлар үнемі Жұмекеннің ең бастапқы өлеңдеріне тоқтадады. Неге? Жұмекен сонша көркем ойлауымен, сонша көркем сөйлеуімен (поэзия), соншама бейнені тілге түсірумен, тілдің бояуын шашуымен сонау жастық шағының өзінде-ак оларды – айналасын таң қалдырыған.

Өлеңді оқығанда қаншама бояудың аспанға ұшқанын байқаисыз, дыбыссыз ұшады. Ендігі уақытта жер бетінде бояу қалмай тұн басады, тұннің қара бояуы басады. Абайша айтсақ «Тұн басады салбырап». Барлық бояу бағанағы батқан күнмен ұшып кетеді. Бүкіл сәуле – нұр жиналып күннің артынан тауды асып кетеді. Соны Ақын тапжылмай тамашалап қарап тұргандай... Өлеңде Құннің жер бетіне, Алатау бөктеріне жеті бояуын шашып жіберіп, кеш бата қайта жинап алып бара жатқанын Жұмекен көріп тұрады.

Міне, өзінің замандастарына Жұмекеннің осыншама суреткерлігі, осыншама кейіптеу қасиеті «басқа еспен» басқа қырынан келетін ерекшелігі соншама әсер еткен. Ол стандартты «дұрыс ес» емес еді.

Біз «Өлең мұраты – сұлулық» дедік. Иә, ол басты мұрат. Өлең рухка, санаға жетеді, өлең жалпы ұлтты қозғалтады, адамдарды теніздей толқытады.

Біз ең алдымен ақынның өз замандастары сол кезде талдаған, таң қалған өлеңдерін, суреткерлігі мен биіктігі айқын байқалатын өлеңдерін сіздермен бөліскенді жөн көрдік. Ары қарай өлеңдегі ойлау мен ұстанымды даму-жетілу-өрлеу барысын кеңең-кезеңімен топтап талдаймыз.

Жарықтың кетуімен бірге «ұзын бел бауырынан жарап, тауладың кусырылуын» таза табигат сүреті десек те, «ақ бұлактың көк тасқа жалаңаш ұйықтауын» құбылта түйсінесің.



ТҮННІҢ МАҚПАЛ БАЛАҒЫ

Тау тұнерді – мен де міне тұнердім,
Су құледі – мен де қазір құлемін.
Бұл жылайды – мен де жылай білемін,
Бұл мінезді өзгеге де тіледім.

Тау қарайды – мен қараймын түк ойсыз,
Сіз де қазір әлденені тілейсіз.
Тілейсіз де күрсінесіз, жүдейсіз,
Жүдемейді бірақ анау дүлей құз.

Тау – көңілді, самал желпіп қалады,
Қандай кеуде жұтып тауса алады!
Қарандайды түннің мақпал балағы,
Балағында «құс жолының» жолағы.

Тау сезбейді, қаламайды сезімді,
Сезбеу үшін ол мәңгілік кез ілді.
Тау төзеді – мен де ұнатам төзімді,
Әйтпегенде жек көрер ем өзімді.

Жұмекен шығармаларының бастапқы «Алматысынан» кейін біз кештің батуын және ымырт жабылар уақыт қозғалысын суреттеген көркем өлеңін талдағанбыз. Енді міне тұн сипатын суреттеген өлеңін әдейі ұсындық...

Тау тұнерді – мен де міне тұнердім,
Су құледі – мен де қазір құлемін.

**Бұлт жылайды – мен де жылай білемін,
Бұл мінезді өзгеге де тіледім.**

Tay беткейінің тұнгі сұлбасы, бұлақ сынғыры, бұлт жауғаны – тұнерау, күлу, жылау – өзін табиғатпен орын ауыстыра түсінү «меннің» негізгі қасиеті.

Табиғаттың бүкіл мінезін, бүкіл құбылысын өзіне ғана емес, өзгеге де тілеу – Жұмекенге тән мінез.

**Tay қарайды – мен қараймын түк ойсыз,
Сіз де қазір әлденені тілейсіз.
Тілейсіз де құрсінесіз, жудейсіз,
Жұдемейді бірақ анау дүлей құз.**

Kісі тілегін сезе қояр, бере қояр «тай» қайда? Құрсінгеніңіз содан.

Қабыса шендерескен тұп – түсінікті төрт жолдың өзі. Өзгеше көркем, оюлы, ойлы шумақтар. Байқағанға мінсіз қиысып, сырты шымыр ұйқасқан «айналасы теп-тегіс жұмыр» (Абай) шумак.

**Tay – көнілді
самал желпіп қалады,
Қандай кеуде жұтып тауса алады!**

Tay соққандай самал толқынын және оны аңғарына тартар тау қеудесін сезініз.

**Қарандайды тұннің мақпал балағы,
Балағында «құс жолының» жолағы.**

Бұл енді біз күткен – жұрт Жұмекеннен күтетін тосын сипат – тың метапора. Кең балагы қалбаңдап, қасымыздан өтіп, таудан аттап бара жатқан тұн қимылы. Әлгі балактан құс жолының жолағы ою зер сынды жылтылдайды. Бүкіл табиғат – аспан, дала уақытпен жарысып, ақынның жан жүйесінен өтіп жатады.

Мұндай теңеу мен кейіптеу негізінде, ақынның шабыттынан, ойлау ауқымының арнасынан туады.

**Тау сезбейді, қаламайды сезімді,
Сезбеу үшін ол мәнгілік көз ілді.
Тау төзеді – мен де ұнатам төзімді,
Әйтпегенде жек көрер ем өзімді.**

Осындағы «тауды» әр нәрсеге балап, әр бейнеге ауыстырып түсінуге болады. Біз алдағы уақытта – Жұмекеннің тауды қалай кейіптейтінін, қандай құбылыстың орынына қоятынын, халық пен тауды қалай біріктіретінін өз алдына талдаймыз. Ал қазір тау ұйқыда, тау төзеді, сол сияқты ақын да төзімді. Оның төзбеске амалы да жоқ.

Ақын өмір сүрген заман – ішкі күрестің, ар күресінің, жан күресінің, рух күресінің заманы болған. Оған төзген кісі, өзіне сенген кісі, одан үміттің балапандарын шайқап ұшырған кісі ғана сақталады.

Ақын бұдан былай да ширек ғасыр бойы осы төзіммен, осы үмітпен туған жерге ізін қалдырып, поэзияның өзіне ғана тән алыш әлемін жасайды. Біз осынау жүз өлең жобасында қазір де сол әлемінің есігіне енді жетіп, енді ғана қонырау басып тұрмызы.

Ақынның өлең өлкесіне бірге кіріп, бірге оқыық!



БОЛМЫСҚА ҚАРАУ БҰРЫШЫ

Жылжиды тұнім, жылжиды,
Бу-айдында гүл жүзді.
Кекжиек-обыр қылғиды
Төбемнен өткен жұлдызды.

Батады жұлдыз,
кәрі апан
Батысқа аунап тұсті бір.
Қараңғы, жарық таласқан –
Төбемде оттар,
ұсті інір.

Кетеді ой кейде тұңлтіп,
Алдайды кейде арманмен.
Бітірмесем бүгін түк,
Ұяламын-ау таңнан мен...

Біз осыдан бұрынғы өлеңдерде күн бүкіл бояуын жинап алып кыр асып кеткеніне, ак бұлақтың көк тасқа жалаңаш ұйықтағанына назарымыз түскен. Келесі өлеңде тұннің мақпал кең балағын сезіп, онан құс жолының өрнегін байқап едік.

Қазіргі оқып отырғанымыз таң сәрі. Ақын санасындағы сүреттер де тұн қатып, таң асып келеді. Бәрі де бір тартар түйгін өлеңдер. Біз алғашқы өлеңдерде «Екінші мен ақшамның» арасын және «мақпал тұнді» сөз арасынан сұлбалап алғанбыз. Ал келесі талдайтын өлеңіміз – жылжып бара жатқан тұн, сырғып бара жатқан жұлдыз туралы. Бұл өлеңде де Жұмекеннің өзгеше ойы мен болмысқа қарau бұрышы басқа тұста екенін

байқайсыз. Өзін қарашы оның таңы жүлдіздарды жұтып жатады – қылғиды. Бүкіл жүлдізды көкжиектен шығып келе жатқан сәуле сөндіреді. Оның бәрі ақын Жұмекеннің төбесінен өткен жүлдіз болатын.

Ал аспанның батыс шетіне кәрі апан аунап түседі. Қаранғы жарықты басып, төменде оттар жанып, төбеде інір текстес ақ пен қараның айқасы басталады.

Ақын көзі осының бәрін бір жіпке сабактай қыстыра түсіп, таңның атып келе жатқан қозғалысын көрсетеді.

«Кетеді ой кейде тұнілтіп,

Алдайды кейде арманмен.

Бітірмесем бүгін тұқ,

Ұяламын-ау таңнан мен...»

Таңнан ұялу, уақыттан ұялу – әрбір талант пен өз өмірінің әр сәтін бағалайтын кісінің түйсігі және сезімі. Шығыста өткен – Омарғазы Айтан деген ақын «Өленсіз өткен бір күнім – қиянатым өмірге» деп жазып еді. Міне, 60 жыл бұрын Жұмекен де уақыттың әр таңына тұра қарауға, уақыт алдында ұятты болмаяға құлшынады.

Жұмекеннің замандасы Қадыр Мырзалиевтің кейінгі уақытта берген бір сұхбатында:

«Жатарда төсегімнің басына Қаламмен қойған парақ таңертең ақ қалса сол ақ қағаздан ұяламын», – дейтін сөзі бар еді.

Мұндай ұялу, мұндай сезім, мұндай түйсіну – таланттардың ісі.

«ЖҰМЕКЕННЕҢ ЖҰЗ ӨЛЕҢ» окууды төрт курстық бағдарлама десек, біз соның алғашқы курс, алғашқы маусымындамыз деп білініз.

Біз Жұмекен оқуларын, оны тану, талдау жолын қалыптастыру үшін ол сөзбен салған табиғат мезгілдерінің суретін, алғашқы көркемдік пен түйсіну жүйесін бірінші апталыққа қойдық. Солайша, оқырманымызды женелден ауырға, аздан көпке, қысқа өлеңнен дастанға қарай икемдеуді меже етіп отырмыз.

ҮМІТТІҢ БАЛАПАНДАРЫ

Келеді атып тағы да,
Ғажап қой дала тандары.
Ұялап жатыр жаныма
Үміттің балапандары.

Күтіп ап дала тандарын,
Жолды андып байқайын деп ем.
Сол үміт балапандарын
Арман ғып шайқайын деп ем!

Сарғайма, шығыс сарғайма,
Күтем деп сен де күн өнін.
Бұтадан ұшқан торғайға
Сапардың сәті – тілегім.

Бір сапар бар ғой менде де,
Жанымда ойлар жүр ізгі.
Туған жер, сенің қеудене
Салайын деп ем бір ізді...

Біз бастапқы өлендерге зейін сала отырып, тұннің өзін төрт бөлген табиғатты (ақшам, тұн, елең-алаң, таң) Жұмекеннің өлеңінен байқаймыз. Құбылысты көзбен көріп тамашалау бір басқа да, оны көркем сөзден көріп түйсіну мүлде басқа биік деңгей. Ол – табиғаттың түр-түсін ғана емес, сипатын жане адаммен жіпсіз байланысын көру.

Біз мысалға алған өлең таң атқан шақ. Бұл өлеңдерден өнердегі, әдебиеттегі жас Жұмекенніңде таңының атып келе жатқанын байқаймыз.

Үміттің балапандарын ізгі арманмен шайқаған жас ақынға, таң бозынан көкке көтеріліп шырылдаған бозторғайдай боздақ ақынға алдағы арпалыс күндердегі сапардың сәтін біз де тілейміз...

**Бір сапар бар ғой менде де,
Жаңымда ойлар жұр ізгі.
Туған жер, сенің қеудене
Салайын деп ем бір ізді...**

Иә, туған жерге, туған топыраққа Жұмекен салған із бүгінде сайрап жатыр. Саф алтын жырлары жүрекке жеткен. Оның арман-мұраты биік рухпен орындалғанына қуәміз. Ал енді ақынның «Туған жер» туралы ұғым-түйсігі ол – бөлек құбылыс, оған кейінірек айналып соғамыз.

Жұмекен шығармашылығының бастапқы бөлімдерінде талдағанымыздай ақын жаңының табиғатқа жақындығын, оның суреткерлігін, оның поэзиясының ғажайып бейнеге құрылатынын айтып-ақ келеміз. Біз бұдан соңғы үш өлеңмен ақынның алғашқы кітабы «БАЛАУСА» жинағын ашық қалдырып, келесі кітапқа – суреткердің келесі деңгейіне бірге өтеміз. Сіз де сыншымен бірге Жұмекеннің жауһар жырларына ден қойыңыз.

Ақанның сонарга «салған ізін» – сұлу поэзияның ізін бірге кесейік.

«ЕЛІКТЕУ ТАБИФАТҚА ЖАҢАЛЫҚ ПА?»

Мен ғашықпын, маған ғашық емес ол,
Білмейлі әлде, жек көріп те, сүйіп те?
Мен сияқты бойы аласа демесен,
Ойы, сірә, менен гөрі биікте.

Мәз болсам да қиялдағы елеске,
Жас баладай қокке қарап қуанып.
Көніл шіркін, төзбес мұндай егеске,
Үй алдынан өтсе күнде су алып.

Жастық шақтың бақшасына түсті алдан,
Жылы сезім баурай берді мені ептеп.
Шыдамымды ұрлайды да мысқалдан,
Әкетеді күнде үйіне шелектеп...

Жұмекен Нәжіменовтың сонау жастық шағында жазған махаббат лирикалары да өзінше қысынмен, басқаша бояумен келді. Ақын Темірғали Көпбаев топтап, «Қазығұрт» баспасынан шыққан 7 томдық толық жинағының тұсауын кесіп жатқанда спикерлердің біразы әйгілі ақынның шығармаларына сөз арнаған көрінеді. Солардың ішінде Сауытбек Әбдірахманов:

«Жұмекеннің замандастарынан бірнеше мықты ақындар шықты», – деп Мұқагали, Қадір, Тұманбайдан бастап ақындар тізімін жасайды. «Осылардың бәріне жастар еліктейді. Солардың ырғағына, сезіміне, ойлау тәсіліне салып өлеңдер жазады. Сол мықты ақындардың қатарында осы Жұмекен де бар. Бірақ

Жұмекен ешкімге ұқсамайтыны сияқты, оған да ешкім еліктей алмайды, ұқсай алмайды. Мен Жұмекенге ұқсап, ұқсатып өлең жазған ақын көрмедім», – деген көрінеді.

Біз де Сәкенің бұл сөзіне қосыламыз. Сізben бірге оқып отырған мына шумақтарға қараңыз. жүртқа ең жақын, поэзиядағы ең жиі жырланатын махаббат лирикаларының өзін Жұмекен елден өзгеше жазады. Себебі: Жұмекен жүрттан өзгеше ойлайды, өзге қырынан келеді, өзгеше теңеулермен тебіре-неді. «Менің көршім» деген өлеңінде бала махаббат туралы сөз қозғалады.

**Мәз болсам да қиялдағы елеске,
Жас баладай көкке қарап қуанып.
Көніл шіркін, төзбес мұндай егеске,
Үй алдынан өтсе ол қүнде су алып.**

Бұл өлеңде қимыл бар. Көршінің қызы су тасып жүр, ол-дағы бұлдіршін.

**Жастық шақтың бақшасына түсті алдан,
Жылы сезім баурай берді мені ептең.**

Жастық шақтың сезімі алдаған сияқты, шелегіне толтырып алып қойған секілді. Осылай келеді де:

**«Шыдамымды ұрлайды да ол мыскалдан,
Әкетеді қүнде үйіне шелектеп...» –**

дейді. Су тасыған шелегімен көршінің бұлдіршін қызы, бозба-ламен бойы қатар қыз, сүю немесе жек көру сезімдері мүлде байқалмайтын қыз көрші бозбаланың шыдамын шелектеп тасыған сияқты. Шыдам деген өзі қанша шелек еді? Бұл жолдарға сіз ерекше бір сезіммен қарап отырасыз.

Осындағы топтамалар арасында мынадай бір екі шумақтық өлең бар:

**Байып қалдым, қиялға да жарыдым,
Бәрібір сол тарқамады бір құмар.
Біреу менің,
Мен біреудің жарымын –
Не жөнім бар мұны сізге сыр қылар.**

**Қай жүйрікті жаяу қуып жетемін,
Маған өмір босағасы тиіпті.
Сүйем деймін, сую менің не теңім,
Өзім бола алмаған соң сүйікті.**

Махаббат лирикасына қалам тартқандар ішінде осындай соңғы екі жолды кім айта алар?! Сую керек-ау, сүйіспеншілік болады-ау, шіркін. Бірақ өзің сүйікті бола алудың биігінде, тазалығында, сезімінде, тұғырында тұрып сүйе алар ма едің?! Алдымен сүйікті болу, ол – нағыз тазалық, тағы не өзі?

Жұмекеннің өлеңдеріндең ұстанымы – тазалық. Осы топтама ішіндегі тағы бір махаббат өлеңіне де токтала кетейік:

**Айықпаған кезім еді ол – көңіл мас,
Сәлемдескен қолынды ұстап «кош дедім».
Сөндіргенше үмітінді сенің жас,
Өзім неге сол арада өшпелім!..**

**Кешір, қалқам! Кешірерсің – білемін,
Табарсың сен үкімін де шешімін.
Бірақ сендік мына менің жүрегім,
Жүрегімнен ала алмаспын кешірім!**

Мұндай өлеңдерді оқыған соң ондағы ой мен қисынға қарап аз кем үнсіз отырмақ керек. Біз талдауға арқау етіп отырған Сауытбек Әбдірахмановтың сөзін ақынның өзі де дәйектейді.

* * *

Еліктеу табиғатқа жаңалық па,
Көлбендең көл еркесі көгімде жүр.
Мен саған ұқсамаймын, маған ұқса –
Ұқастық керек болса тегінде бір!..

Көл еркесі аққу шабыт көгінде болғаны анық, еліктеу түк те жаңалық емес. Жұмекеннің анты – ешкімге ұқсамау. Шорманың Мұстафасы айтпақшы «Жігіттер, шаман қелсе, маған ұқса» дей ме?



«...МЕН ТАМЫРҒА ТАРАЙМЫН»

Төбемде бұлттар жарысты,
Төменде оттар жанады.
Онан ұшқан әр ұшқын
Көкірегіме қонады.

Бұлақ-мезгіл сырғыса,
Мен тамырға тараймын.
Сынып түссе бір бұта,
Қабырғама қараймын.

Уа, туған жер шүкірсін!
Топырағына киелі
Бір есуас түкірсе,
Ол – бетіме тиеді...

Бүгінгі оқуға 7 буыннан тұратын үш шумақ өлең ұсындық. Жарты минутта оқып өтесіз. Бірақ жарты тәлік малтып өте ал-мас сезім дариясына түсіп кетесіз. Өлең туған жер туралы топтамаларының арасындағы бір бөлігі ғана.

Төбемде бұлттар жарысты,
Төменде оттар жанады.
Онан ұшқан әр ұшқын
Көкірегіме қонады.

Осы тұста ақын аспан мен жердің арасында жүрген секілді; бұлт пен топырактың ортасындағы үлкен кеңістік сияқты. Төбесінде – бұлт, төменде – туған жердің оттары. Оның әр ұшқыны келіп ақын жүргегіне қонақтал жатады.

**Бұлақ-мезгіл сырғыса,
Мен тамырға тараймын.
Сынып түссе бір бұта,
Қабырғама қараймын.**

Туған жердің төсінде бұлақ сырғиды. Бірақ ақынның бұл жерде айтып отырғаны МЕЗГІЛ, бұлақ емес. Мезгіл өткен са-йын көркем, терең жырлары – сезімдері жүректерге орнығып, тамырларға тарайтынына сенімді кісінің сөзі ғой – бұл. Ақын жанының алқабында ақбұлақ мезгіл сырғып жатқанын қараңыз.

Өлеңнің жетінші жолынан ақын мен туған жер – бір бұтін, параллель картина құрайды. Қараңыз: туған жердің бір бұтасы шырт етіп сынса, ақынның бір қабырғасы да сол сәтте үзіліп кеткендей.

Келесі шумакта ақын өзінің бар болмысын өзін туған қасиетті топыракпен біртұтас сезінеді.

**Уа, туған жер шүкірсің!
Топырағына киелі
Бір есуас түкірсе,
Ол – бетіме тиеді...**

Бұл енді былайғы Жұмекен. Өлеңді Жұмекенше аяқтау, Жұмекенше түршігу, Жұмекенше түйсіну осылай көрінеді.

Өлеңді баяу бір сезіммен оқып отырып «Бір есуас түкірсе, Ол – бетіме тиеді...» деген тұста селк етесіз. Сөз қуаты тамырларыңа тарап, туған жердің бетінен ақынды – оның ойлы, параматты жүзін көргендей боласын.

Туған жерді, оның әр сүйемін өз бет жүзіндей көру – Жұмекенге тән ойлау. Бұл – Жұмекен поэзиясының ерекшелігі.

Абайдың Лермонтовтан аударған өлеңінде:

**«Көнілдің күйі тағы да
Өмірсіз жанның алды ішін.
Аударды өлең жағына,
Нәпсінің сынған қайғысын», –**

деген жолдар бар еді. Осы шумакты кейде іштей қайталап оқып жүретінмін. Жұмекеннің мына үш шумағы, оның болмыс-бітімін тұтас еткен, туған жер мен адамның бет жүзін тұтастырып жіберген үш шумақ Абайдың осы өлеңіндегі қисынға, ішкі сезімдерді қыыстыруға ұқсап келетін секілді. Салыстырма үшін Абай шумағын да талдап өтейікші:

Абайдың төрт жол өлеңінде де теңеу мен ойлау қабысып, ішкі сананың суреттерін қат-қабат қояды. Жеп-женіл оқылған-мен санаға салмақ түсірерлік сан бояулы картина.

«Көнілдің күйі» бұл өзі кейде адамның ішінде, кейде сыртында жүреді-ая.

**«Көнілдің күйі тағы да
өмірсіз жанның алды ішін»**

(Осы жерде «өмірсіз» болу өлу емес).

**«Аударды өлең жағына
Нәпсінің сынған «қайғысын».**

Ақынның ішіне түскен «көнілдің күйі» оның қайғысын өлеңге аударды. Онда да «нәпсінің сынған қайғысын» (қайғының да сынығы мен бүтіні болғаны) енді төрт жолды қайта оқындыз. Абай оқырман санасын төрт жолдан төрт тарарапқа тартады. Жұмекеннің мына үш шумағы да дәл осы кейіпті. Туған жер төсінде елеусіз түкірініп өтіп бара жатқан «есуасқа» дейін елес беретін үш шумақ окуға женіл, ойға ауыр.

Біздің осы оқып отырган өлеңімізге, осыншама асыл сезімдерімізге назар бөлмейтін, тебіренбейтін «есуастар» ол заманда болған. Бүгінде олардың қатары азайған жоқ. Ендеше өзінізді Отан топырағымен, ұлан-байтак даламен біріктіре ойлап көрінізші... бүкіл даланы мезгілімен, самалымен, желімен, онда жанған оттарымен өзінізді біріктіріп ойлаңызышы...

Сіз дәл қазір жүмекенше ойлап тұрсыз.

Жазира даламыздың бетінен ақынның дидарын – Жұмекеннің жүзін көрініз.

«ТЫНЫСТАРМЫН АСПАН БҰЛТЫН ЖАМЫЛЫП...»

Қандай міндет артар едің, жана күн,
Көктемеде бүр жарсам мен ашылыш.
Бір ғажайып бәйтерек боп талабым,
Бұтағына ұя салар жас үміт.

Жолаушы едім, үмітімді қуған ем,
Мені сенім, сенімді мен әлдилеп,
Шаршармын мен, сонда-дағы, туған ел,
Бір бұтаңа сүйенермін қалғи кеп...

Жортармын мен күн-түн қатып сабылып,
Қалар алыс бұйра тозаң бұлдырап.
Тыныстармын аспан бұлтын жамылыш,
Ай астында ақ бұлақ боп сылдырап.

Қазірге дейінгі Жұмекен шығармаларынан талдап отырғанымыз – ақынның жиырмаға енді шыққан кезінде жарық көрғен «Балауса» кітабынан алынған өлеңдер. Біз ақынның ширек ғасырдан астам шығармашылық өмірін ту бастағы көмбеден шыға берісінен тартып, соңғы көсіле шапқан кезіне дейін біршама талдауды мақсұт еткенбіз.

Алдыңыздығы өлең – бірінші кітаптың сонындағы өлеңдер.

Қандай міндет артар едің, жана күн,
Көктемеде бүр жарсам мен ашылыш.

Бір ғажайып бәйтерек боп талабым,

Бұтағына ұя салар жас үміт.

Үш шумақ өлең. Онда ақын бүкіл кеңістікпен, өзіне тиесілі уақытпен, туған топырағымен сырласады. Бәйтеректей талабын сезінеді. Өзінің сенімін жас үмітіне серік етеді.

Біз ең бастапқы өлеңдерінің бірінде Зейнолла Қабдоловтың таңдана талдауымен «желдің бұтаға сүйенетінін» айтқан едік. Ол бұл өлеңінде сол бұтаға өзі сүйенеді әлде, оның қалғыған қиялды келіп таянады.

Жастық шаққа тән тақырып – ақынның арман-мұраты.

Күн-түн демей жортатын ақын рухы, сенімі, үміті. Аспан бұлтының жамылғы, желең етер желдей жүйрік көнілі.

Бұл – жас ақынның арман-мұратының жырлайтын сәті. Жиырмадағы жігіттің құлаш ұрған сезімі, соған жеткізетін өзіне деген сенімі, бәрі-бәрі сөз түбінде тұнғып тұрды. Бұл – жас Жұмекен мақсұтының кеңістігі.

Өлеңді бірнеше мәрте қайталап оқып, әр шумағына, қисынына, ондағы кеңістік пен ауқымға назар аудара қарай көріңіз.

Анау келген кім болды екен, біліп келші кім екен?

Батырлық па? – Өз төрімде қүтіп алам, түнетем.

Байлық болса қулау болар, тура қара көзіне.

Кім де болса алдамасын, алданбасын өзі де.

Қайғы болса артында оның қуанышы бар шығар,

бірі кірлеп, бірі жуып кеудем менің аршылар.

Бақыт болса, денем әлсіз көтере алман (өз ойым)

арман болса өмір-бақи арқалайын, төзейін...

Адалым боп арнап келсе – барым әзір, көңіл хош,

түсір жылдам, атын байла, қырауын қақ, тонын шеш.

**Шындық болса кілем төсе, дастарқаным жаямын,
жалғандық па – тулақ таста, сүртіп шықсын аяғын!**

Біз «Жұмекен осынша сенім мен мұратқа, осыншама арманға
қандай сертпен келіп еді» деген және «сол сертке қаншалық-
ты берік еді» деген сұрақтар аясында тағы бір өлеңін ұсына
отырып, оны ақынның досы Әбіш Кекілбаевтің талдауымен
ұсынамыз:

«Біз Жұмекеннің тұңғыш өлеңінің өзі-ақ сол кезде қай қауақ
bastы да қапысыз жайлап алған тоталитарлық сана мен тұрпа-
йы әлеуметшілдіктің көбесін сөге келгенін жоғарыда айттық.
«Балауса» атты тұңғыш кітабы шыққанда әдебиетімізге қосыл-
ған соны құбылыс ретінде атағандарды сол кездегі сын күпінің
битіндей талап, мандайы жарқырап тұрған жаңа талантты жәй
әшейін көптің бірі ретінде көрсетуге тырысқан-ды. Енді, міне,
сол автордың 1996-1997 жылдары жарық көрген үш том жыр-
ларын сараптап көрінізші. Әлгі айтылған антитоталитаристік
бағыт ең алғашқы кітабынан, көз жұмғанда үстелінде қалған
жарияланбаған жырларынан құрастырылған, өзі көре алмай
кеткен соңғы кітабына дейін желісін ұзбей жалғасып жатқанын
байқайсыз. 1961 жылы шыққан «Балаусаны» бүгін актарыңызы-
шы: қайсысынан балғындық пен олпы-солпы қарабайырлықты
таба алар екенсіз?! Ал сол кезде шыққан басқа кітаптарға көз
салыңыз: Жұмекенге тән атымен сонылық, атымен тосындық-
пен қоса, пайымдық тұтастық, қапысыз көркемдік, суреткерлік
даралық қаншалықты көзге ұрып тұрар екен?! Тұңғыш кітабы-
ның өзінде бір фальш жоқ.

Анау келген кім болды екен, біліп келші кім екен?

Батырлық па? – Өз төрімде күтіп алам, тұнетем.

Байлық болса қулау болар, тура қара көзіне.

Кім де болса алдамасын, алданбасын өзі де.

Қайғы болса артында оның қуанышы бар шығар,
бірі кірлеп, бірі жуып қеудем менің аршылар.
Бақыт болса, денем әлсіз көтере алман (өз ойым)
арман болса өмір-бақи арқалайын, төзейін...
Адалым боп арнап келсе – барым әзір, көніл хош,
түсір жылдам, атын байла, қырауын қақ, тонын шеш.
Шындық болса кілем төсе, дастарқаным жаямын,
жалғандық па – тулақ таста, сұртіп шықсын аяғын!

Ж. Нәжімedenovтың ақындық, азаматтық кредосы. Содан бері жарық көрген шығармасында, әлгі түрғыдан, «аяғын сұртіп шықпаған» бірде-бір шумақ жок».

Ол – шығармашылық жолын сонау алпысыншы жылдары бастағандар түгілі демократиялық үрдіс әлемдік дәрежеде өрістеп жатқан қазіргі заманың өзінде жаппай тәуекел ете алмай түрған рухани максимализм еді. Дүниедегінің бәрін бір етікке тығатын саяси тотолитаризм дәурен құрып түрғанда тырнақтай фальш жібермейтін шыншылдықты талап ету өзінді-өзін сират көмірге сүйрелеуге барабар жанкештілік еді». Өз замандастары арасында Жұмекен Нәжімedenов туралы, оның терең тынысты шығармалары туралы толғанып, оған шынайы бағасын берген кісі – Әбіш Кекілбаев.

Біз Әбекенің Жұмекен көзі тірі кезінде кітаптарына жазған алғысөздерінен үзінділер, цитаталар алып, оған жүгініп отырамыз. Әбішке – оның Жұмекен туралы толғанысына қарсы пікір айттар кісі бола қоймас.

Біз ақынның «Балауса» кітабындағы елудей өлеңінің он шақтысына талдау жасадық. Алдағы уақытта басқа кітаптарындағы ойларына, поэзиялық иірімдеріне, арман-мұратына, тіл сиқырына сізбен бірге үніле түсеміз.

II БӨЛІМ

АЛҒАШҚЫ ҮІЗА



НЕГЕ КЕРЕК, НЕГЕ КЕРЕК ҚАНАҒАТ?

Жер бетіне бұкіл адам еккенін
«Егін!» дейді – бұл ғажайып неткен үн!
Сары бауырдай топырағына өлкемнің
Батырыпты әр заман өз кетпенін.

Кетпен, Кетпен, тозды маркан, тай алыс,
Кетпен ісі өнімсіз іс – баяғы іс.
Трактордың табанына тапталды
Кетпен, Кетпен, саған деген аяныш!...

Осы жермен бабам көшкен, құм көшкен,
Көшкен құмға үміт, арман мінгескен.

**Құм шөккенде бірге шөккен көп кеуде,
Көп тіршілік үмітімен бірге өшкен.**

**Өшкен жерден өсіпті өмір қайтадан,
Жер – бір ұя балапаның шайқаған.
Әр төбеге ұялаған тарихты
Бабам еккен егіні деп айта алам!..**

**Егін дейді қымбаттатып алтынды,
Егін аты аспанымға даңқ ілді.
Бір жылыштық баурап алып салқынды,
Құнге қарай, құнге қарай талпынды.**

**Ей көк аспан, жердің даңқын паналат!
Сөйлемейді жүрек жаңсақ, жан ағат:
Тойымсыздық жасап жатса бақытты,
Неге керек, неге керек қанағат!**

Біз бұл жолы ақын Жұмекеннің «Сыбызы сыры» атты екінші кітабынан көштік. Ондағы сегіз бөлімнен тұратын «Егін» атты поэмаға бергісіз үлкен толғауын оқып отырымыз. Ақынның өзі айтқандай «Түйдек-түйдек сөздердің, түйлген жерінен» арыға озбай тоқтадық. Сегіз бөлімінде бір мін жоқ сұлу өлеңінің алғашқы алты шумағына аз-кем кідіріп қалдық.

Егін – тарих, егін – туған жер, егін – атамекен. Бұл өлең сол мекенді мындаған трактор таптаған тұста жазылған. Бұл өлең қанағатсыздық қазақ жеріне – қазақтың қара топырағына. Жон Арқасына қанды шенғелін салған уақытта жазылған.

Құм көшкен, талай ғұмыр өшкен, талай тарих өзінің кетпенін салған ұлан далаға трактордың шынжыр табанын салған шақ. «Бұл – тойымсыздық, қанағатсыздық, бұл – аянышты» деп сол

заманда Жұмекеннен басқа ақын айтты ма екен?! Айтқанды қойып, түйсініп те, ойлап та қоймас-ау. Жұмекеннің соншама ауыр күйзелісін сезінбес еді. Өлеңдегі сұранып тұрған сөйлемді, айтылып тұрған ойды анғармас еді.

Сол трактордың табанына рухы тапталып, оны тұла бойымен сезініп, жүргегінен өткізген ақын сол заманда Жұмекен-ақ еді.

Тойымсыздық жасап жатса бақытты,

Неге керек, неге керек қанағат!

Біз осы жерде тоқтадық. Онсызда сұлу өлеңнің өн бойындағы Жұмекенше ирімдерді талдап окуды сізге ұсынайық.

«Егіннің» сегіз бөлігі бір желіге байлаған сегіз өлең – сегіз құлын сияқты.

Соның ең қысқасы алты-ақ жолдан тұрады:

Ей, туған жер! Біткен екен бас маған,

Сол басыммен өз кеуденді жастанам.

Сар құмыңың бір мысқалын қос маған,

Уақыттың дауылды айдал тастаған.

Сол дауылдың мені де алып өтсін де,

Орта жатқан сай-жырыңа төксін де...

Бізге бүгін оны сезіну жеңілдеу шығар. Ал «миллиард бүт астық» туралы ұрандатып жатқан заманда әлгіндей ішкі қарсылыққа бару, оны – ол ойды жырға жүктеу жалғыз Жұмекеннің ісі болатын. Өлеңдегі «осынау қарсылық сезім» ту баста жас ақын Жұмекеннің ақындық стартында көрініп, кейінде күллі өлеңнің, ірі толғау-дастандарының өзегіне айналады. Біз бұл жобада оған ауқымды орын беретін боламыз.

Сол тұстағы тағы бір өлеңін Жұмекен былай бастайды:

Менікі ғой, менікі ғой бұл аспан,

Көк жиегі келешекпен ұласқан.

Мына жаздың қызғалдағы үмітім

ұлы жердің қеудесінде гүл ашқан.

Аспан, көк жиек, келешек, қызғалдақ, ұлы жер бәрі де оның иелігі. «Жер менікі» деп жанталаскан рух, дүрсілдеген жүрек. Сол заманда ақынның «менің Қазақстаны, менің елім, менің жерім» деп айта алуды – ол – осындай ішкі қайсарлықтың себебі болғанын қайталап айтамыз.

Жұмекеннің кітаптарына жазған алғысөзінде Зейнолла Серікқалиев былай депті:

«Жұмекен өзімізге ұқсас қарапайым пенденің ғасырлар бойы халық арманы қалыптастырыған ертегілік алыптар игілігі тәрізді ғаламат қасиеттерін ардақ тұтты. Көзбояушылық пен қызыл сөзге құле отырып, өз жан сарайымен, ақындық барша болмысымен жете сезінген кешегі тоқырау заманының майбасар былық-шылығынан мұлдем ада, адад адал адангершілік ұфымының мұрагияттық үлгісін мүсіндейді…

Оң қабырғаға туған елі картасын іліп қойып, өзгелерге мейіріммен қарауды тек өзінен бұрынғылар дарытқан ізгілік нұрынан үйренер өрімтал үрпағымен, өз ұлымен сырласты. Ақын жырында жұмыр жер – ғаламшар ақ жұмыртқаға баланып, одан ақыл-ой – ақ үрпек балапандар жарып шықты...»

Кәсіби сыншы Зекеңнің осы сездеріне көз жүгірте отырып, осы өленді талдаған-ау деп ойладық. Біздің байқайтынымыз – әрқандай Жұмекеннің замандасы, сыншы не ақын болса да Жұмекен өлеңіндегі отарлауға қарсылықты сезіне алмаған сияқты. Оның заманға сыймай жүргенін, неге сыймай жүргенін ешкім түсінбейді.

Жұмекеннің сондай қарсылықтарын, «түйдек-түйдек сөздерінің түйген жеріндегі» ойларына бұлдынғыр қараған сияқты. Оның жырларына сүйсіну, тамсану сияқты сезімдер замандастарында болды. Олардың дені кітапты жабық ұстаған күй қолын сілтеп тұрып сөйлейді. Алтын сандықты құлыштаулы қүйінде

көрсетеді. Ішіндегі қазынаны алып шығып, көрсетпейді, әлде көрсете алмайды.

Біздің «Жұмекеннен 100 өлең» жобасындағы мақсатымыз – Жұмекен өлеңдерін оқу, әлімізше талдау, сізben бірге оқу, оқи отырып ойлану.

Жұмекенге үнілуді «Алматы» өлеңімен бастап едік. Жобамыздың бірінші маусымында сол көбімізге таныс көркем қала туралы тағы бір жырға көнілінізді аудара түйіндейік:

**Жапырақтар, жапырақтар саялы,
Жапырақтың төсінде шық таяды.
Бүкіл осы Алматыны – табиғат
Жапырақтың бояуымен бояды.**

**Жапырақтар, жапырақтар саялы,
Таптамашы, адамдардың аяғы!
Жастық шағым жапырағын жаяды.
Жастық шактың бұтақтары баяғы,**

**Қартайғанда болды ақынның таяғы.
Ал біреулер тым ертерек ақсады,
Тағдыр онан таяғын да аяды...
Жапырақтар, жапырақтар саялы!**

Біз «Алғашқы ыза» деп тақырып қойып II бөлімді бастағанбыз, қысқа қайырдық. Себебі, ашу-ыза да, улы сојда әлі алдымыздан шығады. Талдауға қолайлы, тілге женіл өлең. Талдауды оқырманым сізге қалдырайық дедік.

Ақынның алғашқы жинақтарынан 16 өлеңін (кейінен үзінді алып) тандап, талдай келе жобаның екінші бөлімін уақытша тамамдал, келесі кезеңге өтеміз.

III БӨЛІМ

ДОМБЫРАЛЫ АҚЫН



**«ҚЫЗҒА ҚАРАП ҚАЙТЕДІ
ДОМБЫРАСЫ БАР КІСІ?!»**

**Сапар – ұзак деп еді,
тез оралым, тағы да
тез оралам,
 себебі:
домбырамды сағынам.**

**Үйкүшіктеу – біліп қой –
бұ заманның серісі мен жарлысы: –
жана үйленген жігіттей
домбырасы бар кісі.**

**Талай әсем қыздардың
дарымады «қарғысы»:
қызға қарап қайтеді
домбырасы бар кісі.**

Талай жұмбақ күй шерттім –
шешу ғана қалып тұр.
Ақылсыз көп құлақты
кесу ғана қалып тұр.

Домбыра, сен туралы
талай жаздым мен мына –
күйді ұқпаған кісілер
сөзді ұға ма, өзің айтшы, домбыра?!

Бақыт жайлы толғам көп,
менің бағым – домбыра.

Майсандаپ күй шертпесе
неге керек қол мына!

Күрек ұстай білмесем,
қалам ұстай білмесем –
қайғырмас ем,
ал бірақ

домбыра ұстай білмесем,
күйдің мәнін, сүйсінбесем, әр ұғып,
өлер едім, жүргегім
қасіреттен жарылып!

Жұмекеннің өзі айтқандай: «Тағы да домбыра». Біз ақын өлеңдерінен музыкалылықты, әуезділікті, екпінді, ырғакты, әуендей үйлесімділікті байқаймыз.

Ақын поэзиясы ырғакпен, ішкі тебіреніспен, музыкамен астысып жатады. Тіпті, оның шабыттану сәті де сол екпінді ырғакпен түседі.

Жұмекен шығармаларындағы күй әуендей күмбір, терендік – домбыраның үніндегі кейде қоңыр, кейде ширеккан дыбыстардың үйлесімі сияқты ішкі қисынмен тұтасады.

Үйкүшіктеу – біліп қой –
бұ заманның серісі мен жарлысы: –

**жаңа үйленген жігіттей
домбырасы бар кісі.
Талай әсем қыздардың
дарымады «қарғысы»:
қызға қарап қайтеді
домбырасы бар кісі.**

Дәл осы жолдардан кейін кез келген оқырман еріксіз жымиятыны анық. Бірақ оның түбінде асыл сөз, тұщы түйін жатқанын байқайсыз.

**Талай жұмбақ күй шерптім –
шешу ғана қалып тұр.
Ақылсыз көп құлақты
кесу ғана қалып тұр.**

Өлең жұмбақ болмағанмен күй үні сізді жұмбақ әлемге жетелейтіні анық. Күйге елендемеген құлақ ол – «акылсыз құлақ».

**Домбыра, сен туралы
талай жаздым мен мына –
куйді үқпаған кісілер
сөзді ұға ма, өзің айтшы, домбыра?!**

Мына сөзге қараңыз! Шынымен де солай – зайдыры, түсінуге сөзден көрі күй женіл секілді. Әлде Жұмекен үшін солай ма екен?! Ол соншама сөздік қуатымен, соншама түсінікпен домбыра дауысына бас иеді. Шынымен де солай сөз ұғудан күй ұғу женіл шығар... ия, күй тілі құллі адамзатқа ортақ тіл.

Біз «Жұмекеннен 100 өлең» жобасының басқы бөлімінде ақынның поэзия әлеміне, әдебиет теңізіне құлаш ұрып, өлең даласында көсіле шапқан сәтінен бастадық. Жұмекеннің максұты, ақынның сұрапыл шабыты, оның көркемдік ұстанымы сол бөлімдегі 16 өлеңнен көрінді деп ойладық. Жобаның бұл бөлімінде біз Жұмекен поэзиясының музикалылығына, домбырасы мен күй өлеңдеріне үнілеміз.

Біз өлеңдердің ынғайына, тақырыптық сәйкестігіне қарай кей-кейде екі-үш өлеңмен қосақтап сөз етіп жатырмыз.

Фафу Қайырбековты күллі қазақ бір ән өлеңімен-ақ біледі. Ол – «Есейіп кетсем де, мен саган сәбимін. Көнлінді көктемдег көзіңнен танимын» деп кайыратын «Ана туралы жырь»: Бұл өлеңді Монгол елі өз тілінде хормен айтқанын тыңдағанбыз.

«Жұмаш ұлы ақын» деп, асыл ақын інісіне оның көзі тірісінде биік бағасын берген сол Фапекен – Фафу Қайырбеков тамсана отырып былайша армандалады:

«Бұл юбилей кезінде Жұмекен жайында Әбекен Тәжібаев, Әбіш Кекілбаев, Аян Нысаналин, Шемішбай Сариев, Сейфолла Оспанов, тағы басқа жолдастардың мақаласы жарық көрді. Оларына көп ризамыз, бірақ біздің әдетіміз – шөпті шауып талап, енді қайтып ол дағалаға келесі жылға дейін оралмайтынын түсінген пішеншілердей әрекет етеміз. Жұмекен жайлы зерттеулер мен естелікті қосып, тұтас дүние жасауымыз керек. Ол біз туралы жырлады, біз енді ол туралы жырлауымыз керек. Оның тек қана Жұмекен емес, қазақ өлеңтану ғылымына пайдасы көп.

Сол пайданың бастысы – жұртшылыққа, әсіресе, жас ұрпаққа ана тілінің, оның ішінде ақындық тілдің қасиетін ұғындыру. Жұмекеннің бүкіл ақындық жүйесі, тіл өрнегі, ойлау әдісі, образдар системасы, адам портретінің галереясы, өз портреті, өзінің лирикалық геройы, өлеңнің таза техникалық түрі, үні, музыкасы, ырғағы, ағыны деген сияқты толып жатқан құралдары дәл сондай құрделі зерттеуді керек етеді. Шіркін, Жұмекен поэзиясы туралы мектепте болсын, ВУЗ-да болсын, арнаулы лекциялар оқыр ма еді, егер оқи алатын күн болса».

13.12.1985 ж.

Автордың бұдан 35 жыл бүрын Жұмекен ақынға арналған 50 жылдық мерейтойдағы баяндамасынан.

«ҚАҒАМ ҮЙДІҢ ЕСІГІН, ҚАҒАМ КҮЙДІҢ ЕСІГІН...»

Үйден алыс шыққанда екі аманат қалдырам,
бірі, ұлым, өзіңсің,
екіншісі – домбырам.
Екі асылым – екеуін,
жүдеп жүрмін ішімнен,
мен ауылдан шыққалы сендер шықпай түсімнен.

Ііскеп жүрем түн бойы мандайынан, жалғызыым,
шертіп жүрем түн бойы домбырамды алғызып.
Әлдекімдер сені ұрып жүреді ылғи жылатып,
домбырамды жүр біреу дын еткізіп құлатып.

Сен, әрине,
оянсам жоқ боласың, шырағым,
үні бірақ қос ішектің құлағымда тұрады.
Асығамын содан соң үйге, бітіп шыдамым,
поезбен кеп,
қайтуым – самолет боп шығады.

Есік қағам мен ылғи асыққаннан кешігіп,
қағам сонда күй менен махаббаттың есігін.
Кекіліңнен сипамас бұрын сонда мен сенің
сипап көрем қос ішегін домбырамның,
кеш, ұлым.

* * *

**Үйден алыс шыққанда екі аманат қалдырам,
бірі, ұлым, өзіңсін,
екіншісі – домбырам.**

**Екі асылым – екеуін,
жүдеп жүрмін ішімнен,
мен ауылдан шыққалы сендер шықпай түсімнен.**

Өзінің жалғыз ұлы мен жан сырласы – домбырасын параллель қойып, теңестіре суреттеу, домбырасына деген сүйіпеншілігі мен ұлына деген әкелік сезімін жарыстыра, жаразтыра жазу – ақын тебіренісінің шыны.

**Ііскеп жүрем түн бойы мандайынан, жалғызым,
шертіп жүрем түн бойы домбырамды алғызып.
Әлде кімдер сені ұрып жүреді ылғи жылатып,
домбырамды жүр біреу
дың еткізіп құлатып.**

Егер үйінде домбырасы бар кісі болса, оңаша сүйеп қойған домбыраның оқыс құлаған сәттегі адам көнілінің дір ете қала-тын тітіркенісін ол біледі. Дәл сол түсік пен енді есесі кетіп, әкесін іздеп жылап жүрген жалғыз ұлды елестетші. Қысқа өлең-де ақын әдемі шенdestіреді – көркем параллель жасайды. Тап-қырлық – шығармашылық шеберлік сізге де, бізге де көз тарта нұрлана көрініп тұр.

**Есік қагам мен ылғи асыққаннан кешігіп,
қагам сонда күй менен махаббаттың есігін.**

Асығып оралған ақынға екі есік ашылады. Ол махаббаттың – үйдің есігі және күйдің – күй әлемінің есігі.

**Кекіліңнен сипамас бұрын сонда мен сениң
сипап көрем қос ішегін домбырамның,
кеш, ұлым.**

Мұндайда айтарға сөз таппайсың. Үнсіз қалғаның он. Тек осы өлеңдерден кейін тебіреніп қана отырудың жөні бар. Тағы да біз көп қайталанып жүрген сөзге оралайықшы. Ол – «Жұмекен – жұмбак» деген сөз көвшіліктің көкейіне ұйып қалған. Көбі жұмбак шешкісі келмейді. Бірақ осы өлеңнің қай жерінде жұмбак бар? Жұмбак жок. Жұмекен домбыраның қос ішегі секілді тебіренгіш, саусағың тиіп кетсе сайрап қоя беретін шешен домбыра сынды аса сыршыл, шебер ақын екенін сезесін. Домбыраға өлең арнаған, домбыраға деген сезімін жырлаған ақын аз емес шығар. Бірақ оның қадір-қасиетін Жұмекенше сезініп, сонша дәлдікпен суреттей алған кісі сирек.

Оған себеп: Жұмекен аса таланты әрі кәсіпқой музикант еді. Болашақ ұлы ақынға шығармашылық емтиқаныда екі қоятын қиянатшыл заман оның жастақ шағын тағдырдың тағы да бір ертегі жолындағай айналымына салып еді.

Ақынның сол тағдыры және домбыра ұстаган сәті тұралы оның досы Әбіш Кекілбайдың ауқымды жазбасынан мына үзіндіні қараңыз.

«Алматыға мұғалімдікке оқуға келген Жұмекен мектепте озат оқып жүрген қазақ әдебиетінен шығарма жазғанда екілік алады. Суық қолдың араласқанын сезсе де, дәлелдейтін дәрмен таба алмай, арыққа аяғын малып, налып отырған баланы көшеде кетіп бара жатқан қазақ офицері Гұбайдолла Ержанов байқайды. Бұрылыш келіп, жағдайын біліп, үйіне апарып, Қарағандыға жұмысқа алынып жатқандарға іліктіреді. Кішкентайынан күй тартатын баланың

жұмыстан боста домбыраны безілдетіп отырғанын Майқұ-
дық шахтасындағы кәсіподақ басшысы Әукебай Кенжин
көреді. Қоркем өнер үйірмесіне араластырып, кәсіподақ-
тың бүкілодақтық байқауына жібертеді. Мәскеуден жүлделі
оралған жігіттің «обалына қалмайық» деп, арнайы жолда-
ма алыш береді. Сүйтіп, Жұмекен Алматы консерватория-
сына келіп түседі. Кейін тұрмыс жағдайына байланысты
консерваторияны тастап кетуге мәжбүр болды.

Әйтпесе, әдебиетте қандай саңлақтық таныта алса, өнер-
де де сондай таныта алар еді. Ол кезде сахна мен эфирде көп
орындала бермейтін, тұсында цензура бағын байлап тас-
таған небір «күй сұлтандарына» алғаш рет біздің құлағы-
мызды Жұмекен үйретіп еді. Ұялып отырғандай, басын бір
қырын бұрып, домбыраға да, тындармандарға да көз қыы-
ғын салмай, небір әдемі әуезді сіркіреп жауған сәуірдің жаң-
бырындай төгілте жөнелтеді. Тартқан сайын тал бойынды
ерітіп бара жатқан сінімді саздан жұрт балбырай түсетін. Ал
күйшінің өзі бүкіл болмыстың қақ төріне шығып алған жер
тәңірдің өзіндей барған сайын состивип, айбаттана түсетін».



АҒЫТЫЛ, КҮЙ, АҒЫТЫЛ!

Саңлақ ердің салмағы
Өнерінде деп еді –
Сені көріп, саңлағым,
Мансұқ еттім мен оны.

Тұла бойым дір етті,
ток ұрды ғой бір құйын...
Кесек ет қып жүректі
іліп кеттің, қырғиым...

Келді-ау, сірә, шабытың:
дір-дір етті саусағың.
Ақтарыл, күй, ағытыл,
Сыңғырап қал кәусәрім.

Қайта өрледі, бір құлап
тасқа бүйір соққылап;
ақ мәрмәрді бұрғылап
бұзып аққан көк бұлақ.

Сыргиды, әне, сырғиды...
Шерттің-ау сен бір күйді:
Көмейімен бұлбұлдың,
тырнағымен қырғидың.

**Шалып шертер саусағы
Шыдамыңды тауысады:
Өзі – күйші,
өзі – қызы...
ал мақтамай көрініз.**

Осылай деп келетін «Күйші қызы» өлеңін оқып жүрміз, жаттап алғанбыз. Басқа өлеңдеріндегі сияқты емес, бұл өлеңдегі өлең құрылсызы, шумақтары, ұйқасы, суреттеу тәсілі дәстүрлі өлеңдерге біршама жақын. Оқығанға кейде дүлдүл, дауылпаз ақын Ілияс Жансүгіровтың «Күйші» поэмасының сарыны да байқалатындар.

Қыздың күйшілігі, күйге балқыған бейнесі – өлеңнің де талшыбықтай солқылдаған сипатын жасайды. Ал тыңдаушы біз болсақ екі бірдей сұлулықтың қабаттасып кеткен сәтіне көз қарықтырамыз. Өлең жеті буынды, ойнақы түседі. Күй секілді, онда да қызы тартқан күй сынды қыбынды қандырады.

Ал енді:

**Өзі – күйші,
өзі – қызы...
ал мақтамай көрініз, –**

деген тұсы әзіл секілді. Шын мәнінде, бұл – енді екі бірдей сұлу құбылыстың қатар көсілген, жарысқан, жарасқан сәйкесімі.

Біз бұл өлеңді бұдан ары талдамай-ақ, сөзді Жұмекен ақынның өзіне бергіміз келіп отыр:

«...домбыра бұрынғыдан да қоңыр, бұрынғыдан да мұнды сөйледі. Жас қыздың онсыз да сұлу жүзі, тіпті, құлпырып, гүл-гүл жайнап сала берді. Иегінің ұшы мен екі қасының аралығында әйнек үгіндісіндей ұсак-ұсак тер тамшылары жылтырайды.

Әдемі, мұсінді мұрны қусырылып барады.

– **Әй, көп жаса, жаным!**

– **Өнерің үстесін!**

– **Бақытты бол!**

Сүйсінуден, гөрі, танданудан жарыла жаздал отырған жұрт шу ете қап, тез тынды.

Өзі жап-жас, өзі қыскаяқты адамның осынша күйді біліп, орындағаны өз алдына, талғап, танып тартуы, әр пернеге, әр дыбысқа өзін сарқып беріп, жүрек жылуының соңғы тамшысына шейін тындаушы құлағына сығып тамызып отырған қыз күйшіге сүйсіну де, тандану да артық емес-ті. Ауық-ауық талпынып басылып, ұмтылып, қайтып турған екі төмпектің ар жағындағы кішкене көкіректің тым ерте жиған осынша мол қазынасы тындаушыны қайран етті: Алдарындағы осы бір бүлдіршін кереметтің бүкіл ішкі сарайы лап етіп, бір-ақ күйіп кететін сияқтанды...»

Жұмекен «Ақ шағыл» романында Талжібек деген күйші қызды осылай сипаттайды.

Бұл біз тандаған өлеңнің қарасөз түрі, немесе ақ өлең үлгісі. Себебі: екі мәтін де бір жүректің тебіренісі, бір жанның түйсінүі, бір көнілдің сүйсінүі.

Әйтсе де, ырғак, екпін, музыкалық үйлесім өлеңде анық байқалады.

Өзі күйші,

Өзі қыз.

Ал

Мақтамай көрініз.

«БЕРЕЙІН ЖҮРЕГІМДІ ТИЕК ҚЫЛЫП...»

Майысып қос шегінен күй өткенде,
Ой туар жүрек түгіл, сүйектен де.
Домбырам қайран менің, қайран менің,
Ризамын сені маған сый еткенге.

Қолтықтап қоқтем келсе жыр-сұлуды,
Ізіне жыр сұлудың гүл шығулы...
Мені де қойдың ақыр жұмбақ қылыш,
Құлу мен үйреттің де күрсінуді.

Сырласам қокірегіме сүйеп тұрып,
Жанымның жазығына күй ектіріп.
Ой, арман – екі шегің болсын сенің.
Берейін жүрегімді тиек қылыш.

...Күй екен мынау аққан бұлақ десек,
Бұлақтар таудан ғана туад десек,
Ал кәне, бір тындағық домбыраны,
Төсіне туған жердің құлақ төсеп...

Біз білген Жұмекеннің домбыра туралы ең алғашқы жыры. «Сыбызғы сыры» кітабына еніпті. Бұдан кейін де ақын домбыраға талай өлең арнайды; қаншама шабытын қалықтатып келіп домбыраға қондырады; қаншама жырдың соңғы шумағына домбыра жастап тыныстайды.

Осыдан отыз жылдай бұрын Жұмекенге арнаған өлеңімізде:

«Өлеңнен де ақынның беті қайта қалғанда,

Көкірегін босатар домбырамен сырласса», –

деппіз.

Ақын шабыты домбырадан рух алып оған жиі – жиі шалқып соғып отырады. Тіпті өлеңде ғана емес, прозасында да – анау «Ақ шағыл» романында домбыра, күй туралы ұзақ тарау келтіреді.

«Ой туар жүрек түгіл, сүйектен де».

Дәл осы өлеңінде ақын домбыраның қос ішегінен күй өткенде жүректі қойып, сүйектің өзі бақиды, домбыраның үні сай-сүйегіне тарайды дейді. Ол – домбыраны танытқан, серік еткен тағдырына шексіз риза.

Көктем жыр сұлуды қолтықтап бұл әлемге әкелсе, оның ізінен гүл ашады. Бұл жерде де әңгіме күй – домбыра туралы.

Сырласам көкірегіме сүйеп тұрып,

Жанымның жазығына күй ектіріп.

Ой, арман – екі шегің болсын сенің.

Берейін жүргімді тиек қылып.

Кісі домбыра тартқанда оны көкірегіне сүйеп, жүргіне тақап, кеудесіне жастап тұрып тартады ғой, сөйтсе домбыраның сыртын жүрек соққылайды екен ғой; онда да ой мен арманды қатар ұстап көтерген жүректің, қатар сейлеткен «тиек» жаңғыртқан соққысы. Жұмекеннің жаны жазық дала сияқты, манагы гүл орынына күй егеді. Әлгінде айтқанымыздай ой-арманы домбыраның қос ішегі іспеттес, ал жүрегі – тиек. Осы шумакта ақынның бүкіл болмыс-бітімі, жан-дүниесі домбыраға айналып кетеді. Тіпті, қазақ даласы домбыраға ұқсайды. Күй болса аққан

бұлақ сияқты. Топыраққа құлақ төсеп, одан даланың дауысын естисің, күй тыңдайсың.

Жұмекен үшін тіршіліктің әрбір сәті күй сияқты. Жүрегі балқып сол күйді тыңдай түсетін секілді.

Ақынның домбырашылығын, домбыраға деген айрықша сый-құрметін Әбіш Кекілбай еске жазып еді.

Домбыраны жүрек тұсына қойып, иекті оң иыққа тастап, күй шалқытқан Жұмекенді домбыра даусын – күй сезін көлденең біреу оқыс бөлгендеге іштей қатты кейитін көрінеді. Ол үшін күй үні – құдірет үні, домбыра дауысы – дала дауысы болғаны шүбесіз.

Әбіш айтады:

«Егер біреу-міреу абайсыз құліп не сөйлеп қойса, күй сол арада үзілетін. Жұмекен қыздың баласындай ыздиган сыпайы қалпын бұзбай, бір жымиып қойып, домбырасын құндағына салып, орнына апарып, сүйеп қояр еді. Темір қакпақты қорапшасынан темекі сұрып, езуіне қыстырып, былайғылардың әжін-күжінің тыңдаған болып, танауының астынан будактаған көк түтінге бетін көлегейлеп, үнсізтүнсіз отырар еді. Қанша жалынып-жалпайсаң да, домбырасын қайта қолына алмайтын».

Жұмекеннің күй аңқыған жырларын да бұзбай оқып, үзбей тыңдауға біз де кенес береміз.



«ДОМБЫРАМ, САҒАН АЙТАМ»

Әркімнің бар күйге арнар бір-бір кеші,
Бас – киіз үй,
құлақ қып тұрды іргесін:
күмбірлеші, домбырам, күмбірлеші,
жел ғылып қуанышымды елге жай да,
қасіретімді ешкімге білдірмеші –
күмбірлеші, домбырам, күмбірлеші!
Ақ шыныма қоныр бұлт жаңа асылды,
қоныр кешке қоныр бұлт жарасымды.
Саусақтарым пернені жатыр сорып,
шырын сорған гүлдерден ара сынды.
Отті, кетті Күн күлгөн манағы сәт,
ақ шыныма бұлт қонды жала құсан.
Әр пернеге қадалды саусақтарым,
гүлге дір-дір қадалған ара құсан.
Бір қылышым әйтеуір ұнамаған,
әйтеуір бір сыр-бес жан мына маған
жала жапты, –
сен түсін көніл құлқын –
сол ғой әппақ шындағы қоныр бұлтым.
Далам ашық, жан едім, тауым анық,
сол тауымды қоныр бұлт тауып алып
ауық-ауық қонады,
көлеңкесі
қабағыма түседі ауық-ауық.

Жала екенін сезеді жау да осының,
баяғы сол пәнденін әуресі бұл.
Пәнделікке бармайды көңілім көп,
мен емес-ау,
күн кешті ел мені күндең.
Шын халінді түсінер қайда ағайын,
сен болмасан, домбырам, айналайын!
Саған айтам сондықтан сырымды бар.
қалған жұрттың көбі қу-жырындылар.
Ымырт та – мұн,
ой да – мұн,
екеуінің
сенің үнің, тым құрса, бірін қуар.
Күмбірлеші, домбырам, күмбірлеші,
Бас – киіз үй,
құлақ қып түрді іргесін.
Қуанышымды жел ғылыш елге жайшы,
қасіретімді ешкімге білдірмеші.

Ақынның соңғы шығармаларына жататын «Домбырам саған айтам» деген өлеңінен. Өлендегі көркемдікті талдау дәстүрі жөн шығар. Бірақ біз әр өлендегі көркемдік жайлі сөзімізде тіл сұлулығын жарыстыра қайталағаннан гөрі оның тақырыптық сипатына, ақын ойының ою зеріне үңілген жөн деп білдік. Жүмекенге ойша серік болған домбыраның өзі өлеңде бірде дала, бірде өзен, бірде ақынның жүрегін тиек еткен көкірек шанағы, бірде бүкіл тұлғасы, бірде тау, бірде бұлақ боп жүретін. Дәл осы жерде домбыраға жанасқан сезім қазақтың кигіз үйі сияқты іргесін түреді. Қүйшінің перне басқан саусағы гүлге қонған, балға қонған ара сияқты соқылдайды, дірілдейді.

«Далам ашық, жан едім, тауым анық», – деп өзі айтқан тауына бұлт қонады. Сол бұлттың көбен көлеңкесі күйшінің, ақынның қабағына түседі. Әзелде ақын мандаіы бұлт көлеңкесі көшердей көндікте сияқты. Дала төсіндей қатпарлы қалың маңдай бейнеге келеді. «Қабағында көлеңке бар» дейтін сөз болушы еді ғой. Өлеңнің қабағында да көлеңке бар.

**«Ымырт та – мұн,
ой да – мұн».**

Ойдың ымырты түсіп, ақынның домбырамен сырласып отырған сәті. Екі мұнның бірін соған – домбыраға сүйеп, женілдеп, қос мұнлық болып домбырасымен мұндастып отырған сәті.

Біз кейде Жұмекеннің өлеңдерін оқығанда күй тындалап отырған, домбыра тындалап отырған кісі сияқты сезінеміз. Сөз әуенге айналып, дыбысқа айналып, ыргаққа айналып, тауға соғылып, бұлтқа араласып кетіп жатқан сияқты сезіледі. Күйге құлақ қойған жан сияқты сезімге кенелеміз. Ал шынымен күй тыңдағанда ше:

«Көзіңіз көрген, қолыңыз ұстаган түк те жоқ. Сіз әсерғана алдыңыз, үлкен әсер. Күй не айтты соншалықты?! Жалпы, күймен бір нәрсе айтуға бола ма? Әсерді үн түгіл сөзбен айту қыын ғой. Өте қиын. Бірақ бұл болмайды деген сөз емес» (Жұмекеннің өз сөзі).

Жұмекен осы күймен айтылатын әсерді күймен жарысып отырып сөзбен айтады. Бұл тұста сіз тек тылсым әсермен ғана емес, оған қоса саналы пайымға да ой жеткізесіз.

Жұмекен ақынның дара қасиетінің бірі: ол – Домбырамен жиі сырласатыны. Көп өлеңдерін жазып отырғанда санасында домбыра үні мен жыр шабыты қатар жүретіні. Бір өлеңін «домбыраның ішегі мен пернесі» деп бастаса, тағы бір өлеңін «бір күй шертем деп едім шерте алмадым» деп бастайды.

Бір өлеңін «домбыраңың құлағы түрғаны жөн бұраулы» деп аяқтаса, тағы бір өлеңін «шертсем еken мен саған қай күйімді, бассам еken әуелі қай пернені» деп аяқтайды. Сөйтіп Жұмекен бүкіл өлеңдерін жазғанда оның санасында домбыра сарнап түрғандай сезіледі бізге.

**«Бір кезде күй болды ма,
жыр болды ма,
Әйтеуір көз саласың бірден бұған:
көненің көзі құсап құнгірттеніп
ілулі бір бұрышта түр домбыра.**

**Отырдым біраз байқап қарап, ойлап:
Қақпағын жонған еken қарағайдан.
Бауына қара шашақ тағып біреу,
қойыпты құлағына қара байлап»**

«Домбыра туралы балладасы» осылай басталады. 30 жыл бойы адам ұстамаған, қолға алынбаған қаралы домбыра туралы сай-сүйегінді сырқыратар уақығалы өлең. Оқысаң көпке дейін көнілінді толқытып, ойыннан шықпай жүреді. Оқыңыз.

**«Төкші, төкші, домбыра, қоңыр үнді,
бір тазартып алайын көнілімді.
Жалаңаштап жанымды көрейінші
Жетпей жатқан жерімді, не мінімді;
төкші, төкші, домбыра, қоңыр үнді.
Жалаңаштап көрейін бәрін, бәрін,
қанша менің, байқайын, халім барын.
Өнменімді өзімнің тексермеп ем
өлеңімнің мінінен арылғалы,
көрейінші тәптіштеп бәрін, бәрін.**

**Төкші, төкші, домбыра, қоңыр үнді,
Женісімді, көрейін не мінімді.
Қандай, қандай дыбыстар шығар екен –
бір балқытып көрейін көнілімді!».**

* * *

Домбыра Жұмекеннің жан жолдасы болғаны анық. Ақынның көкірегін желдетіп, жаңын желпінтіп отыратын ең сенімді, куатты серігі домбыра болғанын осынау өлеңдерінен байқаймыз. Домбыра оның жаңын жаңартып, ойларын өлшеп, таразылап отыратын керемет әділ, адал сырласы болғанын көреміз.

Мынау «Төкші, төкші домбыраның» біз талдауға таңдаған үш шумағы ғана. 1970 жылы ақынның 35 жасында жазылған өлең. Сол кездің өзінде Жұмекен: «өлеңімнің мінінен арылғалы» депті. Өзінің өлеңінің мінсіз екеніне сенген, оған көзі жеткен шағы. Әбіш Кекілбаевтың өзі де айтады ғой, «Осыншама шығармада бір фалыс жок», – деп. Жұмекен – бір фалыс жібермей жазуға ант еткен және соған қарымы жеткен кісі болып түрғой. Біз Жұмекен ақынның өлеңде бір мін жібермеуге қабілеті, дарыны, өлшемі жететінін білген және өзіне өзі қатал редактор болғанын білеміз. Әр рет жазғанда, әр рет шабыттанғанда, әр рет өлең ойлағанда, бүкіл дүниені өлеңмен ойлағанда ол домбырамен жаңарып кеп отыратын сияқтанады.

Жалпы, Жұмекен шығармашылығында домбыра тақырыбы – өлеңдерінің биік шындарының бірі ғана емес, бір шоғыры. Егер ол керемет нұлы қойнау болса, домбыра жырлары оның ең бір әсем, көркем гүлдесте беткейі. Домбырага арнаған өлеңдері Жұмекен жырларының жауһар тұстары. Жұмекеннің жырдағы

домбырасы «Әркімде бар қүйге арнар бір-бір кеші» деп өзі айтқандағы, сол «кештердің» ешқайсысына да ұқсамайтын «кеш», ұқсамайтын құбылыс. Себебі: Жұмекен домбыраши.

Жұмекен – сөз жоқ қазақтың мәндайына біткен дара ақын. Ал осы ақын боп биік денгейге танылғанға дейін Жұмекен Құрманғазы атындағы консерваторияның «Халық аспаптары» факультетіне түсіп, ондағы домбыра кафедрасын оқыған. Дәл 4-ші курсқа келгенде сырқаттанып, бір жыл бойы сабак-қа қатыса алмай қалған. Сөйтіп консерваторияны бітіре алмай кеткен түлек екенін біреу білсе, біреу білмес. Сондықтан да Жұмекеннің кез келген шығармашылық сәтінде домбыра оның қияллын асқақтататын қанаты, сырласатын серігі, жанын тазарттын таразысы болғаны оның ақындық қырының өзгеде жоқ, жалғыз ондаған бар түсі.



IV БӨЛІМ

КИТАБЫНАН КҮЙ ЕСКЕҢ



ҚАЙҒЫРМА, АНА, СЕРТТЕМІН!

Не көрсөттім мен саған,
Азапты ойдан өзге не?
Көріп едің, анажан, мен секілді «кезбеден».
Әр күн сайын басыңа бір уайым тосылды,
Әр түн сайын шашыңа бір уыс ақ қосылды.
Ұл тіледің құдайдан – алдың оны зорға, ана,
ар тіледің құдайдан – жоқпын арды қорлаған;
ақ тілеуің құдайдан – жалғыз мен ғой, балаң ғой,
бақ тіледің құдайдан – құдай оған сараң ғой;
көрмейтінің құдайдың – көріп қайтып шыдадың,
бермейтінің құдайдың – неге ғана сұрадың.

Қайран шешем, аяулы анам,
тісті едім мен – тұмша жапты.

**Салмаса егер бұғау маған,
бұлқынбас ем мұнша қатты!**

**Қайғырма, ана, серттемін – бал берсе де айныман,
Күйім болар шерткенім – жан берсе де айныман.
Суық едім, жан ана, – тыншытпады күй деген,
туып едім далада – өсіп келем тұрмеде;
бұлқынбасам қаттырақ – мүшем де ұйып барады,
ханға бермес қолымды – кісен қызып барады,
Жылау салса жаныма – торыққаны деп түсін,
бұғау салса қолымба – қорыққаны деп түсін!**

Құрманғазы жасаған өлке, ол туған дала – күй өлкесі, күйдің даласы. Құрманғызыны туған халық, оны туған ел – күйдің халқы, күйдің елі. Айтпақшы, Жұмекен де – сол өлкенің – домбыра сөйлеген, күй ескен өлкенің тумасы. Біздің назарымыздағы Жұмекен ақынның домбыраға, күйге деген сүйіспеншілігі, оның домбыраны тартуы, күй тындауы, одан әсер алуы оған тән өзгеше құбылыс.

Біз Жұмекеннің «Күй кітабын» қолымызға алыш отырмыз. Ол нотамен емес, өлеңмен жазылған «Күй кітабы. Жұмекен күйді өлеңге түсіреді. біздің ойымызша күйді нотага түсіру – көшіру, ал өлеңге түсіру – оны түсіну, сезу, тындау. Күйден алған әсерді сөзге көшіру.

Жұмекен ақынның басқа күллі ақындардан өзгеше қасиетінің бірі осында. Жұмекен өзінің әйгілі «Ақ шағыл» романында Талжібек деген көркем кейіпкерін суреттей отырып, оның күй тартқанын, сондағы тындаушылардың әсерін жазатынын айттық. Сонда қыз алдымен «Қайран шешемді», «Қызыл қайың»

«Серпер» күйлерін тартып бастайды. Жұрттың бәрі де: « Жалдыдан (Құрманғазыдан) баста аруақ аттамайық» деседі. Әрине, оған дейін Қүрекене ұстаз боларлық әйтілі қашшама күйші өтті ғой. Бірақ жұрт Құрманғазыдан бастайды екен.

«Күй кітабында» Жұмекен де сөйтеді. Ол да «Қайран шешем», «Ертең кетем», «Тұрмеден қашқан», «Адай», «Алатау», «Сарыарқа», «Қызыл қайын» күйлеріне қайырылады. Осыншама күйді өзі де тартқанына шұбаміз жок. Тарта отырып, ішкі толқынын өлеңге, сөзге аударған. Біз Абайдан бір шумақ өлең мысалға алған болатынбыз.

**«Көңілдің күйі тағы да
Өмірсіз жанның алды ішін.
Аударды өлең жағына,
Нәпсінің сынған қайғысын», –**

деп.

Жұмекеннің ішін домбыраның күйі алған кезде, оның әсері толғаған кезде сол көңіл-күйді ол да өлең жағына аударады. Қалпын бұзбай аударады.

Енді «Қайран шешемізге» келейік. Біз Құрманғазы туралы жазылған біршама еңбектерден әкесі Сағыrbайдың біртоға, момын адам болғанын, ал а纳斯ы – Алқа адуынды, палуан, рухты кісі болғанын білеміз. Құрманғазының бұл күйі сол а纳斯ына арналған.

Жұмекен Ахмет Жұбанов жайлыш «Әңгіме» атты өлеңінде:

**«Солай ма,
басқа ма әілде, біліпті кім,
кім өлшепті аңыздың биіктігін.**

**Шығарады әйтеу бір әртүрлі аңыз
мақтарда жұрт өзінің сүйікті ұлын», –
дейтіні бар (оқыңыз).**

Әлде аңыз, әлде шын, кезекті рет қолға түсіп, айдалып бара жатқан Құрманғазы анасының алдында сәл жасып, көзіне жас алған көрінеді. Сонда анасы шапалақпен салып жіберіп:

– Ер тудым десем ез туғанмын ба? Көрсетпе көз жасынды мына дүшпанға! – деп баласына қайрат бергенге ұқсайды. Тұрмеде отырған күйші анасының осындай рухты, биік, батыр болмысын күймен салған дейді...

**«Ұл тіледің құдайдан – алдың оны зорға, ана,
ар тіледің құдайдан – жоқпын арды қорлаған».**

Анасының қайсар рухы ак тілеуден тұрғаны көрінеді: ұл тілегі мен ар тілегі. Ұлы бар – ол арлы ұл.

**«Қайран шешем, аяулы анам,
тісті едім мен – тұмша жапты.
Салмаса егер бұғау маған,
бұлқынбас ем мұнша қатты!»**

Аузын баспаса, қолын байламаса халық бұлқына ма? Бұл құлдыққа бағынбаудың бұқынысы. Онда да күйшінің қолына салған бұғау. Күй күреске шақырып, халықты қарсы көтеріп тұрғаны ғой.

Бастапқыда он төрт буындық тармақ кейде бір жол тұтас ұйқасатын тәсілмен төгіліп келе жатқан өлең дәл осы төрт жолда сегіз буындық ырғаққа ауысады. Зайыры, күй ырғағымен шалқып тұскен сөздерге ұқсайды. Бұл жерде біз күйдің музикалық

ерекшеліктерін, үн үйлесімін, диапазонының ауқымын талдауға талпынбаймыз. Себебі: біз музыканы емес, оның өлеңге айналған үлгісін талдап отырмыз. Соңғы екі шумаққа келгенде өлең қайтадан он төрт буындық тәсілге көшеді. Ия, ақын жырының екіпіні күй ағынымен құбылып отыр.

Соңғы шумақтарда күй қайраттана түседі. Анасына серт бергенге ұқсайды.

**«Қайғырма, ана, серттемін – бал берсе де айныман,
Күім болар шерткенім – жан берсе де айныман.
Суық едім, жан ана, – тыншытпады күй деген,
туып едім далада – өсіп келем түрмеде».**

Он төрт буындық тармақ ортасынан тағы да ұйқаспенен қабыса қысып түсті. Қүйші серт етеді. Алты рет түрмеге түскен – айдауда болған Құрманғазының «өсіп келем түрмеде» дейтін жөні бар. Онысының өзін күймен айтыпты.

**«Бұлқынбасам қаттырақ – мұшем де ұйып барады,
ханға бермес қолымды – кісен қызып барады,
Жылау салса жаныма – торыққаны деп түсін,
бұғау салса қолыма – қорыққаны деп түсін!»**

Біздіңше Құрманғазының күйіндегі қағыстар, ондағы дыбыстар соншама сәйкес, соншама ұйқасты болуы тиіс. Соңғы шумақтағы жол бойынша он төрт буын түгел қабыса ұйқасып түрғанын көрдік. Бұл – ақындық шеберліктің соншама биік шыны, өлең сөздің соншама еркін құйылуы. Күй үнімен құйылып түрғаны.

Жұмекеннің күйге арнаған барлық өлеңдерінде дерлік ұйқас, көркемдік, ішкі ырғақ үсті-үстіне атылып, астасып түседі.

Бір тұстары Жұмекенге домбырадан сабак берген, кейінде Қаршыға Ахмедияр, Бақыт Қарабалина, Мағауия Қамзин, Шәміл Әблітайды тәрбиелеген профессор Құбыш ақсақал ақынның «Күй кітабын» ерекше бағалаған:

«Жұмекеннің 1967 жылы өмірге келген «Күй кітабы» өнер саласындағы үлкен жаңалық – күйге деген үлкен сүйіспеншілікті, тұсінікті әкеледі. Онда Құрманғазының, Дәүлеткерейдің, Динаның, Тәттімбеттің әрбір күйлеріне арнау-талдаулары бар, ол күйлердің сырымен, автордың ойын өте терең тұсінеді, оларды соқырға таяқ ұстаратқандай талдап береді. Мұндай талдау тек қана музыка зерттеушілерінің, музыка теоретиктерінің ғана қолынан келетін нәрсе. Бұл Жұмекеннің музыка саласында да ой-өрісінің жоғарылығын, күй өнерін бес саусақтай сезінетінін, білетінін көрсетеді. Жұмекеннің бұл еңбегін домбыра мамандарының, музыка зерттеушілерінің қолынан тұспейтін оқу құралы деп есептеймін».

– Бұл Құбыш Мұхидовтың – әйгілі музикатанушының сөзі. Шын мәнінде 50 жыл бұрын-ақ ерекше резонанс тудырған күй өлеңдер жайлы әңгімеміз жалғасады. «Қайран шешем» күйі мен өлеңін неше қайыра тыңдал, оқысаныз екен.



«ЖАТЫП АЛДЫ БЕС САУСАҚ, ПЕРНЕЛЕРДІ ЖАСТАНЫП...»

Дина «Алғашқы бақыт».

Дина алғаш сахнаға шыққанда 76 жаста еді.

«ФАСЫРЛАР ПЕРНЕСІ»

Үн төгілді түрленіп – көк гауһардан кетті аумай,
Жарқындығы – күлкідей, мұндылығы – жоқтаудай,
ащылығы – шындықтай, тәттілігі – шабыттай,
Женілдігі – көбіктей, ауырлығы – табыттай.

Үй өрепкіп өрттей боп жанды жағып жатты-ау бір,
бетке шарпып қан ойнап – әсеріндей мақтаудың, –
Жатып алды бес саусақ пернелерді жастанып,
Жаңа талап күйші отыр жетпіс алты жастағы.

Жетпіс алты дәурен-ай, жетпіс алты жыл өткен,
Жетпіс алты қасірет – жетпіс алты жүрекпен,
бастан өтіп бар қызық еңкеюге қалғанда,
толы ыдысын ғұмырдың төңкеруге қалғанда,
Өр тынысын өнердің «құдай» күндең тұрғанда,
енди аттаса аяғым – құлаймын деп тұрғанда,
Келгені ғой шын уақыт тым кештетіп болса да,
кеуделіге бұл бақыт керек бопты-ау соншама,

бапты алмаса перненді – жаңылардай екен ғой –
ақтармаса шерді енді – жарылардай екен ғой –
таң боп күйші қарады мына залға – тың жұртқа,
көрген түсі ертеде айналғандай шындыққа.

Шымшып іліп сезімді, жүрегінді түртіп жеп,
әр саусақтың астынан үн оянды бұлқілдеп.
Бейлі толған өмірді бір түлетті-ау, жарықтық,
кей жұқарған көнілді жыртып өтті-ау, жарықтық!

Түрленгені көп үннің – көк гауһардан кетті аумай,
төгілді-ау бір төгілді – беделдіні мақтаудай,
жарқындығы – құлқідей,
момындығы – терендей;
ауырлығы – жаладай,
сұлулығы – өлеңдей...

* * *

Бұл өлеңмен – отыз жастағы Жұмекен өз заманын дүр сілкіндірген. Өлеңде сөз – көк гауһардай түрленіп төгіліп, біз оның әр қырынан Жұмекен жүрегінің алуан түсті сәулесін көреміз: Ол – «жарқындық, мұңлылық, ащылық, тәттілік, ауырлық, женілдік және момындық пен сұлулық». Осынау қарама-қарсы ұғымдардың бері де Жұмекеннің жан сәулесінен көрінеді. Жарқындығы болса құлқідей, мұңлылығы жоқтау сияқты, ащылық шындық, тәттілік шабыт секілді. Ал женілдік ше? Көбіктен женіл не болар? Жұмекен ауырлықты «табытқа» балайды...

Бір сәт үнсіз қаласың. Момындық – терен, сұлулық – өлең. Осы сегіз ұғым соншама қашықтықтан бір-біріне қарама-карсы шарпысып келіп, көз алдында қалады. Жеңілі көнілдің бетінде қалқып, ауыры жүректің түбірне шөгеді. Біз бірінші шумактың өзінде-ақ тосылдық. Түсінбегеннен емес, түйсінгеннен. Бұл өлең оқылуға қандай женіл болса, сезінуге сонша ауыр. Алдыңызда кесе. Ондағы су емес, шырын емес, қымыз да емес, бірден сіміре алмайсыз. Кеседе бал кілкіді. Қасықтап алып, таңдайға тіреп тамсана татасыз. Жұмекен жыры да солай – әр жолына үніліп, әр шумағына кідіріп отырасыз.

Сөзді «Жұмекеннің бұл өлеңі» деп бастайтын себебіміз – сол кезде кітапқа назар аударған қalamгер тұстастарының дені жаңағы бірді-екілі шумаққа кідіретін. Оны айтасыз, сол тұста Зайсанда – Сауыр-Сайқанда, мектеп оқып жүрген бала Ұлықбек Есдәuletтің «Күй кітабын» қалай қабылдағанын қараңыз:

«Сонау алпыс жетінші жылы, жоғары сыныпта оқитын Аманбек дейтін немерелес ағам: «Біз естіп жүрген әрбір күйдің текстері, өлең-сөздері болады еken. Сондай қызық кітап шығыпты. «Күй кітабы» деп аталады, – деген соң қоярда-қоймай қолқалап сұрап алдым. Сол кітаптағы:

**Келгені ғой шын уақыт тым кештетіп болса да,
кеуделіге бұл бақыт керек бопты-ау соншама,
бапты алмаса перненді – жаңылардай еken ғой –
ақтармаса шерді енді – жарылардай еken ғой –
деп келетін балаталаса бұзылмайтын ішкі-сыртқы ұйқасқа
толы жолдарды:**

Үн төгілді түрленіп – көк гауһардан кетті аумай,

Жарқындығы – күлкідей, мұндылығы – жоқтаудай,

ащылығы – шындықтай, тәттілігі – шабыттай,

Женілдігі – көбіктей, ауырлығы – табыттай.

деп келетін тосын тенеулерді расында да мен қазақ күйлерінің сөзі екен деп қабылдаған едім», – дейді.

Негізі бала Ұлықбек дұрыс ойлаған. «Күй кітабындағы» өлеңдердің көбі күй сөзі. Оны күйдің тілін білетін және тілмен күй шалқытатын кісі жазған мәтін.

Жетпіс екі жаста жаңа талап жастарға ұқсап, сахнаға алғаш шыққан ұлы күйші, қазақтың тұңғыш күйші қызы – Дина апаның жетпіс алты дәурен, жетпіс алты қасірет, жетпіс алты мұндан өткендей... Бар дәурені кетіп еңкеюге, ғұмырдың ыдысын төңкеруге жақын сәтінде жұрт алдына шығуы, жұрттың Динаны – арғы ғасырдың өнерін көруі шыныменде ерекше құбылыс болатын.

«Келгені ғой шын уақыт тым кештетіп болса да,

кеуделіге бұл бақыт керек бопты-ау соншама», –

деген жолдар бас-аяғы түгел қыыса ұйқасқа түсіп, қоныраулатып тұр.

«Шымшып іліп сезімді, жүргегінді тұртіп жеп,

әр саусақтың астынан үн оянды бүлкілдеп», –

дегенде күйші пернені емес білегіндегі тамырды басқан сияқты әсер етеді.

Күйшінің саусағы жұқа перденің сыртынан келіп, қан жүгірткен жүрек үнін аулайтын сияқты. Қос ішекті бойлай жүйткіген жаңағы саусактар әр пернеден ілген үн үйлесімімен құдіреттің дауысын салып тұрған секілді.

«Бейлі толған өмірді бір түлетті-ау, жарықтық,

кей жұқарған көнілді жыртып өтті-ау, жарықтық!

Тұрленгені көп үннің – көк гауһардан кетті аумай,
төгілді-ау бір төгілді – беделдіні мақтаудай,
жарқындығы – күлкідей,
момындығы – терендей;
ауырлығы – жаладай,
сұлулығы – өлеңдей...»

Жұмекеннің тағы бір қасиеті – осыншама көркем өнерді, суретті салып отырып, осыншама қимыл құбыльсты өлеңге айналдырып отырып, соның бәрін сұлу сөзге қондыра отырып, заманына бір қайрылып, сөз жебесін тартып өтетіні. Бұл қасиеті барлық өлеңінен де байқалады, әсіресе қарсылықты ойлағанын осылай береді. Қазакта «Қарағайға қарсы біткен бұтқақ» деген сөз бар. Сол қарсы біткен бұтқақтай басқаша көрініс жасап, көз тартып тұрады. «Төгілді-ау бір төгілді – беделдіні мақтаудай». Беделдіні мақтау – сол заманың да, бүгіннің де балталаса кетпес кесірлі міні. Ал жала ше? Ұлттың жартысын жойған жала – бодандық шақта екпін алған батпан қасірет. Жыр соңын ақын өлеңді сұлулықтың шыңына шығарып тоқтайды. Тапқырлығына тәнті боласыз. Қүйдің де, күйшінің де, бәрінің сұлулығын осы сұлу өлеңіне сыйғызығанына көнілі өскен сияқты.

Біз түйдек-түйдек болып түйіліп, төгіліп түсетін жұмекен жырды түсініп қана емес, түйсініп те оқуға, қага беріс қалтарыстарын қалдырмай қадағалап, қадалып оқуға құлшынамыз. Бізге қосылып оқысаңыз сіз де сөйтесіз.

ЖАНҚЫРЫҚТАН ӨЗГЕ ТҮК ЖОҚ, БОСҚА ТҮРҒАН ЖАНСЫНДАР!

ҚҰРМАНҒАЗЫ «АЛАТАУ»

Алатау, деймін,

Алатау деймін...

Не түсіндің бұ дүниеде – ұлы болып, Алатау,

Не тындырдың мына әлемде – шыңы болып, Алатау.

Шыңы болсаң – жанды да ұқпай шығандаған
шығарсың.

Ұлы болсаң – жанғырықпай тұра алмаған шығарсың,

Мұнар басқан қар шындарың – тыйылғаның болды ма,
сол мұнардан аршылғаның – жымиганың болды ма,

Тыйыла алсан, неге адымдап жүре алмайсың, Алатау,
жымия алсан, неге ағындал құле алмайсың, Алатау.

Аталы ер, сен! түйік қарап сонша күні төменге,

Жата берсең ұйып қалар қаншама ұлы денең де.

Сүгіреттей сұлулықтың киіп алып атағын,

Қыбыр етпей қыныр шындар әлі қанша жатады?!

Сені демеп «бата беріп» қанша түн мен күн кетті,

Неге керек жата беріп ұлылықты міндет қып!

Салып қалсаң – өз бетің жоқ – тасқа тидім
нән шындар,

Жанғырықтан өзге түк жоқ, босқа түрган жансындар.

**Тербетейік көгіс тасты –
Тартыс керек, жел керек,
кел, кетейік, қол ұстасып,
кетейікші кезбе боп!..**

**Алатау, деймін,
Алатау, деймін...**

* * *

Құрманғазының «Алатауы» басқа күйлерінен мұлде өзгеше сөйлейтін, өзгеше салмақ пен толғаныс тұнған күй. «Сарыарқа» немесе, «Адай» сияқты ат жалы – тізгін ұшында ширығып, кен даланы шаңға бөктірген айқас-тартыс емес. Соншама мұңлы, соншама сабырлы, бүкіл ғалам қасіретін өз үстіне төңкергендей толқынды күй. Бұл – оған зер салған тұста күй тыңдайтын дағдысы бар әр қазақтың көніліне тұратын әсер әрі сол түйсіктің тілсіз түйіні. Ал мынау өлең сол түйсікті сөзге көшіріп, нақтылай түседі.

Жұмекен осы күйді өлеңмен ойлағанда – ондағы мұңды, қасіретті, үмітті, арманды, өкінішті, қайғыны күй тілінен сөз тіліне аударғанда өзі де күйшімен әлде, «Алатаумен» теңесіп отырады. Өзі деймін-ау, Құрманғазыны – күй тартқан кісіні Алатаумен тең биiktікте көреді.

**«Не түсіндің бұғ дүниеде – ұлы болып, Алатау,
Не тындырдың мына әлемде – шыңы болып, Алатау.
Шыңы болсаң – жанды да ұқпай шығандаған
шығарсың.
Ұлы болсаң – жаңғырықпай тұра алмаған шығарсың».**

Бұл – күйшінің Алатаумен диалогі. Алатаумен сырласу, серттесу сияқты сезім.

**«Мұнар басқан қар шыңдарың – тыйылғаның болды ма,
сол мұнардан аршылғаның – жымиганың болды ма,
Тыйыла алсаң, неге адымдап жүре алмайсың, Алатау,
жымия алсаң, неге ағындал құле алмайсың, Алатау».**

Осы жерде күйші таумен емес, тағдырмен, тау кейіпті құбылыспен сөйлеседі.

Енді сіз күй сөйлеткен өленді қоя тұрып, күй үніне қайтып бір құлақ салыңыз:

Алатауды орнынан тұрғызарға құлшынады. Шөгіп қалған абызын «адымдап жүрсе, арындал күлсө» еken деп, толқыта тартқылаған шарасыз кісі көзге елестейді. Тау орынында әлде тау кейіпті ұлы аңсары, әлде халық, ұлт, ел ұғымы ауысып тұрғандай.

**«Аталы ер, сен! тұйық қарап сонша күні төменге,
Жата берсөң ұйып қалар қаншама ұлы денең де.**

...

Сені демеп бата беріп, қанша күн мен тұн өтті...».

Біз дұп-дұрыс түсініппіз. «Аталы ер сен, жата берсөң» деп, басы үйқаспен бастаған жолдарда «Қанша ұлы болсан да, жата берсөң ұйып қаласың, Аталы ер, сен! қанша күн мен тұн өтті» деп, күй күніренеді. Күй мұраты тау көтермек – бір сикыр рухпен Алатауды жетектеп кең далаға алып кететуге тапынады. Алатау оянатын секілді: «Алатау деймін, Алатау деймін!».

Жүмекеннің де ой-сана, ұлттық ұстаным жағынан кемеліне келген шағы осы жылдар. Біз осы жобаның ең бірінші мақаласында ақынның жас шағында жазған «Алматысында»:

«Айдалада ақбоз мінген Алатау бір ақ батыр,

Айналада тал-қайындар, тал қайындар сапта тұр», –

деп көркем, желпінген өлең жазатын көнілді ақынды көргенбіз.

Ендігі бұл тұста тау мұнын, таудай ауыр мақсұтты өзінің көкейіне көшірген, өзі де, сөзі де тендессіз салмақ алған кезі. Таудай мұн, таудай мұрат деген не? Ол – ұлт бодандығының мұны, бостандығының мұраты.

Жұмекен біршама өлеңінде Алатау аты аталады. Жастық шақта – тау көрініс, көркем биіктік әсері болса, «Алатау» күйіне арнаған өлеңнен бастап ол – ішкі дүниесіндегі мақсұт бийгіне айналады. Алатау туралы «Тепе-тен» өлеңінде былай деп келеді:

**«Ей, Алатау, саған бұл
не болды жер бауырлап?
Бұлты қонып ғаламның
жатырмысын ауырлап?!
Сұрқың сынық бір түрлі,
құлдей сұрғылт қар түсі.
Ауырласаң, бұлтыңның
маған-ақ арт жартысын.
Көрмейінші мен сені
көнілсіз бұл кейіпте.
Не басса да еңсені –
бөліп көтерейік те».**

Бұл – Жұмекеннің соңғы өлеңдерінің бірі. Дәл осы өлеңінде Жұмекен Алатауды түсініп, оның мұнын бөлісе көтергісі келеді. Уақыттың бұлты басып, шөгіп бара жатқан Алатауға қатарласып, оған түскен салмаққа арқаны тосқан шағы. Жұмекеннің көніліндегі біз аңғарған Алатау – оның халқы,

Отаны, оның арман-мұраты деп айтқанымыздай, бұл өлең – соның еңсесін көтеру үшін, оны орынынан тұрғызу, арындастып күлдіріп, адымдатып жүргізу үшін қолымнан не келеді деп жан ұшыра соқкан жүрек соққысы. Айтпақшы, Жұмекеннің өз шығармашылығы мен өз өлеңдерінде рухқа, биік ой мен шек жоқ шеберлікке қанағат еткен кезі осы уақыт. Әйтпесе, өзін Алатаумен қоса суреттеген өлеңін «Тепе-тен» деп атамас еді.

Құрманғазы жасаған уақыт ол – қарсыласу заманы. «Алатауында» Құрманғазы күйі таумен сырласса, таудай халқымен мұндассаса, қозғалуға шақырса ол күйшінің жасаған дәүіріне жарасып тұр. Домбыра дауысында қалған сол сөзді жүз жылдан соң – ұлттың жаны жасып, шалғыны жапырылған уақытта тек Жұмекен ғана жалғады. «Алатау» да, «Тепе-тен» де дәл солай. Құрманғазы күйлерінің шабыты мен айттар ойын ақын өз жүрегінен іздейді:

«Азулы үн андағанның қаусатты ішін,
шанышып кеп сезді жүрек саусақ күшін.
кірсе егер құлағына,
күй әлемін
не жек көр, не бір затты аңсан түсін».

Ақын «Адай» күйіне арнаған сұрапыл өлеңін осылай аяқтайды. Ендеше, мынау тау толқытқан күй – мұндық домбыра дауысы да жұмекен жүректің шерін шайқағаны анық.

Алатау деймін!

Алатау деймін!

КІРПІКТІ ТӨМЕНДЕТ, СӘЛ ҚЫЗАР ЖЕТЕДІ...

ҚҰРМАНҒАЗЫ «БАЛҚАЙМАҚ»

Өкпеле, не тілде,
болады жан қылыш.
Күрен шай бетінде
балқаймақ қалқиды.

Жас болса қонағын,
болса өзі өнерлі,
ұмытпа, қарағым,
қыз болу дегенді.

Әуелі шай ұсын,
құя алсаң – жетеді,
Сөз таптай майысып,
ұялсан – жетеді.

Кірпікті төмендет,
Сәл қызар – жетеді;
дәл осың өлең боп
күйдіріп кетеді.

Сал шайды күп-күрен, –
Жантайса қонағың.

**Ал ондай «мықтымен»
Сағырақ бол әрі.**

**Қолың аз именіп,
қүй әлгі...
кесені.
Бәрі де күй болып
туады деседі.**

**Ойдың да тосыны-ай,
содан соң... білсін кім.
Осылай, осылай
Өзін бір күрсіндір –**

**жаман ба, сыр бүгіп
кетсе ішке от жанар.
Тым құрса бір жігіт
мұнайып аттанар.**

**Өкпеле, не тілде,
бар дейді жан қылыш.
Күрен шай бетінде
балқаймақ қалқиды.**

**Жас екен қонағың,
ал өзі өнерлі.
Ұмытпа, қарағым,
қыз болу дегенді...**

* * *

Бетінде қаймақ қалқыған күп-күрең шай исі кеңсірігінді жарып, ып-ыстық кесе ернің тиеді. Ернің енді тимей тұрганы жұқа жүзіне қан жүгіріп, сәл ұялып қымсынған қыздың беті. Оның ыстық лебі, жұқа-жұмсақ күй үніне жүктелген демі.

Сіздегі әсер әлде күй, әлде өлең... Құрмангазының «Балқаймак» күйін тыңдалап отырған ақын түйсігі осылай түйеді.

«Бұғін дүниежүзі әдебиетінде үлкен үрдіске, жастар арасында модалық ағымға айналған біздегі постмодернизмнің бір басы Жұмекенде.

Сөз бен музыка, нәзік лирика мен аңызы ирония, сюрреализм мен философия, психологизм мен драматизм оның поэзиясын көп өрімді дырау қамшыдай синкретті өнер деңгейіне жеткізген.

Өнердегі синкретизмнің басты теоретиктері Спенсер, Шерер сияқты философтар, Веселовский, Марр сияқты академиктер Жұмекен өлеңдерін көрсө жерден жеті қоян тапқандай қуанары хақ».

Жұмекенді терен талдаған бір ауқымды мақала осы – Ұлықбек Есдәuletке тән. Біз бұл мақаладан сөзімізге дәйек үшін үзінді алдық.

Сөз – Жұмекен жырдағы постмодерн туралы ғой. Егер әдебиеттің, оның ішінде өлеңнің модерні – адамның ішкі сана ағынындағы болмысты жазу болса, онда Жұмекен санадан да арман түйсіну әлемінің түбінде – күй үнінде жатқан толқу жиіліктерін сезеді; соны сөзбен ұстайды және одан осыншама өлең шалқытады. Ендеше, «Күй кітабына» сипат бергенде постмодернизмнен гөрі бұлышырыр, бұдан гөрі теренірек әдеби ағым туралы

айту керек сияқты. Сіз осы кітаптағы «Қызылқайын» күйі туралы өлеңге қараңызшы,

«Қимыл кірді бар алапқа,
Көз үйренді әрен бұған.
Қоленкелер – қара қатпа
Жүгіреді қараң-құраң.

Содан кейін... тынды тағы –
Қоленкелер қалды қатып.
Қозғалды тек бір бұта, әне,
Жапырағын сымдыратып.

Тек сол қайын изеп басын,
Түсінгендей түн сырына –
Түрмелердің бір қақпасын
Ашып кетті күйші мына.

Тағы тыныш, тағы айнала
Үнсіз күйін тартады үдең.
Шығыстағы арай ғана
Бір үмітке артады иек.

Дәл осы сәт жырланады,
Жырлаған жан ұтады да...
Қызылқайын бір қарады
Ауырлаған бұтағына...»

Жұлдызды тұн, қашқын, қараңдаған көленкे, жапырақ сыйбырымен жан дүниеде жана туып келе жатқан күй иірімдері, күй салмағымен майысқан бұтақ.

Оған қоса жүз жылға шегініп барып: «Дәл осы сәт жырланаңды, жырлаған жан ұтады да» деп, өз сұлбасын қоса қызықтап тұрған ақын. Бұл жаңағы постмодернің төрт қат түбінен тартады – терең түкпірде үн, содан кейін сана, тағы бір қатпар түн, табиғат, ал біздің қолымыз қармайтын тұс ол – қаймақ қалқыған күрен шай сияқты өлең қабаты.

Айтпақшы біз «Балқаймақты» талдайық дегенбіз. Осы өлең-дегі ұлттық бояуға қараныз, оны оқып отырып қазактың шай құю салтын, қазақ қызының сипатын, мінезін, бар болмысын тамашалап өтеміз – бірде күйдің көзімен, бірде өлеңнің сөзімен қараймыз.

Құрманғазы күйлерінен тек азап пен айқас қана емес, адамдық өмірдің биік сезімдері мен махаббатына құрылған тұстарын да жиі көресін. Біз «балқаймақ қатқан шәйға әлі қанған жоқпыз». Құрманғазыға – оның күйлеріне жүз жылдан соң өлең қосқан Жұмекен жаңағы «Балқаймақ» күй өлеңіне лирикалық әсердің әшекейін әдемі қадайды.

Өлең әдетте сирек кезігетін алты буынды жолдардан тұрады: шып-шымыр қисын, жұп-жұмыр үйқас. Ұлт өмірінің бір үзігі: қазақ қызының қаймыққан, иілген, ұлбіреген қымыл-құбылысы сиқыр күй мен сұлу өлең жарысының ортасында көзге ілігеді.

Жұмекеннің бір өлеңінде:

«Ей, күйші дос!

Сенің еркің – шертем десен өзің біл,
Менің еркім қалай ұғам: қайғырам, не серпілем...», –
дейтіні бар.

Айтса да, Құрманғазы күйін тындаған Жұмекен күй түсінуді өзінің санасында жылт еткен сәулеге бағыттайты. Мұндай көркем лирикалық күйлер Құрманғазыда, Дәулеткерейде, Динада, кейінгі күйшілерде де жеткілікті.

Сондай көркем күйдің бірі – Дәулеткерейдің «Женгем сүйері».

**«Үлгі болса-ау өнге бір,
тағы мені жүр сынап:
жұрт көзінше женгені
ұялтпап ем шымшылап.**

**Тыңдамадым мен оны,
Сыйламадым сөзін шын.
Ұялғаны әдемі,
Ұялтпаймын сол үшін.**

**Жылыштың адамға
Жарасарын ұққалы.
Әдемірек одан да
бие саяу шыққаны».**

Бұл – «Женгем сүйер» күйінің тілі. Жұмекен ақын ұққан тіл. Күйді тыңдал отырған ақынның сезімі, тебіренісі. Қазақ қызының «Балқаймақ» күйіндегі әдеп-ибасымен қоса бұл өлеңде қазақ әйелінің болмысын көрсетеді. Осы сияқты Динаның «Әсем қонырында» да үлкен көңілмен, махаббатпен, сүйіспеншілікпен тебіреніп отыратын өлеңге тап боламыз.

Динаның «Бұлбұлды» жайлы аңыз басқа да, Жұмекен өлеңіндеңі сезіну мүлде басқа. Жұмекен ол аңызды білді-ау, бірақ келіспеді, «Бұлбұлды» өзінше тыңдал, өз түйсінуін көрсетті. «Бұлбұл» күйіндегі шырқап тұрған құйттай құс.

Дәл осы ақын тіркестерін кейінрек Иранғайып ақын Роза Рымбаеваға арнаған өлеңінде пайдаланғанын байқадық.

**Маған десен бір күнде – сан масайра, қайрат тап,
қалам десен бұлбұл боп – сайра, сайра, сайрап бак.
Ұғынбасаң, титтей құс,
бар бақытың – көмейде,
Тілімді алсаң сөйт, байғұс,
Көмей сені демейді.**

Кейде Жұмекен ақынның өлең бағынан әркім үзіп алып, бір-
бір гүлден меншіктеніп әкетіп жатқан сияқты сезімдер де бола-
ды бізде.

Ал «Саржайлау» күйіндегі Жұмекен сезімдері тым әріге ке-
теді, сонау Тәттімбет заманындағы дала тұрмысының ең қара-
пайым, ең ежелгі этнографиялық бояу-ұлгілерін қолдана оты-
рып, сонша ескі картина салып өтеді.

ЖАЗҒЫ ЖАЙЛАУ

**Ағаштардың бойын жұлқып тебіскен,
Білеу-білеу тамырлармен қан тарап;
Жабайы өскен көкшілдеу бір жемістен,
Әже барып алып келді нән табақ.**

**Бәрі де үқсас «Сары жайлаудың» сазына,
Аппақ-аппақ гүлге толы түкпір-түп.
Қайыс белді жібісін деп азырақ
Шаруақор жоқ кеткендейін сүт бүркіп.**

**Қысырақтар сүйіседі шыңғырып,
Қазығынан айналады қай құлын.
Жігіт үшін – қыз жанары тұр күліп,
Кемпір үшін – құтылмайтын қайғы бұл.**

* * *

**Қышқыл жусан;
бауырсақтың дәмді исі –
балалардың жадыраған қабағы.
Жарлы байғұс,
Мұрыныңмен қаңғисың,
ауызыңа түсетіні – шамалы.**

**Кешір, достар!
Ескі сурет осылай,
(ал күй деген жаңаған да жоқ әлі).
Көркем десең көне орныңды шошымай
«Сары жайлауды» бір тыңдасан болады.**

Жұмекеннің ойынша: күй туғанда осындағы ескі сурет әсер еткен көрінеді. Күй ескі – өлеңдегі сурет те ескі. Күй жаңағармаса, сурет те жаңағармаса керек сияқты.

* * *

**Күзгі жайлау
Қайыңның шашы сиреп...
күз боп қапты,
тырна келіп аспанға тізбек тақты.
Жалғыз уыс көк шөпті кәрі саулық
қалың ағаш түбінен іздең тапты.**

**Жүдеулікті уақыттың белгісі ғып
Жарлы бала сұыққа тоңды үсігіп.**

**Мұңаяды қайындар,
қайтеді енді
төбе-шашын берген соң желге ұшырып.**

* * *

**Көне сурет – күй сазы!
Таста!
Болар!
Жо-жоқ, бәрі бір кезгі бастамалар.
Сен де самай сиресе – өкпелеме,
әдеті ғой мезгілдің шаштан алар.**

Бұл күйлерден ақын шынымен де этно-архо, ескі жәдігерге тән сурет көреді және оны бояумен емес, сөзбен кескіндейді.

Жалпы «Күй кітабында» – Құрмангазыға арнаған біраз өлеңдер топтауынан лирикалық поэма түзіледі. Паганиниге де солай ол да лирикалық, желілік поэма. Соның бәрі осы кітаптағы жетпістен астам өлеңнен тұрады. Бұл шынымен де өлең әлемінде өзге ешкімде жоқ жалғыз кітап. Аналогы жоқ жәүхар.

Біз келесі кезекте керек кезде «әнұран» орнында тартылған –
КҮЙ ҰРАН «САРЫАРҚАҒА» соғамыз.



«ДАУЫЛ, ДАУЫЛ... КҮРКІРЕТТІ»

Дауыл, дауыл! Құркіретті,
Ойдан қырға шаң шұбады.
Тозған бұлтты жыртып өтті
Найзағайдың қамшылары.

Атылады ақтандақ ат,
Ер адасса – қияда жол.
Жүрген жоқ ер мақтан қалап,
Мақтанбауға ұялады ол.
Мынау жалпақ Нарын құмы
Артты ақынға нардай арман.
Көп шақырды сағым мұны,
Жоқ қой бірақ алдай алған?!
Ер басына төнді бір бұлт,
Дауыл, ішін тартса да ұлып.
Жұтам дейді елді қылғып
«Екі басты қарт самұрық...»
Батыр өзін кінәлаған,
Сол кінәсін көтерді кек.
«Бұл табиғат мына маған
Берген екен бекер жүрек!
Қыран екем, қарға алдында
Жасыта алман жан қуатын.

...Жәнгір сын-ды хандардың да
Келді-ау кезі қаңғыратын!»

Көтерілді қанды желік,
Биле, саусақ, бас пернені.
Дүбір-дүбір... қалды келіп
Қарауылдың әскерлері.
Оян, батыр, жаның қайда,
Жатыр жауың қырқа астында.
Ұсап кетті қалың наиза
Көкбуырыл бір тасқынға.
Жұдырыктай түйілді ауыл,
Түйілді кек шемен болып.
Көтерілді құйын-дауыл,
Көтерілді ел өлең болып.
Аттанды өзі кек пен ыза,
Неге керек «аттандамак»,
Шыға берді көптен ұзап
Манағы бір ақтандақ ат.
Жар мен ордан жасқанбады ол,
Әпере ме ерге кегін?
Жерді емес, басқандай ол
Домбыраның пернелерін...
Сарнады-ай кеп дала сонда,
Құм да оянып аунады ақыр,
Қызды наиза алақанда.
Ер тіл қатты жауға батыл:
«Қайт, қайт, қайт, қайт!»

**Дауыл, дауыл!... Ағала шаң...
Жалба-жұлба көрінді иық.
Қолдар жүрді жағада сан.
Ел тіл қатты кегін жиып:
«Қайт, қайт, қайт, қайт!».**

* * *

Біз күй тыңдал отырмыз. Санамызда – «Сарыарқа» сарыны. Мың аттылы жарысқан дүбір, көтерілген шаң, самсаған найза... «Көтерілген шаң, самсаған найза деймін-ау», осы көріністің бәрі де Жұмекен санасында құбылған қымыл – оқиға. Жұмекен күй тыңдал отыр, ал рухы әлде қайда дауылды, дүбірлі көтеріліске араласып кеткен сықылды.

**Мынау жалпақ Нарын құмы
Артты ақынға нардай арман.
Көп шақырды сағым мұны,
Жоқ қой бірақ алдай алған?!**

Осындағы «Ақын» күй тыңдал, сол қүйдің дүбірімен, рухымен, сарынымен жүз жылға шегініс жасап кеткен Жұмекеннің өзі сияқты. Естерінізде болса, «Сарыжайлау» күйін тыңдағанда ақын «Күй ескі, ендеше ондағы көрініс те ескі» деген идеяны ойға салатын. Ақынның «Сарыарқа» күйін тыңдал отырғандағы көрінісі де сол есте қалған ескі заман. Ақын отарлауға, жаулауға қарсылық заманының түү басына дейін шегінеді. Сөйтіп, от оранған ойларын ашық айтады:

**Ер басына төнді бір бұлт,
Дауыл, ішін тартса да ұлып.
Жұтам дейді елді қылғып
«Екі басты қарт самұрық...»**

«Екі басты қарт самұрық» қай елдің таңбасы екенін жақсы білеміз. Бізге «жұтам деп» – қай кезде келгенін де. Сол заман-нан-ақ халық қанын шашып қарсы тұрған. Құрманғазылар күймен, Махамбет сынды ақындар жырмен жүртyn ерлікке – өрлікке шақырып, елінің есесін қорғап, еңесін көтерген. Осынау күй өлеңдегі ақын шабытын бірде Құрманғазы күйінін, бірде Махамбет жырының жалыны шарпиды.

**Батыр өзін кінәлаған,
Сол кінәсін көтерді кек.
«Бұл табиғат мына маған
Берген екен бекер жүрек!
Қыран екем, қарға алдында
Жасыта алман жан қуатын.
...Жәнгір сын-ды хандардың да
Келді-ау кезі қаңғыратын!»**

Исатай – Махамбеттен басталатын көтерілістер қазақ дала-сының әр тұсынан шаң беріп тұрған кез. Ал осы тұста халықтың қабылдау мүмкіндігіне қарай жазба дүниелердің насиҳатынан гөрі күйдің таралуы кең еді. Оны жалғап, іліп әкетіп тартатын күйші де көп болатын.

Ал «Сарыарқа» – сол замандағы көтерілістердің, қарсылықтардың әнұраны сияқты. Күй екпіні қазір де қанынды қыздыра-ды ғой. Біз «Сарыарқа» күй өлеңдегі мына жолдарға үнілдік:

**Жар мен ордан жасқанбады ол,
Әпере ме ерге кегін?
Жерді емес, басқандай ол
Домбыраның пернелерін...
Сарнады-ай кеп дала сонда,**

**Құм да оянып аунады ақыр,
Қызды найза алақанда.
Ер тіл қатты жауға батыл:
«Қайт, қайт, қайт, қайт!»**

Өлең сұлулығы – тенеулер, найза қыздырған алақан, аунап түскен Нарын құмы – осының бәрі күй үні мен өлең сөзіндегі домбыраның екі ішегін бойлап жарысып барады. «Қайт, қайт, қайт, қайт» деген өктем үн өлеңнен гөрі күй дауысында жаңғырығып, жар салып тұр.

**Дауыл, дауыл!.. Ағала шаң...
Жалба-жұлба көрінді иық.
Қолдар жүрді жағада сан.
Ел тіл қатты кегін жиып:
«Қайт, қайт, қайт, қайт!»**

Біз мұның «Сарыарқа» сарынымен келіп тұрған рух екенін сезінеміз. Күйші бұл сарынымен Нарын құмының жұрты гана емес, күллі қазақ рухын көтеретін күй ұран ғой бұл. Бұл – отаршыға есесі кеткен елдің еңсесін еңкейтпеске тіреу болған күй, сүйеу болған күйлер. Ақын соны қалтқысыз түйсінеді, қапысыз жазады.

**Тастар еді көгендең
Құрекендей ерлерді.
Қор етпейін деген жоқ,
қорқыта алмай қор болды.
Белең-бидің,
бай таптың
иттері де «санлақ» боп,
шапқанымен айтакқа,
батып тістей алмапты.**

**Қызырыпты қорлықтан,
елім, сенің кегіннен;
от болыпты ол,
сондықтан
ұстапты тек темірмен.**

Осы кітапта күйдің – халықты күймен көтерген Құрманғазының отаршы үшін қандай қауіпті «жай» болғаны көрініп тұр. Оның құралы – домбыра, дауысы күй.

Жұмекен ойларына тән тағы бір ерекшелік – әлемдегі ұлттар арасындағы теңсіздікті өртене жырлауы. Сол арқылы өз заманының сипатын ойға түсіру, оны бейғам жүрттың есіне салу. Осы «Күй кітабындағы» «Салыстыру» деген жырында Паганиниге «мұн шаққан» өлеңді оқыңыз:

**Нені айта алсам – сенің кінәң емес қой,
нені айтпасам – менің кінәм емес қой –
сен түсіріп жатқан кезде скрипкаға күйді бір,
батыр Сейтек отыр еді қамауда.**

**Қонақ үйден орын таңдап сен жүргенде,
үйді бұл**

Жау тұтқілеп, – түсіп еді талауға,

**Сенің жарың алтын алқа таққанынша күлдіріп,
Әуес-шешей тезек терді бір қауым.**

**Сен әлемді таңдантқанда – Құрманғазы «бүлдіріп»,
киіп еді Спартактың бұғауын.**

**Сен тұрғанда кештіғұрым ақ балконға сүйеніп,
түсіне еніп сары бөз бен кенеп көп
бабам менің бүтін үйге кіре алмады,
түйе жүн**

Шекпенінен ұялғаннан емес тек.

**Сен отырдың Амадидың – 1 скрипкасын жаратпай,
Махамбет те тумайтүғын ер тіпті, –
домбыра жоқ – қой шетінде отырғанда таң атпай,
көршілердің көсөуін ап шертіпті.
Мұның бәрі сенің бағың емес қой?**

Сонда осы... Менің сорым да еместей...

Шынымен де бұл кімнің кінәсі?!

Шона Смаханұлы: «Жұмекенді түсінбейтінімізге себеп – ол сияқты терең ойлай алмайтынымыз, жанды тігіп сөйлей алмайтынымыз» деп айттыбы.

Міне, көрдіңіз бе?! Жұмекеннің оқылмауына, кезінде қабылданбауына не себеп болып тұрғанын. Азаттықта ұмтылмаған, бостандықта талпынбаған – отарлық бұғауын сезінбеген адамдар ақын жанын түсінбесі анық... Динаның «1916 жыл» күйіне арналған өлеңді оқыңыз. Осы ойлардың жетегінде кетесіз. Өлең атаулы онсыз да музикалы құбылыс. Ол – әуелде әуенмен егіз болатын. Ал Жұмекенге келсек, ондағы өлең сөз сипатында жыр сұлулығы сол әуелдегі сыңарын – сыңғырын тапқан.

«Күйшінің кейбір сәттері» деген өлеңінде күй аңсаған көніл үздігеді.

**«Ес, ес, самал тым құрса, жас бұталар, қақтығыс.
жерден қазсан да, Алатау, селт еткізе тап дыбыс...**

Өлеңді толық оқыңыз. Тамаша сезіммен тамсанып отырасыз.

«Ақсақ құлан» өлеңін біз поэма деп қабылдаймыз. себебі: біз оған біраз жыл кейінде жазылған бір тарауын қосып оқып журміз.

Өлендегі аңыз – Жошыхан заманына тән. Ал ақын өз заманын жазады. Біз ше? біз бүгінгі уақытты көріп отырмыз:

«Күйшіні аяп көметіндер табылар

Халыққа не?

шаруасы бар, бағы бар.

Аузызы бар «мен емес» деп арылар.

Хан анық

Қуат сезді және бір

жатып қалған қамалып.

сол қуаттан қорықты ол

қорқу да

білігі бар адам үшін даналық («Расында күй ме ханды жібіткен»).

Сөз сұлулығы онсыз да сыңғырап тұр. Оны айтып уақыт алмайық. Ал ондағы ойды дәл бүгінгі қоғаммен байланыстыра барлау сіздің еркінізде. Бізден өтініш ұлтын – отанын жырлап мәңгілік өлең-сөз, ой-толғамдар қалдырған қайсар ақынды біліп, оның мұрат, мақсұттарын үйренініз. Баламасы жоқ бірегей гаяхар – «Күй кітаби» туралы жазуымызды – осы бөлімді қазірше тәмамдаймыз. Ал сізге қарасөзben Жұмекеннің өзі жазған «Абыл» күйіне арналған шығармасын оқуды ұсынамыз.

Қазірше Әбіш Кекілбайдың ақын туралы сөздерінен үзіндіні ұсындық.

«Ақиқат орасан болса, оны әркім-ақ көрер еді. Жоқ, ол тонналад табылатын қара көмір емес, граммдал сұрыпта-лаған уран. Мысқалдан жиналатын асыл. Түйірлеп дәмін тататын миуа. Жұмекен сол мысқалдан жиналатын ақиқат-тан күллі адами тіршіліктің қыр-сырын түгел ашатын кең қарымды панorama – өзінің «Адамзаттық панорамасын», дұрысы өзінің «Адамнамасын» сомдал ұлгерген ақын. Миниатюралардан жымдастырған монумент сомдаған сирек

мұсінші. Бәлкім, біздегі бар шығармасын біреуін алып тастасаң, бәрі ыдырап қалатындаи, лиркалық інжулер тізбегін біртұтас шедеврге айналдырып кете алған бірден-бір суреткер. Қолына домбыра ұстаған Жұмекеннің поэзия мен музыканы шебер тоғыстыра алғанынан әркім-ақ хабардар. «Күй кітабын» оқыған әр адам мұның шындық екеніне көз жеткізе алады. Бүкіл ұш томдықты толық оқыған адам Жұмекен музикализмінің ол жазған өлеңдердің тақырыптары мен әр шумағының әвфониялық байлығымен шектелмейтінін бірден таныр еді. Оның поэтикалық шығармашылық түрлері музикалық шығармашылық түрлерімен әуен-дес. «Балаусадағы» Моцартқа тән рондолық, одан кейінгі біраз кітаптардағы Шопен мен Шубертке тән сонаталық, кейінгі кітаптардағы Бетховенге тән қаһармандық, драматизмге толы симфониялық, тіптен кейінгі кітаптарындағы Вагнерге тән сұрапыл дисгармониялық және диссонанстық рок-симфонияға лайық пішімдерге ұласады».



V БӨЛІМ

**ТАЛАНТ
ТУРАЛЫ**



АБАЙ ЖЫРДЫ ҚҰРМЕТТЕП

Бір сенімі бар еді маған да елдің,
«Ұлгайды арман»,
мен-дағы алаң болдым.
Ымыртта ымырт құсан қонырайып,
өзімді іздең шығып ем – саған келдім.

Кетті дейді жыр оңбай... құрсын бәрі,
сыншылар жүр том жазып, ырсыл қағып...
Жүз мода өзгерді ғой, мың бір заман,
түйе жүн күпі киіп тұрсың ба әлі?!

Қара шал-ай, қарашы мойын бұрып:
жырды алдым шау тарттырып, қойылдырып.
Басқа баар жерім жок, саған келем
қалғанда сөзім жүдеп, ойым құрып.

**Таппаған соң өлеңмен жүрек емін,
бір-ақ сілтеп қолымды жүрер едім:
туатұғын сыйқылды бүгін-ертең
мраморға жазылар бір өлеңім.**

**Қажып келдім қасына қалғыншы,
не қарғыс, не бата айтшы... ал құйылшы.
Сен маған туған жерім сияқтысың,
аңсағанда келетін шалдың иісін...**

* * *

Біз екі өзеннің қосылған жерінде – қос дарияның құйғанында тұрғандай әсердеміз. Оның бірі бастауын аргы жүз жылдан алатын абай арнасы болса, екіншісі жарты гасыр бұрын жар соғып, жағасын шайған жұмекен дария. Мынау бес-ақ шұмақ өлеңді – өн бойына тараған ақын көнілді қайталап оқыык. Кешкүрим өзін іздең шыққан ақынның тылсым түйсігі оны Абай ескерткішіне – абайға – абай әлеміне бастап келеді. Сүйи-лып кеткен өлең дүниесін «тарттырып, қойылдырып» алған Жұмекен, жүрттың өзіне деген сеніміне аса биік борыштылықпен қарайтын Жұмекен, Абай құсап «қайғы ойлап арманы ұлғайған» Жұмекен Абаймен сырласады. Қазірде ымыртта өзін, әлде сөзін жоғалтып, қоңырайып соны іздең шыққан беті болатын. Қым-құыт қаланың ортасында ақын елесі кетіп бара жатқан сияқты. Өз көнілінің ізін шалған жол оны Абайға бастап келеді. Өз ізін, өз шабыттының ізін, өзінің өлең түйсігінің сұлбасына ілесіп алға жүрген Жұмекен Абайдың алдыда тұр.

Жұмекен бір шама өлеңінде абай туралы сөз қозғайды. Өлең жазып отырып, шабыттанып отырып Абайға жиі жүгінеді. Бұл

өлеңде де бәріміз көргендей Алматының төрінде тұрған алып ескерткіш. Қарайған қола мұсіннің алдында карғадай боп қалқып Жұмекен тұр.

Дүние мың құбылып, жұз өзгерсе де өзгермейтін, баяғы түйе жүн күпісімен тұрған Абай... Ал Жұмекен өзінің ең биік өлеңдерін әлі жаза қоймаған сияқты, оны бүгін-ертең жазатын-дай құлшынады. Мраморға жазатын өлеңдері қазір туып қала-тындай. Бойында үлкен шабыт пен құлшыныс жүр. Расында, Жұмекен сол уақыттарда әрбірін мраморға жазуға тұратындей жүздеген өлең сілтеген кезі. Қазірде Жұмекеннің кез келген өлеңінен екі жолды, төрт жолды ойып алып мраморға қысыл-май қашайсың.

«Абайдың ескерткіші туған жерім сияқты» дегенді кім айта алды? Осындағы максималды сезіммен, таусыла тебіреніп, сар-қыла сөйлей алған тағы кім бар? Таусыла айту, түбін түсіріп айту, сарқа сөйлеу ол – сонша тебірене ойлаудан туады. Бұл де-геніңіз – теңдесі жоқ сезім, тау құлатар шабыт.

Алматыдағы Абай ескерткішіне барып сәлем бермеген ақын жоқ шығар. Бәрі де бір-бір өлең арнаған шығар. Біздің санамызыда Жұмекен арнаған өлең ғана жүр. «Сен маған туған жерім сияқтысын» дейтіні ғой... Туған жерден артық не болушы еді адам үшін? Туған жерге табаның тигенде оны жата қалып құ-шақтағың келетін кез болады. Жұмекен де Абай ескерткішіне барып шағынып, заманға, шабытқа, уақытқа кеткен есе есіне түсіп, таусылған сәті көрінеді. Ақын Абай ескерткішіне бұры-нырақ арнаған өлеңінде:

Қазналы жан алтынын төккен құлғе,
құл бол жанып кетіпті көппен бірге.
Қаранғы елде жарқырап туған өлең,
қара түнде маздаған отпен бірдей.

**Емен-дағы құласа – бетеге екен,
дара туған тұлған да өтеді екен.
Тек қана қарандығыда жанған оттың,
жарығы тым алысқа жетеді екен, –**

деп келеді.

Жұмекеннің Абайға жиі айналып соғатыны, Абайдың шығармашылығына деген көңіл-күйінің сонша тазалығы мен шабыттылығы оны Абай заманындағы оймен, мақсұтпен, арман мұратпен, көркемдік деңгеймен байланыстырып отырады. Бір шумактан тұратын мынадай өлеңі бар.

**Абайсыз кеткен талайды,
Талайсыз өткен сезінді
Аяймын;
Заманға қарап – Абайды,
Абайға қарап – өзімді
Аяймын.
Жұмекенсіз жұртты біз де аядық.**

Жұмекен жас шағында-ақ, Абайды тым терең қабылдағаны байқалады:

**Алатауың – Абай жазған өлеңдей,
жаратылған мықты болып «өлердей».
Қатып қапты тағдырына мас болып,
«құдайына» не жалынбай, не көнбей.**

Жалпы бұл жерде алуан мінезді, сан тақырыпты толғап, қаншама көріністерге, түйсіктерге, сезімдерге ілігіп, соган қармағын қаптырып туатын өлеңдерінің арасында Жұмекен Абайға жиі қайырылып отырады дедік. «Поэзия» деген жеті шумак өлеңінде поэзия бозінген секілді, әркім одан бір тамшы саумал

алып қалуға жүгіреді. Ақындықтан үміті бар әр пендे қауға алып қуады.

**Неше түрлі жалқау мен қырсау мінген,
Поэзия секілді бір саулы інген.
Ботасы өлген секілді ертеде оның,
Абай жатқан баурында кер төбенің.**

**Қасым жатқан шет жағын боз даланың,
Саулы інген-жыр кезеді боздап әлі.
Ботасы өлген батады Ана мұнға,
Ілиястың Құлагер заманында.**

Егер поэзия сұлу болса, мұнлық болса, қолға токтай қоймайтын үркек, секемшіл болса ақын теңеген аруанадай-ақ болар. Жырдың көркі тенеу. ақын тебіренісін шегіне жеткізетін де тендер ойлау.

Жұмекен сонау жас шағының өзінде жалындағы шыққанын айттық. Ол сол уақыттан бастап абай өлеңін өз сырласы көрген. «Өлең тұтіп, сөз есіп» деген өлеңін қараңыз;

«...
Абай-ай,
әй, тіпті
берген-ау берерін.
айтарын айтыпты.
алыпты керегін
...»

Абайға алғашқы өлеңін 1960 жылы арнаған ақын 1980 жылы да сол сезімнен жаңылмайды. «Бүгін» атты өлеңін былай аяқтайды:

«Бізде де осы аяқ – жолды анықтар
сіріненің жарығындай жарық бар.
сондықтан да көтереді қос қолдап,
ал біреуді жүлдyz дейді сасқанда.
жылт еткеннің бәрі жүлдyz амал не,
Абайы жоқ аспанға»

«Қара өлеңді» – поэзия туралы өлеңді тағы да Абайдан бастағанына қарап, сіз енді осы өлең жетегімен Абайға тың көзбен таңдана қарайсыз.

Өлеңіне қазақтың құпі кигізер едім,
құпісі бар өзінің – керегі не, керегі.
Өлеңіне қазақтың шекпен кигізер едім,
Шекпені де бар оның – керегі не, керегі.

Абай – жырды құрметтеп, ырза етейін дегенде
жаңа киім іздеген құллі әлемдік қолемде.
Фрак жапқан жырға асыл –
Жырласа сол жырласын:
Өзі киген құпіні – кигізген жоқ өлеңге.

Ойлар ашты басқа өнін,
Жырлар туды жас қөніл –
демек, кигізді өлеңге ол Европаның костюмін:
Пушкин, Байрон, Гетеңің өлеңінің өтін ап
құйған сын-ды ол:
Бір ерек құнар тапты топырақ.

Сондықтан да жырда Абай шындық ашты бір ұлы:
Қаламдардың сырлылы,

қанжарлардың шыңылы
араласты тасқын боп азап табы, мұң үні –
Уақыт туды осылай өлеңдерді ұлы-ұлы.

Ақын қаққан күпінің шаңы жатыр құзда әлі,
Әйтеуір, сол күпіден «шыққан жұртпыш» біз дағы.
Жаңалықтан жалтақтап,
Суық сезсе шекеміз,
Күпісіне Абайдың әлі сұнгіп, кетеміз.

Қара өлеңдер жасасын! –
салмақты, еркін, терең де өр,
Костюм киген ақындар,
күпі киген өлеңдер!
О, сырайы жаңашыл!
Жел өтінде дірілде –
Шекпен түгіл макентож ескіріп жүр бүгінде.

Киім – мода,
өлең-жыр мода емес қой,
дегенмен
киімнің де сән-көркі көрінген жөн өлеңнен.
Саптама етік кимейді қазір қазақ өлеңі,
Содан шығар, көп жыршы – жалаң аяқ келеді.

Менсінбей жұрт ескіні,
Жаңасына жете алмай,
Аралықта алпыс жыл өтті бақандай.

**Күпі киген ақынның
Костюмді ойы – тамаша,
Киіндірген Абай тек қара өлеңді жаңаша.**

**Қағып-сілкіп күпіні – шекпен алған сол ақын –
Шекпен киген кешегі Мұқағали болатын.
Тапқаны ғой әркімнің,
Соған ұқсас сый біздің:
өлеңіме өз басым өкшелі етік кигіздім.**

«Қара өлең» деген тақырыппен жазған осынау жырда өзі жасаған замандағы өлең өнері, оның салмағы, көркемдігі, ойы, мақсат-мұраттары туралы аз сөзben аса ауқымды ой толғаған. Ол – Абай өлең әлеміне берілген аса биік баға. «Абай ескерткішіне» деген өлеңінде Абайдың болмыс-бітіміне, рухына өз жүрегінен сипат беріп, ескерткішке жан салды десек; ал мына өлеңде оның – атай жырының әлемдік деңгейдегі көркемдік құбылысын айқындал түр.

**«Пушкин, Байрон, Гетеңің өлеңінің өтін ап
қүйған сын-ды ол:
Бір ерек құнар тапты топырақ», –**

дегенін қарандыз. Сөзден қалып, тамсанып отырған жағдай.

**«Абай – жырды құрметтеп, ырза етейін дегендеге,
жаңа киім іздеген құллі әлемдік қөлемде.
Фрак жапқан жырға асыл –
Жырласа сол жырласын:
Өзі киген күпіні – кигізген жоқ өлеңге».**

Абай шығармашылығы жайлы жаңаша сипаттау деңіз.

**Ойлар ашты басқа өнін,
Жырлар туды жас қөніл –
демек, кигізді өлеңге ол Европаның костюмін.**

Бұл өлең Мұқағалидың «Күпі киген қазақтың қара өлеңін, шекпен жауып өзіне қайтарамын» деген жолдарынан ұшқындалап, отқа – осынау отты, ойлы аса көркем жырға айналып Абайға арналғанын білеміз. **«Өлеңіме өз басым өкшелі етік кигіздім»** дей ме?

Біз екі дарияның құйғанында оның иірімдеріне қарап, тамашалап тұрмыз. Олар бұл жылды 175 жылдығы өтіп жатқан ұлы Абай мен 85 жылдығы тойланып жатқан өз уақытында қазақ жырын жаңаша жаңғыртқан Жұмекен ақын.

Жұмекен қазақ ақындарына санаулы өлеңдер арнады. Әрине, басын Махамбеттен бастайды, Абайға жалғасып келіп Қасымға құяды. Біз бүгін Абайға арнаған өлеңдерін қарастырып отырмыз. Ал оның Абайға арнаған өлеңдері шын поэзия мен көркемдікке арнаған өлеңдері жаңаша қадамдар болып саналады. Махамбет жырауға, батырға арнаған өлеңдері заманға, уақытқа, құреске, жыршының биік өр рухына бағышталады. Біз ол тұралы «Жаңғырық» поэмасына кейінрек тоқталамыз.

Абайдан соңғы Жұмекеннің жыр арнаған кісісі – Қасым Аманжолов. Біз ақынның оған арнаған өлеңіне бөлек мақала арнадық.



«АШЫҚ БОЯУ ӨРТЕНГЕН...»

Тұтап шығып сөзі ойдан, аһ дегенде пеш демі,
Жалын айдал шығатын Уа, ақ жалын, кеш мені,
Ұшқын ұшса жалыннан ойып түсіп бір түрлі,
бетіңе леп ұратын қағаз құйген сыйылды.
Әр жолының астына Қалың мағына қапты ұйып,
тeneулері сондықтан көрінеді баттиып.
Үтірлері тұлпардың ізі сын ды бір ұлы,
нүктелерінің өзі жұдырықтай жұмулы.
Тентек телі сөздерді айдал келіп қамарда,
жақшалары ұқсайды Тәнір соққан қамалға.
Сәл шытынса қабағын Шындарына қар түсіп,
Сәл жымиса Африка, Антарктида шарпысып
сықырлайды мұз болып, Әлемнің бір жартысы,
Мұзға қарсы жалын боп шарпысады жартысы...
О, космос ақыны! Ашық бояу өртенген,
бір жалт етіп құйрықты жұлдыз сынды ерте өлген,
Жоқ, өлген жоқ, ізі, әне Жосып жатыр саспаңдар,
Құдай тартқан секілді бір сзызықты ақ бормен
Қара тақта аспанға.
Өлеңді оқып отырып, Қасымның өзі жазған ба деп қаласын.
Өлең өртке тиген дауыл сынды өршітіп келіп соғады... Осы
өлеңнің өзінен Антарктида мен Африка, мұз бен от шарпысады.

Осы өлеңнің өзінде Қасымды ойлап отырған Жұмекен ақынның жүргегінде ашық бояу өртенеді. «Ашық бояу» қайталанбас тенеу. Жұмекен талғамына тән тың тіркес. өзі айтқандай «баттиып» түскен тенеу. Осы өлеңді оқып отырған кісінің бетіне «қағаз күйгендей» леп шалқиды, от қой бәрі шіркін!

Тентек, телі сөздер, Қасымның тентек, телі сөздері Жұмекеннің жүргегіне, көкірегінің үлкен аңғарына келіп қамалғанын байқайсың. Ақын кеудесінде тұлпар шауып бара жатады. Өлеңнің «үтірлері тұлпар ізі секілді». Ал шын мәнінде бұл – Жұмекеннің жүргегін көктей шауып өткен Қасым рухы.

Қасым жаңағы құйрықты жұлдыз сияқты ерте кетті, ерте кеткендіктен Жұмекен оған жолығып үлгермеді. Қасымның қара томдарын Қошалактың дуал мектебінде оқып, өлеңде – соққан дауылға, өлең өзегінде жанған оттай жүрекке, рухқа ғашық болып, жас Жұмекен Алматыға келген. Алматыға «Біздің міне Алматы осы, алма тәсі бұлтиып, алма төске жас бұтақтың саусақтары тұр тиіп» деп, «жер сарайын жаңғыртып» Жұмекен келгенде Алматыда Қасым жоқ – ол өзі жазғандай «көрпесін қырда қымтап» жатқан еді. Жұмекеннің еншісінде қырдағы Қасым топырағының қасына барып, оның рухымен сөйлесу ғана қалды.

**«Жау жолына атам сені,
Бомба бол да, жарыл, жүрек!» –**

деп жырлайтын, көкірегінде бомба жаратын жүрек шынымен де мезгілсіз жарылған.

Жұмекен «Киім ілгішінде» Қасымның шинелін суреттейді.

**Бекер, бекер атталды ма табалдырық бір елі, –
босағада киім ілгіш тұр еді:
бір қонақтың сұп-сұр болды реңі.**

**Соқпай қала жаздады
біреуінің жүрегі.
Үй иесі қарсылаған қалбандап,
бір әйелдің жүзіндегі күлкіні
тек сол ғана қалды андал.**

Жұмекеннің өз тәсілі – өлең жолдары ақын көніліндегі ша-
быт пен ұйқас ыргағына бағынып, әр келкі қайырылады. Жұрт
Қасымның өзі тұрмақ шинелінен де үркетін, киімінен де ыға-
тын. Бұл өзі желілі, құрлымы қызық, шағын баллада пошым-
ды өзгеше өлең. Өзініз оқыңыз.

Жұмекеннің өлең жазып отырып, «тәсіл таппай тығырыққа
тірелгенде» Қасымнан жол сұрайтыны бар.

**Менде де бар бір дақпырт,
обалы не, обалы:
будақ-будақ-будақ бұлт
Ой-шыңыма қонады –
Қабағым құр түйілген,
Нөсер қайда – жыр қайда:
сөз пышырап,
ұйқас та
көнбей отыр ыңғайға.
Келмеген іс ыңғайға
батады екен шымбайға.
Қасым аға, сен осы
Қайтушы едің мұндайда? –**

дейді («Будақ бұлт» деген өлеңінде). Бұл дегенініз әр дәүірде
жасаса да ақындық рухтың жақындығы; шабыттың туыстығы.

Сөз еттің-ау Пушкинді тағы маған,
өзге жүрттың дейсің ғой бәрі надан.
Талант күші – табыну болса шын-ақ,
бір кісідей мен де осы табына алам.
Құлегешке ұнаймын зар илесем,
қайғылының жаңына және үйлесем.
Бірақ Пушкин емеспім бәріңе аян,
Белинский емессің, әрине, сен.
Мезгілім аз қайтпаған, жасымаған,
ал түңілген кездерім басым одан.
Мазалама Пушкинді, менің үшін
жетіп жатыр өзімнің Қасым ағам.

«Пушкинді қайтемін, маған Қасым ағам жетеді» деген тәмсілді де Жұмекен ақын айтқан. Бұл сөзді КСРО заманында айтқанын ескеріңіз. Көз алдындағы отаршыл, ожар, көлгір заманға деген ішкі қарсылық Жұмекенді осылай ширықтырады.

Қасымға деген құрметпен демалыс сайын оның басына – зиратына барып ішкі рухымен сырласып, топырағымен тілдесіп тұратынын Жұмекеннің жары Несіп Нәжімedenova еске алады.

«...Сол Ташкент көшексінде тұрғанымызда үйге жақын жерде қорым бар. Қорымға кірген кезде есікке жақын жерде он жақта қара сырмен сырланған темір шарбақпен қоршалған Қасым Аманжоловтың зираты жатыр. Құран оқуды білмейміз ол кезде, заман басқа, талап басқа болатын. Эр демалыс күні барып, ақын зиратына топырақ салғаннан кейін әруағына бас иіп біраз тұратынбыз. Қала тұрғындары бес күн жұмыстан шаршап, бала-шағасымен орталық саябаққа

барып демалса, біз Қасым ағаның басына бір барып қайтқанымызға риза болатынбыз. Өйткені, Жүмекенді дауылды өлең-жырдың пірі болған Қасым ағаның әруағы қолдайтын болуы керек. Сол ескі зираттағы Қасым қабірінің басына жиі барып, өлең шумақтарын күбірлей, ой құштында томсарып біраз тұратыны есімде. «Пушкинді де қайтейін-ау, маған өзімнің Қасым ағам жетіп жатыр» дегенді де Жүмекен айтпап па еді.

«Дариға-ай, қайда кетті Қасым ағам?

«Дүние қасіретіне жасымаған».

Жоқ енді,

Амал қанша?!

От еді ол.

Мен ұшқын сол бір оттан шашыраған», –

деген жыр жолдарын жазған жаны жырға ғашық Жүмекеннің жүргегі нені қаласа, менің де қалауды сол еді. Бала кезімде, өзім оқуға түсе алмаған екі жыл ауылда болған кезімде кітапхана менгерушісі болып жұмыс істедім. Әсіресе, сол жылдары Қасым Аманжоловтың қара түсті үш томдығын қолымнан тастамай оқитынмын. Қасым жырларын біздің тұстастарымыз қолдан қолға тигізбей оқитын едік-ау.

Қасым Аманжоловтың жары Сәпен апамызды алғашқыда Әбу Сәрсенбаев ағамыздың үйінен көрдім, ерекше жаратылған жан еді. Қөрген жерде қарап отырып қалушы едім. Басына байлаған орамалының өзі елдікіндей емес, мандағын ашып, өзіне ғана жарасатын ұлгімен тағатын. Аққұба жүзі мен қап-қара көздері кісіні өзіне байлан тұратын. Ішкі сұлулығы тіпті болек болатын. Қазактың келіні деген атқа лайық жан еді».

Жұмекен өлең әлеміне келгенде Қасымға таңқалыспен келген. Әлгінде Несіп женгеміздің естелітінде айтылғандай, Қасымның отынан ұшқын болып лаулаған. Дүниеден өтер шағында да Қасым туралы ойын өзгертпейді, қайта оның тұнғиырына одан әрі үніліп, одан әрі терендей түседі. Осыдан бұрын біз Жұмекеннің Абай туралы өлеңдеріне қысқаша талдау жасағанбыз. Осы жолғы Қасым туралы өлеңдеріне талқымызды да Жұмекеннің орысша-қазақша аралас өз сөзімен аяқтағанды жөн санап отырмыз.

**«Шығып түр ғой бүгінде
Қасым деген бір ақын.
Осы болар түбінде
Енелерінді ұратын.**

Қасым аға өтірік айта алмаған ғой. Бір кезде осы жолдар маған мақтаныш сықылды көрінетін! Ақымақтық қой. «Байқал», «Ақын өлімі туралы аңыз» т.б. шығармаларды Қасымның замандастарынан, әрине ешкім жаза алған жоқ, бізде жаза алмадық. Бізден кейінгілер де жаза алмайды. Жо-ок, жақсы дүниелер болған, бар, болады. Бірақ бәрі басқаша. Там вкус поэтов Того времени, и еще уникальность аманжоловского стиля – все это раскрывается, особенно, в названных произведениях. Он встал в этих произведениях во весь рост. Вот, почему я считаю его самым крупным поэтом послеабаевского периода. И, к нашему сожалению, эта оценка по сей день остается справедливой, единственной».

Құрметті жыр сүйер қауым, бірер мақаладан соң, одан ары тандап алынған отыз шақты өлеңді төрт бағытты ой ағынына топтал, сіздермен бірге оқимыз.

«ПУЛЬТТЕ ТҮР, ОЙЫ ЖАЛҚЫН, ДАНҚЫ ЛАУЛАП»

АХМЕТ ЖҰБАНОВ

«ДИРИЖЕР»

Пультте түр, ойы жалқын, данқы лаулап
Жайы жоқ күйдің кәзір аңқымауға.
Шаш жатыр шалқасынан,
батып-шығып
Басына кеткен білем толқын аунап.

Саусағы шыққан кезде биік қалқып,
Кей үнді бір пернеге түйіп, сарқып.
Дүниенің тарқатылған барлық жібін,
Тұрғандай екі қолға жиып тартып.

Жөнелер әдемі үндер күліп тұрып,
Таяқша жібергенде тіліп-тіліп,
Дирижер үбектейді пәре-пәре
Әлденені тігердей біріктіріп,
Әлденені тұтердей түбіт қылып.

Сотқар күй кеткен кезде шекені ұрып,
Жатқан шаш бірте-бірте көтеріліп:

**Пультте тұрады Ахан дәл осылай
барлығын құдай құсап жеке біліп.**

Бар-жоғы төрт-ақ шумақ. Өлең жодары тұтастай кейіптеу мен теңеу. Төрт шумакта дирижердің барлық болмысы – қымыл -әрекеті, шалқыған дауыс, құйын соқтыра құбылған қозғалыс сананда сызылады. Бір сәтте ауаға үркіп шыққан үйірлі үнді жасқап қайырған дирижер таяғы, дауыстан жел аңқытқан саз шоғыры көз алдыңа келеді.

**«Дирижер үбектейді пәре-пәре
Әлденені тігердей біріктіріп,
Әлденені түтердей түбіт қылыш», –**

бұл дегеніңіз сөзбен бейне жасау. Онда да қанық түсті қазақы бояумен сзылған текеметке басқандай, кілем түріндей қымыл қозғалыс – ұлттық өнер.

**Жөнелер әдемі үндер құліп тұрып,
Таяқша жібергенде тіліп-тіліп,
Саусағы шыққан кезде биік қалқып,
Кей үнді бір пернеге түйіп, сарқып.**

– Өлең жолдарын бойлай үн тарайды. «әдемі үндер құліп тұрып» тарайды. Дирижердің «саусағына» ілесе, іліне қалықтаған үн елесі көзіңе шалынғандай. Ол ашқан әрбір құшақтың, ол сермен әрбір құлаштың дауыс қармағанын, ауадан әуен аулағанын аңғарасың. Егер күй дауысы да теңіз сияқты толқыса, жел сияқты шалқыса, өзен сияқты сарқыраса соның бері адам санасында – ақын шабытында болған жарылыс екеніне үнілген он. Шынында да сонша дыбыс дирижер Ахмет Жұбановтың үстінен аунап өткендей, асau толқындардың ізі қалғандай «ба-тып – шығып» тұрған шашын қараңыз.

Әрбір орындаушының білезігінен немесе, перне басқан саусақ ұшынан дирижердің таяғына дейінгі кеңістікте өрмекші жіп тартқандай көмескі бір байланыс барын андайсын. Әр саусақ пен әр білезікті, әрбір музыканнтың – домбыраның немесе қобызшының саусақ көбесін пернеге дирижер қадап тұргандай көресін.

Егер өнер залында отырып, дирижер қимылын сыртынан бағып көрген кісі болсаныз, оның қайталанбас, біртұтас картиналар тізбегін Жұмекен өлеңінен – сөз суретінен қайталап оймен көресіз. Әуен үйлесімін әрлейтін адам қимылын осынша суреттеу дегеніңіз оны тым тылсым сезіну талантты және сөз бяуындағы шегі жоқ шеберлік.

Жұмекеннің «Кішкентай» деген поэмаға бергісіз өлеңі бар. Сол өлеңінде өзін «Күйшімін, баға амдалмаған» дейді. Егер ақын Жұмекен консерваторияда төрт жыл оқып, Жұбановтардан сабак алмаса, оның тумысында бекзат домбырашылық, күйшілік болмаса дрежер мен оркестрдің болмысын өлең сөзде бұлай аша алар ма еді?! Бұл – өз заманындағы, өз қатарындағы ақын кіслердің ішінде тек Жұмекенге ғана тән құбылыс. Өз заманындағы деймін-ау, бүкіл қазақ ақындарының тарихында әуенді – домбыра дауысын, дирижер қимылын сөзге әкеліп бұлайша көгендереген Жұмекен ғана.

Жалпы поэзияда, оның ішінде бідің әдебиетте бір тақырыпқа мындаған өлең жазылады. Мәселен: Алматы туралы, ана тура-лы тағы сондай тақырыптарды айтам. Ал «дирижер» деген өлең бұл тақырыптағы жалғыз туынды, баламасы жоқ. Оны жазған автор да баламасы жоқ ақын, ол – Жұмекен Нәжмеден.

Біз бұл өлеңді әдейі, дара талдап өткенді жөн көрдік. Себебі: әлгінде айтқанымыздай бұл туынды бүкіл қазақ поэзиясында осы тақырыпқа жазылған бір-ақ өлең дерлік. «Дирижер» өлеңі туралы жалғыз ғана оның ұстазы – Құбыш Мұхитов разылықпен еске алыпты.

«Жұмекеннің музыка саласында да ой-өрісінің жоғарылығын, қүй өнерін бес саусақтай сезінетінін, білетінін көрсетеді. Жұмекеннің бұл енбекін домбыра мамандарының, музыка зерттеушілерінің қолынан түспейтін оқу құралы деп есептеймін. Бұл еңбектің тағы бір құндылығы – академик Ахмет Жұбановтың дирижерлік өнерін, дирижерлік сезімін, оркестрді басқарып тұрған бейнесін көз алдымызға елестетеді, өте сезімталдықпен алдымызға жайып тастайды».



ТАЛАНТ

Зергерлері көне Грецияның
дірлі жоқ қолдарымен салқын қан,
ақшаларды құйып-жасап алтыннан
талант деген ат беріпті;
сол алтын
артық баға-лан-ған сын-ды маған тым.
Талант, менше, алтыннан
булу керек сирегірек,
құндырақ,
эттең, кейде алтын да емес бұл бірақ;
алтын құны ауық-ауық өседі,
талант құны ауық-ауық құлдырап.
Алтын – алтын,
саспа, аға,
балама боп жарытпайды басқаға.
Алтын жүзі –
айнымалы мінезі бар екі жұз:
көрген жерде бетіне
бір түкіріп кетіңіз!
Алтынға емес,
кеше сағат екіде
бір халтурщик түкірді
бір таланттың бетіне.
Бар салмағын Ұақытқа жүктеген,
Олжас жазды мынадай бір мықты өлең.

Мықтылығы – шыншылырак,
мұндырақ,
мұнан ғері биғірек бұл бірақ;
ақын жайған кепкіге
ілтифат қып әлдекім –
бірер талант алтын түскен сыңғырап.
Алтын емес,
кеткен сын-ды су құлап
жыр көктеді жапырағы судырап.
Ақын шықты осылайша,
әр сөзі
алтыннан да булырақ!
Мен де жайғам қазақтың
ескі, баулы тұмағын,
бір сыңғырды менің де
шалып еді құлағым...

1983 ж.

Өлең женіл оқылады. Көз қызығымен екі-ақ минутта шалып өтесің. Аздан соң сәл ойланып, санаңа салмақ түсіп тұрганын сезесің. Өлеңге қайта үніліп, қай тұсынан тіксінгенінді, қай сөзінен тітіркенгенінді тани бастайсың. Бұл дегініз өлең оқудың әдемі дағдысы. Сонымен жүрегімізге мына өлеңнің қай сөзі қадалды, қай жерінде не түйсіндік?

«...сол алтын
артық баға-лан-ған сын-ды маған тым.
Талант, менше, алтыннан
булу керек сирегірек,
құндырақ,

**эттең, кейде алтын да емес бұл бірақ;
алтын құны ауық-ауық өседі,
талант құны ауық-ауық құлдырап».**

Кәнігі түсінікте алтын ол – қымбат, құнды ұғым. Ал өлең мәнінде алтыннан да булы, алтыннан да сирек құбылыс ол – талант. Ақынның жаңын күйдіретіні де сол таланттың бағаланбауы. Жалпыға ортақ жылтырақ түсінік – жылтырақ өмір, жылтырақ тірлік, жылтырақ өнер, жылтырақ өлең жасағандар шын таланттың орнын басқан. Тіпті, бүгін де біз сол – бергі жағы беті жылтыраған тірлікке үйірміз. «Талант» деген сөзді ұмыттық – қолданыстан шығардық. Қазір де қай халтуршиктің қай талантқа түкіргенін көре тұра үнсіз қалатын тіпті, елемейтін, көрсек те көніл бөлмейтін марғау күйдеміз. Талантты керек етпейтін қоғам құрып жатқандаймыз. Талантсыз ұлт болудың – талантсыздар мемлекеті болудың табалдығындамыз. «Бір халтурщик түкірді, бір таланттың бетіне». Қазірде үлкен марапаттаулалдан теледидардан көретін біздің көзалдымызда болып жатқан үйреншікті көрініс. Өлең оқып болғанда кеудемізде түйілген түйіншек сол.

Жұмекен ақынның биік, көркем және шыншыл өлеңдері осылай. Ол – жазылған дәуірімен шектелмейтін, бүгінгі біздің де санамызға салмағын сездіретін ой мен көркем сөз үйлесімі.

Біз осы сөздерді «Талант» тақырыбындағы отыз жолдық өлеңнің бастапқы шумақтарының әсерімен айттық. Өлеңді то-лық оқысақ онда ақын ескі Грециядан бастап ескен сөз бүйда-сын өзімен тете құрдас – Олжасқа, одан өзіне дейін тартады.

**Бар салмағын Ұақытқа жүктеген,
Олжас жазды мынадай бір мықты өлең.**

**Мықтылығы – шыншылырак,
мұндырақ,
мұнан ғері биігірек бұл бірақ:
ақын жайған кепкіге
ілтифат қып әлдекім –
бірер талант алтын түскен сыңғырап.
Ақын шықты осылайша,
әр алтыннан да булырақ!**

Жұмекен ақынның өзімен тете әріптесіне, оның поэзиясына берген биік бағасы. Кепкіге түскен «талант» – ол таудан құйған өзен сияқты. «Бар бақытын уақытқа жүктеген, Олжас жазды...» дей ме? Егер, «Бар бақытын уақытқа жүктеген» екі ақын болса соның бірі Жұмекеннің өзі. Ол – анық.

Осыдан соң «Жұмекен жайлы Олжас не айтты екен?» деген ой келеді санаңа. Эй, Олжекең жұмған ауызын ашпаған-ау. Бізді таң қалдыратыны – замандастарының Жұмекенге келгенде жұмған ауызын ашпайтыны. Қарап тұрсаң екі таланттың бөгөнайы бөлек – Олжас талантты кепкімен алған. Ал Жұмекен «қазактың ескі баулы тұмағын» тосқан.

**«Мен де жайғам қазақтың
ескі, баулы тұмағын,
бір сыңғырды менің де
шалып еді құлағым...»**

Таза ұлттық бөгенаі, қазақы түр-түс. Бұл – Жұмекенге тән таланттың, жұмекендік жырдың ашық бояулы түр-түсі.

**«Алтын емес,
кеткен сын-ды су құлап
жыр көктеді жапырағы судырап».**

Жұмбак сөз емес, жып-жылды ашық сөз. Бұлақтың сыңғырына жапырақтың сыйбырын қосып сызған сурет. Айтпақшы құтыдағы бояумен емес, санадағы сөз бояуымен сызған суреттің бір артық жері дыбысты да сыза алатынында. Біз олжас жырды сипаттаған бұл шумақты әдейі алдық. Себебі: автордың осыған ұқсас жыр жолдарын Қадір Мырза-Әлігे арнаған өлеңінде де басқаша сипатпен көреміз.

Өлең тақырыбы айшықтап айтқандай талантты жырлайды. Кейіпкері екі адам. Екі ақын. Қайталап айтсақ «Бар бақытын уақытқа жүктеген», «кеңкілі» Олжас және «Қақақтың ескі баулы тұмағымен» талант аулаған Жұмекеннің өзі. Біз де Жұмекеннен 100 өлең талдасақ ақынның өзіне деген, өлеңіне деген секемсіз сенімімен шынайы келіскеннен, «Уақытқа жүктеген бақытының» жүзін шырамытқаннан деп білініз.



АЛАТАУ

Алатауды, шіркін-ай, маған берсе деп ақын
Мұқағали бір күні арман айтқан болатын.

– Қайтер едің? – деп бір жас құліп еді таңдана,
– Екіншілей мұндайды сұрамайтын бол, бала! –
ақын әлгі жігітке жалт қарады долдана.

Шағын басқа шықшыты шыққандай ед бір тұмақ,
сол шықшыты қызарды;
желке шашы бұрқырап:

– Осыларды, Құдай-ау, біздің сорлы өлеңге –
не айтарға білмедік, – кім әкелген дегенде.

Әлгі жігіт әркімге жалтаң қақты жасып құр,
басын изеп тезірек қоштасуға асықты.

Қаңқ етіп бір құлді ақын қайтқан қаздай қөліне,
кеткеніне әлгінің көңілденді ол іле.

Сонда екінші бір жігіт жасқаншақтау тіл қатты:

– Мұқа, – деді, –
жас жанға айттыңыз-ау тым қатты,
өзіміз де жаспыз ғой – жаразтықтар қанша алда,
жарайтын ед жасытпай жауап айта салсан да,
түбі ұғар ед өзі де, болса ойында сәуле егер...

– Жо-жоқ, ақын емес ол,
пайда қуған саудагер,
саудагердің ақынмен арақ ішу қай теңі?
сұлулықты сүйгендер, өзің айтши, қайтеді?!

– Ал Алатау – сенікі,
осы сэттен бастап ал
маған қалсын асхана,
аспаным мен астанам.

– Эй, қусындар, қусындар, жершілдік жоқ пейлімде,
жартысындай жалғанның жарықтықты жайып сап,
жуып-жуып түнімен таңға жуық айықсақ –
алған затым осы деп мақтанайын деймін де.

Азаматтың пиғылы айқын еді әу баста-ақ,
қолтығына көтеріп қойып сөйлер тауды асқақ.
Таулар үшін де емес, жұрт сөздер үшін дауласпақ:
«болды, толды» деп атап, белдескендей «бәлемен»
«мен», «менікі» дегеннің өзін қимай әлек ел.
Мақатаевтың сол күні шабыт құған беті еді,
Әйтпесе ақын қарт тауды – қайнына алып кете ме!
Жай сауалдың жанына жанып тиген себебі:
оянып ед ойында көптен күткен өлеңі –
соны бөгеді әлгі сөз – қастас қалам секілді,
доңғалақтың жолына тас тастаған секілді,
айдыны мен аспаны астаспаған секілді,
Пәс боп қалған көлкіген көңіл шіркін сэтте әлгі,
жыр шойрылып белінен қирапландал бол қалды.
«Қайтер едің?»

О, сауал сауалдардың қырсығы,
Сауалдардың қырсығы – қырсықтырған жыршыны.
Егер сауал өнерді женіп жүрген шаршатып –
арыстаны әлемнің, сауалдарға қарсы атыл!
Қарсы атылған жыршылар арыстан боп Айға нақ,
құласа да құлаған жүлдyz болып тайғанап.

**«Қайтер едің?» дегенді ұмыттырдық зорға әлгі,
ақын мықтап ширықты,
одан гөрі қорланды.**

**Төбелермен тұмсықсыз тірескісі келгенде,
көңіл шіркін лепіріп бір ескісі келгенде
Алатауға қарады ол.**

**Уа, тұсінер, тұсінер
арқа тұтып асқағын мақтана алар кісілер!
Биігімен таулардың,
Кеңдігімен даланың
Мақтанатын жігітке арналады бар әнім.**

**Алыс кетер – Алатау – жаңғырығы кешкі үннің,
ақырып кеп атылған арыстандай кескін бір...**

**«Қайтер едің?»
Сен, саяул ескірдің-ау, ескірдің –
ақындікі Алатау,
орталық жоқ ешкімнің**

1983

Өлеңнің үш тағаны сияқты үш сөз – Алатау, Мұқағали және өлеңді отқа орап жіберген «Қайтер едің?» деген қастас сұрай.

**Алатауды, шіркін-ай, маған берсе деп ақын
Мұқағали бір күні арман айтқан болатын.
– Қайтер едің? – деп бір жас құліп еді таңдана,
– Екіншілей мұндайды сұрамайтын бол, бала! –**

Бұл үш сөз осы өлеңнің ең басқы үш жолында тұрса да, Оған мән бере қоймай, көркем сипатталған Мұқағали бейнесін қызықтап оқи бастаймыз.

**Қанқ етіп бір күлді ақын қайтқан қаздай көліне,
кеткеніне әлгінің көнілденді ол іле...
Азаматтың пиғылы айқын еді әу баста-ақ,
қолтығына көтеріп қойып сөйлер тауды асқақ.**

Аңызға айналған Мұқағали келбетінің керемет көрінісі. Өлеңнен оның саңқ еткен үні естіледі; Алатауға шынтақғын сүйенген таудан биік алып тұлғасы көз алдына келеді. Өлеңнің және ақындық ұстанымның тазалығы жөнінен аса кривяз, ымырасызы Жұмекеннің Мұқағалиға арналған бірнеше өлеңі бар оның кейбірін кімге арнағанын бөгенайынан тұспалдап біліп отырамыз. Бұл жырлар кейінде Мұқағалиға арналған көп өлеңдердің ақалғашқысы-ақ шығар.

**Таулар үшін де емес, жұрт сөздер үшін дауласпақ:
«болды, толды» деп атап, белдескендей «бәлемен»
«мен», «менікі» дегеннің өзін қимай әлек ел.**

Осы жолдардан соң өлеңнің өңменіне үңілесің. Бұлышыр бұрылыштарына қарайсың. Сөз салмағы ауырлай түседі. Талас-тартыс таулар үшін емес, таудан гөрі салмақты сөздер үшін дейді ақын:

«мен», «менікі» дегеннің өзін қимай әлек ел.

Жер «менікі», Ел «менікі», осы жерді жаңын беріп, қанын шашып қорғаған ата-баба «менікі», солардың ұрпағы «мен», бұл жердің иесі «мен» деп айттар едің. Ол – шындық еді. Айтқызбайды. Жұмекеннің қалам ұстаған қаршадай кезінен-ақ кек көтергендей: «Менің елім, менің жерім – менің Қазақстаным» деп іштей қасарысатыны содан. Осыдан соң біз өлеңге өзек болған «Қайтер едің?» деген сұраққа қайтып ораламыз.

Жай сауалдың жанына жанып тиген себебі:
оянып ед ойында көптен күткен өлеңі –
соны бөгеді әлгі сөз – қастас қалам секілді,
донғалақтың жолына тас тастаған секілді,
айдыны мен аспаны астаспаған секілді,
Пәс бол қалған көлкіген көңіл шіркін сэтте әлгі,
жыр шойрылып белінен қидаландап бол қалды.

«Қайтер едің?»

О, сауал сауалдардың қырсығы,
Сауалдардың қырсығы – қырсықтырған жыршыны.

«Қайтер едің?» – Не істей аласың? Бұл сол уақыттағы кез келген қарапайым қазақтың алдынан шығатын «сауалдардың қырсығы» болатын. Бұл өзі бүгінде «Қазақ жаны, қазақ тілі, титулды ұлт мұддесі, ұлттық идея, ұлт құндылығы» деп басталатын сөздердің алдынан «слова богу...» деп көлденең шыға келетін «қаскунем сұрақ»

соны бөгеді әлгі сөз – қастас қалам секілді,
донғалақтың жолына тас тастаған секілді,
айдыны мен аспаны астаспаған секілді,

Ақын жанының да айдынын аспанынан айырған осы «Донғалаққа тас тастаған секілді» «Қайте қояр едің?» деген түбі қастас сұрау. Айтпақшы, осындағы теңеуді қараши. «Донғалаққа тас тастаған секілді» оқыс теңеу, жаңа теңеу, жаңаша теңеу, тосын теңеу.

«Қайтер едің?» дегенді ұмыттырдық зорға әлгі,
ақын мықтап ширықты,
одан гөрі қорланды.

Қанша мықты болсан да қолынан түк келмей тұрса қорланбағанда қайтесің. Ақын қорланды оның кейіпкері (Мұқағали) қорланды. Бұл ой жүмекен жырдың өзекіне құйған у секілді қайкашанда тасып шығып тұратын қыжыл. Ол басқа бір өлеңінде былайша қүйінеді:

**Тарлық етсе лашын-тырнағының белгісі;
жарлық етсе жаман хан – ондалмайды енді ісі:
хан қараға жауығар келген шакта өлгісі.
Хандар – күшті,
дала үлкен,
халық қара,
мен кіші,
кішімін деп халқымды жауға берсем – нем кісі!
Мені қорлаған жалғыз-ақ әлсіздіктің белгісі.**

Бұл Қырық жыл бұрын айтылған сөз. Оны бүгін айтса, – бұн-дай жырды бүтінгі ақын жазса еркіндіктің әсерінен ешкім танданбас еді. Солайда, ашынған алаң көніл ақын бүгін үшін де актуалді тіпті, саяси салмағы зіл батпан өлең қалдырған.

Негізінде Жүмекен өз тұстастарының шығармашылығына, ондағы ұстанымына ымырасыз сын көзбен қараган.



ТЕРЕЗЕ

Алатаяға қарайды бір терезем.

Қ. Мырзалиев

Жалын шайнап жатыр, әне, әр өзен.
«Есік көлге қараған бір терезем» –
кім екені есімде жоқ,
бір ақын
осындай жыр жазып еді,
сұрапыл
қуатты сөз күтіп едім мен одан,
ашылады-ау деп ем бір көз жаңадан,
Есік көлден бастау алса дана адам
басталады-ау деп ем бір сөз жаңадан:
ештеңе де басталмады,
болмады,
жылға қуған жасық судай ол-дағы
тұнығы да толқыны жоқ боп алды,
ақырында құмға сіңіп жоғалды.
Көк өзен жоқ,
арықтың да сусы ылай,
ылай судың, уай, қуын-ай, қуын-ай:
жан қинамай жай ағады –
күн ысты,
қауіпті ғой тым жиі алу тынысты.

Ақын бірақ бітірді үлкен бір істі –
атақ алды.
Енді алуға кірісті
тұрмыстың тек құлықтарын жымысқы.
Кейде осылай:
тасымайды өр өзен,
«Есік көлге» қараса да терезен!

Бір реті келгенде Несіп ападан осы өлең туралы білгіміз келген. Апайдың айтуынша «Қадір ақынның сол тұстағы басшы Қонаевқа, оның әйеліне сахнада тұрып комплимент өлең арнағаны» Жұмекен ақынға жақпай қалған сәтте жазылған жыр сияқты.

Жұмекеннің күйттегені де өлең тазалығы. Бегзат поэзияның бет-беделі екені даусыз.

ТАҒЫ БІРЕУ ОҚЫДЫ

Мен сендерге көрсетермін, тұра тұр –
деп бастады жырын тағы бір ақын.
Шын дарыған жанмын деді ол арқалы
Жазғанда тек бостау екен арқауы.
Ширатылып оқығанда – сұрапыл:
Самарқау ел – қазақ елі деген ел:
түссе-дағы осы қазір төбеден
Хақтың өзі екі аяғы салбырап –
танымайды, танданбайды,
ал бірақ
ақын болды Айбергенов Толеген

кетті айтылмай сол жыршының ішінде ой,
айтылғанын қор еттіңдер түсінбей.

Бағаламай қорладың көп асылды,
тани алмай өлтірдіңдер Қасымды.

Сондықтан да қол соғындар, қане, ұлдар,
сендердің де, қыздар, ала-қаның, бар –
тарихтың донғалағы, дөңгелен,

Мақатаев құсап ертең мен де өлем,
өлмей тұрып, дереу, дереу танындар!

Әлдене бір тың ой айтса – бір сәрі,
жер тепкілеп ақын жұртқа ұрсады.

Сынбасын деп өнер сағы, жыр сағы
Халық бәрін түсінуге тырысады.

Расында Аманжолов неге өлді,
қой, қой, ойбай, бағалайық өлеңді.

Жасы жетіп өлгендері жок,
демек,

өлді-ау ақын қол-шапалаққа өкпелеп, –
қол соғу – аз, тепкілейік еденді!

Әлгі залды шаң көтерді, шу қантап,
жаман жырды лактырды ақын шумақтап.

Сөйтіп ақынды анық танып еді елі,
Көр аузынан алыш қалыш еді елі.

Медаль тақты ол, өсті біраз беделі,
артистіктен жан салмады алдына,
сол арқылы өзі тірі қалды да,
әлдеқашан өліп кетті өлеңі.

Біз бұл өлеңнің кейіпкерін тек тұспалдаймыз. Жұмекен жазған бір мақалада ол: «Өлеңде де құлақпен тындауға арналған

эстрада жанры» барын айтады. Біз бұл жерде Жұмекен жазбаларының үзінділерін қаз-қалпында ұсынғанды жөн санадык.

«Жали Мұхтар Шаханов жырлары, біздің ойымызша, эстрадан, сахнадан айтуга ылайық, окудан горі тыңдауга жақсы, үнді, екпінді келеді. Әсіресе, ақын өз шыгармаларын өзі орындалғанда оте құшті әсер етеді. Бірде бір қазақ ақыны, қарапайым жұртқа Мұхтарша әсер еткенін корген де, естіген де емеспіз. Бірақ, жазба әдебиетте құлақ – бір басқа, көз – бір басқа. Ескі ақындар сықылды суырып салып айттылмаганнан кейін, Мұхтар жырларына да сөз жоқ, жазба әдебиеттің талабы қойылады, басқаша айтқанда, мұның да коркемдігін көз бағалайды. Тыңдаушига жақсы әсер қалдырган жырлар оқушыга кейде ондай әсер бере алмай жатады. Мұның мәнісі, ақынның бір қатар өлеңдерінде қара дүрсіндік, сөзге, ұйқасқа салақ қараушылық, сөз саралаудың көп тұста жетіспей жататынан. Автор сюжет, идея қуып кетіп, кейде өлеңнің басқа қасиеттеріне қоңіл болмей қояды. Мұндаидай жерлер құлақтан құтылғанмен, көзден қашып құтыла алмайды. Мәселен:

*Алыс кетсе несі оқініш қоңіл когі аришылар,
Коңіл когі аришылар да намыс отын қамишылар
Немесе, мына жолдар:
Күннен күнге дарынның ашылғандай бұлагы,
Өлеңдері газеттерден күле қарап тұрады (2-бет).*

Сахнадан оқылса бұл тіркестердегі кемшиліктер білінбей кетер. Ал көзге бір түрлі көрінері хақ: Намыс отын «қамишылаганды» қалай түсінуге болады.

*«Өлеңдері газеттерден күле қарап тұратыны» қалай?
«Тағдырымның жанаарынан жесеңіс корген күндерім» дегені де*

дәл ұғым бермейді. Бұ ын-ды түсініксіз жолдар ұсақ-түйек көрінгенімен, қазіргі заманның сауатты ақыны үшін әжептәуір мін. Мұндайлар жоғарыда келтірілген бірер бетте болса, елемей-ақ қояр ек, оқінішке орай, талай параптардан аңгаруга болады. Ондайларды редактор да көрер, көрсетер деп ойлаймыз.

Тағы бір мәселе. Жұртқа жақсылықты көп жасап едім, соным алдынан шықпады, немесе, мен достыққа адап болым, озгелер олай болмады, мен жсанып тұрмын, жұрт соңін жүр деген секілді ойлар көп қайталанады. Бұ жағын да ес-керген жөн.

«Сейхундария», «Махаббатты қоргау», «Күре тамырды іздеу», «Сенім патшалығы», т.б. поэма, балладалары 1977 жылдың жарық көрген «Сенім патшалығы» атты кітапта бар секілді еді. Одан кейін жарық көрген кітаптарында да осы шыгармалар ылғы қайталанумен келеді. Бұ кітап не кітап? Тағы да таңдамалы ма, әлде, тағы да қайта басылу ма? Әйттеір жаңа жинақ емес тәрізді. Әлдеқашан жазылған, әлдеқашан жұртқа маглұм болған дүниелерді қайта қайта баса беру – кімнің мұқтажедығы? Автордың ба, баспаңың ба? Баспаны – білмеймін, ал автор қырыққа жаңа келіп, қылышылдаң тұрған ақын, қайта басылударды бұл сықылды жиілетеңін мұқтажедық жағдайға (қартаю, не тоқырау) жетпеген адам. Ақтарын, тоңкеріп-ақ жазатын жаста гой (Ж.Нәжімеденов, Толық шыгармалар жинағы, Жетінші том, «Қазығұрт» баспасы).

«Қазір жұрт мен туралы: «бұ қайдан шықты» деген сауалдан, соған жауап іздеуден ауыса алмай жүр. Вознесенскийді

аударды – содан шықты ма, Евтушенконы көп оқушы еді – содан шықты ма? Әлде Мұқтар мен Қадірдің бірінен шықты ма? Нәжімеденов қалай өзінен өзі шыға қалады? Әйтеүір «шығуы» керек еді ғой? Неткен сауатсыз жұрт! Мен осы то-пырақта өлең жазған қай замандасымнан болса да бұрын шықтым ғой? Мен шыққанда («Балауса», 1961) әдебиетте Төлеген, Мұқтар түгілі Мұқағали, Қадыр да жоқ еді ғой? Бұл – бір. Екіншіден, менің сорым (бәлкім, бағым да шығар) қанша ұқсайын, еліктейін, алайын, үйренейін десем де – қолымнан түк келмейді. Тіпті, аударманың өзі, рухын, ырғағын, ой-бояуын қаншама сақтайын десем де – бәрібір өз өлеңім болып кетеді» (*Ж.Нәжімеденов, Толық шыгармалар жинағы, Жетінші том, «Қазығұрт» баспасы*).

Жұмекен жазып қалдырған кез келген мұра бізді оған жа-қындана түсетін сүрлеу соқпақтар. Соның ішінде замандастары жайлыш жазғаны да бар. Өсіреле соңғы естеліктегі «**Мен шыққанда Төлеген мен Мұхтар түгілі, Мұқағали мен Қадір де жоқ еді**» деген сөйлемнен 60 жылдарда тобымен шығып, қазақ сөзіне жан бітіріп, жалын шалқытқан, жыр рухын тулетіп, өлеңді биік деңгейге көтерген ақындардың ең қысқа тізімдігін көресің. Қалам алып сүйкей салғанда есінде тұрғаны Өзіне қоса Мұқағали, Қадір және Төлеген мен Мұқтар бесеуі. Бұл естелік ақын ғұмырының санаулы күндері қалғанда жазылған. Бес кісілік тізімдік Жұмекендікі. Егер біз дізімдік жасасақ «Алпысыншы жылдардың 60 ақыны» деп тақырып алып таратар ма едік дейміз. Себебі: Өтежан бастаған өлеңі өткір сол кездің бес ақынын Ақтөбеден-ақ атап шығар едік.

«Жұмекеннен 100 өлең» жобамызда талданатын тағы біраз өлең бар. Бұдан ары оқуға женіл болса да ойы ауыр өлеңдерге араласамыз. Жұмекен жырларын бірге оқыық.

VI БӨЛІМ

БОДАНДЫҚ ПАРАЛЕЛІ ЖӘНЕ ҚАРСЫЛЫҚ



Бұл – біз осы кітапты «Алғашқы ыза» деп атаған екінші бөлімнің жалғасы. Ол деген сөз: Жұмекендік ой-санадағы отаршыға қарсы мәңгі бітіспес қүрестің өлеңде көрінуі. Цензураның қылышынан қан тамған замандағы паралелді астарлы сөйлеу тәсілі.

«ӨЛІМ ЖАЙЛЫ ТІРІ ӨЛЕҢ»

ЛУМУМБАНЫҢ ӨЛІМІ

Кеудемді кек болып тіреген
Сол өлім жәйлі бұл тірі өлең.
Сен-дағы бір үлкен жүрек ең,
Африка, түргел!

Құлама, туған жер емені,
Жылама батырдың, ер елі.
Дүние бәрін де береді
Тек оған қайсарлық – керегі!..

**Дүрсілін тоқтатқан жүректің
Сен бе едің, қара тұн, тұнек тұн.
Алыпты атқанда бір ептің
Сен нағып шошыдың, дір еттің?!**

**Әр үміт ұмтылды, талпынды,
Қорғауға батырды, данқынды.
Дірілде, топырақ толқынды,
Кеудене дірілден қан тұнды.**

**Қан тұнды баланы жетім ғып,
Ананы жесір ғып.
Адамға қылды адам кесірлік –
Не сұмдық!
Әр тамыр сықылды, әр адам
Тірліктің бойына тараған,
Ақ адам атуға жараган,
Ақ ниет ойлапты қара адам.**

**Сол үшін... сол үшін атты оны
Әлдекім «эттені».
Жаңқалап шапты оны – қатты еді!
Осылай Лумумба жатты өлі...**

Кек кернеген өлең, өлім жайлы тірі өлең. Әр сөйлемі, әр жолы сұрапыл соққыға – кек соққысына толы. Өртке тиген дауылдай үйіріп соққан шумактар. Үйіріп сокқан демекші: Осыншама шемен болып қеудеге қатқан кек туралы сол жылдары жас Жұмекен жазған тағы бір өлең ойымыздың өзегіне келді:

**Ел басына төнді бір үлт
Дауыл, ішін тартса да ұлып.**

Жұтам дейді елді қылғып
«Екі басты қарт самұрық...»
Батыр өзін кінәлаған,
Сол кінәсін көтерді кек.
«Бұл табиғат мына маған
Берген екен бекер жүрек!

Жұдырықтай түйілді ауыл,
Түйілді кек шемен болып.
Көтерілді құйын-дауыл,
Көтерілді ел өлең болып.
Аттанды өзі кек пен ыза,
Неге керек «аттандамақ»,
Шыға берді көптен ұзап
Манағы бір ақтандық ат.

Құрмангазының «Сарыарқа» күйіне арнаған Жұмекен өлеңі ғой. Ақынның «Күй кітабы» туралы мақаламызда бұл өлеңді сөз еткенбіз. Соншама «шемен болып қатқан, ашу кернеген қандай кек?» дегенге дәйек сөз үшін алдық. «Екі басты самұрық елінді жұтам» деп баса көктеп, жеріне келсе «кең пен ыза қысып» қарсы атылмақ парыз. Жарыла жаздал, жалын бүрккен бір қеудеден «кең тіреген» өлең бірінен соң бірі бұрқырап атылады. Біз «кеудені кек болып тіреген» – «Лумумбаның өлеңіне» қайта оралайық.

Сен-дағы бір ұлken жүрек ен,
Африка, түрегел!

Алыпты атқанда бір ептің
Сен нағып шошыдың, дір еттің?!

**Дірілде, топырақ толқынды,
Кеудене дірілдеп қан тұнды.**

**Қан тұнды баланы жетім ғып,
Ананы жесір ғып.
Адамға қылды адам кесірлік –
Не сүмдыш!**

Байқасаңыз өлеңде ақын алып құрлықпен – «Үлкен жүрек» пішінді Африкамен бетпе-бет келіп, оның иығынан жүлқып тұрып сейлейді. Өлең жолдарының 9 буынды болғаны да өлеңнің ішкі ырғағына ерекше екпін береді. Сөйте тұра өлеңнің кей жолын 6 буын, 3 буыннан да қайырганың көріп отырсыз, Тогыз буынға толтырам деп, кезекші – артық сөз қоспайды. Бұл – ақын шабытының ішкі екпіні. Бұндай қысқа жолдарды шауып бара жатқан аттың ордан орғыған тұсын оның дүбірінен құлағынмен аңдағандай сезіп түйсінесің.

**Сол үшін... сол үшін атты оны
Әлдекім «эттені».
Жаңқалап шапты оны – қатты еді!
Осылай Лумумба жатты өлі...**

Тұлабойынды тітіркенте түскен жолдар. Нені «шапты», Балта жүзін ұшыргандай не «қатты еді»? Қатты еді деп қайсарлықты, еркіндікке шөлдеген сынбас рухты меңзеген сияқты. Елінің еркіндігі үшін қурескен ерік-жігер ғой ол, балталаса да, жаңқаласа да үзілмей жатқан. Біз де сөйттік – біздің халық та милиондап қырғанда, жүз мындалап атқанда, ұлт ретінде ату жазасына кескенде жаңқалаған емендей жінішкерді-ау, үзілер болды-ау, бірақ үзіліп кеткен жоқ.

**Ақ, шел жапқан жанарадай түк көрмейді ақ аспан,
Түк көрмейді ақ аспан – тағдыр да сол о бастан...**

**Жаңқа құсап жонғанда борап ұшар ағаштан
қиыршиқ қар борайды;
ақ толқынды ат, ұлып,
Ақжайық пен ақ аспан, бір-бірінді сапырып –
Ақ-боз мініп шықты, әне, жалғыз батыр ақырып:
ақыртып бір жырласаң, міне, саған тақырып!**

...

**қасіреттің қасқыры әлдеқайда жатты ұлып.
Ақ текемет бетіне қызыл қаннан қақ тұрып,
дір-дір етіп ұйыды;
әй, дәурен-ай, өтпелі
ең болмаса бір баста тұра тұрсан қөп пе еді –**

Бұл өлеңде де «Балталап жанқалап шауып, дірілдетіп қан ұйытып» төпелей түскен теңеу, кейіптеулер бұнда да жаңағы Лумумбаға арнаған өлеңдегі сияқты екі өлеңнің екпіні паралель. Негізі бұл – ақынның одан ширек ғасыр кейін жазылған мың жолдық – «Жаңғырық» дастанында болатын. Дастанды оқысаң мына өлеңдегі кектің мың еселенгенін көресің. Біз ол «Жаңғырық» дастаны туралы кесек мақаламызды 100 өлеңнің сонына тиянақ сияқты қоямыз. Лумумбаға келейік:

**Әр тамыр сықылды, әр адам
Тірліктің бойына тараған,
Ақ адам атуға жараган,
Ақ ниет ойлапты қара адам.**

Біздің байқауымызша осы өлеңде Жұмекен алғаш рет жұқа астармен сөйлейді. «Ақ адам атуға жараган, Ақ ниет ойлапты қара адам».

Ақ пен қараның айқасы. Әлде, ақ бояулы қара ниет пен қара түсті ақ ниеттің айқасы. Тіпті одан да ашық кетіп тұр: Ақ адам жендет, ал қара адам адал. Жұмекеннің жеріне зұлмат әкелген қандай адамдар? Ол жасаған ортада «ак адам» кім, «қара адам»

кім? Өлеңдегі осы шумақта ақын қандай батыл қадамға барғанын қараныз. Жұмекен ақынның сонау 1961 жылы жазған алғашқы жинағы «Балаусадағы» өлеңі екенін ойлаңыз. Ақ адамды мұнша ашық айыптайтын өлеңін жазғанда ақын жиырма бесте ғана еді. Бірақ байқаған жүрт бұл өлеңді түсіне қоймады. Шона Смахан ғана түсінді, сонан да ол – «Жұмекенше сөйлемей, Жұмекенше ойламай, оны қалай ұғасын» дегенге сай сөз қалдырыды.

Сырттай сипаттағанда бұл – өлім жайлыш тірі өлең: өлім мен ерліктің, өлім мен өлеңнің қарама-қарсы шапқан – адалдық пен арамдықтың шарпысқан бейнесі. Сол замандағы цезураның көз алдыңға солай беткі қабатымен ғана елестеді. Әрі қарай бүкіл Африка жүрек секілді дірілдеп, жүрек сынды сескенгенін, тітіркенгені ғана көрінді.

Өлеңнің беткі бұл ақынның сөз бояуымен салған көркем суретіне бір қарағанда көргеніңіз. Картина алдында сәл кідірініз. Үніліңіз, ол тереніне тартады. Ол ойдың астарына апарады.

**Құлама, туған жер емені,
Жылама батырдың, ер елі.
Дүние бәрін де береді
Тек оған қайсаrlық – керегі!..**

Кімге айтып тұр деп ойлайсыз?! Бұл сөзді ақын өз туған жеріне, қазақ еліне арнап айтса ше? Біз айдалада – Африкада аттан құлаған сол елдің ұлт батырын ашына айта отырып, дәл сондай тағдыр кешкен өз көсемдерімізді – мындалап атылып-шабылған арыстарымызды еске алып, өлеңді қайтадан оқысақ ше. Ақын сөйтеді.

Жұмекен «Тор», «Жанғырық» сияқты ірі поэмаларына келер жолда өзі көрген теңсіздік пен отарлауға қарсы өлеңдерін осындаі тәсілмен жазды. Жазған сайын ішкі қарсылығы өрши түсті, жүрт анғарған сайын ашына түсті, ашыла түсті.

«Еске алу»

«Сталинград деп күнде
Жырлап еді-ау Неруда.
Сонда желдің өтінде
тұрған еді-ау Неруда.

Көкірек қой бұл ғасыр,
көкірегін көр міне:
Ұлы ақынның тұлғасын
кіші санап кергіді.
Чили деп жыр арнадық,
жыр парагы жатыр мың.
Ара түсे алмадық
ажалына ақынның.

Жанарыма жас тайып,
жүргегім құр сыздады...
Тұрмыз бірақ қасқайып
жел өтінде біз-дағы», –

Бұл «Сталинградты жырлаған ақынның қайғылы тағдыры». Ол – ақын жүргегінен өтіп, оның өлеңінен өтіп, оқырман көнілінен күдік келтіруі керек еді. Ол – жел өтінде тұрған Нерудаға тірлік – опасыз тірлік. Біздің ақын да Сталинградты жырлап, жел өтінде шаһарды қорғап тұр. «Тұрмыз бірақ қасқайып, жел өтінде біз дағы». Бар салмақ осы сөзде, бірақ біз де жел өтінде тұрмыз, бізге де сол тағдыр. Өлең солай аяқтайды. Жүргегі сыздаған ақынның «бірақ біз дағы» дегені (осындағы «біз» ұғымы) оның елі, ұлты екені түп-түсінікті емес пе, солай ғой?

«Чили деп жыр арнадық, жыр парагы жатыр мың». Жалпы «Чили» тақырыбы ақынның тұспалдал тартуға, ауыр ойларын артуға оны алып, цензураны айналып өтуіне мүмкіндік бер-

ген тақырып. 60-жылдардағы «Лумумбаның өлімінен» тартып, 70-жылдардың сонындағы «Чили» тақырыбына дейінгі аралықта ақын ондаған өлеңінде астарлап, тұспалдап, алысқа сөйлеп отырып, Өз топырағында, өз басында, өзі жасаған уақытта болып жатқан отарлауды – оның қанқұйлы екі жүзді кеспірін әшкерелеп, жұрт көңілінде кеүіп қалған ұлттық арман-мұраттың тамырына су тамызып көктетуге, көмескі кектің өзегіне у тамызып көтеруге құлшынған.

**Жер бетіне бүкіл адам еккенін
«Егін!» дейді – бұл ғажайып неткен үн!
Сары бауырдай топырағына өлкемнің
Батырыпты әр заман өз кетпенін.**

**Кетпен, Кетпен, тозды марқаң, тай алыс,
Кетпен ісі өнімсіз іс – баяғы іс.
Трактордың табанына тапталды
Кетпен, Кетпен, саған деген аяныш!...**

**Ей көк аспан, жердің данқын паналат!
Сөйлемейді жүрек жаңсақ, жан ағат:
Тойымсыздық жасап жатса бақытты,
Неге керек, неге керек қанағат!**

Бұл да ақынның жас шағында-ақ жазған «Егін» деген өлеңі. Біз бұл өлеңді басталқыда талдадық, қайталап отырмыз. Науқандатып тұтас Кеңестік отан туралы сөйлеп, тың игеріп жатқанда «Жүрек жаңсақ жан ағат сөйлемейді», «жерге шөккен кеудемді, үмітіммен бірге өшкен тіршілігімді» «тойымсыз, қанағатсыз жалған бақыт саудалаушылар» – отаршылдар «трактордың табанымен таптады» деп Жұмекеннен басқа айта алған ақын болған жоқ. Жоқ, ешкім айта алған жоқ. Айтқанды қойып

сезген де жок, ойлай да алған жок. Сол тұстағы Жұмекенге аға буын болып жүргендердің өзі «**Комунист проспект менің көшем, кол бұлғап тұр төрінде Ленин көсем**» деп өлең жазып, кеудесін соққылап жүрген болатын.

ХУНТА

**«Елім-ай деп есуас та айтады,
халқым-ай деп қарақшы да айтады.
Тыныш жатқан тау мен дала байтағы –
Чили жері, кегің қашан қайтады?»**

**Әрбір баста – басқа қайғы, басқа мұң –
ұмтылып қал ойлайтындар бас қамын.
Баспалдақтар бір көтеріп таstadtы
тағы да бір, тағы да бір қасқаны...**

**Зұлым айтса ар деген сөз өтірік!
Отірікпен бірікпе, өлең, кет іріп.
Халық атынан ту көтерген – не тірлік,
сол халыққа қиянат қып отырып?!»**

Бұндай өлеңді түйсіну үшін женіл жамылғысын алып тастаныз ғана болғаны. Оп-оңай ұғасыз. Дәл осы өлеңде бір сезін ғана өзгертиңізші – Чили дегенді. Сол сөзді «қазақ» деп оқыңыз. Қане өлеңге қайта қараңыз. «Қазақ жері, кегің қашан қайтады», ары қарай...

Астарлау – Жұмекен жырының негізгі ерекшеліктерінің бірі. Әсіреле, еркіндік үшін құрескен ұлттар туралы айтқанда сезіне жан кіріп, желпіне түсіп, жеріне жеткізе, жүргегінді толқыта тартады. Астардың көкесі «Тор» өлеңінде. Ал «Жаңғырық» дастаңында астарсыз ашық кетеді, ашылып, ақырып айтады.

VII БӨЛІМ

ТҮНЕКТЕН ЖЕТКЕН ТҮНГІ Дауыс



ЖҰМЕКЕН «ЖАҢҒЫРЫҒЫ»

Бұгін – Жұмекен туған күн. Біздің «Bairaqt.kz» тәуекел еткен «Жұмекеннен 100 өлең» жобамыз да мәреге межелі мерзіміде сәтті жетпек. Жұмекен жыр кітаптәрінің біріне «Жеті бояу» деп ат қойып еді. «Жеті бояу, он саусақты өлең қып, соның бәрі мен боламын дегендік». Бұл оның өз сөзі және өзі туралы сөзі. Жұмекендік әр өлеңнен күн сәулесінің сол жеті түсін, көз баураған жеті бояуды біз де байқадық. Ол – **тәтті шабыт-сұлу тіл, ұшқыр қиял-мінсіз қисын, кірсіз қөніл-ымырасыз мінез, қазақы түр – ою-зер, қан шапшыған күй екпіні, тапқыр түспал – ашы астар және бодан ұлттың бостандық мақсұты.**

«қаранғы түн қап-қара.

қаралығы түннің де жұғатындаі мақтаға»,

«айсыз қара түндерге ат құлағын қақтырып,

тәуекелдің қолына тағдырымды лақтырып»,

«Тұнгі дауыс кетеді екен тым алыс,

Сенсін маған тұнгі дауыс, қуаныш»

осынау сұрапыл жыр жолдарында айтқандай Жұмекен поэзиясы түнектен жеткен түнгі дауыс. Біз оның осы қасиеттеріне ой тербеп, отыз мақала арнадық. Бастапқыда бұны біраз кісі кіріскең талдау болар деп топшылағанбыз. Өйткен жоқ. Қайнар Олжайдан басқа қатысқан қаламгер болмады. Жобаның салмағын идея авторы ретінде жеке-жалғыз көтерді.

Атырауға үш күндік сапармен барып, әр тарапты кездесулер ұйымдастырып, Халел Досмұхамметов атындағы Атырау Университетінде дәріс окуы да жоба аясындағы сәтті атқарылған жұмыс.

Ұлттың бостандық арманын ағыл-тегіл айтатын, таусыла толғайтын «Жаңғырық» – жұмекен жырдың биігін белгілейтін бір егей дастан. Ол туралы кесек мақаланы жобаның сонына қарай әдейі ұсындық. Ауқымды талдауды ақырына дейін асықпай оқысаныз екен.

ЖҰМЕКЕН ЖАҢҒЫРЫҚЫ

**Түйдек-түйдек сөздердің
Түйген жерде мәні бар.
Түйсікті ерлер жолықса,
Бір жалт етіп танылар.**

I. ТҮЙСІКТІ ЕРЛЕР ЖОЛЫҚСА

Бұл – біз білетін ақынның соңғы дастанына жүктеген үміті – соңғы сөзі. Ақын «шабыттан сөзді шайқап алып», «бұркырап» бір төгілетін ауқымды жыр-дастанда бас кейіпкерінің атын атамайды. Сөйтсе де, біз оның бітімі Махамбет Өтемісұлының

сүлбасымен сомдағанын көреміз. Дастандағы ой мен қимыл ағып келе жатқан сел сияқты – жөңкіп келе жатқан сең сияқты. Ақынның өзі айтқандай «ТҮЙДЕК-ТҮЙДЕК» болып, түйіліп-шүйіліп келеді.

**«Революцияның шабуылы жоқ біткен,
Қарын тоқтық бір басқа тоғышарлық тоқтықпен», –**
деп Жұмекен сол заманда айтқан.

Дастанға ықылас қойғанда: «қайқы қылыш қолға алған» қашарлы, батыр кейіпкерін қалың жаудан қаймыққан, қапы кеткен тұстан кездестіреміз. Кейіпкердің тағы бір қыры төгілген ақын. Дастан басталғанда оның да «елін ойлап» еніреген тұсын тебіреніп отырып, толқып отырып оқимыз. Бәрінен де ашшысы автордың толғаныстары; түье жыққандай екпінді шабыты; «улы саяя, долы қолы». Түйсінген шақта саныңа бұрау салғандай санаңды шыңғыртатын шумактарының «түйдек-түйдек» болып түйіліп келетіні; «Ел қорғауга татитын туып алып ер ұлды, ез ел болып журмендер қорғалуға татымай « деп күйінген ақынмен бетпе-бет тұрып, оның көзінен от жалын көретінің. Ендеше, «бір жарқ етіп танылар» сәтін – ол сәтті ұзақ күткен жыр-дастан мен соны жазған Алатау ақынды түйсініп, екеулеп оқып көрейік («Алатау» ақын деп ақынның өзін Алатауға теңестірген «Тепе-тендік» атты өлеңін мензедік).

Ауқымды жыр-дастанда аты аталмайтын өзі батыр, өзі ақын кейіпкерді «бұл кім?» демейтінімізді айттық. Дастандағы сипатталатын дәуір мен ортаға қарап отырып, монологтың екпініне, мәтініне қарап отырып, сіз де білесіз. Сөйтіп, ондағы прототифті – өзі батыр, өзі ақын Махамбетті, әлгінде айтқанымыздай, айнытпай тандық. Ал кейіпкерге ат қоймауға шығармадағы мұлде тосын көркемдік тәсілдер және шеберлік биіктіктің толайым талабы да әсер еткен болар. Сонымен бірге. Жұмекеннің өзіне тән жарылыш сияқты жан тебірентер «мені», ақынның

көркем ойынан қосылатын тартысты уақығалар жиынтығы (мәселен: дастанның алтыншы бөлімі – Хан Сұлтанның монологы және өлім құшуы) да бас кейіпкерге ат қоюға мұрсат бермегенге үқсайды.

Дастанда «Ақбоз мініп ақырған батыр» – ат үстінде толғанған ақын екі мінез қосақталған бір тұлға. Оған қоса «буырыл жалын жайып, буырқанған Жайық», «Адыра қалған Нарындағы» тағдыр, «майда құмдағы» майда тірлік – марғау өмір шығарманың бөгөнайы бөлек көркем суреттерін құрайды.

«Хан Сұлтанның» қастастығы, сыртқы отарлаушы жаудың аярлығы, олармен астасқан «ішкі жау» – сатқындық-опсыздықтың бәрі де дастанда заман райымен қосарланып, тың тіркестермен өріледі.

Шығармада тосын сүреттеулер мен шағын уақығалар үйлесімі және төбенді шымырлатар шымыр тіркестер үйіріліп соғады. Дастаныңдағы додаға ақынның өзі де көлденен шауып, кірісе кетіп, Еліміз отар болған – бодан заманың басы мен сонын бір-бірімен сабактастырып жібереді. Сөйтіп, біржарым ғасырлық ауқымдағы уақыт кеңістігін сарсан қешуді санана жнектейді.

II. АШЫҚ ОЙЛЫ АҚЫННЫҢ «АҚЫРТЫП ЖЫРЛАУЫ»

Жұмекеннің «Жаңғырығы» – жеті бөлімнен (790 жол) құралатын Ашық ойга құрылған тұмысы бөлек жыр-дастан. «АШЫҚ ОЙЛЫ» дегенді біз әдейі айттық. Себебі: «Жұмекен жұмбақ ақын» емес. Ондай сөзге аты-затымызбен қарсымыз! Осы жерде Тәкен Әлімқұлдың «Хұмбақ жаны» еске түседі. Ол жерде кітәптің атын Абайдың өз сөзінен алғанын білеміз. Онда да Абай: «мен бір жұмбақ адаммын» деді. «Жұмбақ өлең жаза-мын» деген жок.

Жүмекен ойын ашық айтқан ақын. «Жүмекен жұмбақ ақын, оны оқу қыын» деп, замандас-бақталастары әдейі сөз таратқан болар деп те ойлаймыз. Ендеше, Ашық ойлы ақынның «Ақыртып» жазған дастаның бірге отырып оқыык.

Ақ шел жапқан жанардай түк көрмейді ақ аспан,
түк көрмейді ақ аспан – тағдыр да сол о бастан...
Жаңқа құсап жонғанда борап ұшар ағаштан
қиыршық қар борайды;
ақ толқынды ат ұлып,
Ақ Жайық пен ақ аспан,
бір-бірінді сапырып –
Ақбоз мініп шықты, эне жалғыз батыр ақырып:
Ақыртып бір жырласаң, міне, саған тақырып!

Бұндағы басқы екі жол көп нүктемен бөлектенеді. Қазактың, қазақ даласының, аспаның ақ шел жапқан кіріптар – отар заманда Бостандық аңсаған азат ойлы ақындар көп болған жоқ. Оның ішінде алапат екпінді шабыты да, шабысы да бөлек ақындарды саусақтарынды санап отырып қана атайсын. Егер сол отар замандағы ойы өзгеше әйдік ақындарды жасаған дәүірі бойынша тізсек, Махамбетпен бастап, Жүмекенмен тоқтар едік.

«Ақ Жайық пен ақ аспанды бір-біріне сапырган» шабыт, бостандықтың арпалысына жанын қайрап, Ақбозың мініп арқаланған шабыт – дастанның сонына дейін аттан түспей айқасып, ойқастап өтеді. Ақыртып жырлаған батырының басы кетіп, халқының жаны жасығанша кідірмейді. Одан соң да Жүмекеннің жүргегімен астасып, монолоктарымен молығып, заманның запырының қайнатады. Ен кереметі, АҚЫРТЫП жырлауға ашынған ақынның дәті де, қуаты да қаптал жеткенінде. Өлең жанырын ақынның өзі «дастан» дейді. Біз оны «жыр-дастан» деп атадық. Себебі: ақырып, ағылыш келген ой, үйірлген үйқастардың екпінімен шалқып, өлендік ұлгі шектеулерін бұзып өтіп, көмкеріліп түседі. Ақынның қолында қалам, көкейінде домбыра –

күй шалқып тұрғаны сезіледі. Кейде жеті буынмен, кейде екі жеті (он төрт) буынмен төгіліп, ой мен ұйқастың қайырылған тұсынан қайтқанда ар жағынан жыр мақамы аңдалып тұрады. Бұл үлгіні ақын осыдан екі жыл бұрын жазған «Қыран қияда» қолданып еді.

III. «ЖАЛҒЫЗДАРДЫҢ ТАҒДЫРЫН ЖАЛҒЫЗДАРҒА ЖАЛҒАЙЫҚ» НЕМЕСЕ ТӨРТ ЖАЛҒЫЗ

**Дауыл үдең ақ түтек,
шанқылдайды жағада
ақ түтекпен алыссып жалғыз ұшқан шағала –
жалғыз еді шағала;
ақ найзасы тақымда,
ақ қылышы қынапта: жалғыз еді ақын да.**

**Жалын жайып жартасқа
жалғыз ақты Ақ Жайық,
жалғыздардың тағдырын жалғыздарға жалғайық.**

Бұл жерде – кіріспе бөлігінде «жалғыз қалу» ұғымы кейіп-керлердің сипаты – батыр жалғыз, Ақжайық жалғыз, шағала жалғыз, ары қарай төртінші жалғыз қосылады. Ол жалғыз – Жұмекен.

**Ақын жалғыз бола ма –
батыр түстен жол жалғыз,
Ер үстінде – ер,
Ел, маған ерлер жайлы толғанғыз!
Біреуге өзің ере алмай,
өзің ертпей біреуді,
Батыр болып тумай-ақ,
біз де жалғыз болғанбыз.**

Кейіпкерінің жалғыз қалған, онда да мойын ұсынбаудың жалғыз жолында қалған, опынған сәтінен басталатын дастан, оның екпіні Жұмекеннің де жыр жолындағы, жалғыз соқпағы мен жанының – мақсұтының майданындағы жалғыздығымен жанасады.

Екі ғасырдай бұрын елін жаулап, жерін отарлай бастаған жау аяр, әkkі еді. Ондай заманда отарлаушыға есігін ашып, елпілде-ген билеушілерден де екі жүзді сатқын көп шығатын. Ал олар-мен қару ұстап, жағаласқан батыр дастанда жалғыз болса; сол отаршылардың кешегі мұрагері қызыл билікке қалам ұстап қар-сы тұрған Жұмекен де бұл майданда жалғыз болған. Сөйтіп, ол «БІЗ ДЕ ЖАЛҒЫЗ БОЛҒАНБЫЗ!» деп, өзін «жалғыздар» сана-тына сенімді қосқан.

Шынында да, арысы Махамбет те, берісі Жұмекен де өз за-манының жалғыз даралары еді. Осынау екі есім де уақыттың Жайыққа берген жалғыз-жалғыз тұлғалары екені анық болатын. Салмақты ойға құрылған дастанда «өнерге» сай өрім мен өлең-ге тән сұлулыққа көзінің қарығады. Жаңағы «Біз де жалғыз бол-ғанбыздан» соң:

**Сен де жалғыз болғансың, ұя-жалғыз, үй-жалғыз,
жалғыз-жалғыз үйлердің шай-кесесін құйған қыз,
атын ұстап ақынның,
Тонын қағып толған қыз.
Семсер емес, серіктің септігіне иланғыз
Сертке туған ерді – елдің көптігіне иланғыз.
Кісі ерт десе – кіді жан санап қалып мұны да ар.**

Қыз айтпаса ақынның тыңдамайтын жыны бар.-деп шымыр-шымыр ұйқастармен екпіндете, көсліте, төгілте жөнеледі, шал-қыта жөнеледі.

**Тәуекелге бас, батыр,
Ақын басы, бат ойға –
Тағдыр қатал онсыз да,
Қатайма, жел, қатайма!**

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз әрі тәуекелдің батыры, әрі әйдік ойдың ақыны әйгілі Махамбеттің коркем, жұмекенше бейнесі екенін айттық, одан жаңылмаңыз. Дастанның өн бойында ақын ойланады, батыр тәуекел етеді. Басында KICI ЕРТПЕЙ жапанды жалғыз жортып келе жатқан ақынның шылбырына жармасар азаматтар да жолығып еді:

**Ақ қылау ед баста қар –
ақ боранға жалғасты, ал
салып жатқан секілді әлдеқайды албасты ән,
ұлып кетті бұталар албасты-әнмен арбасқан.
Атып шығып бір жігіт жер кепеден қар басқан
жалғыз жібермеймін деп шылбырына жармасқан:**

Осы жолдардағы ақын тілі мен өлеңдік сұлулыққа «өнерге таласы бар кісі» қатарындағы біз тамсанамыз. Себеб: суретtelген табиғаттың сүреніне қарамастан бұл жерде бес жол бес үйқаспен бірдей тұсіп, буып ұстаған бес тал гүл сияқты көкем десте жасап тұр.

**– Бір тілегін бере көр,
әрі шәкірт, әрі інің
аяғында жығылды;
жаман ырым – жаңа ырым.
талайымыз бір, аға,
сен таппасаң бақ-бағым,
мен елімнен пана етер бұйра –
бұта таппадым.**

**Жел жағымыз жалаңаш –
орман қайда қап-қалың
Халық қайда кешегі –
білмеймін кім атқанын! –**

«Баста!» деп батырды атқа мінгізген халық «кім атқанын білмейсін» қазір қасында жоқ. «халықты да біреу ата ма!» дейсін. Ия, атады. Атты ғой талай. Тура мағнасында күдайдан соң отаршының атқанын білеміз.

Қазак – отаршылыр жағынан «өлім жазасына – ату жазасына» кесілкені бір ғасыр бұрын ғана болған шындық.

Жалбарына жабысып, «жалғыз жібермеймін» деп, шылбырына оралған жас жігіт те жалғыз. Оның мынау күйі батырдың жанына емес, ақынның жанына батынқырап кетеді.

**Тебіренді жыршысы, ал
Жылай жаздал тұрды сәл,
Кеудесіне жігіттің құлай жаздал тұрды сәл.
Іште – дұшпан,
Сыртта – жау, тарқамады-ау бір құсан,
Қадаласың қай жауға ақ жебе боп ырғасан?!** –

Көркем өлең. Әлгі жігіттің сөзін селге кетіріп, серік болайын деген тілегін жолаушы қабылдамады; себебін де айттты. Сондағы пенденін дәрменсіз күйін қалай жазатынын қараңыз:

**Бәрі жалғыз жігіттің – мақсұт алыс болса егер,
Алыстарға адам тек жалғыз ғана жол шегер.**

.....

**Бұлттар қамап жан-жақтан,
батып-шығып сасқанда
ай да жүзін жаниды қара қайрақ-аспанға
қайралып ал әуелі, ит қапты деп қашпа алға
тауық болар қыран да жұмыртқасын басқанда:**

Осы жолдарды оқыған соң терен тыныс алып, қайратсыздың күйін кешіп, қаймығып, тауық тірлігіне мойып, жасып қаласын.

**Балқитұғын бал құсан,
Бастап кетсе дана ақын;
Батырлығы бастаса
Тас боп қатып қалатын.**

.....

**Ақындығы – жылтырып,
батырлығы – қатырып.**

**Тұнғыш мәрте қарады ол әлденеден қауіп қып,
түбін шапқан ағаштай қалды бір сәт ауытқып:
– Ағаштың да күз ұрса, –
жапырағы өлер, басы өлер
Алла разы, жігітім, жылы ұянды баса бер...**

Сурет те, пәлсәпә да, өлеңге талға құстар қонғандай – осылай қонады. Келесіде батырға серік, ақынға атшы бола алмаған жігіттің ашынған көңілі:

**– Майда құм да қатал ұл туады екен, апырай,
қырсығынды, тым құрса, қимадын-ау,
батыр-ай.
– Ел қорғауға татитын туып алып ер ұлды,
Ез ел болып жүрмендер қорғалауға татымай!**

«Қорғауға татымайтын қор халық» жайлы айтты. Жаны күйген ақындар бұндай сөзді бүгін де – тәуелсіз заманда да айтады. Солай ғой! Зайыры «қорғалауға татымайтын» «ит халық» болмайды. Туған халқын еш кім де таңдай алмайды. Ол ез болса да, тобыр болса да сенің халқың. Сен сонан тудың, сен оның ұлысың; адап болсан мәңгілік құлдысың. Ақын әлгіндей шумақтарды халқы үшін күйгеннен жазады. Оны шексіз жанымен сүйгеннен айтады. Себебі: нағыз ақын өз халқын тек сүю үшін ғана жарапады ғой.

Әйтседе, азаматтарын арызданып жүріп аттырған, батырларын алдап, байлап берген, таңдаулы тұлғаларымыздың, көреген көсемдеріміздің көзін жоюға себеп болған кезіміз, қаскейге септескен жігіттеріміз (өкілдеріміз) болды гой талай.

Жұмекен басқа бір өлеңінде «Махамбетке өз басым жұз жылдан соң ас бергем» деп, замандастарына тоқмейіл қанағатты қабакпен қарап тұратыны бар.

Өзінен жұз жыл бұрын жасаған жерлесі Махамбеттің бейнесіне бейімдеп сомдаған әрі ақын, әрі батыр кейіпкеріне – оған арнаған жыр-дастанына ақын қанағат еткен сияқты, Оның ойы мен рухы өзінің жанына жалғасып, жұз жылдардың ауқымындағы мұраттар көкірегін кернеген Жұмекеннің бұл дастанда айтары – айтқан ойы шынымен де толайым. Біз бірге отырып, жырды ары қарай оқыық:

Ақыры ақын жалғыз кетті. Төрт-ақ жолда тұрған қымыл мен суретке – суреткерлікке, ақындық шеберлікке қарап сүйінесіз.

Ақбозатқа тақымын ақын қағып үлгерді,

Тақымымен ат баурын қара дойыр бірге ұрды.

Жігіт – қазық басында қатынша еніреп «бұлдірді»

уысына... қалды ұстап қылыш қиған шылбырды.

Ат үстіндегі ақын мен шылбырға оралған жігіті – қасқағым сәттегі қымылды төрт-ақ жолмен түгендей, көз алдыңа қояды. Әттең, бұндай суретті сезіну үшін атқа мінген қазақ болу тағы міндет.

Үзік-үзік жайларды

Жалғай алмай бір адам,

Жамау-жасқау ой кешті

Одан-бұдан құраган.

.....

Хан салғанда тепкіні,

Би бастады тұрткіні,

**Жұртым деді жұлышып –
түсінді ме
жұрт мұны!**

**Халқым деді қақырап
қайқы қылыш қолға алыш –
қайда бірақ сол халық?!
Қыздырғанда сары қымыз,
қақсатқанда қайғы шын –
біреуі ерсе дақпыртқа
көбі еріпті пайда үшін!**

«Пайдада басы қалған пенделік-ай!» десеңші. Халқымыздың басынан бақ таяр шакта әр батырдың – Махамбеттің де, Кенесарының да, Мұстафаның да, Әлиханның да, Ахметтің де, Тынышбаевтың да, Халелдің де, Міржақыптың да басынан өткен бұл да бір жан түршіктірер шындық – батыр біткеннің өкініші, көсемдеріміздің қасіреті бұл! Олар кез келген қазакты өзіндей ойлады, оған бауырындағы еміренеді. Содан да халқының арманына алданады, мұрат- мақсұтына алданады, халқына деген өз сүйіспеншілігі өзін алдайды.

Ендігі жерде жалғыз атты батыр – жапанда жортқан ақын елді есіне алады:

**Елді ойлап ед осы сәт – елестеді құм үсті,
Сирек тұтін, сұр сағым, қызың құшағы бір ыссы.
Анқау азаматтары әзіл айтышп, тамсанып,
қонақ етер жауын да, құдасындағы қарсы алып.**

Осы күйіміз – анқау, аңғал сенгіштігіміз күні бүгін де басымызда:

**Тарлық етсе лашын-тырнағының белгісі;
жарлық етсе жаман хан – ондалмайды енді ісі:
хан қараға жауығар келген шақта өлгісі.**

**Хандар – күшті,
дала ұлken,
халық қара,
мен кіші,
кішімін деп халқымды жауға берсем – нем кісі!
Мені қорлаған жалғыз-ақ әлсіздіктің белгісі.**

Өткен екі ғасырдағы ұлт тұлғаларының ең өзекжарды мұратын да, өкінішін де, осы өлең жолдарымен ойға алыңыз да бүгінге жалғаңыз.

**Берем десен, құдірет, жақсыларға сыйды егер,
ерліктерін – тұзге бер, берекесін – үйге бер,
женділерге – білек бер, жағалыға түйме бер,
женіс берме жаманға, женсе – жаман үйренер:
жаман үйренгені сол – жия алмай жүр хан есін,
әділеттің жоқтығы – күшейткен ғой дәмесін!**

Қазакта «Қашан айттың деме?!» деп, қабаттап ұстаған қайшыны бетіңе білеп сөйлейтін мінез болған. Мына сөз бүгінгі бізге жасаған ескерту сияқты. Жұмекен рух та, ат үстінен шіреніп, бізге қамшы білейді. Себебі: «женісті бере-бере жаман үйреттік». Әсірісе, «жамандарды» жаман үйреттік. Женіліске етіміз өліп, бойымыз үйренді... «Қайран, Жұмекен-ай, қай заманды жазғансың, қандай өлең қалдырығансың?» дейсін. Сайысқа түскен тұлғаға жетпіс емес, сексен емес, тоқсан тоғыз пайыз «женіс беретін» жүрт болғанымыз шын ғой.

**Хан, төре бар алаяқ – ел ертеңін болжамақ,
Суық қымыз жұтатын,
сұлуларын олжалап.
Елім дейді олар да,
Халқым дейді қақырап,
Тонқаң қағып тон киген тоңмойын мен ақымақ.**

«Жұмекен – жұмбак» деп көйтіп жүрген кім өзі!» демейсін бе!? Бұдан артық қандай ашшылық, қандай ашықтық болмақ. «Тоңқаң қағып, тон киген тоңмойын мен ақымық» «халқым!» деп, жағы талмай қаңқылдап, төрімізде толып отырған жоқ па!

Пәни дүниенің рахаты, оның сұық қымызы мен сұлулары алаяқтар мен алдамкөстердің қолында кететіні бұрын да, бүгін де ет үйренген – қоғамның сипаты болған жәй. Бұдан былай да солай бола берер.

Тек қана ой мен ішкі ышқынған жан құбылысының тебіреністерінен өрілілген көркем дастан. Оның қай тұсынан үзіп алсаң да, сөзінің өн бойына, мақалаңың әр тұсына гауһар таққандай жарқырап тұрар еді.

Дастанның – жеті бөлімнен құралған саф алтын, шымыр шығарманың әзірге екінші бөлімін аяқтап келеміз. Онда да тек таудан ойып алғандай ойларымен ғана әлек болып отырмыз. Дастанның қайталанбас көркемдігіне; тосын теңеулерге – метапорага мойын бұруға мұрша жоқ, сөзді ұзатпайық деген түріміз.

«адыра қалған Нарында» не жоқ дейсін, бәрі бар:

айдын көл бар қопасыз,

жайдақ қыр бар жотасыз,

азамат бар батасыз, аруана бар ботасыз,

ку құлқын бар баяғы, баяғы өмір – опасыз.

**Ойраны бар ошақтың, шаңырақ бар тұл қалған,
ақ жаулықты ана бар – бірде дана, бірде аңғал.**

Жалбарынсан жаумайтын

бұлттары бар бұлданға

енди қашан бұлданып болар екен бұл жалған!

«Енді қашан құбылып болар екен бұл жалған!» деп соңғы жолын қайталап, кідіріп қаласың. Осы жолдарды жазғанда ақынның санасында күй ойнап тұрғаны анық. Ал өзім бұл жолдарды

оқығанда батыстың жыр мақамына салып, іштей әндептіп өтем. Өлең сөздің, өрттей ойдың осыншама құбылып, құйылып түсіне қарап, шабыт, екпін, ұйқас, қисын дегенді, талант дегенді тани түсем.

Балаға сабақ сөйлеген мұғалімдерше түсіндіре бергіміз келмеп еді. Зайыры, тамаша өлеңді талдаудың өзі бұлдіру. Ол тұтас, бүтін сұлу дүниенің жігін ашып, бөлшектеу сияқты жұмыс. Десе де, Жұмекенді-ол қалдырыған ойлы өлеңдерді оқудың мектебі қалыптаспай жатқанын ескере отырып, сом алтыннан құйған кесек дүниесін былайғы жүртпен бөліскіміз келді.

Шығарманың өн бойын тәуелсіздік аңсау мен «қары ұйып» қақсаған күресті сағыну кернеп тұр.

**Баран – сәлем сол елге,
байғұс құсым – қызығышым,
қайғынды ермек етерсің, қанатың бар, тұзде ұшып.
Заман – арыстан екен,
қүшік болсам – нем бар ед, арыстанмен ызғышып!**

**Қош, қош, қызығыш, мен кеттім, енді есен бол,
енді есен,
жиі қанат қағарсың қауқарыңа сенбесен.
Кіділігім – күшім бе, кісімін бір мен кесел:
Жем бойынан жем ілмен жеті мәрте жеңбесем!**

**Сағынғанда сол айдын ораларсың көлге сен,
айдын бетін аймалап жылағалы мөлдіреп,
Оралармын мен де елге ата-жауым женді деп,
қас жауымнан бір мәulet сұрағалы мөлдіреп.**

Батырды өкініш өртеп, ерегесіп құса қысқанымен, ақын жасып, женіліп бара жатыр. Туған даласын – Ақжайық пен құм

Нарынды қимай боздап бара жатқан ақын «Қас жауынан мәulet сұрап, мөлдіреп оралар ма еді» қайтер еді, егер алдында тор жа-
йылып, өлім күтіп тұрмағанда,

IV. БАС ШАБЫЛДЫ ЕҢДІ ЕЛДІ БАСЫНАТЫН КІСІ КӨП

БАСЫНУҒА БАТЫРДЫ АСЫҒАТЫН КІСІ КӨП

Жыр-дастанның әлгінде біз талдап өткен батыр да ақын кейіпкеріміздің шырағын өшірерге таядық. Жыр-дастанның үшінші бөлімінде батырдың мерт болған тұсын ақ киізге қызыл қанды ұйытып отырып, жазады.

**Жалғыздарды жалмауға
жатты тағдыр тор жайып
жалғыз еді Ер сол күні,
жалғыз еді Ақ Жайық.**

Ақын жалғыз келеді – көкірегі жатты ұлып...
көлгірсіді дүние – қар астына қақ тұнып –

....

**көлгірсіді әлдекім,
шылауынан алды аттың:
– Хош келдің, – деп, – батырым, –
қатты біреу салмақты үн.**

....

**секемсіздік – ерлердің сол баяғы соры да,
түсті қыран топастың торғай аулар торына.**

....

ертегінің еріндей еңсесі бар кісі еді,
найза тұсті қолынан,
батыр аттан түседі –
үй иесі емпілдеп есігінен ендірді,
сыртта қалды қол-қару,
бел-қаруын төрге ілді –
тағдыр, өстіп, ерді де емеурінмен көндірді.

Міне алмайды-ау дегенде Ақ боз атқа енді ырғып,
әлгі есікten алақтап ауру жандай есалан
қанжарлары қақаған кіріп келді бес адам,
үйдің түкпір-түбінен қоленкеге ұсаған
қылыштары қылқынып түрегелді үш адам.
Тұлғасы бар жирафтай одан-бұдан құраған
көтеріліп келеді пеш түбінен бір адам.

....

Үйде – ақ қылыш шабылды –
үріп кетті ит-пиғыл,
қасіреттің қасқыры әлдеқайда жатты ұлып.

Ақ текемет бетіне қызыл қаннан қақ тұрып,
дір-дір етіп ұйыды;
әй, дәурен-ай, өтпелі
ен болмаса бір баста тұра тұрсаң көп пе еді –
қаруына ұмтылды ер – әттен, қолы жетпеді:

.....

**Бас шабылды енді-енді – басынатын кісі көп,
басынуға батырды асығатын кісі көп:
бес қаруы қекжалдың кетті әркімнің белінде,
тақымында біреудің боз ат кетті кісінеп.**

....

**Алданды ақын соңғы рет – алдаған өз атағы,
саудагер ғой қашан да сыртқы жаудың қатары,
сатылады ішкі жау, сондықтан да – сатады.**

**Даналар да сондықтан қапы кетіп жатады,
әр тақымда кісінеп аты кетіп жатады.**

.....

**Айла өседі, деседі, үятты жоқ базарда,
сауда өседі, деседі, ел пигылы азарда.**

Бұл жолдарды сауаты бар кісінің бәрі де оқиды, түсінеді, бір сәттік қимылды қалай шебер суреттегенін түйсінеді. Талдаптармақтап уақыт кетірмейік. Дастанның ұшінші бөлімі осылайша, ақынның қанын шашып, батырдың басын кесіп, өкінтіп, өзекті өртеп өтеді.

V. ЕЛ ДЕ АЙДЫНҚӨЛ СЕКІЛДІ ТОЛҚЫМАСА ӨЛІ СУ

Келесі бөлімде батырынан айрылып бассыз қалған халқына карайды:

**Кенет ақ мұрт бұталар тұнжырап бір қайғы алды,
кенет Жайық-су жылап иірімге айналды.**

Ақ жел тынып – самал боп жылға кезді қаңғырып,
шар болаттан үшқан үн
жанғырық боп қалды ұлып,
төбелердің арасы – таба алмаған жарасым,

жемірілген жел мүжіп құлап түсті қара шың –
қақтығатын түк таппай қаңғып кетті жанғырық;
Дала кенет өкінді шілігімен санды ұрып,
қанталады ақ аспан – қабағында қанды бұлт.

Бұл тұстағы қисын мен үйқас, өкініш пен өлі дүние табиғат
суреті ғана емес, сол суретпен бейне беретін басы кеткен елдің,
батырын мерт еткен елдің ауыр халі – бассыз, батырсыз халі.
Оны сіз де біліп отырсыз.

Бәрі тынды: жыршы өлді,
қапы кетті – бар ма амал
ақ қылыш қып өлеңді ақын өтті – бар ма амал
көк тыыннан өзгені қөзі көрмес көр-надан
өзін-өзі қорлаған, жұрт, сен үшін арланам!

«Өзін өзі қорлаған, жұрт сен үшін арланам» бұл – ав-
тордың сөзі. Қарорман халқын таңдайына үйытатын ақыны
жоқ, қайысқан қолдың мандайына шығып семсер суыратын ба-
тыры жоқ ұнсіз қалған өлі ел – Бодандықтың-бықсық тірліктің
алғашқы кезеңі. Ендігі кезекте «ақырып сөйлейтін» мінез
Жұмекеннің өзіне – жырына жүктелген.

Сонда ақынның қолынан құлап түскен қаламын –
жарты ғасыр өткен соң Маяковский алады,
хан әлсіреп, туғанда ой да тағы қатайып,
ақ семсерін батырдың ойнатады Чапаев.

Ақынның бағана айтқан иесіз қалған бес қаруы ғой бүл. Қаламынды да, қаруынды да – екеуін де отарлаушыға солай да-солай тапсырдың. Енді ары қарай халықты көтеретін, толқыта-тын кісі жоқ.

**Бас қырқылды, ал сол жолы,
кеуде тынды бір түрлі,
басы кеткен кеудедей ел де тын-ды, бір түрлі,
шөпті сылдыр еткізіп, жел де тынды бір түрлі,
кірпігіне бұтаның мөлдір шық іркілді,
кірпік қақпай қайың тұр,
самал леп жоқ үп еткен –
әйтеуір бір ел болды тұтіндерін тұтеткен.
Ел де айдын көл секілді,
толқымаса – өлі су,
ондай көлді шалшық қып бөлісу жөн, бөлісу.
Бөліседі кім мен кім?
Бөліс деген – далбаса
негылады бөлісіп,
егер түгел алмаса?!**

Ия, түгел алды, түбімізге жетті. Мал-мұлікті тартып алып, милиондал қырып салды, Толқыны жоқ көл сияты мінезсіз жүртты кім басынбайды. Әбден басынды – әлі басынады.

**жанды жерден жабыла ұр – бәтшагардың жұмысы;
«халық қамын ойлаған» патшалардың жұмысы
қылт еткенді қырқу ед:
біреу өссе маңайдан
ақ патшаның қылышы сілтенеді қалай дәл,
ұзын еді не деген Еуропаның қылышы!**

Отаршының қылышы ұзын болғанын-кейін қалай созылғанын біз де көдік. Мәскеуден сілтенген қылыш арамыздан шыққан арыстарымыздың мәндайын тескенін, жұлдынын кескенін көзі көрген Жұмекен сол бодан заманда-ақ осылай жырлады.

**Азияда қырқылған шын батырдың басы әлгі
Европага жол шекті салтанатпен жасанды.
Басы кетсе дененің – бітіруші ед қеуде не,
бітірері: «байғұс-ай, обал болды-ау» деуде ме?!**
**Олай болса бұл тірлік оңай екен пендеге,
оңай жолмен, ақынам, жүре алмайсың сен неге?
Жұрт осылай ойлайды, өтейді өстіп парызын,
түсінбеген құлаққа күй де, жыр да – бәрі ызың.**

«Оңай жолмен, ақынам, жүре алмайсың сен неге?» деп, бұл жерде Жұмекен ақын өзін айтты. Ол қыын жолды таңдады. Ол өлең мұратына – өлеңнің биік көркемдік мұратына адал болды. Семсер сөздің сертіне берік болды. Аянған жок: Ұлтының бостандық мұратын – еркін жазды, заманының ауыр дертін жазды. Айтпақшы, осы жержегі «ызың ды» жыр-дастанның сонында – қызыл қанды жазатын бөлімінде «қызыл ызың жел есті» деп қайталайды.

VI. ЕРЛІК ЕТСЕ ӨЛЕРІН БІЛГЕНДІКТЕН ДЕР ЕДІМ

Үшінші белімде жазылған оқиға мен ой төртінші белімдегі толғаныспен сонына жетіп, осы бесінші белімдегі ақындық менинің толғанысымен мәреге жетуі керек еді – шыгарма аяқтауы керек еді.

Осы бөлімде ақындық «меннің» толғанысы Жұмекенге тән тосын ойларға, тың тіркестерге, өзгеше көркемдікке құрылады. Бұл бөлімде санасын сұрапыл шабыт пен таудан ойып алғандай кесек ойлар булықтырған ақын-рух Алатауға жанасады; шыңдармен астасады. Биіктегі қалқыған сананың қара бұлттай түнерген бейнеге келуінен «Меннің» өзін көреміз.

**Білгендіктен өлерін көрсетеді ел өнерін,
ерлік етсе – өлерін білгендіктен дер едім.
Жалынды ақын жасамау үшін түбі жасық іс,
ажалға өзі соқтыққан ізден барып асығыс.**

**Жел, сен де асық, тарт алға,
ұмтылғанға бер медет, –
бұлт та асығыс келеді Алатауға өрмелеп.
Найза-шынға соқты кеп қап-қара бұлт түнере,
ол да өзінің бір жауса – «өлетінің» біле ме?**

Көркем сурет, сұлу паралель. Ғұмырлық ішкі қысым – ақындық мінсіз болмыс – құбылыс қара бұлттай ауқым алып, аспандал кеткен. Ол – Жұмекен рух.

Асығыс тауға өрлеп, шынға соғылып, соңғы рет төгіп өткен ақын көнілі – ақын өмірі. Бір кезде Жұмекен өзі «Өлең деген кәсіп емес, өнер» деп жас ақындар туралы мақаласында айттып еді. Сол жылы – осы сұрапыл дастанды жазған 1983 жылы өзі де дүниеден қайтыпты. Өлерін біліп, өнерін – соңғы рет көрсеткені ме деп те ойлайсың. «Жанғырығы» үнсіз жоғалмай, бір күндері қайта жаңғыратынына; бір жарқ етіп танылатынына сеніп жарылғанға ұқсайды. Дастандағы төгілунен, осы бөлімдегі «меннің» өлім жайлы толғанысынан, ақындық биік

денгейіне деген сенімі, найза шыңға соқтығысып, соңғы жарылуы, соңғы нөсерлетуі екені анық. Ол – жырды құнттап оқыған жанға анғарылады. Ақынның осы бөлімдегі өзі туралы толғаныстарын танып отырып, ақындық парызының алдындағы шабытына – арғымақ аттай шабысына сенгенін адами мақтанышын – қабағат қанағатын көреміз.

Атырауға құйып қал

Еділ мен Жайық таласа ақ.

Біз де ерміз-ау, уақытты асықтыруға жарасақ.

Ақын уақытты асықтырады. Мынадай өлі суға айналған ұлтын болашағы бұлышыңыр шақтан күні бұрын өткізуге сеп болғысы келеді.

Уақытша болса қорғауға

Еділ мен Жайық арасын

Арғымақ мінген арлы ақын

Асығып қайда барасын.

Зайыры Жүмекеннің арлы ақын екеніне, өлең сөзде арғымақ мінген ақын екеніне, оның жыр жазудағы мақсұты елін-жерін қорғау екеніне оның өлендерімен таныс кісі шек келтірмейді.

Шалымың барда әу деп қал

шайқап ал сөзді шабыттан,

өңменіне өлшеп сөз сөйле,

арынмен ақтал – анықтал;

Өшесің сен де түбінде –

шамшырақтарым, жанып қал

жылудың болса жылт етер –

жанып қал деуден жалықпан...

**Пәлсафа, тоқта, мұң құйма
бұрқырап ағар ойға есіл,
дананың ойы, қоя тұр,
ақынның тілі сөйлесін!**

Жұмекен ақынның сөзді шабыттан алтын шайқағандай «екшеп-шайқап» алып отырғанына, өлеңі есіл ойға құрылып, бұрқырап ағып тұрганына сөз жоқ. Сөйтіп, «пәлсафа мен даналық ойдан» бұрын ақындық көркем тіл мен шабытқа дес бергеніне әзірше осы шумақтарды қуә етейік.

**Шаман барда шалқып қал
шагала құстар шарқ ұр да,
арғымақ мінген, алға тұс,
жабылар жүрсін артында –**

Жұмекен өз заманында қатарының алдына түскенін, өзі бейнелеп айтқандай «арғымақ мінген ақын» екенін анық білді дедік кой. Жұмекен дәл осы дастанды жазғанда оның жүздең замандастары Ресейге отар болудың – «Өз еркімен қосылудың 250 жылдығына» жарыса жыр арнап, романдар жазып, бодандыққа борбайын төсеп, «заманға күйлеп» жүрген кез; Орысқа, отарлыққа адалдығын жырлаудан жарысқа тұсіп жатқан кез болатын. Сондай жабы мінген жарамсақтар – қарайып қасында жүрген қаны бір жаны бөлек жақындары еді ғой солар. Ондай жабыларды – қызыл жалау ұстап, қызыл шеке болған көршілерін Жұмекен ақын өзіне қайдан теңесін. Жұмекен жөн айтады: «жабылар артында жүрсін». Сол кезде алға озғанның көбін уақыт көміп те кетті.

**Ел қорыған ер де сол таба алмапты
бір тұрақ.**

**Ебі келсе ердің де ерке басын қырқып ап,
Ал қөлгірлер жүр әлі
көзі құліп
жылтырап.**

**Ал жарынан аса алмай
Жайық жатыр баяғы;
Толқындары көк тасқа тайып
жатыр баяғы;
Тасасында тастардың,
Қабатында құмдардың
ақынды алдап өлтірген
айып жатыр баяғы.**

«Ақынды алдап өлтірген айып жатыр баяғы». 2017 жылдың тамыз айы еді. Алматыдан Өскеменге ұшқанбыз. Өлең жайлы, Жұмекен жайлы сөз болғанда қатар отырған Қайнар Олжай осы шумақтарды жатқа оқыды. Дауысында жыр тағдырының дірілі мен тамсанудың бояуы бар еді. Төменде Тарбағатай талары жатыр. Оған өлеңдегідей ойлы жүзбен көз кідіреді. Бір оқығаннан жатталатын нағыз жыр ғой. Байтақ даламыздың кез келген түкпірін – Алматының алаңынан тартып, Арқаны айналып, Жайықтың арғы жағасына дейін ерінбей актар. Аударылған әр тастың астынан айыптың таңбасын – аңы тағдырдың ізін табасын.

Біз мынадай шумақтардан соң дастан бітті деп ойлаймыз. Бірақ Жұмекен оны бітірмейді. Ауыздық басып, ақ сабыны

шыққан тұлпар шабыт тағы да екі айналым жасайды. Сәйтіп, төтінші бөлімге қысатын алтыншы бөлім және қанға боялған қызыл заман сипаты суреттелген жетінші бөлім туады.

VII. ҚҰДАЙДЫҢ Да АУЗЫН АЛ, ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛ ПАРАЛАП

Басын алып батырдың хан мен бектер андыған,
жырма аттылы саусылдап атқан шақта таң қылан, –
сырты «жуан» сұлтанның өтті дейді алдынан.
Сұлтан сонда мырс етті, мұрты астынан сөйледі:
– Мынау ердің еріне лайық іс қой! – деді.
Бөрімісің, Бекетай,
барыспысың жас арлан,
қайсың, деді,
батыл ғып хас батырдан бас алған?!

.....

Сол-ақ екен, шолақ топ қаруларын серместі,
қамшылары шошаңдал:

«Мен, мен» десті, «мен» десті.

Біреулері даурығып дауға басты енді ескі,
бұралқы иттей бірі ұлып аңсан тұрды келместі.
Бапты сұлтан балғын жүз жігіт еді бір сұңғақ,
сұңғақ бойға ылайық біткен еді түр-сымбат,
жауа алмаған бұлт сын-ды қабынады ырсылдал,
бешпетінің тігісі жарылады тырсылдал.

Жендеттерін жіберіп, батырдың басын алдырған Хан Сұлтанның бейнесі сөз бастағанда бәрімізге тосын мүлде басқа бағыттан шығады. Басқаша сайрайды. Шексіз шешен-көсем кісіні көресің.

Қабанындай қамыстың шабынады сол шақта:

— Үә, тексіздер, бәріміз түгел хайуан болсақ та,
еркіміз жоқ дегенмен, есек емес едік қой,
айтағына уақыттың осыншама желікпей
қоя тұрсан ңең кетті, өңкей есер құл неме,
кенкілдесіп құлғенге кенкелесер құл неме:
қаран болсын мына құн,
беті құйсін мына Айдын, —

Бекетайдың құмына бетім басып жылаймын!
Бір батыры жоқ елге сөз не керек, үндеңе,
қазан қайнатқан жұрт ең бір еркектің атымен;
көсөу ұстап қайыр, ал қозы ғылыш қөгенге –
қару ұстап не керек қасиеті жоқ елге.

Басын ұстап батырдың басынғалы кеп тұрсың,
қанды ізінді, қарақшы, жасырғалы кеп тұрсың –
дұшпан құліп, дуасыз дос табалап бетке ұрсын,
жылдар сенің жылаңқы бет терінді сыптырып,
терісіндей қоянның керіп қойып кептірсін!

Бұл жерде Махамбет жырының екпіні танылады. Бірақ, Махамбет бейнесіндегі батыр өлген. Қызыл сөздің адырнасын тартып тұрган – қастық жасаушы Хан Сұлтанның өзі.

Мәрт еді ғой о жігіт,
Күркелі еді-аяу, күркелі
мұндай ері өлген ел – өшкеніңмен бір тегі,
өзінді-өзің өнештеп кескеніңмен бір тегі.

Тым болмаса біздің жұрт – жұтағанға жұрт еді,
енді біздің мінген ат бұтадан да үркеді:
енді бізде айбар жоқ,
қалың елдің беті ықты –
бетке ұстайтын беделің – сол адамда кетіпті.

Жетім лақша бауыздап топырағыңың бір төлін,
сыйлық алам деп келген неткен сорлы жұрт едін!

– Апырай, ә! – деп ойланып, отырып қаласын. Ығып, жасып қаласың. Кім айтса да айтылар сөз, дөп сөз. Бірақ бұл таныс бейне – көрген кісің сияқты.

Он тоғыз құл бақытсыз бағып келген бір есек,
біреуің жоқ татитын найза ұшына тіресек,
екі мың сом алмақ па ең?
Қайдасындар, төленгіт,
әр қайсына мынаның екі мыңнан дүре соқ!!?

Жұрген екем жұрт бар деп өзімді-өзім кірлеп мен,
кірлі көңіл іс етсем қолым жетпей жұр деп пе ең;
бетпақтанған кездерде – беттесуші ем құрметпен,
кетіскең бір кездерде – кектесуші ем құрметпен.
Қылыш суыра алатын «қырсығы» бар жоқ бірің,
арыстан – жоқ,
кіл мысық, сүйенгенің көптігің!

**Бүтіндікке келгенде бірігетін бірің жоқ,
күншілдіктен күніреніп босып кеткен біргінде;
ойсыз ауызға біткен ақ сақалың, ақ мұртың,
қаһарың жоқ, қамың жоқ,
халық деген – дақпыртың!**

Халқына зікінеп тұрган Хан Сұлтан ғой бұл. Дәл бұл жерде оның сөзі сөз сияқты. Жан түршіктіреді. Шынымен қуйініп тұрғандай. Қалың жүртты қаңылтыр майыстырғандай қақыратып бүктеп барады. Табалап, бар жігерінді үптең барады.

**Неменене жылайсың жаулықты ана, көзі аққан,
құтылмайсың бәрібір қорлау, құлу, мазақтан.**

Ақша алмақ па ен?

**Шын алсаң – қайғы, бейнет азапты ал
азап белінді үзгенше бір-бірінді қажап қал!
Көзіңе жас құйылар – тұбінде ағып қайғы-сел,
күндеуге – бар, тандауға, тануға жоқ байғұс ел!**

**Тақ бітетін әдет қой талайы аздау сорлы ұлға –
отырса ғой сол жайсаң мына менің орнымда,
жаға-женің желініп,
желге айналып бар ебің,
етегіндей жолшының қалай жалбақтар едің!**

Хан Сұлтанның мына сөздерін мақаламызға толығымен алдық. Себебі: өткен ғасырда өмір сүрген Жұмекен Алдыңғы ғасыр туралы емес, келесі біздің ғасыр туралы айтып жатқан сияқты сезімде болдық. Жұмекен жырдың қасиеті де сонда: өткен ғасырды тақырып еткен өлең келесі ғасырда да құнын бір мысқал кемітпейді; қайта жаңғырып, жаңалана түседі; «түйсікті

ерлер жолыққан» сайын түйіншегі тарқап, тамырларынды қуалап, жүрөгіне жетеді – қанынды тасытады.

**Ал енді ақтал алдында алғы күннің, жамағат,
есек тапсаң нокталы – көзін шұқып аралат.**

Құдайдың да аузын ал құрбандық шал паралап.

Жауыздықты – заманға арт,

одан қалса – маған арт!

.....

Енді менде не қалды?

Айла-әрекет, іс-ебім

құлдей ұшып жоғалды – күйік уын ішемін.

Кеше аспанда ем, ал бүгін

жерге құлап тұсемін,

жерден, сірә, жай таппай көрге құлап тұсемін.

Арқасында ақынның абырай алған кісі едім,

«Өзектіге – бір өлім» деуші ед.

маған – ұш өлім:

ұры өлімі – бір өлім – кешірмес ел ертеңі,

ұят-өлім біреуі, тағы бірі дерт-өлім,

осы үшеудің атымен енді өзімді өртедім –

ақ баталар күшімен, аппақ ана сұтімен

атақ емес, ат емес, ақ өлімді құтіп ем.

Болмайды екен ақ өлім алмағанға адал дем,

хас батырмен кетіспін – дос санап ем заманды ең –

Мына бетте Хан Сұлтан бәрін жапырмай тоқтамас па еді, қайтер еді, егер семсерлі ана көлденен шығып қанжар суырmasa.

Ақын адал «жазалаушы» ретінде халық орнына ана бейнесін алғаны анық.

— **Қой, ей, жауыз... мынаның сайрауына қарашы,**
бұ да жүртқа жанашыр азамат-ау, шамасы? –
Осыны айтып бір кемпір оқыс түрегеледі, –
естідің бе, халайық, мына зәлім не деді?!

Қорқау қасқыр, көрдің бе,
бастағанын қайда ұлып,
өзі өлтіріп батырды отырғанын қайғырып?
Не сезеді бұлар деп басынғаны о да елді,
кісі танып кісі боп тағы да алмақ беделді –
сездіргені өзінше майталман-ай дегенді,
ішінен гой, қанішер, қуанышқа кенелді,

Хан Сұлтан шынымен де ешбір «Имиджмейкер» ойлап таппайтын платформада тұрды. Өзі ұйымдастырған қылмысты да бет-беделіне қызмет еткізіп, қалың жүрттү мойытып, мойында-тып бара жатыр еді.

Қане, найсан, сайрап көр,
Нарын ұлы неге өлді?
Айт, айт деймін мен саған,
ер неге өлді – не болды?!
Қайқы қанжар жарқ етті туған айдай жаңадан –
оқыс қимыл етті ана,
мән берген жоқ және оған,
жүре берді бұрылып, болмады ешкім тосқауыл,
шөгіп қалған сұлтанды сүйеген жоқ жан-адам.

Автор қызыл сөзді қыздырып тұрған Хан Сұлтанды тоқтатуға солайша қарт аナンЫ тандайды және жан тапсыр сәтінде хан сұлтанға жан жақыннатпай бітіреді. Сүйеусіз қалдырады.

VIII. ТҰЛПАР ТУАР БИЕЛЕР СИЫР БОЛДЫ БҰЗАУЛАП

Жұасыды Ақ Жайық:

күн ашылды, жел тымық,
ел де тынды – желікті жігіттерін өлтіріп.
Бәрі тынды, бітті-өтті, бір күнгідей болмады,
бұталарды айналып өтетіндей жел-дағы
жапырақтар сыйбырызыз;
жолда шаң жоқ жым-жылас,
толқындар бар жалы жоқ,
жартас бар тек жылжымас.
Тенізге өткен шагала,
қарғалар бар, жоқ басқа,
қызғыш қана шырылдан көл қориды оқтаста.
Асау аулақ біздерден,
асаулардан біз аулақ –
тұлпар туар биeler сиыр болды бұзаулап.

Сонғы үш жолды оқыған соң шамалы тыныстап, ойлану ләзім. Ақын мұраты заманын, халқының шынайы өмірін жырлау және оны көркем жырлау болса Жұмекен ол мұратқа жеткен кісі.

IX. РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ШАБУЫЛЫ ЖОҚ БІТКЕН

Біз жыр-дастанның соңғы бөлімінде «түйдек-түйдек» сөздерді шумақтарға бөліп, толық күйінде жібердік. Жұмекенді түйсінуге әріптесіміз де әдеттеніп, сізді де дағдыланып қалды деген ойдамыз.

Кенет... Жана жел тұрды,
жел оятты толқынды,
қосылғанда жел мен жел – Дауыл тұрды:
жыртып ап
қара бұлттан қарт шыңға тікті уақыт бір тұмак.
Теңіздерді оятты, көлді оятты жылтырақ,
тауды оятты уақыт иығынан жұлқылап.

Күнбатыста лапылдан қызыл күрең жанды бұлт,
Атыраудың бетімен өтті қызыл жал жүріп,
Паровоздар ышқынып, завод біткен қалды ұлып –
кетті оянып тау-тасқа сіңіп қалған жаңғырық.

Жаңғырық бол оянды шаттық тулап, мұн ұлып –
ал қызыл шам жанғандай дүние тұрды құбылып.
Мың шам бірден жанғандай жарқ өтті өшкен
мың ұміт,
батыр қайта оралды өткен күннен бұрылып,
ақ қылышы қолында, ақ боз аты астында –
қойып кетті Жайыққа – қызыл бурыл тасқынға.

Боран тұрды ақ түтек, жоқ ақ емес, қып-қызыл,
шағалаға ақ емес, қызыл қанат бітті ұзын.
Қызыл бұлтқа айналды бұрқыраған ақ бұлттар,

**Бұлттар жаумай қайтеді – дауыл да бар,
дақпырт бар.**

**Жарға шапшып ақ толқын,
ақ жалдары майда әлгі,
қайта құлап түскенде – қызыл жалға айналды.**

**Жапалақтап жауған қар –
қалқып ұшқан ақ қанат
қызыл қанатқа айналды – жел қақпалап, қақпалап.**

**Қызыл-ызың-жел есті,
қылыш, қанжар тіпті ұзын,
сүйк құні тұтігіп туған Айдай қып-қызыл.**

**Қызыл нардың байланған ботасындағы ақ тамақ,
қызыл бұлтты қызыл шың еміп тұрды қақтап-ак.
Қызыл ердің қызулы толғауларын жаттап ап,
қызыл тарих сөйлейді – қызыл парак, ақ парак.**

**Біздің қызыл құрлыққа мұхит жалын жаяды,
өзгерді Жер бояуы, ал баяғы, баяғы
өз түсінде қалды тек қайғы, Шаттық, Бақ, Талап.**

Өлеңнің әр шумағындағы көркемсуреттер мен қымыл туралы айттар едік. Шынында сөзден қалдық. Жырдың сонша сұрапыл екпініне сөзбен ілесу қынға түсүде. Оны сіз де сезесіз. Біз бұл жыр жолдарындағы саяси суретке үнілейік.

Жер бояуы өзгерді. Қызыл ызың жел есіп, ақкудың қанатынан қардың қылтыуына дейін қызыл қанға боялды. «өз түсінде қалды тек қайғы, шаттық, бақ, талап». Тек қана халықтың арман

аңсары өз бояуын – қазақтығын – ақ жанын, арман – талабын сақтап қалды.

**Бірін-бірі халықтар оятқанда ыза ғып,
қан төгілді қып-қызыл,
карта туды қызырып.**

**Жауға шаптық Еуропа семсерлерін біз алып,
Азияның наизасы кетті сол сәт ұзарып.**

**Құпия емес: жұз жылдар бірікпесе ел іші іріп,
іріткен сол баяғы қиқым-ұғым, түсінік.**

**Дала қате жіберді: қан төгілді босқа, әлгі
түсінбедік қызыл ер құйып берген дастанды –
бізде Октябрь, расы, сол дастаннан басталды.**

**Қала қате жіберді: патша, ханнан ең ірі
қате кетті – шықты алғаш соны айыптан Ер үні.
Хан ту етті халқынан сыпырылған теріні,
қорғасыны – қысым да,
семсер болды темірі.**

**Қой, қой, бәрі – баяндау,
баяндауда көп мақсат:
сонда тиген денеме келеді әлі оқ қақсан –**

Ақынның өзі де оқырманына «түсінбей қалма, баяндауда көп мақсат» дейді. Дүние мың құбылса да арғы ғасырда арына тиген оқ ақынның жанын қақсатып тұрады. Бодандық кезде жұз жылдар бойы ел іші іріп, бірікпей жатса, соның бәріне себеп – «қиқым ұғым түсінік» – түкке түрғысыз мұdde себеп.

**Революцияның шабуылы жоқ біткен:
қарын тоқтық – бір басқа,**

**тоғышарлық-тоқтықпен
айқасқалы жаңадан келеді, әне, топ адам,
әлдекімді «қасқырша қарпығалы» жаңадан!
Карьеристер, орныңнан домалап, түс, домалан,
саудагерлер, саған да туады-ау бір зобалаң!**

Жұмекен дастан жазып отырған сол тоғышар тоқ заманың өзінде революцияның шабуылы қарқынды жалғасып жатқаны ғой. Сол заманда бұлай сөйлеуі емес, ойлауы мүмкін жан жоқ-қа тән еді. Жырдың әр тарауында көктен құйылып келген сөз нұры жұмекен жүректен өтіп, жалпақ далаға жайылып жатады. Ақынның табиғат пен заманмен, қара нөпір халықпен қарама-қарсы тепе-тең келіп сөйлейді. Дастанды оқып отырып сен де сөйтесің – заманмен, хан-сұлтанмен көз тіктесіп, ой шарпысып отырасың. Дастан оп-онай жазылған сияқты. Ойға ауыр болса да оқуға женіл

**– Құм Нарынның бір қырында құйғытып,
шаң боратып келе жатады,
қорамсақта – күрен сөз күллі Одақтық маркалы,
акын, әне, шіреніп жыр-садағын тартады...**

1983

Жеті бөлімге созылған жыр дастан түйдек-түйдек болып, түйіліп келеді де, осылай сабырлы аяқтайды. Революцияның шабуылы күні бүгінге дейін жалғасып, күш алғып түрган заманда мұндай көркем де терең, ойлы шығарманы жырлау, насиқаттау ұлттың жан дүниесін отарсыздандыру үшін қажет. Жұмекеннің ешбір жыры, ешбір жолы заманына тәуелді болмаған. Қайсар ақынның «Жаңғырығы» бірде-бір кейіпкерінің атын атамай-ақ, Махамбет рухының арқауына өріліп, осылайша тағы да, уақытына тәуелсіз аяқтайды.

«Қыран қия» поэмасында:

**Сәл түсінбей жүрген шағы мені елдің –
Бағы шығар жабы менен көбенің, –**

дегені бар.

Ия, Жұмекен заманына емес, өз мақұты мен жыр мақұтының сертіне аса берік болғандықтан да халқының, ұлтының ұлы мұраттарының, шексіз өкініштерінің өнменіне дәп келер дүниелер Жтуғызған. Тәуелсіздігі сол, отар ғасырдың өзінде отарсызданды ьұрат еткен жырлар жазып, оны бізге аманат еткенінде. «ЖАНҒЫРЫҚ» та оның басқа жырларымен бірге бірегей көркем жыр-дастан ретінде қазақтың рухын жаңғыруға, тілін тұлетуге, жігерін жануға, еңсесін тіктеуге мәнгі қызмет ететін еңбек.

X. ТҮСІНПК ОРНЫНА

«1993-ші жылы ақпанда елге келдік» – деп айтып журміз ғой. Алматының бағытсыз жолаушыдай басы айланып тұрган, әңкітәнкі шағы. Біз де жеттік бір қиырдан. Жұмекеннің «Жеті бояу», «Темір қазық», «Менің топырағым», «Ұлым саған айтам» деген кітаптары және Вознесенскийден таңдал жасаған аудармасымен қоса содан он жыл бұрын қолымызға тиген.

Бала күнімізде Абайды, Шәкірімді, Ілияс Жансүпірді, Қасымды, Міржакыпты әкелеріміз жаттатқан. Ес біліп, әдебиет оқып, «жас ақын» болған кезімізде Жұмекеннің кітаптарымен қатар Мұқағалидің, Қадірдің, Тұманбайдың, Шахановтың да жыр кітаптары Шәүешекке барған болатын. Біз Жұмекеннің «Темірқазығынан», «Торын», «Менің топырағымынан», «Жаңғырығын» оқыған соң, өлең мұратына, сез көркемдігіне – ақындық мақұтқа деген түсінігіміз басқа арнаға түскен болатын.

Кейін Жұмекеннің замандастарын меңзеген: «Терезесін», «Тағы біреу өлең оқыды»-сын көріп, Мырза-Әлі мен Шахановты оқығанда – езу тарқан кезіміз де болды.

Ол тұста «Тарбагатай» аталатын әдеби журналдың жауапты редакторы болғанбыз. Төте жазуымен шығатын Журналымызда Жұмекеннің өлеңдерін жариялайтынбыз. Кездесулерде Жұмекенді жатқа оқып, тосын теңеулері мен көркем суреткерлігі жайлы көсіле сөйлейтінбіз.

Щинжяңдағы 28 аудан қазактың арасында Жұмекенді білетін, оның өлеңдерін жаттайтын жастар көбейген.

**«Талай жұмбақ қүй шерттім,
Шашу ғана қалып тұр.
Ақылсыз көп құлақты
Кесу ғана қалып тұр» –**

деп Үрімші №2 емханасының дәрәгері Ақылбек сөйлегенде айрықша толқығанбыз; Жұмекеннің жыр үшін әрине.

1993-ші жылдың акпанында, тәуелсіздіктің 14-ші айында Алматыға – Азат Отанның астанасына жеттік қой. Сөйткен Алматымыз: «Қашқын қазақ қайдан келдін?!» – деп қарап тұр бізге. Боспыз.

Құжат жинаумен қажынқырып жүген бір күндері Жұмекеннің үйіне, одан шығып, Мұхтар Әуезовтың үйіне (мұражайына) бардым. Мұражайда шағын банкет өтіп жатыр еken. Еркін кірдім (іште құса бар). Төрде отырған Тұрсын мен Зейноллаға (Серікқалиев). Өзімді таныстырып, сөз алып: «Ет-жүрексіз, ерніңнің айта сөзін», – деп Абай айтып еді, ернімнің емес, жүргегімнің сөзін айтайын, – деп сөз бастағанмын. Есе тимей, дес тимей жүрген кез ғой. Жуық жерден қайырылмайтынбыз.

– Алматы – қазактың меккесі; ал Алматы мекке болса, қағбасы – Мұхтардың үйі шығар?, – деп, бір кетіп, ары қарай мұражайға арнайы жазып келген өлеңді оқимын:

**Жатсынба қабылдау бөлмесін,
Жасыма ақын, алға атта!
Қалмайды сенде сәлден соң
Шынашаққа ілер салмақ та...**

**Аққүба жүзім сұрланып,
Алмадың дерттен айыға.
Жаңарып қайтшы бір барып,
Ағарып қайтшы бір барып,
Мұхтардың мұражайына, –**

деп келетін өлең болатын. Тұрын Жұртбай – тебіренгіш адам ғой, қатты толқыды. Мен сол бетте Жұмекеннің үйінен шыққанымды айтып, тағы біраз екпіндеп барып, «Жұмекенге» деген өлеңіммен сөзімді аяқтадым.

**Жұмекеннің үйіне көрсем деп ем бір барып,
Ақын жоін сұрап ем айта алмады бұл халық.
Бұрма-бұрма көшениң қабат-қабат үйлердің
Қай қуысында отырды қайсар ақын жыр жазып.**

Енді Зейнолла Серікқалиев сөзге араласты. Ту Тарбағатайдың арғы бетінен келіп, Жұмекенді жатқа соғып тұрғаныма таң қалғанын жасырған жоқ. «Жұмекенді жатырқамай жылдам қабылдайды екенсіндер. Зайыра алыстағы жүртқа – Отанды аңсаған жүртқа, Жұмекеннің жан тебіренісі жақын екен-ау», – деп толғанды.

Дәл айтады: Жұмекен жырының биік тосын көркемдігі өз алдына бір құбылыс болса, өлең мақсұтындағы азаттық аңсауы мен жанының бостандығы өз замандастарында жоқ, дара қасиет. **Жұмекен жырлары оқушысынан, оның ішкі түйсігінен азаттықтың, бостандықтың саңлауын іздейді.** Ұлттық

еркіндіктің сәулесін, тамыздығын іздейді. Ал оны тапқан, таныған тұста, сен жүмекен жырының мәнгі тұтқындағы қаласың. Жаңағы «Жаңғырық» дастанында да:

«Түйдек-түйдек сөздерді
Түйген жерде мәні бар.
Түйсікті ерлер жолықса
Бір жарқ етіп танылар!» –

демей ме!

«Ұлттың Махамбет заманынан басталатын трагедиясын, ондағы ойы азат ақынның аласұрған күйін, елі бодан батырдың жанталасын, арпалысын, бүкіл халықтың жүз жылдықтарда кешкен халін Жұмекен ақын «Жаңғырық» дастанында жазды. Ол трагедияны дәл осы дастандағыдай жалындарып, лапылдастып, жанын түршіктіріп, өкінтіп, ат бауырына құлата өкіртіп жеткізген шығарма жоқ шығар».

Біз бұдан 16 жыл бұрын Жұмекеннің «Жаңғырығы» жайлышағын жазбамызды солай бастаппымыз. Бұл дастанға он айналып соқсақ та сол сөзіміздеміз.

Жұмекен ансаған, жан-тәнімен жырлаған азаттық...

Отыз жылға таяды. Оның жырындағы түйдек-түйдек сөздердің мәнін халық болып түйсінер кез келмедине?

Жиырмасыншы ғасырдың соңғы жартысында өлең сөзге шеберлікте, шабыт пен терендікте; Рухани кемелдікте, өлең кисынындағы ғайыптық ғажаптықта, әсіресе, Ұлт азаттық мұратын жырлауда Жұмекенге тенесер ақын болған жоқ! Оның көркем тілі, оның әсем жыры, оның азат ойы ұлтымен, ұлтының биік рухымен мәнгі бірге жасайды береді!

Алматы, 2019 жыл

ЖҰМЕКЕН ЖЫРДЫҢ ЖЕТІ БОЯУЫ (*Tүйін сөз орнына*)

Бір күрсінген шағымды көтерер ең ой етіп,
бір жыミған шағымды өткізер ең той етіп,
Қияр едің бәр-бәрін жалғыз сөзім үшін сен –
О, дариға-ай, мен жазған бір өлеңге түсінсен!

Жұмекеннің өлеңі, өзі туралы, өлеңіндегі сөзі туралы өлеңі! Біз Жұмекенді оқыдық па, үнілдік пе? Біз ақынның бір жымиған сәтін, әлде күрсінген шағын оның өлеңінен көрдік пе? Біз Жұмекеннің сол «жымиған сәтін» той етіп, «күрсінген сәтін» ой етіп көтере алдық па? Егер оны жасай алмасақ, ондай тірлікке бармасақ, онда сол ақынның бәрін-бәрін беретіндей, біз, тіпті, жанымызды қиятындаған ой мен сөзін түсінген жоқпыз!..

«Уа, дариға-ай», – дейміз ақынның өзіне ұқсан.

Осыдан соң Жұмекеннің шығармаларын тұу басынан түсіп, сонау «Балауса» жинағынан бастап қайта оқуға тұра келеді. Поэзияға қашан, қалай, қайдан, қандай ой-мақсатпен, қандай шабытпен, қандай көркемдік эстетикамен, қандай мінезбен, қандай дайындықпен келді?! Міне, соның бәріне үніліп қарауға, назар аударуға міндетті сыйқтымыз.

Егер Жұмекеннің поэзиясындаған поэзия ескерілмесе, Жұмекендей ақын оқылмаса, **бұғінгі ақын-жазушылар, бұғінгі өлеңсүйер қауым Жұмекенді білмесе, онда бұғінгі ақындарды кім оқымақ?** Жалпы қазаққа поэзия керек пе, керек болып па еді?! қазақ ұлтының тарихында, қазақ мемлекеттілігінің

қалыптасуында поэзия қандай рөл атқарды. 60, 70, 80-жылдардағы поэзия өз міндептінатқарды ма? Қандай өлеңдер, ойлар туды? Жұмекен қай жағында жүрді.

Бұл – бізді өлең әлеміне, оның ұлттың өміріндегі рөлі мен мемлекеттік мақсұтты әр қазақтың санасына қондырудады рөлін түсінуге талпындырады.

**Төбемде бұлттар жарысты,
Төменде оттар жанады.
Онан ұшқан әр ұшқын
Көкірегіме қонады.**

**Бұлақ-мезгіл сырғыса,
Мен тамырға тараймын.
Сынып түссе бір бұта,
Қабырғама қараймын.**

**Уа, туған жер шүкірсін!
Топырағыңа киелі
Бір есуас түкірсе,
Ол – бетіме тиеді.**

Бұл – Жұмекеннің сонау алпысыншы жылдары жазған алғашқы өлеңдерінің бірі. Төбесінде бұлттар жарысып, төменде оттар жанып, Жұмекен өзі туған жердің кеңістігінде қалықтап тұрған сияқты. Аққан судай заман сырғып өтсе, бұлақ сезім – рух уақытпен бірге әр қазақтың тамырына құйылады, бойына тарайды. Әр гүлдің, әр аршаның, әр шыршаның өзегіне жетіп, топыраққа сіңіп жатқан өмір тамшысы сияқты жұмекендік рух сана алқабын көктетіп, әр азаматтың, әр қазақтың тамырына тарап, жүрегіне рухына сіңеді. Туған жердің бір бұтасы сынса,

ақынның бір қабырғасы сынғандай. Бүкіл туған жер киесі жүмекен жанмен, рухпенен астасып кетеді.

**Уа, туған жер шүкірсің!
Топырағыңа киелі
Бір есуас түкірсе,
Ол – бетіме тиеді.**

Туған жердің бар екеніне, аман-сау, тұтас екеніне шүкірлік еткен өлең соңғы жолда сөздің түбін түсіріп, жеріне жеткізіп тоқтайды! Қандай өткірлік, туған жердің бетін өз бетім деуін. Ол – туған жердің, халықтың, қазактың, Жұмекен поэзияның беті. Егер оған бір есуас түкірсе, оны бір есуас қорласа, ақынның бетіне тиеді, әрбіріміздің бетімізге тиеді. Қазаққа айтылған ағат сөз, қазактың тілін, салтын, рухын мемлекетін менсінбейтін әрбір қылыш төзбейтін, қабылданбайтын әрекет. Ол – әрқайсымызыздың бетімізге түкіргенмен тең. Жұмекен өз заманында солай сезінді, солай жазды. Міне бұл Жұмекен өлеңіне тән мінез!

Ол өлеңді барынша қысқа жазады. Оқып отырғанымыз үш-ақ шумақтан тұратын өлең. Бірақ сұрапыл рухтың ауқымын қамтып тұр. Үш шумақ, үш мың шумаққа айналып, үш кітаптың салмағын тартып тұр. Біз Жұмекеннің «Жеті бояу» деп атаған кітебін білеміз. Бұл – Жұмекеннің өз өлеңіне, өз поэзиясына қойған атая.

МИҢСІЗ СҰЛУЛЫҚ

Жұмекен жырды тану үшін ақынның өз сөзіне, өз өлеңін қалай бағалағанына назар аудару керек.

Ендеше «Жеті бояу»: күннің түсі, кемпірқосақта немесе, қырлы хрустальда көрінетін жеті түс, бояу атаулыдағы ең ренді жеті сиқыр. Біз Жұмекен поэзиясын да қыялымыздың қырлауына салып, түр-түсін бөліп, осылай жеті бояумен көргіміз келді. Қасым Аманжолға арнаған олеңінде «О космос ақыны, ашық бояу өртенген» дегені бар. Біз ақынның өзінен ашық бояу көреміз. Қарап отырсақ, Жұмекен поэзиясының ең басты қасиеті, күллі поэзияға тән қасиет – көркемдік. Көркемдік деген шеберлік, шендестіріп, салыстырып ойлаудың шебер үйлесімі. «Қандай теңеу тапсам екен» деген ой ақын шабытының кілті. Ал Жұмекеннің көкірегінен теңеулер, жарыстырулар, салыстырулар таудан өзен құлағандай төгіліп, күркіреп келеді. Жұмекен поэзиясының ең ерек қасиеті де – мінсіз көркемдік.

...

**тас балқытқан талма түсте – балқымыз біз күнге ұксап,
қызыуынан алма пісті айқасқанда мың құшақ
Жұз толқындар бірін-бірі тұншиқтырып ағады,
Қыз толқындар бірін-бірі шымшып күліп барады.
Міне, біздің Алматы осы,
Алма төсі бұлтиып,
Алма-төске жас бұтандың саусақтары түр тиіп.
Жүрші, жаным, қыдырайық, неғыласың жалғыз қап,
Алатаудың ақ қарынан әперейін балмұздақ!**

...

Студент жүректің – жас жүректің Алатау төсіндегі ару Алматыға деген махаббаты. Сонша суреткер түйсік, тұнық теңеу, тасып аққан сөз өзен! Көркемдігі жағынан жұмекен өлеңдері ол – шын мәніндегі мінсіз поэзия.

СӨЗ СҮРЕТИ

Жұмекен шығармашылығының тағы бір ерекшелігі – ол сөз суреті. Шебер құйылған бейнелі өлең.

**Жалындап барды да батты күн,
Оның да уақыты болып қап.
Жүйрік жел баса алмай аптығын
Бұтаға сүйенді солықтап.**

**Жапырақ дір етіп басылды,
Қалың қау қалды ұйып – жабағы.
Бояулар қызылды-жасылды
Аспанда дыбыссыз ағады.**

**Жабырқап ой ерте, дөң ерте,
Ұзын бел баурынан жарады.
Сайлардан қаптаған көлеңке
Тауларды қусырып барады.**

Өлеңдегі ең биік мұрат, – сөз суреті. Жұмекен туралы сөйлеменде біз бұл тіркестерді жиі қайталаймыз. Сол сұлулық қана өлеңнің шын өлең екенінің белгісі.

Дәл осы өлеңді бұдан жиырма жыл бұрын Мұхтар Әуезов атындағы театрдың залында, Жұмекенге арналған кезекті бір кеште Зейнолла Қабдолов оқып тұрды. Аудиторияны менгерудің асқан шебері Зейнолла ага қолын сермен сөйлеп тұр. Жаңағы күннің батқанын асықпай, тармақтарға бөліп, нығыздап оқи келіп:

**...Жүйрік жел баса алмай аптығын,
Бұтаға сүйенді солықтап, –**

деп тоқтады. Қолын бұтаға сүйеп тұрған секілді, жанағы ентіккен желдің орнында өзі келіп сүйеніп тұрған сияқты. Егер жанағы жел жүгіріп келе жатып, уақыты біткенде тоқтай қалу керек болса, әрине, жүгірген кісі сияқты өкпесі солықтап тұрар еді. Сол солықтап тұрған өкпесінің қымылын, тыныс алған тұсын ақын қиялды бұтаның қозғалысынан байқайды. Осы шумакты оқып тоқтағанды қолын әлі де бір нәрсеге сүйегендей толқыта ұстап тұрған Зейнолла Қабдолов:

«Мұндай көркем ойды, сұлу суретті есі дұрыс адам жаза ма?» деп, залға қайыра сұрау тастағаны бар. Біздің айтарымыз – сөзбен салған көркем сурет жұмекендік өлеңнің ажарын айрықша ашатын, жан жанарынды әр сөздің ар жағына тартатын ашық бояуы жәйлі. Шынымен де мұншама сезіну үшін стандартты адами ойлау қалыбынан – «дұрыс естен» бөлек бір нәрсе керек болар. Күні бойы жүгірген жүйрік желді кешкүрим тауға ілініп, бұтаға сүйеніп алқынып тұрған түрінде көретін тағы бір былайша «дұрыс емес» сана әлемі болуы керек шығар. Солайша басқаша көру Жұмекенде болып тұр ғой.

ҰЛТТЫҚ БОЯУ

Ақын өлеңінің өң – келбетін өрден көрсететін тағы бір белгі оның ою зері, онда да ұлттық түр-түсі.

«Ақшагылдың» маңында дау тынгасын,
қайтсам деп ем Елге асып мауқым басып.
Қара күбі қымызын қанып ішіп
кетік қара шалдармен қауқылдастып.

Ескі асық достармен «мен», «сен» десіп,
аға үйінде алшандап еңсем бөсіп.
ақ жастыққа жантайып, жілік мұжіп,
кемпірлермен кемиек кемсендесіп.

Шұқірмін болмаса да сый мансабым,
жырды ерітіп қара сөз құйған шағым.
Төрді ансадым жабағы төсегі бар,
қонырау қақпай кіретін үйді ансадым.

Мынау жыр шумақтардан ауыл келбеті, елпілдеген ел-жұртының тотықкан тозыңқы жүзі мен кіршіксіз көнілі көрінеді. Онда да май бояулы суреттен көрінген сияқты қанық бояуларға қарап тұрғандайсың. Ақын шығармаларын оқып отырсан дәл осындай ұлттық бояуы көз бауарар ою зерлі шумақтардың жүздеген мысалын көресің.

ӨЛЕҢ МІНЕЗІ

Жұмекен жырдың соншама биік, тұнық деңгейде туатыны ол – мінезден, ол намыстан, ол ар тазалығынан, ол сол тазалықты өмірінің барлық сәтінен бастап қаламының ұшына, сиясының бояуына дейін жуктей алғаннан.

Анау келген кім болды еken, біліп келші кім еken,
Батырлық па? – өз терімде күтіп алам, түнетем,
Байлық болса қулау болар, тұра қара көзіне,
Кімде болса алдамасын, алданбасын өзі де,
Қайғы болса – артында оның қуанышы бар шығар,
Бірі кірлең, бірі жуып, кеудем менің аршылар.

Бақыт болса – денем әлсіз, көтере алман (өз ойым)

Арман болса – өмір бақи арқалайын, төзейін

Адалым боп арнап келсе – барым әзір, көңіл хош.

Түсір жылдам, атын байла, қырауын қақ, тонып шеш.

Шындық болса – кілем төсе, дастарқаным жаямын,

Жалғандық па – тулақ таста, сүртіп кірсін аяғын.

Бұл өлең талдауды қажет етпейтін тазалық түрғысы. Ол – «Айсыз қара түндерге ат құлағын қақтырып, тәуекедің қолына тағдырымды лақтырып...», деп «Темірқазықты белгі еткен» айнымас мақсұттың ұстабы. Ол өз естеліктерінде «мен адад болдым, ол арам болды... мен жанып түрдым, ол бықсып жатты» деп өлең жазатын замандастарына күйініп отыратынын білеміз.

Жұмекен Абайды мінсіз ұстаз тұтады.

Абай – жырды құрметтеп, ырза етейін дегенде

жаңа киім іздеген күллі әлемдік көлемде.

Фрак жапқан жырға асыл –

Жырласа сол жырласын:

Өзі киген құпіні – кигізген жоқ өлеңге.

Ойлар ашты басқа өнін,

Жырлар туды жас көnlі –

демек, кигізді өлеңге ол Европаның костюмін:

Пушкин, Байрон, Гетеңің өлеңінің өтін ап

құйған сын-ды ол:

Бір ерек құнар тапты топырақ, –

дейтіні бар. Онда да батыстық поэзияның өзін емес, «өлеңінің өтін алуын» қарашы. Тағы сол сыйқты,

Алатауың – Абай жазған өлеңдей,

жаратылған мықты болып «өлердей».

**Қатып қапты тағдырына мас болып,
«құдайына» не жалынбай, не көнбей, –**

деп толқыйтыны бар. Жүмекенмен замандас болған ақындарды көзіміз көріп жүр. Мысалы, Мұхтар Шаханов:

«Мен Абайды оки алмаймын. Абайдың өлеңінде қазақ өлеңінің технологиясы кемелді емес. Пушкин орыс поэзиясына жаңа өлең әкелді. Ал бізде ол – Төлеген Айбергенов пен Істай Мәмбетовтан басталады», – деген сөзді өз баяндамасында айтты. Міне, бұл – бір заманда жасаған екі ақынның Абайға деген көзқарастарының, көркемдікке деген талғамының шығармашылық мінезінің алшақтығы.

ҚҮЙ ӨЛЕҢ

Жүмекендік өлеңің өз тұстастарынан дара шығатын тағы бір ерекшелігі – музикалылығы. Қазақ қана емес әлем поэзиясында аналогы жоқ «Қүй кітабында» қазақ қүйлерінің бір шамасын сөзге айналдырады.

Үйден алыс шыққанда екі аманат қалдырам,

бірі, ұлым, өзіңсін,

екіншісі – домбырам.

Екі асылым – екеуін,

жудеп жүрмін ішімнен,

мен ауылдан шыққалы сендер шықпай түсімнен.

Өзінің жалғыз ұлы мен жан сырласы – домбырасын параллель қойып, теңестіре суреттеу, домбырасына деген сүйіпеншілігі мен ұлына деген әкелік сезімін жарыстыра, жарастыра жазу – ақын тебіренісінің шыңы.

**Ііскең жүрем тұн бойы мандайынан, жалғызыым,
шертіп жүрем тұн бойы домбырамды алғызып.
Әлде кімдер сені ұрып жүреді ылғи жылатып,
домбырамды жүр біреу
дың еткізіп құлатып.**

Егер үйінде домбырасы бар кісі болса, оңаша сүйеп қойған домбыраның оқыс құлаған сәттегі адам көңілінің дір ете қалатын тітіркенісін ол біледі. Дәл сол түйсікпен енді есесі кетіп, әкесін іздеп жылап жүрген жалғыз ұлды елестетші. Қыска өлеңде ақын әдемі шенdestіреді – көркем параллель жасайды. Тапқырлық – шығармашылық шеберлік сіздің де, біздің де көңілімізді баурайды.

**Есік қағам мен ылғи асыққаннан кешігіп,
қағам сонда күй менен махаббаттың есігін.**

Асығып оралған ақынға екі есік ашылады. Ол махаббаттың – үйдің есігі және күйдің – күй әлемінің есігі.

**Кекілінен сипамас бұрын сонда мен сенің
сипап көрем қос ішегін домбырамның,
кеш, ұлым.**

Мұндайда айтарға сөз таппайсың. Үнсіз қалғаның он. Тек осы өлеңдерден кейін тебіреніп қана отырудың жөні бар. Тағы да біз көп қайталанып жүрген сөзге оралайықшы. «Жұмекен – жұмбақ» деген сөз көпшіліктің көкейіне ұйып қалған. Көбі жұмбақ шешкісі келмейді. Бірақ осы өлеңнің қай жерінде жұмбақ бар? Жұмбақ жоқ. Жұмекеннің өзі домбыраның қос ішегі секілді тебіренгіш, саусағың тиіп кетсе сайрап қоя беретін шешен домбыра сынды аса сыршыл, шебер ақын. Домбыраға

өлең арнаған, домбыраға деген сезімін жырлаған ақын аз емес.
Бірақ оның қадір-қасиетін Жұмекенше сезініп, сонша дәлдікпен
суреттей алған кісі сирек.

Оған себеп: Жұмекен аса талантты әрі кәсіпқой музикант еді.

**Үн төгілді түрленіп – көк гауһардан кетті аумай,
Жарқындығы – күлкідей, мұндылығы – жоқтаудай,
ащылығы – шындықтай, тәттілігі – шабыттай,
Жеңілдігі – көбіктей, ауырлығы – табыттай.**

Күй туралы Жұмекеннен өзге бұлайша айта алар кім болды?!

Үсті-үстіне төпелеген көркемдік қой!

Алатау, деймін,

Алатау деймін...

Не түсіндің бұ дүниеде – ұлы болып, Алатау,

Не тындырдың мына әлемде – шыңы болып Алатау...

Құрманғазының «Алатау» күйімен сөз жарыстырған өлең осылай басталады. Құрманғазының бұл күйі басқа қүйлерінен мүлде өзгеше сөйлейтін, өзгеше салмақ пен толғаныс тұнған күй. «Сарыарқа» немесе, «Адай» сияқты ат жалы – тізгін ұшында ширығып, кең даланы шаңға бөктірген айқас-тартыс емес. Соншама мұнды, сабырлы, бүкіл ғалам қасіретін өз үстіне төңкергендей толқынды күй.

Жұмекен осы күйді өлеңмен ойлағанда – ондағы мұнды, қасіретті, үмітті, арманды, өкінішті, қайғыны күй тілінен сөз тіліне аударғанда өзі де күйшімен әлде, «Алатаумен» теңесіп отырады. Өзі деймін-ау, Құрманғазыны – күй тартқан кісіні Алатаумен тең біiktікте көреді.

СӨЗ АСТАРЫ

Біз жұмекендік өлеңнің музыкалылығы жайлы – поэзияда аналогы жоқ «Күй кітабі» жайлы айтып отырып, Өзі жасаған тұста Жұмекен ғана биік денгейге жеткізген «АСТАРЛАУ» тәсіліне ерекше мән береміз.

Айтқанымыздай ақынға тән айырықша тәсіл ол – бодан заман үшін одагай келетін ойларын көркемдікке орап, астарлап жазу болды. Жұрт жүргегіне жеткізсем еken деген азат ойларын сөйтті. Бұл – Жұмекеннің де ой-санда, ұлттық ұстаным жағынан кемеліне келген шағы.

Ту баста «Қазақ жері менің жерім, бұл ел менікі» деп басталатын жастық жігер тай-таласқан азат рух жұмекен ғұмырдың және жұмекен жырдың өзегіне айналды. Осынша асыл арман-мұраты мен ішкі құресін өлеңдерінің өзегіне өріп отырды.

Сонау алпысыншы жылдардың басында жазған «Егін» балладасы мен «Лумумбаның өлімі» өрімі қатты, өзегі азы өлеңдер.

**«...Кетпен ісі өткен шағым баяғы іс
трактордың табанына тапталды
кетпен саған аяныш»**

...

**Ей көк аспан, жердің даңқын паналат!
Сөйлемейді жүрек жаңсақ, жан ағат:
Тойымсыздық жасап жатса бақытты,
Неге керек, неге керек қанағат!**

Жас Жұмекен солайша күйіне жазып жатқанда Замандастары миллиард пут астықты жырлап жүрген.

Алпысыншы жылдардың басында жазған мына өлеңдердің астарына қараңыз:

Кеудемді кек болып тіреген
Сол өлім жәйлі бұл тірі өлең.
Сен-дағы бір үлкен жүрек ен,
Африка, түрегел!

Құлама, туған жер емені,
Жылама батырдың, ер елі.
Дүние бәрін де береді
Тек оған қайсарлық – керегі!..

Әр тамыр сықылды, әр адам
Тірліктің бойына тараған,
Ақ адам атуға жараған,
Ақ ниет ойлапты қара адам.

Сол үшін... сол үшін атты оны
Әлдекім «эттең!».
Жаңқалап шапты оны – қатты еді!
Осылай Лумумба жатты өлі...

Кек кернеген өлең, өлім жайлыш тірі өлең. Әр сөйлемі, әр жолы сұрапыл соққыға – кек соққысына толы. Адал «Қара адамның» жендет «Ақ адамға» кектенуі. Өртке тиген дауылдай үйіріп соқкан шумақтар. Үйірліп соқкан демекші: Осыншама шемен болып кеудеге қатқан кек туралы сол жылдары жас Жұмекен жазған тағы бір өлең ойымыздың өзегіне келді («Сарыарқа» күйі туралы):

Ер басына төнді бір бұлт,
Дауыл, ішін тартса да ұлып.
Жұтам дейді елді қылғып
«Екі басты қарт самұрық...»

«Екі басты қарт самұрық» қай елдің таңбасы екенін де, бізге «жұтам деп» – қай кезде келгенін де сіз білесіз. Сол заманнан-ақ халық жан беріп, қан шашып қарсы тұрған. Құрманғазылар

күймен, Махамбет сынды ақындар жырмен жұртын ерлікке – ерлікке шақырып, елінің есесін қорғап, еңесін көтерген. Өлең астарында ақын 100 жылдан қаршыды.

«Тор» атты өлеңінде:

**Жағасында Қиғаштың
Құмға айналған қыр барлық.
Сол қырлардың бауырында,
Біздің ауыл түр қалғып.
Мұржалары есінеп,
шықса асықпай түтін ақ.
Сол тутінді таратар
Жел де асықпай құтіп ап.**

деп ғажайып суретпен бастап, ары қарай тордың тарылып, заманның қусырылып бара жатқанын айтуындей-ақ айтады.

**Ірілердің шығыны,
Көндіккен іс, бүтін бас.
Шабак түгіл мұныңнан,
Қоңыз аман құтылмас.
Шабагынан бастайды,
Құртатындар балықты.
Балағынан бастайды,
Құртатындар халықты, –**

деп күйінеді. Астарлау тәсілін қолданып, ас айшықты, сонша көркем поэма өлеңді оқуға кеңес беремін.

АЗАТТЫҚ АҢСАУ

Кейінірек ақынымыз «білгенде жұрт өлерін, көрсетеді өнерін» деп бастады. Жойыларын білген халыққа жанталаспақ керек. Сөйтіп, астарлап жазу жайына қалды. Ол – жастық шақтың сенімі екен. Сонша тұспалдаса да ақын ойын түсінген

түйсінген жан байқалмады. «О даригай мен жазған бір өлеңге түсінсөн» деп аһұрган шағы сол болатын.

Сексенінші жылдарға қарағанда ақын ашық айтуда – аңы айтуда көшті. Махамбет өлімі туралы сұрапыл дастан жазды. Махамбетше жазды.

**Бәрі тынды: жыршы өлді,
қапы кетті – бар ма амал
ақ қылыш қып өлеңді ақын етті – бар ма амал
көк тиыннан өзгени қөзі көрмес көр-надан
өзін-өзі қорлаған, жұрт, сен үшін арланам!**

«Өзін өзі қорлаған, жұрт сен үшін арланам» бұл – автордың сөзі. Қарорман халқын таңдайына үйітатын ақыны жок, қайысқан қолдың маңдайына шығып семсер суыратын батыры жоқ ұнсіз қалған өлі ел – Бодандықтың-бықсық тірліктің алғашқы кезеңі. Ендігі кезекте «ақырып сөйлейтін» мінез Жұмекеннің өзіне – жырына жүктелген.

**Сонда ақынның қолынан құлап түскен қаламын –
жарты ғасыр өткен соң Маяковский алады,
хан әлсіреп, туғанда ой да тағы қатайып,
ақ семсерін батырдың ойнатады Чапаев.**

Ақынның бағана айтқан иесіз қалған бес каруы ғой бұл. Қаламынды да, қаруынды да – екеуін де отарлаушыға солай да-солай тапсырдың. Енді ары қарай халықты көтеретін, толқытатын кісі жоқ.

**Бас қырқылды, ал сол жолы,
кеуде тынды бір түрлі,
басы кеткен кеудедей ел де тын-ды, бір түрлі,
шөпті сыйдыр еткізіп, жел де тынды бір түрлі,
кірпігіне бұтанаң мөлдір шық іркілді,
кірпік қақпай қайың тұр,
самал леп жоқ үп еткен –
әйтеуір бір ел болды тұтіндерін түтеткен.**

**Ел де айдын көл секілді,
толқымаса – өлі су,
ондай көлді шалшық қып бөлісу жөн, бөлісу.
Бөліседі кім мен кім?
Бөліс деген – далбаса
неғылады бөлісіп,
егер түгел алмаса?!**

Ия, түгел алды, түбімізге жетті. Мал-мұлікті тартып алып, миллиондал қырып салды, Толқыны жоқ көл сияқты мінезсіз жүртты кім басынбайды. Эбден басынды – әлі басынады.

**Жанды жерден жабыла ұр – бәтшагардың жұмысы;
«халық қамын ойлаған» патшалардың жұмысы
қылт еткенді қырқу ед:
біреу өссе маңайдан
ақ патшаның қылышы сілтенеді қалай дәл,
ұзын еді не деген Еуропаның қылышы!**

Отаршының қылышы ұзын болғанын-кейін қалай созылғанын біз де білдік. Мәскеуден сілтенген қылыш арамыздан шыққан арыстарымыздың мандайын тескенін, жұлынын кескенін оймен көрген Жұмекен сол бодан заманда-ақ осылай жырлады. Бұл «Жаңғырық» деп аталатын мың жолдық лирикалық дастан. Қайталап айтайын. Осыған қоса «Тор» атты өлеңінде де ашы, ашық кетеді – азаттыққа, бостандыққа, отаршылдармен ымырасыз күреске шақырады. Енді сіз осының бәрін 70-жылдары жазған ақын жайлы, сол заман жайлы ойлап көрінізші.

Жұмекен «Жаңғырықты» жазғанда оның замандастары Ресейге еркімен қосылған халық туралы томдар жазып, кино түсіріп жүрді.

Азаттық аңсары жұмекен поэзияның дінгегі. Ақын өлеңін мәңгі ететін алтын арқауы да оның азат рухы. Біз оның өлеңіне

тән күн сәулесіндегі жеті бояуы туралы айтуға құлшындық.
ақынның өзі үміт еткендей

**Түйдек-түйдек сөздердің
Түйген жерде мәні бар.
Түйсікті ерлер жолықса,
Бір жалт етіп танылар.**

Таудағы бір бас қосуда Гарифолла Есімов мырза «Жұмекеннің жұмбақ екенін, оны Мұқағали айтқанын» сөйлей келіп, «Жұмекеннің өлеңі ақ өлеңге жатады» дегенге сай пікір айтты. Біз ондай пікірмен келіспейміз. Бізше «Жұмекен ақ өлең жазады» деп, кісі екі жағдайда айту мүмкін. Бірі Ақ өлеңнің анықтамасын өзінше түсінетін адам. Ал екіншісі Жұмекенді оқымаған адам. Себебі, Жұмекеннің әр өлеңі шымыр ұйқасқа құрылған.

P.S.

Кей адамдардың ойынша, ішінде ақынның замандасы Өтөжан Нұрғали да бар, «Мениң Қазақстаным» атты ән мәтіні – «Жұмекеннің ең жеңіл өлеңі екен. Шын мәнінде олай емес! Бізше бұл – ақынның ең ауыр өлеңі. Жұмекен жасасаған заманда қазаққа өз жерін «менікі» дегізбейтін заман болған. Ақын соган қарсы шықты. Ол сол кездегі бүкіл қазаққа ұран ән жазады. Онда да күллі қазаққа жалты қазақ жерін «ТҰҒАН ЖЕРІМ», «менің жерім, менің елім» дегізді. Туган жерім Кошалақ, Атырау немесе, Алтай демейді. Бұл ел тұтастығының, жер тұтастығының дастаны болған туынды. Бұл әр қазақтың тамырына құйылған қан, жүргегіне құйылған от еді. Сол бодан заманда «Туган жерім менің Қазақстаным» дегізіп милион қазақтың жүргегін қолына ұстапқан өлең. Мемлекеттің тұтас аумағын «Туган жер» деу ол – ұлттық идеология. Бұл – шын мәнінідегі асқақтық болатын!

Мейман мақала

«Жұмекеннен 100 өлең» жобамызға атсалысар деп қаламгер қауымның қалың қатарын «қонаққа» шақырғанбыз. Қадам басқан жалғыз қонағымыз Қайнар Олжай ғана болды. Қалған қаншама «сыншы» уәде берді, келмеді. Дұрысы келе алмады. Қонағымыздың терең талдауын жүмекентануға қосқан қомақты үлесі деп бағалап, өз келісімімен кітабымызға кіргіздік.

«СОҚЫР МЕН САНЫРАУ»

«Қол – жағадан,
ауыз кеппей «тобадан»,
бір сапарға мен де шыққам жаңадан:
ерінімнің қимылына қарайды жұрт, қарайды,
Қарайды да өшігеді көп адам –

Әлде өмірде,
Әлде осынау өнерде
Қарau пигыл ойладым ба мен емге?
Әлде мен де сөзін айтып соқырдың
Санырауларды босқа қинап келем бе?!»

Ақынмен арақатынасымыз жайында

Жұмекенді мектеп бітіріп, екі жыл ауылда қой бағып жүрген кезден оқысақ керек. Онда су тұбіндегі жайын сияқтымыз. Пошташы қойлы ауылға аптасына бір рет үйіп әкеп тастайтын газет-журналға не шықты, соның бәрін бастан-аяқ жұтып алмай көніл тынбайтын. Оның сыртында ай сайын соғатын көшшелі кітапхана бұрын берген кітаптарды басқасына ауыстырып кетеді. Бір айда әкелгенін тегіс үтір-нұктесіне дейін оқып тастаймыз.

«Үтір-нұктес» демекші, Жұмекен Нәжімеденовтің «Ақ шағыл» романының кеуделі кейіпкері Сейсіметтөн нағашысы Әжімгерей қарияға хат келетіні бар. Онда Секен Қызыл Армия қатарында. Фашисті қоғадай жапырып жатқан кезі. Сол хаттың үтір-нұктес атаулыдан жүрдай екенін, әріптерінің өзі қарғаның аяғына сияға батырып қағаз үстіне қоя бергендей айбак-сайбак болып түскенін әдемі әзілмен жеткізеді.

Ал біз қой бағып жүргенде кітапханадағымен қанағаттанбай, ара-тұра төбесін көрсететін автодүкеннен жана шыққан кітап сатып аламыз. Не керек, рухани қайнар жеткілікті еді.

Бастапқыда Жұмекен Нәжімеденовті өз қатарындағы Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Саги Жиенбаев, Мұқағали Мақатаев, Жұсіп Қыдыровпен бірдей санадық. Биігін бағалауға, тереңін тамашалауға өреміз жетпесе керек. Бірақ, осы аталған ақынның бәрін құныға оқып журдік. Жазушылар өз алдына бөлек. Кітап пен «Жұлдыз» журналындағы роман мен хикая түрмак, газеттегі жылт еткен әңгіме назарымыздан қағыс қалмайтын.

Онда ақындардың өлеңдері топтама болып сол «Жұлдыз» бер кейінгі «Жалын» альманахына, «Қазақ әдебиеті» мен «Ле-

ниншіл жас» газеттеріне жарияланады. Сонда туындыны кітапқа шыққанынан бір не екі жыл бұрын оқимыз ғой. Кейін кітаптағы кейбір өлеңнің баспасөздегі нұсқасынан сәл өзгеріп кеткенін ангаратын едік. Не автор өзі ойланып қайта жөндеді, не баспадағы редактордың қаламы тиді, екінің бірі.

Жұмекеннің өлеңіндегі:

Алматы осы, алма төсі бұртиып,

Алма төске жас бұтаның бұтақтары тұр тиіп, –

деген жолдарды арманшыл кезімізде мың қайталаған шығармыз.
Бізді Алматыға жетектеген себептің бірі осы өлең де шығар.

Студент кезімізде «Жеті бояу» аталатын кітабы қолымызға тиді. Бір өлеңінде:

Жеті бояу, он саусакты өлең қып,

соның бәрі мен боламын дегендік.

Қоңыр қозы – жырыма арнап мен енді

қара сөзді керіп жүрмін көген ғып, –

деген еді.

Мұнысы прозаны бағындыруға көшкендергі көніл күйі болатын. «Жеті бояудан» бастап Жұмекен ізден жүріп оқитын ақынымызға айналды.

Бірақ, қанша тамсансақ та осы ақынды тірісінде көрмеппіз. Мұқағали біз университетке түсер жылдың басында өмірден етіпті. Қадыр мен Тұманбайды талай көрдік. Екеуінің үйі мен саяжайында болдық.

Жұмекеннің жылтыракка жоқтығы, ешкімге үйірсек еместігі, кездесуге келу, дәріс оқу дегенге құмартпауы – қоңыр тіршілігінің белгілері еді. Осы қазаққа тән бояу туралы өлеңінің сонында өзінің «қоңырайып отырмын» дегені рас.

Шығармаларындағы шынайылық жайында

«Жеті бояудын» алдында қолға «Ақ шағыл» романы тиді. Керемет ақынымыз оның үстіне ересен жазушы болып шықты. Жалпы «Ақ шағыл» соғыс жылдарындағы ауыл өміріне арналған Сайын Мұратбековтің «Жабайы алма», Қалихан Ысқақовтың «Тұйық» романдарымен бірге тендессіз үштікті құрайды. Біздің өлшеммен.

Бұл романның оқиғасы, кейіпкерлері ғана ерекше емес, арасында жеке философиялық сөйлемдер болуымен де өзгешеленеді. Екі-үшеуімен шектелейік: «Асылы, түсінбейтін нәрсесінде кісі табынғыш келеді»; «Шайдың суығанына құюшы емес, ішуші кінәлі»; «Өзінің де, өзгенің де тілін бұлдіретін базар, сауда-саттық маңы».

Сөйлем сізді тақырып жүлгесінен адастырып жібермейді. Қайта оқиғаға жымдасып, көріністі әрі қарай жалғап жатыр. Бірақ, жеке мақал қанатты сөз, данышпандық ой ретінде ойып алғанға лайық. Мұндайды «Ақ шағылдың» өзіне тенденс, тақырыптас кітаптың ешбірінен таппайсыз.

Біз жазушы болмадық. Журналистканың өзін жетістіре білсек сол жетеді деп келеміз. Соның өзінде Жұмекеннің ара-тұра философиялық сөйлемді кіріктіре кететін жазу тәсіліне тәнті болып, менгеруге талпындық.

«Ақ шағыл» мен оған жалғас жазылған «Кішкентай», ақыр аяғында үштағанды түйіндеғен «Данқ пен дакпырт» авторға зор даңқ әкелуі керек еді. Өйткені, трилогияда өмірдің нақты шындығы тұнып тұрган. Бүкіл қазақ әдебиеті үшін «социалистік реализм» деген қасаң қалып өлшем болғанда, Жұмекенге дейін

сол қалыпқа сыймайтын туындылар жазған екі жазушы болған: Бердібек Соқпақбаев пен Тәкен Әлімқұлов. «Ақ шағыл» арқылы осы екеуіне Жұмекен қосылды.

Әрине, сол кезде әдебиет астауын шемішпен сапырып түрған компартия Тәкен мен Бердібекті сыйлық пен атақ атаулыға жолатпаған. Шырылдаған шындықты, қаны сорғалаған ақиқатты айтқандары үшін. Енді Жұмекен тосыннан тұра осы топқа тап болды. Маратпен мактау алатындар емес, әдебиет ауылында аттары аталмайтын, аталса да құрметtelмейтіндер қатарынан бір-ақ шықты. Айтпақшы, дәл осы топқа ақын Тоқаш Бердияровты қосар едік.

Лайықты бағаланғанда «Ақ шағыл» шыға салып сыйлық алатын туынды еді. Олай болмады. «Ақынның прозада несі бар» деген сұлтаумен бұл кітапты сынау басталды. Сынның дені біздің ойымызша, көре алмаушылықтан жазылса керек. Тіпті, романға дейінгі өлеңдері солақай сынның сойылының астында жүрді. Өйткені, сыншылар Жұмекеннің деңгейіне жете алмаған. Оған ашынған ақын:

Күлегешке ұнаймын зар илесем,
қайғылышың жаңына және үйлесем.

Бірақ Пушкин емеспім бәріңе аян,
Белинский емессің, әрине, сен, –

деп сонау 1970 жылы жазған.

Тұптеп келгенде Жұмекеннің кейіпкерлері ортақ, оқиғалары жалғасқан үш кітабы сол тұстағы «Ақ жайық» немесе «Қан мен тер» романдарынан асып түспесе, кем қалмас еді. Олай бағалауға қызғаныштың қызыл иті әділ сөзді айтқызбады. Өзі бір күйінгендеге:

«Ақ шағылдың» маңында дау тынғансын,

Барсам деймін ел жаққа мауқым басып...

деп өлең жазған. Бұл өлеңді мерзімді басылымның біріндегі топтамасынан оқыдық. Кейінгі басылымдарынан іздеп едік, көзімізге түсе қоймады.

Демек, ақын бәрібір сын мен қызғанышқа қарамай, «қара сөзді көген етіп керді». Егер Жұмекен еш уақытта өлең жазбай, осы үш романды ұсынған автор ғана болса, сөз жоқ қазақ прозасының төрінде тұрар еді. Жазушылар арасындағы асқар бел деп саналар еді.

Талданатын тақырып жайында

Бірақ, ол өлеңді өндіре жазғандықтан, әдебиет тарихына ақын ретінде таңбаланды. Және жай емес, тендессіз болып қалды.

Оны поэтикалық қай кітабын, кітабыныз не, қай өлеңін алып қарасаңыз тендессіз екеніне көз жетеді. Сондықтан жалғыз «Саңырау мен соқыр» өлеңін талдау үшін таңдадық.

Өлең, бәлкім баллада шығар, бірақ олай үкіленбеген, басынан бастап аяқталар тұстағы шумактарға дейін 14 буынды, өзара ұйқасты егіз жолмен жазылған.

«Қошалақта,

Сол баяғы біздің ата-мекенде

бір соқыр мен бір саңырау сапар шыққан екен де.

Соқыр айтты саңырауға:

– Жол қысқартып жолдасқа

Көзің сауғой – көргенінді айта жүрсөң болмас па».

Өсілі, он төрт буынды өлең жолы – аңыз бен әфсананы баяндауға таптырмайтын тәсіл. Сондықтан мұндай түрді ақын тегін тандамаған.

Сапарлас екеудің бірі көзден, екіншісі құлактан кемтар болғанмен, тілдері сайрап тұр. Тек соқырдың саңыраудың естімейтіні белгілі.

Сонымен соқыр одан арғы жолдасына қандай ой айтқан дейсіз:

«Көнілімізді сөзбен жалғап,

Күліп-ойнап жүрмесек

Ұзақ жолда кешкен тірлік – тозағыңмен бірге есеп».

Иә, ұзақ жол не, бүкіл өмірінде күліп-ойнап жүрмесен, шындығына ондай өмірді тозақ деп санау керек қой. Соқырдың аузымен осындай терен философия айтылған. Бірақ ол данышпандық сөз айдалаға атылған оқ сияқты болып қалды. Өйткені:

«Саңырау, эттең, саңырау ғой,

Құлағы жоқ болғасын

Көкірегі құдікшілдеу – түсінбеді жолдасын».

Естіген жоқ. Ести алмайды. Ал естімейтін жан әлбетте, құдікшіл. Бір адам не, бұқарасын естімейтін билігінің өзі құдікшіл. Бұл түпкі ой әзірге айтылмаса да, ақын түбінде оқырманның санасын осы қазыққа байлайтынын болжап қалдық.

Fадеттен тапбау гажайыбы жайында

Әзірге оқиғаның өрбүі қызық. Ананың не айтқанын естімеген, сол себепті құдікке берілген саңыраудың сиқы былай суреттеледі:

**«Жүзі дауыл алдындағы аспанға ұқсап құбылды,
Құбылды да серігінің жүзіне құр үнілді.
Қимылдаған ерініне қырсыға бір қарады,
Бұл қараста – астам пигыл,
корлану да бар әрі».**

Арам пигыл. Серік болып келе жатқан адамға адалдық та-
нытпау. Адамзаттың бүкіл қасіреті осыдан басталған. Діни
кітаптардағы Адам Атаның екі баласынан бері осылай. Мына
сапарластар арасындағы қайшылық саныраудағы арам пигыл-
дан басталды. Әзірге соқыр көnlіне секем алмаған. Бейғам.
Жолдасының адалдағына сенімді. Өзін сол сенімі орга түсірерін
қайдан сезсін:

**«Соқыр-дағы жолдасының әлем-тапырақ түс-өнін
Көре алған жок,
Жайбарапат сөзін жалғай түседі:
– Қара жолда қайрат берер оқиғасы ожет, шын,
Отірік те болса, шіркін, әңгімеге не жетсін!»**

Бұған дейінгі тарауда Жұмекен романдарында жеке сөй-
лемнің өзін мақал нақыл сөз ретінде пайдалануға боларын айт-
қанбыз. Өлеңде қаламгер сол ғадетінен танбаған. «Оқиғасы
қайрат берсе, өтірік әңгіме де кәдеге асады». Тапқырлық пен
терендікке амалсыз бас шайқайсыз.

Ал жолаушылап келе жатқан екеу арасындағы қайшылық
асқына түседі. Санырау одан әрі ширыға бастаған:

**«Көкірегіне әлдене ой өшпенділік қүйді ұлы,
Өйткені оның адам жайлы нашар еді пигылы.
– Сөйлегенің – қорлағаның**

естімейді деп мені,

Көлгірлік қой жатқан күліп анау жылтыр беттегі».

Саңырау естімесе де көре алады. Бірақ жолдасының бетінен өзі көргісі келген көлгірлікті ғана іздейді. Жоқ көлгірлікті бәрібір тауып көреді. Демек, құлақтан қағылғанымен қоймай, бар көздің өзін дұрыс пайдаланбаған екен, байғұс:

«Естімеймін ерегесін!

Құны болса сөзінің айдалаға айтасын ба?

Көрмеген соң көзің дым

Жарты әлемге жауығасын – сезіндім.

Ақымақтың ақыл-есі аузында деп күлген

дүрмегіне ілесемін көптің мен!»

Өзіне ешқашан естілмейтін соқырдың сөзінде жарты әлемге жаулық жатыр деп ойлайды. Ол жаулықтың себебі жолдасының соқырлығында деп ойлайды. Осы тұста ақынның өзі тағы бір керемет түйінді, нақыл болатын тіркесті оп-оңай түйіп кеткен. «Ақымақтың ақыл-есі аузында». Мақал ма? Мақал болғанда қандай! Ары қарай саңырау жолдастың сөзін тындаймыз:

«Саңырауға құлу сенің ненді алған

Саңылау таппай жүріп жалпақ жалғаннан?!»

Оқығанда жадында жатталып қалар жолдар ғой. Бұл да – нақылдың өзі. Көзі мен құлағы барлардың ортасында тапқырлық-пен айта беруге тұрарлық аталағы сөз. Осы заманның өзінде талайларға:

«Саңырауға құлу сенің ненді алған

Саңылау таппай жүріп жалпақ жалғаннан?!»
дегін келеді.

Кекесінің кокесі жайында

Екеуара түсінбестік әңгіме шарықтау шегіне жетеді. Бұдан соң не басталмақ? Әлбетте, жағаласу:

**«Соқыр әлгі сөздің бәрін түгел естіп болғасын,
Сипап жүріп жағасынан ұстап алды жолдасын.
Содан кейін не болады?**

Кикілжінің аяғы:

аталардан қалған мұра – төбелес қой баяғы».

Кикілжің төбелеске ұласты. Төбелестің өзі не? Аталардан қалған мұра. Ақынның тұжырымы осындай. Өмірінде қойдан қоңыр болған Жұмекеннің жек көретін нәрсесі төбелес шығар. Сондықтан «аталардан қалған мұра – төбелес» дегенде тым аңы кекесін тұнып қалған. Мінезі шатақ ақындардың ешбірі дәл бұлай жаза алмас еді. Ал қазақ әдебиетінде шадыр да шәлкемшалыс қаншама талант болғанын Қадыр Мырза Әлидің «Иірім» естелік кітабынан білуге болады. Біз оқиғаның арғы жалғасын білуге құмармыз:

**«– Көрем сені! – деді соқыр,
– Естіп тұрмын! – деді анау.**

**Тұк жазығы жоқ жаға мен жең байғұсқа обал-ау!...
Бірін-бірі сақалдан ап санасуы мықты еді,
бірақ одан анаған – көз,
бұған құлақ бітпеді».**

«Жазығы жоқ жаға мен жең». Соларға обал. Мұнда ересен ой жатыр. Кез-келген соғыс билеушілер мұддесі үшін басталғанымен, бейбіт халық зардал шегеді. Тіпті, Жұмекенсіз бергі XXI ғасыр тарихын қараңыз. Саддам мен Бушды мысалы етіңіз. Осы шумақтардың басында тағы бір тапқырлық тұр. Автор адамзаттың ең үлкен кемшілігін айнадағыдай көрсетіп кеткен. Соқыр «көрем сені» дейді. Санырау «естіп тұрмын» дейді. Оны оқып отырып оқырман екеуіне де «атасының басы» дер еді.

Өйткені, соқыр көріп, санырау естіп тұрған жоқ қой. Бірақ кеуделері сондай. Өзін зор, өзгені кор санайтын кеудеден шығар сөз осындай болмақ. Сөйтіп жер үстіне лаң әкелмек.

Контрастты келтіруі жайында

Әрі қарай авторлық ғажап баяндау басталмақ:

«Ұғыспаған екі адамның қасіреті мәнгілік

– Құм-далаға сініп жатты жаңғырып...»

Қошалақтың құмына сініп қалған мың-мындаған оқиғаның бірі – өзара ұғыспаған екі адамның қасіреті еді. Тоқтай тұрындыз, бұл жай екі адам ба? Жоқ, бұл сол кезде бір-бірімен жағаласып тұрған әлемдік екі қоғам: социализм мен капитализм емес пе? Терең ойлап көріңізші...

Өйткені, баяғы оқиғаны баяндаі отырып, автор бұған көз бен құлақ әншейін арқау болғанын байқатып өтеді:

«Ескі жайға сүйеп айтқан бұл жаңаша кеңес қой,

Мәселе тек көз, құлақта емес қой:

Бетховеннің керендігі,

Соқырлығы Гомердін...

Кешір, кешір, кешір мені ұлы рухы өнердің!»

Екі адамның арасындағы оқиға бірден әлемдік сипатқа айналады. Атын қазақтан басқа ешкім біле қоймайтын Қошалақтан басталған мәселе шиыршықты қозғалыс түрінде дамып, оқырманды адамзатқа белгілі жәйттерге жеткізеді. Санырау Бетховен тыңдағанды таң қалдырған музыка жазған. Соқыр Гомер өмірді көріп отыргандардан артық етіп баяндап берген. Демек, саныраудың сезімталы, соқырдың ғұламасы бар.

Енді осы мысалдағы мына жолға назар аударыныз: «Мәселе тек көз, құлақта емес қой». Жеке тұрса поэтикалық сарыны жоқ, әркімнің аузынан шығар қарапайым сөйлем болар еді. Бірақ, ақын оның алдына екпінді жол қосып айтқан соң ерекше түлеп кеткен:

**«Ескі жайға сүйеп айтқан бұл жаңаша кеңес қой,
Мәселе тек көз, құлақта емес қой».**

Осы жерде Жұмекенге тән, кейде Қадыр Мырза Әли, одан Жарасқан Әbdірашев қолданған контраст жылт етеді. Қадыр мен Жарасқан қарама-қайшылықты әдетте екі жолмен жеткізетін еді. Мәселен:

**«Бір жаманы үйленіп женгесіне,
Бір жақсысы жесірін қанғытпаған»**

Жұмекен ондай контрасты бір жолмен бере салған: «Ескі жай – жаңаша кеңес». Тағы да таңдай қағасыз. Амалсыздан...

Білімін байқатуы жаійында

Бұл тұста өлеңді талдауды сәл шегере тұрсақ дейміз. Жұмекен өте оқымысты ақын еді. Оның әлемдік тарихтан терең білімі қайран қалдырады. Және білетінін жөн-жосықсыз тықпалай бермей, реті келгенде ғана қолданады. Мұндай қабілет берінде ақын інісі Жұматай Жақыпбайұлынан байқалатын. Жалпы екеуінің жазу мәнерінде тоқайласып қалатын тұстар бар. Байқай білгенге. Қазіргілерден бұл мектептің сорабын Есенғали Раушановтан көріп қаламыз.

Тұжырымымыз Гомер мен Бетховен атымен шектелмес үшін Жұмекеннің терең біліміне бірер мысал келтірейік. Ағылшын

ақыны Байронға арнаған өлеңінде: «Арыстандай ағылшындық жүрекпен асындың сен грек қару-жарагын...» дейді. Байронның бүкіл шығармашылығын екі жолмен жеткізген той. Ең керемет білгірлік Паганини туралы өлеңінің бір шумағында жатыр:

«Тапқаны сол болды ма?

Табанына даңқтың

барқыт төсөу орнына

Эйнек үгіп салыпты».

Атақты композиторды көре алмаған бақталастары бірде оның жолына әйнек шашып кеткен. Соны ақын қалай дәл суреттейді. Алдына кілем жайылуы керек таланттың табанына әйнек батырған. Дәл осы жағдай Жұмекенің өз басында болған.

Сонымен өлеңді әрі қарай оқимыз:

«Тек кей жанар жарқырайды түк көрмей.

Кейбір құлақ өсек үшін біткендей».

Өзінің өмір сүрген ортасына ақынның бағасы – тура осы. Тендессіз «Ақ шағыл» мен «Кішкентай» романдарын, ешкімге ұқсамас поэзиясын бағаламай қойғандарға айтқан назы. «Жанарларыңның жарқылдағанны қайтейін, мынандай құбылысты көрмеген соң! Ал құлақтарың Жұмекен жайындағы өсекке қана түрулі». Осындай астар жатыр бұл жолдарда.

Қоғамның қасіреті жайында

Бірақ ол өмір сүрген қоғамда мұндай терең екінші ағысты көру түрмәк түсінгендер аз еді. Сондықтан ақын өлеңінің сонына қарай:

**Көз де тілегенім жоқ,
Тілемедім құлақ та –
Көніліммен күзгі аспандай мұңайған,
Жаны зерек, көкейі сау бірақ та
Жалғыз серік сұрап едім «құдайдан», –**

дейді.

Осы жерде өлеңнің түрі құбылып кетеді. Манағы 14 буын, үйқасқан екі жол өлшем өзгерген. 1-жолмен 3-жол, 2 мен 4-жолдар үйқасқан. Мұны ұмытпасақ, «шалыс үйқас» десе керек.

Түрдегі өзгеріс не үшін керек болды? Әрі қарай манағы тәсілмен тарта беруге шеберлігі жетпеді ме? Жоқ, енді шығарма аныздан бері шықты. Санырау мен соқыр жоқ, оқырманның көз алдында Ақын түр. Соның толғанысы шығып түр.

Ақын өзінің өнер әлеміндегі сапарына жанары мен құлағына еш мән берілмейтін «жаны зерек, көкейі сау» серік сұрайды. Сондай сыншы болса, шіркін. Жыр сапарындағы Жұмекенді қалай түсінер еді, бағалайтын еді! Толғаныс әрі қарай былай жалғасқан:

**«Қол – жағадан,
ауыз кеппей «тобадан»,
бір сапарға мен де шыққам жаңадан:
ерінімнің қымылышына қарайды жұрт, қарайды,
Қарайды да өшігеді көп адам –
Әлде өмірде,
Әлде осынау өнерде
Қарау пиғыл ойладым ба мен емге?
Әлде мен де сөзін айтып соқырдың
Санырауларды босқа қинап келем бе?!»**

Баллада сылай аяқталған. Өмір бойы ақын Жұмекенді, жа-
зушы Жұмекенді себепсіз сынаудың сыры енді ашылды. Оның
не айтқанын, айтқысы келгенін түсінбейтіндер өшігеді екен.
Сондықтан оған атақ та, сыйлық та жок. Әйтпесе ақында өнерге
карау пифыл болмаған. Әдебиет тұрмақ күй өнеріне қараулық
жасамай кеткен талант еді.

Соңғы екі жолда ақырғы түйін жатыр. Манағы қамшының
өрімі іспетті оқигалардың түйіні:

**«Олде мен де сөзін айтып соқырдың
Санырауларды босқа қинап келем бе?!**

«Жоқ» дейміз біз. Жұмекеннің жай көзі тұрмақ көкірек көзі
ашық еді. Бірақ айналасының санырау болғаны, санырау емес-
тердің өзі ол заманда керен болып көрінгені хақ.

Енді ең гажабы неде? Өлеңнің өміршендігінде. «Санырау
мен соқыр» – бүгінгі қазақ қоғамының бейнесі! Билігің – саны-
рау, қоғамың – соқыр. Даусыз солай.

Сонау 1980 жылы жазылған өлең тұра 40 жылдан соң өмір-
шендігін жоғалтқан емес. «Жұмекеннен 100 өлең» жобасына
катысуымыздың және «Санырау мен соқыр» жырын таңдауы-
мыздың сыры да осында.

Әйтпесе оның:

**«Мақсат – анық,
пифыл – пәк,
дала да айқын секілді,**

Жеріне аунап Жесір дән балалайтын секілді»

деп құйылып келетін, ақынның шеберлігі таңдай қақтыратын
өлеңінің біріне тоқталар ма едік...

Бұл қай өлеңі екенін оқырман өзі табар. Жалпы, Жұмекенді
оку керек. Жұз өлеңін ғана емес, бір өлеңін де қалдырмай.

Қайнар Олжай

* * *

«Жұмекеннен 100 өлең» атты ауқымды жобамыз порталда жарияланғанда оқылымы «көреметтей болды» дей алмаймыз. Ол да Жұмекеннің биік жырының тағдыры сияқты оқушының талғампаз, талантты бөлігін ғана қызықтырған сияқты. Әлде біз өз жобамызды солай бағалап отырмыз.

Бірақ біздің мақсатымыз – Жұмекен жырларын ең қарапайым тәсілмен талдап, көппен бірге оку еді. Жоба барысында мақсатымызды мақтап алғыс айтқан, телефонмен хабарласқан, пост жазған азаматтар бар. Соның ішінде бізді қолдаған бір ғана сыншының мақаласы келіп түсті.

Ол – көсемсөздің көкжалы Қайнар Олжайдың қаламынан туған түрпаты бөлек ауқымды талдау еді. Жұмекеннің «Саңырау мен соқыр» атты өлеңін терең талдай отырып, оның шығармашылығы мен ақындық болмысын көмкере көрсеткен көлемді мақала, ақынның заманы, замандастары туралы да жазады. Көпшілік назарына келісімі бойынша кітапты да сол мақаламен түйіндедік.

Көз майын сарқа мақала жазып, уақыт арнаған және оны кітапқа қосуға келісімін берген Қайнар Олжайға алғысымызды айтамыз.

Жобаны қадағалап, құнды кенесін бірген Әділ Қойтановқа және мақаланы порталға дайындалап, асыққан тұстарда аудиомәтіндерді теріп, жобаға құлшына еңбек еткен порталдың шефредакторы, жас тілші Әділет Мәдениетке де алғысым шексіз.

A. Ахметбекұлы

ЖҰМЕКЕНГЕ

Жұмекеннің үйіне көрсем деп ем бір барып.
Ақын жайын сұрасам, айта алмайды бұл халық.
Бұрма-бұрма көшениң, қабат-қабат үйлердің
қай қуысында отырды қайсар ақын жыр жазып?!

Болмас еді ол үшін мақсатына нанбасқа,
марқа көніл – далада, марғау өмір – жамбаста.
Алуан-алуан сөздердің астарынан мән түйіп,
айтар ойын аяп бір қайда отырды марқасқа...

Жылып ақты Ақжайық,
жылым жатты Қиғаш та.
Сырт айналды бір досың, сыбыр етті, сыйласпа!
Мың құбылғыш бұл елдің қай сөзіне сенесін,
тілегені бір басқа, қалағаны бір басқа.
Өлеңнен де ақынның беті қайта қалғанда
көкірегін босатар домбырамен сырласса.

Сурет болып бір арман,
дыбыс болып бір ұғым,
қыыр шеті қиялдың салғызбай жүр құрығын.

Кірпігіне Жұмекен қарашығын қыстырып,
Баяу сорар, байқаусыз, сөніп қалған шылымын.

Болған кезі жазып та, сол өлеңін бір сүйген,
соңғы шумақ ойда тұр шиесіне сыр түйген.
Сонда ақын сол қолмен желке шашын сылады,
Саиданың да дауысы енді естілді сырт үйден.

Алматы, 1993 жыл



ҚИҒАШ ӨЗЕН

«Жағасында Қигаштың
Күмгә айналған қыр барлық.
Сол қырлардың бауырында
Біздің ауыл түр қалғып».

Ж. Нәжімеденов

Мен Қигашты жиі көріп түрғанмын,
Жұмекеннің сөзіндегі бейнеден.
Оймен кезіп, құмға айналған қырларын,
Жағасында жүргендей ем жейдемен.

Күн шуағы артық түсер шамадан,
Судың беті, құмның беті ысынқы.
Сұр мұнарга ұзақ-ұзақ қараған
Ақынның да қос жанары қысынқы.

Мағынасы сол өзеннің атында
Қигаштап кеп қайық салар әр адам.
Қигаш өлең жазып еді ақын да
Заманына қигаш келіп қараған.

Дыз еткеннен от болатын сезімі,
Сірінкедей (қигаш тартқан шырпыдай),
Қайталанбас өз бояуы, өз үні
Заманына сыймай кетті-ау.

Шіркін-ай!

Сөз ұстайтын жарқылынан жасынның
Жұрт сезінbes бостан ойы – байлығы.
Өзін азат сезер шағы ақынның
Жырға жүктег қарсылық пен қайғыны.

Кейпін ашқан сонда бодан ғасырдың,
Бір Жұмекен ақындардың әйдігі.
Ақын жанын қай тұсына жасырдың,
Ау, Қиғаш су – Қиғаш өлең әйгілі!

Мен туған жер алыс сан мың шақырым,
Өзенде жер бүлкілдеген айдыны.
Сөзін ұстап Жұмекендей асылдың,
Жайбарақат қызықтаушы ем жай күні.

Қиғаш өзен,
Ақын данқын асырдың,
Саған жолым түсер екен қай күні.

Алматы, 2015 жыл



VIII БӨЛІМ

СӨЗТАНУ



«КӨЗІМНІҢ ҚАРАСЫ» КӨЗІМНІҢ ҚАРАШЫҒЫ ЕМЕС

Біз Абай шығармашылығының сыры мен көркемдік болмысына әлі де толық қаныға алмай келеміз. Бұл пікірді ашық айтсаң кейбір «білгіштер» саған: «Шынымен-ақ осы бірдене біліп айтып отыр ма?» дегендей тіксіне қарап, сәлден соң езуіне мысқыл үйіреді:

«Сен де Абайдың маңынан көрінгің келді ме?» дейтін сияқты. Осыдан кейін кінәмшіл жаңың бір жасып, бір қайралады. «Корлығын-ай» дейсің ішіңден. Мұндай сәттерде сөзге шақыратын, зекіп емес, үнсіз ғана ыммен, ишаратпен жігерінді жанитын, бірақ, үнемі қатал бір ішкі құбылыс, тылсым құдірет сені өзіне тартады. Ол – Абай әлемі, сол Абай рухынан нәр алған өз «жүргегінің қалауы», өз «жанының қайраты» (Абай).

Тіл деген телегей тенізден бір сөзді ойына ұстаған сәтте оның сан-саққа тартар мағынасын көнілмен термелегейсің. Бейнеленген затының мәніне бейімделіп, сипат сәулесі сан түрлі құбылмай ма. Соңдайда мән аудиомының сезініп, ойдың терендік деңгейін дәп баса аларсың ба? Ендеши, адамның құбылған бұлышынғыр

тұтқасыз ішкі дүниесін сөзбен ұстаган, «Сұргылт тартқан бейуаққа» «күңгірт көнілдің» сөзімен араласқан, «көк тұман» басқан болашаққа «үміттің сәулесін» түсіріп, сананың «көзін қадаған» шыңырау Абайдың өлеңдерін құннап оку зерденізге осал жук емес. Әр сөздің мәнін дәп басып, бейнелеген көлемін толық сезіну үшін сол сөздің өлеңнің бітіміндегі, не шумақтағы көңіл қисыны мен сөз келісіміне таяна отырып, діттей оку жүйкелі Абай оқушысының адаптырылғаны.

Егер құннап оқысанызы: «Абайдың өлеңдерін мың қайтара оқып, жаттап жүрген адамдардың да, Абайдың кейбір өлеңдерінің мағынасын түсініп жетпей жүргендерін байқағаным бар» – деп Ахмет Байтұрсынұлының бұдан ғасыр бүрін айтқан сөзін қайталар едіңіз.

Абайдың кей өлеңдерін жатқа білмейтін қазақ кездескенімен, «Көзімнің қарасы» деген әнін білмейтін қазақ жоқ» десек ел сенер. Бүкіл халық жатқа білетін осынау әуенде өлеңнің бірінші жолынан ауызға түсер сөзді қалай түсіндік? «Көзімнің қарасы» деген сөздің сол өлеңдегі, сол шумақтағы мағынасын өлең мәдениетіндегі орнын дұрыс ұтына алдық па? Бір реті келгенде көрнекті абайтанушы ғалым – Тұрсын Жұртбаевтан осы өлеңнің орыс тіліне қалай аударылғанын сұрағаным бар:

«Ты – зрячок глаз моих,

Пламень души золотых», – деп аударған екен (М. Петровых). Яғни «Сен менің көзімнің қарашығысың» – деген мағынада беріліпті. Осы ағаттық Абай өлеңін қытай тіліне аударғанда да қайталанды:

«Уо иэн жұнды тоң рін,

Шин шыды миң дың» («Көзімнің қарашығы – көнілімнің сәулесі» деген мағынада). (Пекин. «Ұлттар» баспасы 1992 жыл «Абай Құнанбаев таңдамалы шығармалары» 1-басылымы, 149-бет, Қабайдың аудармасы). Зиялдың біткен орыс тілін судай сапырған Қазақстанда аударма әлгіндей болғанда, қытайшасына сөгіс айтқалы отырғанымыз жоқ.

Абай бұл жерде «Көзімнің қарасы» деп көздің қарашығын айтқан жоқ еді. Жігіттің көз жанарынан құштарлық нұрын төгілте, ғашығына көз шуағын түсіре қарағанын айттып еді.

Абай бұл жерде «Көзімнің қарасы» деп, көздің қарақаттай мөлдір қаралығын жазған жоқ еді. Сұлулыққа құлар жігіттің жан-тәніндегі ыстық жалынды жанарына жиып, ғашығына мәнсүқ жүрек талпынысын қызға көзімен сездіре қарағанын жазып еді.

Абай «Көзімнің қарасы» деп, жарық әлемді өзіне сыйдырап тарысадай ғана көз қарашиғын айтпап еді. Жігіттің жан дертін жанарынан шығара, ғашығына ұмысынған аяулы көзқарасын (қарауын) айтып еді.

Абай «Көзімнің қарасында» лирикалық «меннің» қызға бір қарай қалғандағы сыртқы бейнесі – тыныш қалыпта көз суарған іңкәр суретті салды. Мұнда ақын «меннің» ғашығына қараған көзінің көніл санасымен тұтасып жатқан құбылысы өзгеше шебер суреттеледі. Осы жырды оқығанда біздің суретші санамызда ғашықтықтан жаралы болған жүректің, ынтызарлыққа күпті көнілдің, сағынған сананың сипатын жинап ғашығына қарай қалған «меннің» жанары нұсқаланса жөн еді.

«Көзімнің қарасы», «көзімнің қарашиғы» емес. Ондағы бейнеслеуші зат емес, қымыл. «Айжанның ән шырқасы бөлекше шабытта», «Қаратөбелдің аяқ тастасы арынды» деген сөйлемдердегі «шырқасы», «тастасыға» ұқсас «қарасы» да қымылдан туындаған сөз. Ақынның – «көзімнің қарасы» деген өлеңіне тұтастай зер салудың табалдырығында біз осы өлеңнің бірінші сезінің мағынасы туралы пікіріміздің салмасын бұрай түсіді жөн көрдік.

«Көзімнің қарасы» «Көзімнің қарашиғы емес». Сөзге бағыныз, біз осы сөздің өлеңдегі орнына, кейінгі сөздермен қысынына, ой желісіндегі келісіміне, үңіле түсіп, бірнеше қырынан сөз сабактайық.

Бірінші: қазакта «көзімнің қарашиғы», «көзімнің қарашиғындей» деген сөздер бар. Ол теңелер мағынасында аяулылықты, қамқорлықты, аса мұқияттықты меңзейді. Біз ақынды көздің қарасын көздің қарашиғы мағынасымен алып, «көнілінің санасын» көздің қарашиғындей аяулы сезінді дейік, онда, осы шумақтың кейінгі екі жолын қай сезімен қыстырамыз? «Көнілінің санасын» (Бұл жерде «сана» іңкәр сағыныш деген мағынада болар). «Көзімнің қарашиғындей аяулы еді», – деп бір кетіп, оның үстінде «бітпейтін жара еді» деп тағы

киліктіре ме? Немесе, Абай көзімнің қарашығы десе өлеңдік буыннан асып кетіп, ырғаққа түспейтін болған соң, екінші жағынан «санасы» мен «жарасына» ұйқастыру үшін «қарашығы» дегенді «қарасы» деп ала салды демексін бе? Жоқ мұлде олай емес! Бұл өлең жазылған тұста (1891 ж.) ақындық шеберлігі кемеліне келіп, тіл өнерінің өлең сөз болмысының көніл мен қымыл келісімінің табиғатын әбден ғылыми, қаптал менгерген Абай ауылдың өлсіншілеріндегі (қазақ өлең шығаратын адамды «ақын» және «өлеңші» деп екіге бөлген) келсе-келмес ұйқас қуаламайды. Ендеше, «қарашығы» деген сөздің орнына «қарасы» деп алды деу бізше қате.

Екінші: Осы өлеңнің «Көзімнің қарасы – көнілімнің санасы» деп басталуы тегін емес. Ол тұтас өлеңдегі іңкәрлікті ішке тартып, ондағы әрбір сөз бен қымылды ұяңдыққа, әдепке, көзбен ғана оқытын биязы лепке мәлдіретіп, дірілдетіп, ұйытып тұрады. Егер, «көніліңізде алаң басылған» шабытты бір сәттерінізге осы өлеңді ішкі жұмсақ, жылы лебіне кенеле оқысаңыз не мамырлатып әнге салсаңыз өлеңдегі үңсіз қарайлаған қос жанар – ынтызарлыққа толы жігіт «көзінің қарасы» шығарманың өн бойынан көз тартады.

Мысалы:

«*Көзімнің қарасы*
Көнілімнің санасы», (бірінші шумақта)
«*Тереңдеп қарайсың,*
Телміріп тұрмайсың» (бесінші шумақта).
«*Қарасаң жсан тоймас*» (10-шумақта).
«*Қалқамның нұсқасын*
Көр, көзім, бір кенел» (12-шумақта)
«*Боламын көрсем мәз*» (13-шумақта).
«*Көргенде бой еріп,*
Сүйегім балқыған». (15-шумақта)
«*Өртөнген жүрекке*
Бір көрген болар сеп». (18-шумақта).

«*Байқап қарасаң*» (Абай) өлеңнің тұтас тұлғасында «меннің» қызыға қараумен өтіп келе жатқанын сезесін. «Іштегі ғашықтық жарасы

бітпей», «Көніл санасы» ғашығына қарата береді жігітті. «Көрген са-йын бой еріп», «сүйегі балқып», «жанары тоймай» қарайды. Ғашық-тық мастығымен арпалысқан сабырлы жігіт. «Өртенген жүрегіне бір көргені де сеп болып», «көніл кенеліп», сабырын ұстанады.

Енді өлеңге ден қоя оқысаңыз қызды «меннің» әр «қарауы» мен «көруінің» арасы қыз бейнесін сүйіне нұсқалаумен, қыз мінезін табына сипаттаумен болады.

Сырттай зер салудан, үнсіз көніл құлатудан туған тұңғиық өлең жігіт жүрегіндегі ғашықтық арпалысын іштей тындыра келе ең соңғы жолдарында да:

«Құдай-ау, бұл көңілім

Күн бар ма бір тынар?» – деп, өз-өзін тыныштыққа, сабырға шақырып, үнсіз қалдырады.

Сіз осы сәтте:

«Ғашықтық тілі – тілсіз тіл,

Көзбен көр де, ішпен біл» – деп басталатын Абайдың тағы бір өлеңін еске алғызызы: онда да үнсіздік, тілсіз сезім, көзбен қарауы мен көруінен ғана бейнеленетін ішкі ғажайып құбылыс мен-зеледі.

Үшінші: Бізде «көзімнің қарасы» деген сөзben мәндес (синоним) басқа сөздер де жетерлік. Мысалға: «телміру», «қадалу», «сұқтану», деген сөздерді алайық. Абай осы өлеңінде бұл сөздерге жуымады. Тек «қарау» мен «көруді» ғана таңдады. Егер, «телміру», «қадалу», «сұқтануларды» қолданса ол осы өлеңнің ұяң, жылы табиғатын бұзар еді. Өлеңдегі бірінші жақ – «Меннің» адамдық қасиетіне де, адал ынты-зарлығына да кінәрат келтірер еді. Себебі «сұқтану», «телмірулерде» әдепсіз құмартқан пиғыл, обыр көнілдің араны бейне береді. Ақын-ның бұл сөздерге жоламағаны содан.

«Тереңден қарайсың»

Телміріп тұрмайсың», – деп «меннің» көз ал-дындағы ғашығы да оған көз қығымен қарап, «бек қатты сынайды».

«Телміріп тұрмайды».

Осылан ұқсас XVIII ғасырда жасаған әрі батыр, әрі ақын, шабытты жырау Ақтандерді де бір жырында:

Жарлауга біткен жасырақ,
Жамылсақ тоңар ма екенбіз?
«Жазыққа біткен бұлдірген –

Сұқтансақ тояар ма екенбіз», – («Бес ғасыр жырлайды», Екі томдық, 1-том 64-бет) деген еді. Ойынды ғажайып мәнге тартар шынырау жолдар ғой бұл. «Қарасақ тояр ма екенбіз» демейді жырау. Бұл жерде «сұқтанудың» орнына «қарауды» қолданса қисыны келмес еді.

Зер салсан, Абайдың «Көзімнің қарасы» мен Ақтанберді жыраудың мына жыр жолдарынан ортақ бір қасиет байқалады: «қараудан», «сұқтанудан», «төлміруден» жан да, тән де тоймайды. Қайта, қараған сайын, сұқтанған сайын «жанқұмары» да, «тән құмары» да арта туғеді, өршелене, өзеліне түседі. Ақтанберді жырында бұлдіргенге сұқтанған, қолға ұстап жемеген. Абай шығармасындағы «мен» де «алака-ныма түстің аяулым, құшағымдасың» демейді. Қарайды, құмартады, көреді, көніл суарады мұндайды ақын мен жыраудың көніл теңізінің түбінде түйісуі деп үққан жөн.

Төртінші: «Көзімнің қарасы» деген тіркестің біз айтып отырған мағынасын айқындауға осы көрнеу бейнеден туған «көзқарас» деген көмескі (абстракты) пәлсапалық ұғымды да куәге тартуға жарайды. «Ол қандай көзқараста?», «өзіндік көзқарасың болсын!» деген сөйлемдегі «көзқарас» пен Абайдың «Көзімнің қарасын» ептеп жанастыруға болады.

М. Әуезов «Көзімнің қарасын» Абайдың шын мәніндегі Еуропалық лирикалық денгейдегі мәдениесті бік шығармаларынан тыс қалдырып, бұл өлеңді ақынның «шығыстық» үлгідегі шығармаларының қатарына жатқызған еді.

М. Мырзахметов М. Әуезовтің осы пікіріне сөз жалғап: «Көзімнің қарасы» өлеңінде ғашықтық сезімді «Алланың раҳметі» деп тануы, немесе, қыз бойындағы көз тұндырар сұлулықты «көрік – тәнірі дәулеті» деп ұғынудың арғы тәркіні шығыс классиктері жырлаған ғазелдерден ауысқан белгі ретінде елес береді («Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары», 181-бет) дейді де бірлі-екілі өлеңінде болмаса

ақын шығармаларында бұл танымның тамырланып, шоғырланбағанын айттып, ақынға ара түскендей пігіл анғартады. Сол тұстағы (қызыл кеңестік замандағы) сана-түсінікке өлеңдегі осы екі жол қазақы, мұсылмани сөздің мін сияқты көрінгенін өзірше түсінуге болар. Ал 88 жолдық осынау әйгілі махаббат жырына 68-69-екі жолында қолданылған сөздің «кесірінен», «европалық» деңгейге бармаған «шығыстық» шығарма деген анықтама беріп, дарияның арғы жағында қалдыру ақылға қиғаш келеді.

«Көзімнің қарасында» өлеңнің тұтас тұлғасы «меннің» ішкі сезіміне құрылатынын бағана «қарауына» байлай баяндап едік. Өлеңде біз ешкімнің де айқайлаған дауысын естігеніміз жоқ. Бәрі де «меннің» көкейінде арпаласып жатқан арман, лапылдаған ынтызарлық сыртқа дым шығармаған бойда тынып қалып отырады.

Шығарманы тұтас бойымен ішкі дүниеге тоғытып, ішкі тартысқа құруды қайсы шығармашылық әдіске жатқызсақ екен?

Батыстың жаңаша жасампаздық ағымындағы сана мен жүйенің рөлін дәріптеп, адамның тіке түйсіктерін көркем әдебиеттің мақсұты есептейтін көзқарас (модернизм) «Көзімнің қарасы» сияқты шығарманың меңзеуінен туған жоқ па?

Франциялық Анри Бергсонның сөзімен айтқанда, «Сана шығармаларындағы бізді қызықтырып, өзіне тартатыны – сыртқы дүниеден қолға түспейтін қандай бір түрлі терең тынысты көнілкүй, немесе, ішкі жан дүниенің тартысы болмақ» (Бергсон 1857–1941 жылдары жасаған. 1928 жылы Нобель сыйлығын алған, әдебиеттегі модерн шығармашылық ағымының көшбасшыларының бірі).

«Көзімнің қарасындағы» ішкі дүниеге зер сала өзімізді «көкірегінде оты бар ойлы адам» (Абай) деп танып, ақынның көнілдік бұлыңғыр әлеміне санамыздың сәулесін түсіре құнттап қарасак, «Бұл сөзімнің суреті тұрар дайын» деп Абай өзі айтқандай үнсіз оймен қайраты қайса арпалысып, сарғайған санасы көз қарасынан ғана санлаулад, сабырға дес беріп үнсіз өтіп бара жатқан ақын кейіпкері көз алдында мәңгі қалып қояды.

Сөзіміздің сүбелі жағы «Көзімнің қарасы» деген өлеңнің бірінші жолына – өлеңнің аты болған тіркеске тән болғандықтан, осы сөзді жаңсақ ұғынуға не себеп болды дегенге жауап іздейік.

Әрине, бұған көп адамдар: «қарасы деген сөздің ауыспалы (омоним) мағынасынан туған жаңылыс» – деп кінәнің жартысын ақынға аудара жеп- женіл жауап қата салғысы келер.

Бұл – кісі қанағаттанарлық жауап емес.

Себебі: «Көзімнің қарасысын» деп қазақ айтпайды ғой. Ал «Көзімнің қарашығысын» – деп Абай айтқаны тағы жоқ. Оның үстінен, бұл тіркес өлең жолдарының арасында емес, ең басқы жолы екенін ойла, өлеңнің аты да сол.

Абай өлеңнің ең басқы сөзіне селсоқ қарайтын кісі емес. Есесінә әр өлеңнің бастау сөзін өлеңдегі бар ойды бағынтар түп қазық етіп, шымыр алады. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» немесе «Күлімсіреп аспан тұр», «Алыстан сәрмеп» т.с.

Мысалы: «Алыстан сәрмеп» деп басталатын, ой желегін әр шумак сайын алысқа серпіп отыратын осынау екі жұз жолдық өлеңнің өзі бір көкжиегінен көз талған қойнаулы, сырлы алқап емес пе?

Талайдан сөзге айналмай, көкейге шайқалған сұрапыл шабыттың белгісіз сезімдері жырға құйылар сэттегі алғашқы серке сөз ғой ол – өлеңнің бірінші жолы дегенініз. Оған көз кідіріп, көңіл тоқтатпай, «Әке-ау, бұл неге бұлай?» демей, женіл өте шықсак, ол – оқушы болған өзіміздің кінәміз, өзіміздің ұқыпсыздығымыз! Ол ғана емес, ең ақыры, Абай шығармасына болған түсініктің кемдігі.

Абай шығармалары ешқашанда ойға женіл болған емес. Абай «женілдік» туралы айтты – онда тек тілге женіл болуын ғана дәріп-теді. Абай шығармаларының оңай жатталып қалатыны сол «тілге женіл» келгенінен. Көрер көзге оңай жазылғандай өз-өзінен қысып, ұйқасып тұрғандай болғанынан. Көп адамдардың жаттап алып, шығарманың шын мәніндегі қасиетіне жетпей жүретіні, түсінбей жүргенін өздері де байқамайтыны Абай өлеңдеріндегі тілге женілдіктің қасиеті.

Біз сөз етіп отырған өлеңінің («Көзімнің қарасы») бірінші шумағындағы тыныс белгі Абай шығармалары қаншама қайта басылғанда да, дұрыстап қойылмаған қалпында келеді. Бұл да Абай шығармаларын зерттеушілердің осы сөздің мәнін дөп баспағанынан, немесе, Абай шығармаларына ден қоюымыздың жеткіліксіздігінен дерек береді.

*Көзімнің қарасы,
Көңілімнің санасы,
Бітпейді іштегі*

Гашықтық жарасы (Абай Құнанбаев шығармаларының екі томдық толық жинағы, I том Алматы, «Ғылым» баспасы, 1977 ж. 172-б).

Алдыңғы екі жолдың сонына қойылған үтірлер екі жолды бір-біріне қыстырымай, жарыстырып қатар жіберген. Содан да бір шумактағы төрт жол қисын таппай, дәл мағынасынан шеттеп тұр. Өлеңнің дәл мағынасын түсінуге ол да кессірін тигізген.

Заты осы шумактың соңғы үш тармағы да алдыңғы жолдың (бейнесін) мәнін аша – айқындаі түсудің қамында. Ендеше, біз тыныс белгіні былайша қояр едік (бәрібір, бұл да автордың өзі қойған тыныс белгі емес):

*Көзімнің қарасы –
көңілімнің санасы:
бітпейді іштегі
гашықтық жарасы.*

Шығармасы үшін биік сыйншы Абайдың өзі екеніне ешкім таласпас. Ендеше Абайдың «Көзімнің қарасына» ән шығарғаны, әрі оның айта қалсын тамаша әуен болғаны дүниеге мағлум. Соның өзі Абайдың бұл өлеңді өзі өзгеше бағалағанын ұғындырады.

Абай өлеңдері – сұлулық әлемі, өзі айтқандай, тереніне сәуле бойламас бейнелі сана теңізі. Оның әр өлеңі сол теңіздің әр түсі. Кейінірімді, кейі толқынды, кейі су асты маржандарын бүркеген сырлы-сырлы айдындар.

Абай өлеңдері әрқандай оқушының, не зертеушиңің «Мен білеміне» келе бермейтін, талдауға таусылмас қазына. Абайдың өлең туралы ойлары, ән тыңдау мәдениеті, Абай өлеңдеріндегі көркемдік қалқалаған ашу-ыза «Алтын шыққан жерді белден қаз» деп бұрынғылар айтқан сөзді ұстандырады. «Көк тұман» арасында әлдебір асылыңды, жоғынды іздедеті. «Көзімнің қарасы» «батысша ма, әлде шығысша ма» деген сөзге тағы бір ойымызды көлденең тарталық.

1990 жылы Мексика ақынға Оттолиес Пазға Нобель сыйлығын тапсырған салтанатты дастархан басында Швеция Нобель сыйлығы комитеті оның қысқа бір өлеңін оқып еді:

*Мен көру мен тіл қатудың,
Тіл қату мен үнсіздіктің,
Үнсіздік пен қиялымның
Қиялым мен ұмытуудың арасында
— Өлең (Қытайшасынан сөзбе сөз аударылды).*

Өлеңнің монологы сияқтанған осынау бір шумакты бүгінгі дүниесіндеңнің тынысы дегенге дау болмас.

Абайдың «Көзімнің қарасының» тұтас қасиеті Паздың осы өлеңіндегі ойларға арғы ғасырдан келіп тұтасып, жарыса кеткендей. Сіз ерінбей Паздың осы бір шумағы мен «Көзімнің қарасының» бірінші шумағын қатар қойып көріңіші. Екеуі екі ғасырда, екі заманда жазылғанына қарамастан бір кісінің шығармасындағы, бір деңгейлі сезімнің тізгінің ұстап қатар көсліген шумактар.

Паздың шумағында өлең өзін көрудің, тіл қатудың, үнсіздіктің, қиялдың, ұмытуудың арасындағын», деп ишарат етеді.

Ал «Көзімнің қарасында» өлең қараудың, көрудің, қиялдың тіл қатуга жетпеген тұсынан ойға ұсталады.

Өзініз ойлаңыз....

Өлеңдегі сыртқы пішінді (форманы) болмаса, ой мен сезімді «батысша» мен «шығысшаға» бөлу бірер мақаланың қарымы көтерер жүк емес. Бұл жерде көңілге қиғаш келгені «шығысшаны» «батысшадан» төмен деңгейде қалдырып, «Көзімнің қарасын» шығысшаға қосқан жәй.

О. Сүлейменовтің «Айналайын» деген өлеңінде елеусіз оқыла кеттін мына бір жолдарға көніл бөлейікші.

Батыс болса –

Шығысыңың шығысы

Ал Азия –

Батысыңың батысы («Атамекен» 162-бет).

Ақын Олжастың осынау жолдардағы сенше «Батыс» пен өзінше «батыстың», сенше «шығыс» пен өзінше «Азияның» орнын алмастыра сөйлесуі де үлкен мәнге ие дүние. Айтары жағынан біз талқыға салып отырған пікірге жаңасып, ой қармағын теренге жіберген тарих қойнауынан тарта сөйлеген жолдар. Шығыс дегеніміз ақыл-саның, адамдық сезінудің әлмисағы емес пе? Ендеше, «шығысшаға» шынайы үнілмей, шалқая қараша ақиқаттың, ардың тезіне түсер дүние болмақ. «Ою зерлі ақып тастың ішінен құж-құж жахұт ғасыр тастың ішінен сығалаған» (Олжас) шығыстың шынырау шындық орнын өз санамыздан таба білу де ләзім.

Әлемдік дәрежеде өтетін Абай тойының қарсаңында «Көзімнің қарасы» қаншама тілге аударылған бойда өзінің асқақ әуенімен дүниенің жүзін бұрынғыдан ары тербелтті. Біз де өзімізді сол өлеңнің, сол сұлу жан тербелісінің иесіндей сезініп, рахатқа кенелдік.

«Көзімнің қарасын» өз мағынасында ұғынып, өлеңнің кейінгі шумактарын әнге қосындыз. Жиырма екі шумақ кемелді толғау ән үшін кең, мол байлышқ. Қажетінізше ой мен суреттің қисынына қарай ортастынан ойып алыңыз да әуелетіп әкетіңіз:

Көзімнің қарасы –

көңілімнің санасы:

біттепейді ішімде

ғашықтық жарасы.

Алматы, 1994 жыл

МЕН ЖАТТАҒАН ӨЛЕҢДЕР

Өлең деген өнерге жақын жүргенімізге де қырық жылға жуықтаған екен. Қызығып оқыған шумақтарың жанынды жылтытып, бірден жадыңа ұялап қалады. Ол сенің ойыңның шақпақ тасы болып, санаңда жылтылдап мәнгі жүреді. Егер рухың жанып лапылдар болса – ол соның тамызығы сияқты.

Санаңдағы өлең шумақтары молыққан сайын өлең деген сиқырдың шынырауына бата бересің. Сөйтіп өлең саған, сен өлеңге айналып кеткендей сезінесін.

Әдебиетке әуес кейінгі буынға ұстаздық еткен тұстарымда көкейге сақталған жыр шумақтарын қаншама рет көрмеге жайғандай жайып сап, құлашымды жая тебірене тұрып оқып, талдан, зерлеп, шабыттана сөйлеген шақтарым есіме келді.

Өлең туралы айтқым келіп, жазғым келіп жүргелі көп болған, ептең жазып та жүргенмін. Бірде Абайды, бірде Жұмекенді оқып, тағы бірде Омарғазыға тамсанып, өзімше тақырыптар жасап, жоспар құрып жүргеніме де біраз уақыт өтті.

Әлгінде ғана бір ой келді, менің көкейімде көп заманнан жинақталған жеке шумақтар қысқа өлеңдер тіпті, баллада, поэмалар да бар екен. Осы дунис – мен таныған өлеңнің қаймағы емес пе дедім.

*Мен біткен ойпаң жерге аласа агаши,
Басында жемісі мол тамаша агаши.
Қалғанша жарты жаңқа мен сенікі.
Ала бер керегіңе жараса, Алаш!*

Ең алғаш есімде қалған бір шумақ өлең осы шығар – 10 жастар шамасында болармын. Әкем бір топ сұхбаттастарымен «Алаш орда» туралы әңгіме айтып отырса керек. Осы өлең шумағын тебірене сез етіп жатқан. Мен жаттап алыппын. Міржақып Дулаттың өлеңі екенін кейін білдім ғой (Екінші жолын әкем өзінше өзгертіп алған болуы керек. Негізі: «Емеспін жемісі мол тамаша ағаш»).

Алаш арыстарының біразы арғыбет асқаны, біразының ол елге өзі жетпесе де сөзі жеткені бүл күнде көпке белгілі әңгіме. Ахаңын, Міржақыптың, Райымжанның, Сұлтанмахмұттың Тарбағатай өңірінде – Шәуешекте болып, Алашорда қазынасына біраз қаржы үйімдас-тырғаны тарихтан белгілі.

Біздің айтайын дегеніміз өлең жайлы ғой:

Алғашқы шумақты талдау қажетсіз деп ойлаймыз. Аға буынның, Алаш азаматтарының Отанға деген махаббаты мен ұлтқа, халыққа шексіз берілген кіршікісін жаңын сезіну ғана қалады бізге.

Осы шумақтағы көркем жолдарды таяуда Илияс Есенберлиннің «Алтын ордасын» оқып отырып кезіктірдім «Алтын ордада» Сәлімкерей атты кейіпкерінің тәуелсіздікке, бостандыққа талпынған рухын беруге қолданыпты. Эпопеяның эпилогында да осы «жалғыз жаңқа» ұранын қайталайды. Ілекен сол кезде көміліп жатқан Алаш ақындарын жатқа білген, сол рухқа жадыланған адам екен ғой, әйтпесе, сол бодан шақта «Алтын орданы» аңсан, «Алмас қылышын» сілтеп, «Жанталасып», «Қаһарланбас» еді. Отарланған халқының рухын осылайша көтермес еді.

Бізде «ұрпақ сабақтастығы» деген бар. Жақсы сөз. Айыбы – уақытпен, өмірмен шектеледі. Ал «Рух сабақтастығы» деген тағы бар. Ол уақытпен шектелмейді. Ол «жарты жаңқасы қалғанша мен сендікпін, Қазақстан!» деген аса биік, асқақ рух болмақ.

Міржақып Рухы! Алаш арманы. Кейін білдік қой, Міржақып қандай командаға болғанын. Ахандар, Әлихан, Әлімхандар, Мағжан, Мұхтарлар бастаған жүздеген жігіттер бір ниет бір мұратқа қүшін, ісін беріпті ғой. Мақсұты – бостан Отан. Ал серті бір-ақ ауыз сөз «Жарты жаңқам қалғанша мен сенікі» қазағым! Неткен биік рух еді. Ал осы күнгі жігіттердің командасы ше? Біразы «мен сенікі» дегенді ұмытқан, «қаншасы менікі?» дегенді ғана білетін жігіттер көбейгенін көріп жүрміз.

Ал біздің сертіміз – отанға оралғандағы мақсатымыз әке рухы – Алаш серті болмақ. **Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі, бостан Отан – Қазақстан!**

Бала күнімде ауылымызда Қиса Бақыт деген кісі өтіп еді. Біз білетін біраз ақындар сияқты жағдайы жүдеу, тұрмысқа икемі жоқ кісі болған. Қытай елі халықтың мәдениет байлығын тұп-тамырымен қо-парып тастауға ниеттеніп, «мәдениет зор төңкерісін» жүргізіп жатқан кез. Маоның өлгенін ғана күтіп отыр екен. Есті халық ақылын тез жиды. «Мәдениет зор төңкерісі» де 10 жыл дауылдан барып басылды. Бізден үлкендеу жігіттер Қисаның өлеңі деп оқып жүретін (әрине ол тұста баспа қайда).

*Тапшыға тайғақ еді жсол не деген,
Көрер ме ем қолтызымынан қол демеген,
Табам деп талқанымды мен жүргенде,
Жатады өзегімде шөлден өлең.*

Ошагына салар отыны, жылышар оты болмаған жерде өлең неғылсын. Ауылдастынан басқа адам білмейтін ақынның көкірегінде көктегелі тұрған өлең бір тамшы суға зар боп, шөлдеп семіп бара жатады, немесе, торғайдың балапаны сияқты жүрек аяныши ақынға қарап, мойны қылтиып аузын ашады.

Өзіміз «Өтпелі дәүір» атап жүрген бүгін де – уақыт ақын атаулының мандайынан сипай қойған жоқ. Бәрі де бағанағы Қиса ақын айтқандай, талқанын тауып, отбасын тоңғызбасқа тезегін терер, ал өлең байқұс кезегін күтер немесе таңдайға дәмі сезілмей сабағында тұрып ұшып кеткен бұлдіргендей белгісіз кетер.

Сол Қиса Бақыт ағамыздың азан шақырып қойған аты басқа сияқты. «Тағдыр маған бақытын қиса» деген арманы болар атын «Қиса Бақыт» деп өзгертукені. Тағдыр Қисаға ақындық керемет шабытты берсе де, бірақ, бұрқыратып жыр төгер мұрсат берген жоқ. Ол тұста бүкіл мәдениет тарихын отқа жағып жатқан қытай еліне қыырдағы ақынның торғайдай да құны жоқ еді.

*Бұлдіргенге барып ем,
Піспеген ол – көк екен.
Екінші рет барып ем
Күр – еңкейдім. Тоқ екем
Үшінші рет барып ем
Ұшып кеткен, жоқ екен.*

Ия бүлдірген тәтті, әдемі, таңдайға салсаң езіле кетер керемет жеміс. Біздің кейіпкер сол бүлдіргенді сабағын үзіп татып тамсанғысы келген. Алғашқы барғаны асығыстық болыпты – әлі көк, дәміне әлі келмеген.

Екінші рет барды, қып-қызыл бүлдірген уылжып пісіп тұр, – құр еңкейді құлқы жоқ, өзі тоқ, ат үстінен еңкейген сияқты. Бұл пенденіздің толықсыған тоқ шағы болса керек. Жақсы дуниеге көз суарып қызықтайды. Алып-ұшып қызықпайды. Себебі өзі де пісіп тұрған шағында. Бұл да бір өзгеше түсіну болар.

Ал үшінші рет барғанда ше? Ұақыт өз үкімін жасапты:

Сіз қанша шөлдесеніз де, қанша аңсасаңыз да, қанша тамсанып таңдайынызға дәм тілесеніз де ендігі жерде сабағында тұрған бүлдірген жоқ, ұшып кетті. Сорайып сабағы, қуарып қурайы қалған. Сіз өкінесіз, екінші барғанынызда уылжып тұрған қып-қызыл бүлдіргенді аңсайсыз. Етек-женінді жиып, ен дуниені таныған тұста саған ондай мұрсат жоқ, ұақыт өткен, тәтті шақ жер құшқан, тозаңы желге ұшқан.

Ақын – Жұмаділ Маманның алты жолдық осы өлеңін 20 жылдай бұрын әлдебір журналдан оқығаным есімде. Ақынның жерлесі 40-жылдары қытайдарғы қазактардың ұлт-азаттық қарулы көтерілісін бастаған батырлар туралы «Ақпар – Сейіт» атты поэмасы, бірсыпра жыр кітаптары болғанын білемін. Ойда қалғаны мынау алты жол өлең. Поэзияға тән тұнықтығымен, ғажайып философиялық салмағымен есте, санада сақталған.

Ей, отынши, қырышын талды қимашы!

Жұп торғайды үркітпеші қумашы!

Жұпты қусаң екі айырылып ұшады.

Жасты қисаң, ышқынып жер құшады.

Мен де солай қырышынынан қылғам.

Мен де айрылғам жсаным сүйген жұбымнан.

Қажығұмар Шабданұлының «Қылмыс» романындағы Тарымда жүрген «Зарықбек ақын» гой бұл. Шын аты – Задахан Мыңбай. Өлең, баллада, дастандары шетінен құйылып туседі. Түсіндіруді де, ежіктеуді де қажет етпейді. 18 жасында құғынмен Тарымға кетіп, аман қайтқан аз қазақтың бірі осы Задахан.

Тарым демекші, сол барса келмestен сиреп қайтқан біраз ақын – жазушы жыл құсы сияқты туған жеріне ән салып келгендей еді.

Кеңе жсауған жаңбырдың

Кештен қалған жұғыны

Ғайып болған

таң ата –

Қайда кетті табиғаттың шығыны?

Жұп-жұмсақ бүйра шаштарды

Бұзған не?

Алтын сырға астындағы

Ақ дидарды сыйған не?

Түс емес еді бәрі де,

Бірақ түске бергісіз.

Шіркін, сондай шақтар-ай

Екі айналып келгісіз!

Бұл Омарғазы Айтанұлы жазған «Табиғаттың шығыны» деген өлең. «Па, шіркін!» дейсін. Омарғазы Атажұрттына аса таныла қоймаса да, XX ғасырда шетелде – Шыңжанда туған арқалы ақынның бірі еді. Тіпті, бірегейі – құбылыс деуге болар. «Өлеңсіз откен бір күнім – қиянатым омірге» дейтін ол. Әдебиетке адаптация еді. Әйгілі Қажығұмар Шабданұлының жерлесі, тағдырласы, мұраттасы болған. Ол да 6 томдық «Қылмыс» романындағы сүйікті кейіпкерлердің бірі.

Қазақ әдебиеті мен өнерінің кара шаңырағы – әрине, оның ұлы отаны Қазақстан. Әйтсе де, қазақ жері Қазақстанмен ғана шектелмейді. Еліміздің шығысындағы Хантәнірі – Нарынқолдан басталып Арқасты, Барлықты, Тарбағатайды, Сауырды жоталап өтіп, Алтай – Берелге дейін созылып жатқан екі мың шакырымдай шекарамыздың ар жағында екі миллион қазақ «автономиялы облыс» ұстап, ырыздығын миллиард халықпен таласып жеп, жармаса өмір сүріп жатыр.

Өмір сүріп қана жатқан жоқ, Қазақ мәдениетінің, қазақ тілінің арғы мәйегіне арқа сүйей отырып, бүгінгі қазақ әдебиетінің шоқтығы биік бір бөлігін жасап жатыр.

Әдебиетте, әсіресе, өлеңде қиял әлемінің кеңдігі мен сөз суретінің тосындығы, тіліндегі бояудың түрленуі мен көңіл-күйінің нәзіктігі Омарғазының өлең өнерінде құбылыс жасаған адам екенін айғақтайды.

Омарғазының өлеңдерін оқи отырып, егер тіл жүйрік, қиял шексіз болса бір бейненің мың түрлі сипаты, бір ойдың мың түрлі елесі болатына көз жеткізесіз.

Ақын өлеңдеріндегі қырлы алмастай құбылып, шашылатын түйсік сәүлелері тілдің жұмсақ саусактарымен бір әсем бейнеге келіп, әлде ол, әлде бұл дегізіп, қай түкпіріне соқсан да көркем бір қойнауга жетелейді де отырады.

*Тыр жалаңаш тау
Бір қабат ылтысы ақ тұман бу,
Ұзын-ұзын қыраттар,
Борбайларыңды жу.
Сұлудың аттақ қабығы
Бір білініп, бір ошип,
Тұруши еді гой солай,
Жұп-жұмсақ бұлт көшип.*

Ал енді не туралы, кім туралы ойладыңыз. Бағанағы ақ тұман бұға оранған әсем тау туралы ма, әлде жұп-жұмсақ терісінің астында әйелдік аса бір құпия асыл сезімдер, әлде басқа бір керемет тылсым дүние ұйыған, ол да ақ тұман бу құсап тұнған қызы туралы ма?

Омарғазы солай. Оның бірнеше шумақтан тұратын өлеңдерін күн бойы, жыл бойы оқып, адам жаңының әсем бір әлемінен шыға алмай-ақ жүргенініз. Омекеннің ішкі әлемінің сонша кеңдігі мен шексіздігі, кісілік табиғатындағы биязылығы, майда жұмсақ әзілге жүйріктігі өлеңіндегі өлкенің шексіздігін танытып отыратын еді. Омарғазы туралы әлі де айтарымыз көп.

Тарым лагері – талай боздақтың басы кеткен, сүйегі қалған сұмдықтың мекені.

*Немене қажыр-қайрат сабырлыға,
Жасыма тунек турме, ажырғыға.*

Жеті мың үш жуз түннің баста үйқысын,

Жайлап сал төсегіңді абыржыма! – деп келетін Мағаз Разданның өлеңдерінің қасына «соңау Сібір түкпірінде жасыма, дос, сабыр қыл» деп басталатын Пушкиннің өлеңдерін қойып көрініш? Сол Мағаздың түрмеден аман қайтқан аз ғана азаматтардың қатарында елге жетіп:

Салем саган, Алтайым,

Тентегің соңша сағынды.

Жоғалып кеткен бір тайың

Тарландаң барып, табылды, – деп толғанған шақтарында біз де өлең жаза бастап едік. Тарымнан қайтпаған тағы бір ақын Тортархан Жекібай болса, досы Серік Қапшықбай «Еренқабырға» атты поэмасында ол туралы былай толгайтын:

Күй түрін таңдасаң,

Қоңырынан деуші едің.

Соныңды енді ойласам,

Жаның еken ол сениң.

Етік түрін таңдасаң,

Берігінен деуші едің.

Соныңды енді ойласам,

Жаның еken ол сениң.

....

Көпіршіген шаланы,

Көмдің сөзбен бастыра –

Әйел құсан талаійы

Түсін еди-ау астыңа, – деп желпілдетіп әкететін ақын Серік Қапшықбай бүгінде Алматыда. 80-нің сенгіріне шыққанда «мен кәрі кісімін – бірақ азат отаны бар кісімін» деп, сахнада тік тұрып өлең оқыды. Өлеңге, жырға деген сеніміне селкеу түсірмей жазып келеді.

Арғы беттегі ақын біткен ақ намысының арқа тірегі Қазақстан екеніне шұбә келтірген жоқ. Текес деген өзен бастауын Хантәнірден алып, қытай жеріне өтіп, қайта айналып Балқашқа құяды. 81-жылы

ақын Жәнатқан Тұтқабектің «Текес» деген өлеңі «Шұғыла» журна-
лында жарияланды.

*Күн шуағы жетелеп,
Бет алым ең шығысқа.
Кете бермей төтелеп,
Неге айналдың бұрысқа?*

*Туган жерге тарттың ба,
Әр толқыным құшсын деп.
Туган елге тарттың ба,
Мейірі қанын ішсін деп?
Жерді пенде болсе де,
Табиғатқа шек бар ма?
Тоқсан тосу көрсе де
Әлем заңы тоқтар ма?
Тұрмайды ол бұлданып,
Тынбайды ол агады.
Балқаш барып буланып,
Қайта оралып табады, – деп келетін ұзак өлеңде*

бірсес су, бірсес бу болып, шекараның арғы жақ, берігі жағындағы
казақ жерін айнала аққан Текестің орнына біз ұлттың арман аңсарын,
рухтың тұтастығын ойша қойып, туган жер мен атажұрттың арасын
сағыныш құдіретімен тұтастырып отыратын едік. Иә, Қытайдағы қа-
зақ «шығысқа төтелеп кеттей» миллиардтық мұхитқа қосылмай,
«қайта айналып табатын» – атажұртына қопарыла оралатын күн бо-
лар. Сол Жаннатханның балаларын, немерелерін таяуда Астанада жо-
лықтырдым.

Жалпы бодан шақтағы бостандық аңсаған өлеңдер Елімізде де мол
болды, ондай өлеңдер шекараның аржағына тарап, көп жатталды.

Жұмекен Нәжімеденовтің «Тепе-тен» деген өлеңі есіме түсіп тұр.
Тұпнұсқасын пайдалансам деп едім, кітабын таппай отырмын. «Елор-
да» баспасынан 2001 жылы шыққан таңдамаласынан таппадым. Есім-
де қалғаны бойынша былай:

*Алатай, саған не болды
Мұнишама жер бауырлан?
Бұлты шөгіп ғаламның
Жатырмысың ауырлан?*

*Ауыр екен бүгін күн
Күлдей сұргылт қар түсі.
Ауырласаң, жүзгіңің
Маган-ақ бер жартысын!*

*Көрмейінші, Алатау,
Сені мұндаі кейіпке!
Не корсек те тірлікте!
Бөліп көтерейік те!*

Өлеңді оқып болған соң заманы бодан, рухы бостан ақынның қиял қуатына таңданып отырасың. Тағы оқисың, тағы қайталап оқисың. Үш-ақ ауыз өлең ойына орнап алады. Алатаудың жарты жүтін көтерген ақын рухы елестейді көзіңе. Халқының қасіретін қақ жарып қайқая көтерген алып абыз елестейді көнілге. Өлеңді ойында оқып келе жатасың... кенет есіне түседі: өлеңнің аты неге «Тепе-тен» болды дейсің. Тепе-тендіктің екі жағында кім, не тұр? Соңынан таразының бір жағында алып ақын мен енді бір жағында асқар Алатау тұрады.

Жұмекеннің «Top», «Жанғырық» (бұл туралы көлемді мақала жазғанмын), поэмаларын тұтасымен жаттап алғаным есімде.

*Жағасында Қигаштың,
Күмга айналған қыр барлық.
Сол құмдардың баурында
Біздің ауыл тұр қалғып,*

*Мұржасалары есінеп,
Шықса асықпай түтін – ақ,
Сол түтінді таратарап,
Жел де асықпай күтіп ап.*

Агаштар бар қайқы өскен.

Көлшік сулар бір түрлі.

Арасынан кірпіктің

Қарайтын коз сықылды.

...

Шағын поэма осылай басталады. Бейнені бедерлеуде Жұмекеннің тілі түрленіп-ақ кетеді. Мен Қиғашта болғам жоқ. «Торды» жаттап алып, өзімді Қиғаштың жағасында жүргендей сезінетінмін. Осы «Top» өлеңі отарлауға, халықты жаныштауға зілдене қарсы тұрған шығарма. Жұмекеннің көп тұстастары ол тұста мұндай өлең жазбақ түгілі, ойлаған да емес.

Top жамаітды қария.

Козі де алі көргіш-ақ

(тиіп кетсең үгілер

Әппақ басы бор құсан).

...

Ірілердің шығыны

Көндіккен іс бүтін бас.

Шабақ түгіл, мұныңнан

Коңыз аман құтылmas.

...

Шабагынан бастайды

Құртатындар балықты.

Балағынан бастайды

Құртатындар халықты.

Сіз халықты тұп-тұқиянымен құртып жіберуге құлшынған саясатты сол заманның өзінде тұрып айтқан, жазған кісі туралы, Елдікті сақтау жолындағы салмақты қарсылық жайлы оқып отырсыз. Тәуелсіздіктің 20 жылдығында да бостандық туралы татымды өлең жаза алмай жүрген ақынсымақ аз ба?

Жұмекеннің бүкіл шығармаларында тек қана бостандық ұраны бұлқынып тұрады. Өйтпегенде оның (Шемші әуенін жазған) «Менің Қазақстаным» өлеңі үлтқа ұран болар ма еді. Ия ол бодан заманның бостан ақыны еді.

(Жалғасы бар)

ЖАСТЫҚ ШАҚТАҢ ӨЛЕҢІ

(Сын эссе)

Бақыт Исламұлымен жолымыз бозбала күнде түйісті. Іле педагогикалық институтының қазақ әдебиетіне қабылданған алғашқы тоғында 55 студентпіз, 40 жігіт, 15 қыз.

Жоғарғы оқу орындарына түлектерді емтиханмен қабылдау 1977 жылдың сонында ғана жолға қойылған, ал мемлекет бойынша біртұтас шығарылған сұрақтармен емтихан тапсыру 1978 жылғы біздің буыннан басталған болатын. Ол кезде жоғарғы мектепке өту жөнім-паздардың биік мәртебесі саналатын. Оқушылардың оқу шығыны барлығы да мемлекеттен, оқу бітірген кісіге жұмыс орындары дайын тұратын. Біз Құлжага сондай бір мақтанмен, мәрт көңілмен жетіп едік. Бала бітімді бізден бастап жігіт ағасы Тәлет Әмірәлігे дейін орта мектепті әр жылдары бітірген біздердің жас шамамызыда әркелкі болатын. Соған қарамастан таныса бастағанда-ақ «Сен кімсін? Мен пәлен» дейтін жігіттердің жүзінен байқалып тұратын.

Адамдардың болмыс-бітімі жасаған ортасы жаралған табиғатына тартатын сияқты Бақыт Исламұлы біз көрген бозбала күнінде-ақ көңілі асқақ, рухы биік жан еді. Бұйра шашты, еңселі, қызыл сары жігіт әр Алтайда туғанын әр мінезімен білдіргісі келіп тұратын. Әсіресе, Шіңгілден келген екі қыз, екі жігіт те жайдарман, жарқын жүзімен, қалтқысыз көпшіл көңілімен көзге түсетін. Өздері өлеңшіл, әзіл-қой еді. Жатыптар мыскылшыл болатын. Шіңгілдегі мектепте Қыдырқан Мұқатаев, Әбдембай Бажаев сияқты сол замандағы танымал ақындардан сабак алғанын айтып көтеріліп қоятын.

Ол кез әдебиет деген «өлең», әдебиеті деген «ақын» деп танитын шақ. «Кім қай деңгейде жазады?» деген сөз айтылмағанмен әр аймақтан келген жас перілердің арасында кім мықтыны анықтайтын «бәсеке» қызып жататын. Орта мектептен өлең жазып, өзін ақын санап келген мықтылар көп емес еді. Қара өлеңді төрт аяғынан тең қойып,

құбылта қоятындардың қатарында осы Бақыт Исламұлы, Баймолла Таңғытұлы, Оралбек Қожаұлы қатарлы жігіттер бар болатын. Кейін Тәлет Әміреліұлы, Мұқан Мамытқанұлы, Тамаша Самарқанқызы, Болатжан Шаншарбекұлы, Бақыт Ясынұлы қатарлы қыз-жігіттер де жыр мүшэйраларына өлең қосып жүрді. Бақыт Исламұлының:

Алтайдың жігітімін, атым Бақыт,

Бері әкел дәптеріңді жасақындағы.

Көсейін көк сиялы қаламменен,

Маздатып өлең отын лапылдатып, – деп тебіренетін де осы кез болатын. Біз Құлжага 1978 жылдың 20-21 қарашасында жиналған болатынбыз. Бақыттың «Жаңа мекен» деген өлеңі жазылғанда біздің студент атанғанымызға екі-ақ ай болған кез екен.

Сол күндері біздің институтта жыр мүшэйралары жиі өтетін. Қебінде саяси тақырыптар белгіленеді. Бір-екі жыл бұрын қайтыс болған көсемдерді еске алу, оларға жоктау, арнау, тағы басқа да мәдени шаралар жүріп жататын. Әділқазылардың құрамында Дутан Сәкейұлы, Жәнетқан Тұтқабекұлы, Жәкен Отарұлы, Мәметжан Садықұлы сияқты әйгілі адамдар жұмыс істейтін. Жұлдеге үміткерлердің арасында біздерден бөлек ханзу, ақындар, ұйғыр ақындар өз тілдерінде өлең оқып, бәсекені қыздыра түсетін еді. Шығармашылық бәсеке мүшэйралардаған емес, жазу практикасы сабагының тапсырмасын орындау, отырыс, сауық кештерде, қыздарға арнайтын өлеңдер де, олардың дәптеріне жазатын жырлар да – осының барлығында жүрліп жататын.

Бақыт Исламұлының баспаға дайындал жатқан қолжазбасын пәрәктап отырып, жастық шақтағы шығармашылық құлышыныстың ізін көрдім.

«Бала» деп жүрек қанын сарқымаган,

Ана жоқ «бала» десе балқымаган.

Әбзелдей балаңызбын менде сіздің,

Аяулы амансыз ба, жарқын ана, – деп басталатын ана турагалы өлеңі Әбзел деген курсас қыздың анасына сөлемдескенде туған өлеңі екен. Мұндай өлеңдер Бақытта көп болатын.

Осының бәрі де ізденіс, сол дәуірдегі жарқын шабыттың дәптерді қолға ала салып құйқылжыта жөнелетін сәттерін еске салады. Бақыт өлеңдерінен құйқылжытып жаза қоятынын, қарапайым халық тілін сезінесін. Тез тауып айтатынын танисын.

*Елден есіл ерексіз,
Зерделісіз зерексіз.
Махаббаттың басы бар,
Кемті соңы дерексіз.*

*Өзімнен деп айтам ба?
Өзіңнен деп айтам ба?
Арамызга от жақыдан
Немене бір сайтан ба?*

*Серттесін ек не деп біз?
Ажырастық себепсіз.
Маган мұндай махаббат
Керексіз, мұлде керексіз.*

Осы «Себепсіз» деп аталатын үш шумак өлең қылқаламмен тарта-тарта салған сурет сияқты. Өлең ұйқастарының, жолдарының барлық ер-тұрманы түп-түгел болғанына қарамастан, өлеңдегі сөйлемдердің сөйлем мүшесі ауыспай түскен. Бұл ақындық шеберліктің белгісі, за-йыры, өлеңде сөйлем мушелерінің орнын ауыстырып ұйқастыра беру онша қыын жағдай емес. Ал соны ауыстырмай түсіру, әдеттегі сөй-леп отырған кісідей жазып, оны ұйқастырып, оны төрт тұрманы түгел етіп шығару шеберліктің белгісі.

Кітапқа кірген өлеңдердің көбі студенттік шақтагы жастықтың жырлары екен. Өлеңдердегі тақырыпты талдау, ашу, бейнелеу бір тәсіл. Қолжазбаның соңына таман тұрған 1986 жылы жазылды деген екі өлеңде Бақыт бұрынғы өлеңдерінен ғөрі басқаша, өзгеше сезіну, мұлде тың түйсінің байқалады.

*Ән сап қайтам жартасты жаңғыртам да,
Қырдың қызын қиялдан қаңғырсам да.*

*Сүйгенде құшақтап қызың мені,
Тау самалы – аумаган қыздың демі.*

*Қыз қойныңдай жылды екен таудың қойны,
Төседім кеп балқытып тұла бойды.*

Қызық екен тау деген қызық екен,

Қыз ерніндей тау гул қызыл екен, – деп келетін өлеңі ақын мен табиғат, табиғат пен фантазия, қиял мен тұс бәрі қосылған бір басқаша дүние боп шыққан. Және тағы да 1986 жылы жазылды деген мына өлеңі де:

*«Осы таудың көргенде қияларын,
Түспеген жас келіндей үяламын.
Осы таудың жасас кезде қиясынан
Ұятымның тайдырығам тиянағын».*

Керемет шумақтар, жаңа түскен жас келіннің сезімінде болуын, тауға қарап тұрып, еткен бір жастық шақтағы қателіктерін еске алып, өзін солай сезінү немесе ұятының тиянағын ұяты бір таудағы қандай да бір киік пе екен, тауешкі ме екен, елік пе екен, әлде бұғы ма екен. Соның табаны сияқты, тиянағы бар дүние сияқты бір жартастан түйсіктің тайғанауын тым шебер бейнелей келтіреді. Осындай шумактарда ақындық түйсінумен түйсінгенде тілге айналдырудың шеберлігін ақын әбден көрсетеді.

«Ақын өмірінің соңғы он шақты жылында неге өлең жазбай кетті?» деген зандау сұрап туады. Өлең жазудың барлық тәсілін менгеріп, төрт тұрманын түгел қып құбылта қоятын шеберлікке жеткен кезде ақын енді өлең жазуды емес, қиялындағы бір тылсым, басқаша бір дүниелерді, сезімдердің терең иірімдерін сөзге айналдыруға, соларды табуға ұмтылады. Мәселен ұятың тиянағы деген сияқты бейнелеулер. Әйтпесе ондай кезде жыр жазу қын да емес, қызық та емес шақтар туады. Мен ақынның соңғы кезде өлең жазбай кеткенін өлеңнің биік талғамы, сұлулықтың биік сұранысы алдындағы жауапкершілікті сезінүнен деп ойлаймын.

«Жанымнан туса жақсы өлең,

Жадыраімын қарадай.

Көрмей жүріп шыр еткен,

Бір үл тапқан анадай» дейтін Бақыттың сезімін ақын ретінде әбден түсінемін. Бұл дегеніңіз осынау өлең жолдары, өлеңге деген құштарлығын онан ары, оның деңгейіне деген жауап-кершілігін әбден сезінгеннен туады.

1982 жылдың жазында біз Шәуешекке кеттік, Бақыттар Алтайға аттанды. Жолымыздың айрылғаны сол екен, бұдан былай оның Шәуешекке, менің Алтайға жолым түспеді.

Бақыт бұл дуниеден жас қайтты. Ол өмірден өткен шақта артында оның ізі – жастық жыры, жазған өлеңдері қалды.

1980 жылдарда Жұнгода реформа басталып, оқу-ағарту ең басты бағытқа айналған. Сол жылдарда жоғары оқу орындарына қазақ түлектері де көп қабылданды. Бейжіnde, Ланжуде, Үрімжіде, Нанжинде, Ши әнде және Құлжада жоғары оқу орындары ашылып жатты. Дәл қазақ әдебиеті жөнінен мен Құлжадағы оқу орнының деңгейі басқа оқу орындарынан өзгеше биік болды деп ойлаймын, өйткені онда керемет білікті ұстаздар бар еді.

Бақыт Исламұлының бүгінгі шығып жатқан осынау кітабы 1978 жылы Іле педагогикалық институтының алғашқы әдебиет тобына қабылданған сол 55 баланың әдебиетке қосқан қорына жатады. Бұл кітап біздің топтың, біздің курстың әдебиетке, қазақ өнеріне қосқан ортақ қазынасы деп түсінемін.



АҚЫННЫҢ ОЙЛАУ АМАЛЫ

Күйын

*Бұргылап жердің кіндігін,
Жұлқылап көктің тұндігін.
Алапат қүйын ұмсынды.
Шөлмектен шыққан жын сынды.
Үілдеп әуен құраган,
Мықынсыз бөксе бұраган,
Әнерге құған ұятты
Жалаңаш биши сияқты
Көрініс екен бұл болек.
Қаласың бір шоқ гүл ме деп.
Зулаган ойдай миыңда.
Кұбылыс екен қүйын да.*

Басқа шығармашылық адамдарынан ақынның айырмасы оның ойлау амалында. Салыстырып ойлайды, жарыстырып ойлайды, терен өсермен тебіреніп ойлайды. Сөз сәулесін жүргегінде ұйытып, ою-зермен ойлайды. Ұйқаспен, қисынмен ойлайды. Егер бейнелі өлең болса сол бейнені сағымға орап, санаға көшіріп, елігіп, елеңдеп, екпінмен ойлайды. Оны тармақтатып, тағандатып, төрт аяғын тең бастырып шумақтап түсіреді. Ол дегеніңіз өлең ойлау, өмірді өлеңмен ойлау деген сөз.

Мына үш-ақ шумақ өлеңді қараңыз. Ақын ауыл сыртында санасын өлең сағалап, сар жазыққа қарап, самал аулап тұр дейік. Ойын өлең бітімі – ұйқас пен шумақтың ырғағы тербейді.

Сар даланың сонау тұсынан шыққан қүйын онсыз да өлең тілеп тұрған санаға соғылған ғой. Қүйинға назары кеткен ақын көңілінде «шөлмектегі жын шошына шығып сұылдай ширатылады». Табаны

«жердің кіндігін бұрап, төбесі көктің түндігін желпиді». Жер көктің арасын тіреп шиыршық ата солқылдаған құбылысты бағып қалған ақын тебірене түседі де, өз ойында жүрген биші – биші болғанда да жалаңаш бишіні есіне алады. Оның жалаңаш қалуына өнер себеп.

*Өнерге қызан ұятты
Жалаңаш биші сияқты.*

Әрі бейне-картина, әрі пәлсәпә сыйып тұрған екі тармақ бар-жоғы алты-ақ сөзден қиысып, құйма алтындаі құйылып қатып түскен өлең.

Ары қарай ширатылған ауаны белінен буған гүлге де ұқсатып, сөз-бен сурет салған ақынның санасында да құйын жүйткіп жүре береді. Құлағына құйын әуені – желдің уілі, табиғаттың ширыққан дауысы келеді.

Осы жеті буынды үш шумақтан ғана адам сезімінің құбылысын, қазақ сөзінің бейнелу шексіздігін айқын көресің. Одан ақын санасындағы салаланып, қиысып, келген сөз түрленуін, ұйтқыған құйынмен жарысқан, құйғытып тұрған жүйрік қиялды көресің.

Егер Темірғали Көпбаевтің қазірге дейін тек поэзияға тән шығармасы – 6 дастан, 12 баллада, 500-ге жуық өлең болғанын, оның жалпы жыйынтығы 14 000 жол екенін ойласақ, шебер ақынның шексіз шығармашылық қабілетін көрсетер қазына ол ақында бар деген сөз.

Ақындық ойлау амалын қапысыз менгерген, теренінен тартатын, тебірене төгетін тете ақын бауырым Темірғали, 60-ың құтты болсын!



ІЗГІЛІК – ІЗДЕНІС ҮШІН

Күллі адамзатқа ортақ бір ғана бақыт бар, ол – сана саясындағы ләzzатқа кенелу. Біз табиғаттың жанын, тірлігін сол ғажайып болмысты әлде бір дыбыстан, әлде бір қозғалыстан, әлде бір бояудан сезіне қалғанда сол сезімнің әлгінде ғана жүргегімізге дарығанын, ендігі жерде тұла бойымызға жайылып, меншігімізге айналып бара жатқанын байқаймыз, әрине, «көнілде алаң басылған тәнірінің берген өнері қек бұлттан ашылған» (Абай) сәтке дөп келсе. Егер сіз оны байқай алсаңыз ләzzат, рахат бақыт дегеннің тек сол ғана екеніне сене беріңіз.

«Заман Қазақстан» газетінің 1996 жылғы №49(173) санында Жапон ақыны Басенің үш жолдық қысқа өлеңін оқушы талғамына тастапты.

*Көне тоқтау көлшікке,
Бақа секіріп түскенде,
Судың үні естілді.*

Өлең бізге бірнеше аунап жеткен болар. Аударманың қыры сыныңқы, солғын. Десе де, біз жапон халқын табындырған өлеңдегі қисынға қарап талдап көрелік.

Өлең бас-аяғы бір сөйлем ғана. Бірақ, онда бояу да, қымыл да, дыбыс та бар делік – бұл үшеуі жаңағы бір сөйлем сөзбен өлең сахнасына көрнеу шығады. Ал сахнаның сыртында көзге ілікпеген төртінші кейіпкер тағы тұр. Ол – судың дауысына елеңдеген адам – ақынның өзі немесе «мені».

Өлеңде ақынды елеңдеткен көне тоқтау көлшіктің түбінде байқаусыз жатқан тірліктің зәредей ғана белгісі еді. Бақа секіріп көлшікке түскен заматта ол – жаңағы тірліктің белгісі – көлшіктен секіріп ауаға шығады, ақынның құлағына қағылып, санасына ілігеді. Сол сәттен-ақ ақын өзін де, маңындағы табиғатты да жанды, сергек сезіне бастайды. Соның бәріне жан бітірген жаңағы зәредей тірлік белгісі ол – судың дауысы. Сылдыр ете қалған судың дауысы барлығын бір-бірінс

байланыстырып, кіріктіріп жібереді. Ескі көлшікті, бақаны, кеңістікті, ақынды бәрін де бір сэтте дір еткізе қалады, елеңдете қалады. Ендеше осы жырдағы сезім тұтқасы, жаңағы дауыс – судың дауысы. Себебі: бізге көлшік құлағымыз арқылы көрінді – әлгіндең дауыс арқылы сезілді, бақа да судың дауысы арқылы өзінің бар екенін білдірді. Бізге осы дауыс арқылы күллі табиғат бар екенін, кемелді екенін, қозғалыста екенін әйгілейді, ақын да өзін табиғат құшағынан тапты, сонан бақыттанды.

Біз бір демнен соң-ақ, көлшікті де, бақаны да ұмыта бастаймыз. Әйтсе де манагы судың дауысы белгісіз бір тербелісімен санамыздың қандай бір түкпірінде көпке дейін жасырынып жүреді.

Ләzzат бақыты деген ол ешқашан да мол дүние емес, ол зәредей сәттің ғана еншісі әрі тез ұмытылғыш нәрсе, бір сәттің ғана үлесі, құйттай ғана сезінудің мәуесі.

Құллі поэзияның – лириканың түпкі мақсаты сол зәредей шақ, сол құйттай бақытты әлде немен сезіне білу, – дөп келгенде тұта білу, тілдегі – белгі – бояуын дәл тауып бейнесіне келтіру, сезіндіре білу болмақ. Бәссе соны тым терең білген кісі. Ол – сонымен де ақын болған.

Ұлы Абайдың «сезгенінді сездіріп, жете алмадың ортаққа» деп өз жүргегіне кейитін, уздігетін, жінішкеретін, тереңге тартатын жері де осы болатын.

Әрине, тереңдікке, нәзіктікке бет алу үшін кең масштабта қарману жөнді бағыт болмақ. Бұл күнде жалпы өлеңқұмар қауымды, ақындыққа талпынушыларды әлем әдебиетімен, оның бүтінгі тынысымен сусыннату жоққа тән дерлік. Әйтпегенде өткен ғасырдың өзінде-ақ біздің ауылдарымыз Пушкин мен Байрон, Гете мен Бунин, Лермонтовтармен өз тілінде таныса бастаған емес пе еді. Оған ұлы Абай аудармасы күә.

Үніле білмеген кісіге Басены ежіктең отырған біз қашанғы дүниeden өткен біреудің бір ауыз сөзіне табынып, қарадай тамсанғанға ұқсаймыз. Мәселе бір ауыз сөзде емес, шеберлікте. Сол сөздердегі бейнеде, сол бейненің ішкі үйлесімінде және сол халықтың көркемдік

танным-түйсігінде, ұлттық болмысында жатыр. Брусиловский пианинода отырып «Желсіз түнде жарық айды» орындағанда М. Әуезов: «Қанша шебер болсаң да қазақтай орындан алмайсың. Себебі: сенде ондай табиғатты сезінетін ұлттық түйсік жоқ», – деген екен. Брусиловский басында ренжігенімен, кейіннен Мұхтардың сөзін түсінген екен дейді. Қалай десек те, уш жолда қисын-келісім бар.

«Сылдырлан өңкей келісім,

Тас бұлақтың сұындаї», – деп Абай айтқан «Келісім» соны мензейді. Онда да ақын тас бұлақтың сұы емес, сол судың сылдырлаган дауысындағы әр деңгейлі дыбыстық бояудың өзара келісіміне таман жақындейді. Абайдың түйсігі сол келісім тапқан әр дыбыстың арасында қыл өтпестей соншама нәзік, жінішке саңлауында жургендей бейне береді. Ол жүрек – «Кірлеген жүрек», сумен емес жанағы келісім тапқан дыбыстардың сылдырлаған үнімен, мөп-мөлдір тас бұлақтың дауысымен жуынады.

Біз талқыға салып отырған өлеңдегі көне көлшіктен тірліктің белгісін сездірген дауыс та жаңағы сияқты судың сылдыры ете қалуы. Мұндағы өзгешелік Басенің журегі судың сылдыры мен табиғаттың арасындағы үйлесімді қадағалаудан ләзаттанады да, ал Абайдың жүргегі одан да жінішкелеу тұстан, нәзігірек жерден жаңағы судың дауысындағы дыбыстардың арасынан көнілге ұсталады.

Үйлесіммен, ішкі қисынмен қысқа ғана жыр жазудың ұлгілері әлем әдебиетінде жи кездеседі. Омарғазы Айтанұлы бір мақаласында Америка ақыны Карл Сандборгтың «Жайлай жасау деген» өлеңін талдайтыны бар. Қисыны былай:

Жасау үшін жайлайды,

Бір бал ара, бір қияқ қана шөп керек,

Бір бал ара, бір қияқ қана.

Үстінен тек ескелең қиял қосылса,

Қиялдың өзі-ақ жетеді жайлай жасауға

Егерәкім, бал арасы кем болса.

Әдейі қайталаңғаны демесең бұл да уш-ақ жолдық өлең болар еді. Жасыл тірліктің нышаны, жасыл алқаптың белгісі бір тал қияқ ақын-

ның қолында қалтылдайды. Бір балара сол қияқты шыр айнала ұшып, оған өзінің дауысын қосады. Ақын өз көкейінде жайлау жасау үшін оған осы екеуі-ақ (бір тал қияқ, бір балара) жеткілікті ары қарай өзінің өскелен қиялы көмкеріп әкетеді.

Олжаста да осындай өлеңдер жиі кездеседі.

Сәскедегі бал араның ызыңы

Кұлагыңа келсін десең

Бұзығым,

бал жесегін.

Үйеңкінің жапырағы қалғыған

Көз алдыңа келсін десең,

Қаңғыма,

бал жесегін.

Ақ шалғыдан аунап түскен орнына

Шөптің іісі келсін десең мұрныңа

Бал жесегін.

Көргің келсе өзенді атпақ болаттай...

Ол жеп отыр

Балға шыбын жолаттай.

(«Атамекен», Жазушы баспасы, 1972. 224-бет)

Бұл жерде Олжас та жайлау жасамақ. Сол жайлауды жасауға қажетті мүлкі тек бір қасық бал ғана.

Карлдың өлеңінде бір балара, бір тал қияқ ақын көкейінде жайлау жасайды. Басенің өлеңінде судың сылдыр ете қалған дауысы құллі табиғатты сезіндіреді. Ал Олжастың өлеңінде бір қасық балдан дауыс та, бояу да, хош ііс те шығады. Сәске түс, араның ызыңы, ағаштың жапырағы, шалғынның іісі бәрі де ақынның көкейінде кенеліп, табиғат жасай бастайды. Олжас өзенді айта бере көп нұктемен тоқтай қалады, себебі, алдынғы жолдарда-ақ табиғат лирикасы кемеліне келіп үлгерген болатын.

Осынау өлеңдердің қай-қайсысы да табиғаттың зәредей белгісінен туындал ақын сезіміндегі, тіліндегі үйлесіммен сезінудің, табалдырығынан аттап, өскелен қиялдың шексіз көкжиегіне беттейді.

Сонда осы не үшін керек деуініз де мүмкін. Бұл сұраққа ешкім де мандымды жауап бере алмас. Ал ондай өлең аяқталған кезде сөз тоқтауы керек. Онан арғы жерде сезіну, түйсіну әлемі басталады.

Мексика ақыны, Нобель сыйлығының иегері Паздың «Өлең түсінбейтін нәрсе емес, бірақ оны түсіндіруге болмайды» дейтіні осы. Шынайы өлең өлең күйінде тұрғанда ғана бізben – оқушымен белгілі аралық сақтап тұрғанда ғана өз деңгейінен көрінеді. Біз түсіндірген сайын көрінү тәртібі бұзылып, көркемдік деңгейінен айырыла бастайды. Өлеңді түсіндірмеу керек дейтініміз содан.

Басе, Абай, Карл, Олжастардың, басқа да ақындардың терең тынысты өлеңдері үшін Паздың сөзі өз құнын жоймайды.

Шынайы өлең түсініксіз болу үшін жазылмайды, әйтсе де терең, сұлу болу – оның негізгі мақсаты. Өлең тереңдеген кезде адам жанының ішкі қойнауларындағы сөзге, санаға айналмаған сан қылы түйсіктерді бейнелей бастайды.

Бүгінгі төл поэзиямында мұндай шынайы сұлулыққа беттеушілер, тереңге тартушылар көп болмаганымен, құдайға шүкір, іздесен табылады.

Алдағы тұста ара-тұра болса да Жұмекен мен Олжастан бастап, кейінгі ізденістегі топты өз халқына жақындана бергенді жөн дер едік.

Алматы, 1996 жыл



ӨЛЕҢГЕ ӨРКІМНІҢ-АҚ БАР ТАЛАСЫ

Таяуда бір топ жас ақының өлеңдері кірген жыр жинағының қолжазбасын алдым. Жастардың ойы түсінкіті – өлең танитын ағадан алғы сөз дәмстеді. Газет шығарған кездегі тәсілге салып, шағын рецензияны сүйкеп жіберуге болар еді. Өйтпелдік. Бұл жолғы жауапкершіліктің жөні бөлектеу. Жинаққа Шыңжаның әр түкпірінде туып, өлең өнерін менгеріп, отанына оралған ақын қызы-жігіттер еркін топтасыпты. Қарап тұрсақ, Қазақстанның әр түкпіріне ірге теуіп тілдін, өнердің, өлеңнің өркенін жайып жатқаны байқалады.

«Ескі жүртүн сағынбасын қай халық,
Дәм айдаса барып тұрам айналып.
Өйткені анау іргедеі ақ тасқа,
Балалығым қалып қойған байланып».

Бұл – Гүлнұр Оразбайқызының өлеңі. Арғы бетте қалған мекен, артта қалған ел – мәңгілік сағыныш. Дәм айдаса барып тұрар, алайда, «Тұған жер мен азат Отан таласқа түскенде, туған жерді сағынышқа қиып, азат Отанды таңдаған жұрттың өкілі ғой. Ақын сезімінде сарғайған сағыныш, сары алтын тілі бар, сап алтын өлең.

Ары қарай Гүлманат Әуелханның өлеңдерін параптап отырмыз:

«Сарғайғанда сағыныштан гул өрем,
Жапырақтар жсанарына тунегем.
Жүрегіме мекенdedі ымыртта,
Фарыш жақтан ұшып келіп бір өлең...

Гүлманат өлең ауқымын табиғатпен, кеңістікпен өлшейді. Әйел затына тән тылсым тұйық көнілге жұмбақ жылы сезімдерге құру, жүреқ лұпілімен қиыстыру, үйқаспен ойлау, төгілте сөйлеу, құбылта қиыстыру ақындық шеберліктің белгісі. Бұл жағынан Гүлманат жырларының тұрманы түгел. Осындай тілге женіл, әсерге салмақ салатын өлеңдерден соң, сәл тыныстап алып, біз қолжазбадағы ақындарымызды асықпай бір-бірлеп оқып отырмыз. Жинаққа Женіс Қаненұлының

оншақты өлеңі кіріпті. Өлеңінің өзегі түн тақырыбына ұйып, өлең оқуға әбден икемделген санамызға салмақ түсірді. Арғы беттегі Ерен тауда туған бұл жігіттің бүгінде арқалы ақынға айналғанын сездік, Жұматайға арналған өлеңінде:

«Арлан ақын еді атышулы еліне,
(Ақын жүрекпен жырласын ғалам.)

Келер деп бір күні Жетісу жеріне,

«Қалдырып кетіпті музасын маган» – деп нық сенімен жазады. Женіс өлеңдерінде бейнеге құрау, сөзбен сурет салу негіз. Бұл – шеберліктің белгісі.

«Парықтай алар менің түйсігім, түрлі түсті рендерді» деп өзі айтқандай ақын қиялы шабыттанған шактан-ақ суретке құрыла бастайды. «Мезгіл ариясы» деген өлеңінде мезгілге «сағынышын мөлдіретіп ұрттатады да», сол сусынмен табиғаттың «таңдайын жібіткізіп», уақыт кейпіне «махаббатты жастап» құлпырған табиғатты тамашалатып кояды. Ақын қайда барса да, «кіршіксіздіктің, тазалықтың алақанында жүрегі жанбыр шайған аспандай тазарады». Одан ары...

«Кекілі көрдей түннің жеслбіреді»,

Біз кідіріп қалдық кекілі (түннің кекілі) түн көрдей», егер түн көрге ұқсаса кекіл қайдан жүр. «Кекілі желбіресе (мүмкін кекіл желпінетін болар)» түн қара сұліктей жылқы болып елестер. Бұл суреткерлік құштарлыққа бейімделем деп қысыннан кету сияқты.

Ары қарай:

«Кекілі көрдей түннің жеслбіреді,
Дұрсілдеп мұз астынан жер жүрегі.
Тұмысы гажсан қайнар, азапты ойлар –
Әурелей қоймассың енді мені».

Бұл төрт жол қызысып түр ма? Егер көрдей түнің кекілі желбіреп басып келе жатса, жердің жүрегін мұз басып жатса, ақын теренде жатқан жыр жүрегімен астасатындаидай ма, әлде, мен ақынның ойына жете алмай отырмын ба? Егер өлеңдегі қысынға мен ілесе алмай отырсам, өлеңді кім таратып, талдап бере алар екен?! Кейде ақындар (өлеңшілер емес) өзін-өзі қызықтап, қиял құбылтып, сөз ойнатып кетеді.

Айтайын дегенім, өлеңін ақынның шабыты көnlімен жазып, одан соң редактордың, сабырлы оқырманнның көзінен қайта қарай білгені жөн. Ойға ауыр болса да, тілге жеңіл болмақ керек.

Ақынның «Алматы қаласы» өлеңіндегі жаңбырлы күнгі Алматыны суреттеп келе жатып, «Алатай жоқ» дейтіні (Алатай бұлт астында) маған тосын сезілді, шабыттың шындығы. Жеңістен мен суреткөр шабытты ақынның өлеңін көрдім.

Қолжазбадан келесі оқығанымыз Кенжегүл Сейтханқызының өлеңдері ішкі сезім, сенім, сағыныш...

«*Үміт күткен бүгін, тағы ертеңнен,
Жалғыз анам сенсің енді мен сенген,
Саған барам алтын-бесік ауылым,
Сәттерімде сағыныштан ортенген*»...

Кейде ақынның өзі қалада, жаңы далада жүреді, қиялы кеңдікке, кеңістікке тартады. Кенжегүлдің өлеңдерінде солай. Төрт тағаны орнында, теңеулерді қабаттап, жамылғысын қалыңдатып, қындарпайды, тілге жеңіл, оқырман ойына төте жол тартады, кейде қалың оқырманға қажеті де осындан ойнақы жырлар.

Сағатбек Ақмадиұлының өлең тілі көnlінді өзгеше қүйге бөлейді.

«*Ергениекіз есіктің қонағы көп*»,
«*Шашады ружыма таң шұғынық*».
«*Шайырдың азабының газалы мың*»,
«*Сағынышқа Сарыарқа дала бесік*».

Ақын бұл жерде ескіріп бара жатқан есіктегі «ергеншекті», «тау гулі шұғынықты», «шүйкені» бүгінгі тілдің Сарыаркарқада жайылған үйіріне өлеңмен қайта қосып жатқан жоқ па?

Сауыр таудың жонына шыққанда, Алтай жақтан көгеріп, Көксін тау көрінуші еді. Алатаудан көз салғанда Сарыарқаның арғы тұсынан, Ерментаудан Сағатбек деген ақын көрінгендей болды.

«*Көкейде соз күрмеліп, таңдаіда арман,
О, Ағажсан сағындым шалғай қалған.
Қылбырауы қырық бұт қиял таусап,
Жанартауымен жартысы жанбай қалған*».

Сағатбек еліне Ерментауына жетіп, жанартаудай бұрқырап, Иманжүсіп заманындағы тіл мен жырды тулетер құлагер ақын-ау, деп сүйсінесін.

Қаблет Қаханұлының «Мәңгілік арман мұн» деген өлеңін бір деммен оқып өттік, мінсіз өлең. Ақын өлеңді маҳабbat тақырыбына, үнсіз сезімге жазады. «Сен ар жақта бауырым, мен бер жақта», ақын ініме деген өлең осылай басталады. Өлең сөз еркін құйылып тұр. «Ар жақ пен бер жақ» – туған жер мен азат отан. «Ар жақ пен бер жақ» қалған жұрт пен еркін ел. Бұл осы кітаптағы ақындардың мәңгілік жарасы, мәңгілік тақырыбы.

«Ботакозім,
Сені ойлаймын жаныма болса кез мұн.
Шыңырауга құлаган сенімімді,
Қондырасың шыңға әкеп сол шақ өзің».

Бұл шумақты әдей алдық, олқылығы үшін, олпы-солпылығы үшін алдық. Сөйлем мушелерінің орны қым-қиғаш, ауықсан ұйқас жұтаң...» болса кез мұн, сол шақ өзің, жаныма мұн кез болса сені ойлаймын, сол шақта құлаған сезімді шыңға өзің әкеп, орнатасың» деген сөйлем шумаққа түскенде тоз-тозы шығып, ұйқас үшін бүлінеді.

Айнұр Оразбайқызының өлеңдері де табиғатқа, туған жерге деген сағыныш, сүйіспеншілік, ар-намыс, ұят өлеңге өзек болады. Туған жері – Ертістің бастауы, арғы беттегі батырлар мекені Шіңгіл–Алтай

«Күйік болып сенің кеудең сатылған,
Биік келіп, көз алдында сорлайды.
Мениң жырым бұлттай қалқып басыңнан,
Ең ақыргы ажарыңды сомдайды!».

Бұл жат қолында қалған мекені туралы, толғаныс, күйік, ақынның шері.

«Жайлауга жесте жайып керегені,
Сол жақта қояды анам кебежені.
Ішиңе серке қарын сары май сақтап,
Ақ жарманы үзбейтін өредегі,

...
«Жабықтан таң шуагы төгілетін».

Ақынның бұл өлеңі жайлауға жаңа қонған ауылды жазады, бұл мұндай ескі құбылысты көрген, білетін кісінің жазуы, білетін ақынның жырлауы. Осындағы «ақ жарма, серке қарын, сары май» бұл сияқты ұғымдарды түсіну бүтінгі отандық оқырмандарға қындау соғары сөзсіз.

«Ақ жарма кесек-кесек ақ құрт, ауасы салқын Алтай, Тарбағатай, Арқа жактарда қайнатылған сұйық құртты қалыңдау мата қапқа құйып, іліп қояды. Суы тартылған соң, қапты аударып алғанда қалта-дағы құрт 8-10 кг шамасында томардай томпақ сүзіндіге айналады. Онан соң оны орта тұсынан 10-20 бөлік жармаға жарып (ылғал күйін-дегі әрқайсысы салмағы 400-500 грамм шамасында болады), өреге жайып кептіреді, тұздамайды. Бүгінде «ақынның өресі», «өлеңнің өресі», тағы қандай көп дүниенің деңгейін өреге теңейміз. Ал өре деп жүргеніміз төрт сырғықты жерге қағып, биіктігі 2 метр шамасында кергішпен төртбұрыштап, үстіне тоқылған ши жабылған сөре ши жаяды. Бұған малдың, бала-шағаның қолы жетпейді. Тек сауысқан-кезқүйрықтар қонуы мүмкін. «Жабық – туырлық пен үзіктің қызылышқан жері, «Туырлық» дегеніміз – керегенің жамылғысы, ал «үзік» уықтың жамылғысы. Айнұрдың өлеңдеріне келгенде біз жеке сөздерге арнайы тоқталдық. Себебі, алыстан келген ағайынмен бірге отанға оралып жатқан аса құнды байлықтың бірі – осы тіл. Казақтың ұмытылып бара жатқан сөздері – тілі, салт-дәстүрі.

Болатбек Куанғанұлы өлеңді еркін, қысылып-қымтырылмай жаза-тыны байқалады. «Есіме сен түскенде» деген өлеңінде Қарашорадан тартып, Қыран, Шіңгіл, Ертісін Сұлубай батырша жырлап, бір ауна-тып алады. Ал балалық туралы өлеңі өзгеше тосын шығарма екен. Әп-әдемі, өлеңді оқығанда тынысымыз дір ете қалды.

Осы жинақтағы Ардақ Саметұлының өлеңдерінен жастық жалын байқалады. «Мен сені сүйем деген өлеңі» сәл бейімдеп жіберсе, эн тілеп тұр.

Кітаптағы тағы бір ақын Женісгүл Әбілқасымқызы оның өлеңмен ойлайтын аумағы кең, тақырыбы сан алуан ақын. Оңаша сезімдер, ма-хаббат, тұнғиық толғаныстар ақын өлеңінің арқауы.

«Сен мені кіналама,
Қалмаймын күнәга да.
Ештеңе болмагандай,
Өмірден оң баға алмай.
Ақының жүре ала ма?».

Ақын көнілі пәктікке, жақсылыққа, кірсіздікке талпынады, оку-шысын талпындырады.

«Бұғін жаңбыр күркірейді тұнгі аспан,
Тұнгі аспанды мұң басқан,
Қайда журсіз сырлас жсан.
Адам түгіл қызғанамын жсауыннан,
Топырақты сіз басқан».

Бұл осы кітаптағы ең жас ақын Арай Айымханқызының өлеңі. Өлең әдемі, үйқасы шымыр, әнге сұранып тұр.

Абзал Жақсылықұлының өлеңдерінен ер-азаматқа тән байлам, жі-гер, кейде ақынға тән нәзік сезім оқисыз. Артта қалған Алтайында жырлайды. Сарыарқаға, қазақ даласына өз даусымен сәлем береді.

«Қазақсың ба,
Әлихан, Ахметсің.
Ұлтым деген әр қазақ батыл өтсін.
Қазақ үшін бәрі де келмес тұлға,
Ақын өтсін өмірден, батыр өтсін».

Дегені немесе «Айыр тауда бір қыз бар» өлеңдерінен Абзалдың мінезді, дағдылы ақын екендігі байқалып тұр.

Кітаптың сірге жияр тұсында Төкен Тоқтасынұлының өлеңдерін оқып отырмыз, айналасы теп-тегіс, жұмыр тілге женіл өлеңдер екен. Өлеңдерден ақынның тағдырын көргендейміз. «Туған жер», «Ана зи-раты», « Әкеге арнау» бәрі-бәрі ақынға қалам алдырғандай.

«Керек екен бір адам бір адамга,
Қайғы түсіп басыңа жылаганда,
Шыққан шыңың баянсыз секілденіп,
Таудан төмен етекке құлаганда» – өлеңін әуен қоссаң қолға домбыра алдыратындей.

Біз кітапқа енген ақындардың беріне жеке-жеке тоқталып, баға беріп өттік. Әдейі солай істедік, редоктор болған соң өлең-сөзге, аса биік талаппен қарайтын адам ретінде, өлеңдердің олпы-солпысын, кей ақындардың ұйқас пен қисындағы осал түсken тұстарын көріп отырымыз, сөйтіе тұра, азат отанға келіп қазақ елінің түпкір-түпіріне тарап, қазақ өлеңінің, қазақ көркем тілінің туын көтерген, қыз-жігіттерге тек қана сүйіндік, ақжол тіледік, осынау қасиетті қараетке қарым-қайрат, шалым-шабыт тіледік.

...«Таласқа түссе жсан мен ту,
Жан емес, маган керегі
Көк тудың желбірегені!..

Бұл біздің және біз сияқты Отанына оралған әр ақынның жүрек сөзі, әр қазактың жүрек сөзі. Көк тудың түбіне топталатын әр қазактың айнымас анты.

Өлең оқыныз, ағайын.

Ақындарға ақжол тілеймін! Қазақ сөзінің, қазақ қара өлеңінің туын желбірете берейік.



ҚИЫРДАҒЫ ҚАЛАМГЕР ҚАЗАҚТАР

(*Қазақстан Жазушылар одагының
жыл қорытындысындағы баяндама*)

Шетелдегі қазақ ақын-жазушыларының өткен жылғы шығармашылығы туралы баяндама жасауды міндеттімізге алғаннан соң, қазақ тілінде әдебиет бар-ау деген елдерге телефон шалып, хат жазып, хабар алысып, баяндамамызға дәйек іздедік.

Хатымызға жылдам жауап қайырған өзбек елі болды. Түстікегі ағайындар ондағы қазақ қаламгерлері үшін «Өткен жыл табысты болды» деп отыр. Оған себеп: 2018 жылы біздің елде «Өзбекстан жылы» болыпты. Сонымен бірге Өзбекстан президенті өз елінде Абай Құнанбайұлын оқу-насихаттау туралы қаулы шығарған екен.

Онда Абай шығармаларын зерттеу-насихаттауга тән іс-шаралар үйимдастырумен бірге өзбек-қазақ әдеби байланыстары туралы әдеби талдау-зерттеу мақалаларын кітап етіп шығару қарастырылған. Және ол кітап шыққан екен.

Өзбекстан Жазушылар одағының қазақ әдебиеті секциясын басқаратын ондағы қазақ әдебиетің білгірі – аудармашы Исламқұлов Мехмон мырза жіберген екі мақалада өткен жылғы қазақ-өзбек әдеби байланысындағы аударманың күй-жайы және қазақ авторларының шығармашылығы туралы жыл қорытындысы жасалыпты. Өзбекстанда қазақ тілінде шығатын «Нұрлы жол» газетінің тілшілері Тұрсынәлі Ахметов пен Құттыбай Башаров жазған мақалада Өзбекстандағы біз ізденген дәйектер толық қамтылды деген оймен осы шағын еңбектерге назар аудардық.

Екі автордың мақаласында да Қазақстандағы өзбек жылы мен президент Мирзоевтың Абайды насихаттау туралы қаулысы, сонымен бірге ғалым аудармашы он автордың еңбектері топтастырылған қазақ-өзбек әдеби байланыстары туралы кітап ауыз толтыра айтылады. Бұдан бөлек Мирпулат Мироның үйимдастыруымен слу қазақ ақынының өлеңдері өзбек тіліне аударылып, «Сайра, домбырам!» деген атпен; Насыр Фазыловтың үйимдастыруымен бір топ қазақ

жазушыларының шығармалары «Тірлік құшағы» деген атпен жарық көрген. Абай Құнанбайдың өлеңдері мен қара сөздері де өзбек тілінде бөлек-бөлек кітап бол шыққан. «Өзбек – өз ағам» деген мақал-мәтілдер жинағы мен «Алдар көсө» деген балалар кітапшасы да өзбек тіліндегі қазақ кітаптары ретінде жарық көрген. Ол жақтағы ағайындар осының берін де Өзбекстандағы қазақ әдебиетінің жетістіктеріне жатқызыады.

Жоғарыдағы екі мақаланың авторы да Өзбекстандағы қазақ жазушысы ретінде алдымен Қалдыбек Сайдановты атайды. 2018 жылы оның «Біз жырлаймыз» және «Өмір өрнектері» атты жыр жинақтары жарық көріпті. Қошқарбай Байжігітов деген ақынның да «Сүрениң бауырынан ескен леп» деп аталатын алғашқы жинағы шығыпты.

Прозада Абдулла Рұстемовтың өзбек тілінде шыққан «Даналық әлемі», Қалдыбек Сайдановтың «Тұысқандар» деп аталатын кітаптары шыққан екен. Сөйтіп, Өзбекстанда тұрып жатқан екі миллионға жуық қазақтың өткен жылғы әдеби шығармашылығы осындейдайлық күйде деген тұжырымға келдік. Бұл дегеніңіз түстіктері ағайындардың әдеби шығармашылығын олардан саны жиырма есе аз Баян-Өлгей монғол еліндегі қазактар мен салыстыра қарайтын денгейде екенін аңғартады.

Алтайдың ар жағындағы («Алтайдың ар жағындағы» дегенде біз Монғолия қазақтарын айтып отырмыз). Жұз мынға жуық қазақтың әдеби шығармашылығы туралы елге ерте келген арқалы ақындар Бақытбек Бәмішпен және Жүкел Қамаймен хабарласып Баян-Өлгей жақтағы ақын-жазушылардың жөн-жайын сұраймыз той. Сұрағымызға жауап дайын. XIX ғасырда кітаптары шыға бастаған ақын-ғұлама арғы атасы Ақыт Өлімжіұлынан бастап Ақтан Баби, Қабидаш Қалиасқар, Кәкей Жаңжұнұлы деп қостап, тізбектей жөнеледі. Қазақтың сабы алтын байырғы тілінің бір қоймасы сол жақта жатқанын айтып, әрі таман көсілгенде біз де қақпайлап-қайырмактап, керекті жауапқа жақыннатамыз. «2018 жылы Баян-Өлгейде қандай әдеби жаңалықтар болды?» дейміз.

Берсең бер, бермесең қой, азаматтық,

Әйтімей арман жонын аман астық.

Қазақтың көк паспортын аласың деп,

Кетемін үрпагыма аманат қым, – деп алдыңғы буын азаттық пен бірге ата жұрт асып кетсе де, артта қалған елде бүгінде елуден астам қаламгер шығармашылықпен белсен айналысып, әлеутті әдеби орта қалыптастырыған. Айтып отырса, сол жердің өзінде-ақ соңғы ширек ғасырда 150-дей хикаят, 30-ға жуық роман, қаншама жыр кітаптары жарық көріпті. 2018 жылы дегенде ондағы әдеби-мәдени тірлікке жан бітіретін айтулы шараптар сөз болады.

Осы жылғы әдеби шығармашылыққа әсер еткен басты ұлттық шара – Қожаберген батырды еске алумен басталды. Батырға алып ескерткіш қойылды. «Қожаберген батыр» атты кітап жарық көріп, жыр мүшәйралары ұйымдастырылды. Қожаберген батыр көркем шығармада бейнесі сомдалуға тұрарлық ірі түлға. Ол XVIII ғасырдағы Абылайханның «Қабанбай батыр бастаған ең беделді алты адамының бірі» (қытай мұрағат құжаттарында солай жазылған). Тарихи құжаттарда оның есімі Қөкжал Баракпен бірге аталады. Олар қазақ даласының шығыс шекарасын бекітуші тұлғалар ретінде Жонғар және Шуршітермен курделі әскери әрі дипломатиялық қатынастарда болған. Амур Сана оқиғасына байланысты «Біздің армия Ярға (Уржар) жетті. Алдымыздан екі жүздей қазақ әскерін бастап Қожаберген мен Қара Барак (Қөкжал Барак) шықты. Олар бізге: Сендер осынды қаласындар ма, әлде, кетесіндер ме? – деді. Біз Амур Сананы бүгін ұстап берсөндөр ертең Құлжада боламыз дедік» – деген мәтіндермен келетін Шұршұт Императоры Чиян Лун «таныстым» деп қол қойған тарихи құжаттар жүзге жуықтайды.

Мен бұл сөздерді қазір де қолыма түсे қоймаған Ырысбек Зорғанбайұлының «Қожаберген батыр» кітабының тарихи және әдеби маңызы туралы айтып отырмын (Қожаберген туралы тарихи деректерді манчжур тіл жазуын менгерген көрнекті тарихшы ғалым Бақыт Еженханұлының осы аттас кітабынан алдық). Ырысбектің кітабында тарихи тұлғаның көркем бейнесі сәтті сомдалды деген үміттеміз.

Одан бөлек Баян-Өлгейдегі әдеби шығармашылық белсенділікке сол елдегі ақын-жазушылардың басшысы Сұраған Рахметтің 60 жасқа толған мерейтойы да елеулі әсер еткен. Ақынның «Жарық

жүлдіз», «Ғұламаның ғұмыры» атты екі бірдей шығармасы сәтті сахналанған. Сұраған Рахметтің аудармасы мен Рахымжан Отарбайдың кітабы монғол тілінде жарық көрсө, Дидахмет Әшімхан, Ақбар Мажиттің роман, хикаяттары монғолдың әдеби журналдарында ба-сылған. Сұрағанның аудармасымен монгол жазушысы Тормонхтың «Мен білетін Женко», Етекбай Тәтенұлының аудармасымен «Мон-ғолдың құпия шежіресі» қазақ тілінде кітап болып, баспадан шық-кан. «Шұғыла» атты әдеби журналдары да 62 жыл бойы үздіксіз шығып келеді. Монголиядағы жас қаламгерлер арасында Ербақыт Нұсіпұлы, Шынай Рахметұлы, Баят Қабанұлы, Жаннат Бокашұлы, Алаш Кеңшілік, Нұрлан Қасиханұлы, Аманжол Бәделұлы, Тілектес Ақылбекұлы, Жандос Аманжолұлы, Занғар Еркебекұлы қатарлы авторлар да 2018-дің маңдарында шығармашылық белсенділік та-нытқан.

«Шетелдегі қазақ әдебиеті» дегенде негізгі әңгіме ҚХР-дағы «Шынжан қазақ әдебиеті» туралы болуы керек еді.

Себебі, ол жақтағы 28 аудан қазақ ресми басылымдарының тарихын өткен ғасырдың 30-жылдарынан бастайды. Осы 30-жылдары елімізден қылған Азат ру–Алаш Рух, еркіндік идеялары сол жақтағы қазақтарға ауды. Ұлы қазақ топырағының саясынан сайғақ құрлы саға таптаған небір боздақ азamatтарымыз, бекзат жұрттымыз сол шекара сыртындағы Алтай–Тарбагатай, Іле, Еренқабырга аймақтарына ба-рып паналады. Құр панарап қана қойған жоқ ұлттық еркіндіктің өз топырағынан қылған арман–мұратын апарды. Тәуелсіздіктің үміт шамын қайта жақты. Сондықтанда Шынжан әдебиетінің өзегі атажүрт-ты, азаттықты, мемлекеттікті, тәуелсіздікті аңсай болып келеді. Оған Шынжан қазақтарының алғашқы басылымы болып саналатын 1934 жылы шыққан «Алтай газетін» Шәкәрімұлы Зият шығарғанын айтсақ жеткілікті сияқты.

Ол жақта қазақтың үлкен әдебиеті бар дегенде Аскар Татанай, Қажығұмар Шабданұлы, Омарғазы Айтан, Ғаппар Біләл, Жұмабай Біләл, Оразхан Ахмет, Батырхан Құсбегин, Шайсұлтан Қызыр, Жақып Мырзакан, Задакан Мыңбай, Сұлтан Жанболат, Фалым Қанапия, Құмарбек Сахарин, Жәнетхан Тұтқабек, Оразбек Әбділ қатарлы ал-дыңғы буынды атауға болады. Тек осылардың шығармашылығы ғана

100 томдық көркем әдебиетті құрайтын еді. Оның ішінде аңыз адам Қажығұмар Шабданұлының 6 томдық «Қылмыс» романы қазақ әдебиетінің тарихында аналогі жоқ шын мәніндегі көркем дүние.

Қытайда баспа, басылым атаулы түгелімен мемлекет меншігінде. Қазақ кітаптарын басатын 4 үлкен баспаны және 5 әдеби басылымды білеміз. Оның ішінде «Іле» халық баспасы тек қана қазақ тілінде кітап шығаратын өзінің баспа зауыты бар үлкен ұжым болатын. Осы баспалардың бірде-бірінен өткен жылы қазақ тіліндегі әдеби басылым шыққаны туралы ақпарат таппадық. 5 әдеби басылымның да бірде-бір нөмірі қолымызға тимеді. Шыңжаң қазақтарында «Елжайу күнбі», «Аруақтар арасында» атты тарихи және фантастикалық романдары мен танымалы ғалым-жазушы Солтан Жанболаттың өткен жылы баспадан шығады деп жоспарланған 15 томдығы шыққапанға ұқсайды. Омарғазы Айтанұлының 10 томдығы цензура маусымына ілінбей толық шыққан екен. Роман хикаяттары мен әңгімелерінің 10 томдығы бұрынырақ шыққан Жұмабай Біләлұлының қытай тіліне аударылған 6 томдығы хансу тілінде (иероглифпен) баспадан шығыпты. «Арулар», «Жел шығыстан тұрғанда» атты романдары қытай оқырмандарын таңғалдырған деседі. Қазақтың дүниетанымы, өмір сүру дағдысы қытай жұртына басқаша бір көркем әлем болып сезілген сияқты. Қытай Фылым академиясының әдебиет саласының танымал сыншысы Шя деген жазушы «Жұмабай шығармалары бізде бір тағы Мо Ян бар екенін көрсетеді» деп таңдай қаққан дейді (Мо Ян – Нобел әдебиет сыйлығын алған қытай).

Үлкен буын соңғы екі жылда сұмдық науқанға айналған Цензура кезеңінің өтіп кетуін күтіп, бүгін де үнсіз отырса, жас буын ез шығармаларын әлеуметтік желінің алқабына өргізіп жатқаны байқалады. Ол жақтан 30 жыл бұрын кетіп қалған біздерге беймәлім әдеби топ қалыптасқан. 2006 жылы 733 қазақ мектебін жауып тастаған Шыңжаңда енді қазақ әдебиеті болмайтын шығар дегенбіз. Олай емес сияқты. Бағанағы аға буын ұлы тұлғасын қалыптастырған, оған 80-90-жылдарда оқу тауысқан орта буын (бұл буынның Тұрсынхан Зәкендер бастаған үлкен тобы Жақсылық Сәмитті алдыға салып, Тәуелсіз еліне бірден оралған) толықтырған үлкен әдебиеттің сұлу сұлбасын жоғалтпайтын сияқты. Оған дәлел жаңағы әлеуметтік желіден шаң берген жастардың қалың тобы.

Ішінара атап өтсек, 1980 жылы туған Жанұзақ Жаркен деген азаттың «Көжиең алыс емес», «Аспанда түн болмайды», «Маралдым» деп аталатын Зәңгіме-хикаяттары кітабымен қоса «Қызың корыған» атты романы таяу жылдары жарық көріпті. Романшылардан тағы Бахарғұл Бердібекқызы, Ділнар Жәмейқызы, Айdos Амантайларды айтуға болады. Айгүл Нұрышқызы да осы қатарға жатады. Алғашқы буында Омархан Асыл бастап, Асан Әбеу, Женісхан Мұқатайлар қостаған әдеби сын жанрын Бақытгүл Қасымханқызы жалғаған көрінеді.

Ал енді жас ақын қызы-жігіттердің қатары әлеуметтік желіні көрнеп түр. Өлеңдері де көркем, төрт түрманы түгел, тілі тұнық. Бұлардың қатарында Нұрлан Әбдіқадырұлы, Гүлжан Рахымбекқызы, Жаннұр Қалымбекқызы, Венера Қайыргалиқызы және Айбек Көлбайұлы мен Ерлан Нұрдыханды «ырымға» деп, атап өткенді жөн көрдік. Сөзімізді Венера Қайыргалиқызының қысқа өлеңімен қайырайық.

*Даңғаза шуыл толастап – ығыт,
Самарқау салқын күйді ертіп.
Есінеп інір келеді ілбіп,
Көлеңкелерін сүйретіп.
Реңі біртін қоюлат күннің
Иегін сүтеп қараңғы.
Баяу сыйылып өзгеше кескін,
Өшкіндер жолдың тарамы.*

*Шегірткелердің шырылы тұнып,
Аулакта иттің шауілі.
Сол ғуендерге бар сыры бұғып,
Қалғиды түннің ауылы.*

*Самаладайын жамырап шамдар –
Аспанга ілген шырақ на?
Арбайды гажсан түпсіз сол заңгар,
Беймәлім алыс жырақта.*

Абайды жаттаған, оның «Желсіз түн де жарық айы» жүргегіне жетіп, қанында жүйіткіген жастар аман болса екен.

IX БӨЛІМ

ШӘҮЕШЕК ФЕНОМЕНІ



ҰЛТ РУХЫНЫҢ ҰЛЫ СУРЕТКЕРІ

1. Қажығұмар және «Қылмыс».

Қазақ дейтін қалың жүрттың қасиетті бір ұлы Қажығұмар еді. Дүниеден ол да қайтты. XX ғасырда қазақ халқы көрген қорлық-зорлығы мен бар зұлматын осынау қайсар ұл басынан өткерді. Қайыспай көтерді – оның ерлігі мен енбеккорлығы аскан таланты мен қайсар мінезі қырық жыл түрме азабын тартқызған тағдырдың өзін тәлекек етіп, оның есімі елінің есінде мәнгі қалды.

26 бөлім 6 томнан тұратын «Қылмыс» романын қолына ұстаған сәтте салмағын сезініп, алты кезеңді асқар тауға беттегендей сезінесін. Ал кітапты оқып біткенде сансыз сәттердің бір Бигабілдің басынан өткенін ойлад, тауқыметті тағдырға және адам жанының беріктігіне тамсанып, «қайсарлық» деген сөздің шын мәнін терең танисын.

6 кітап «Алтын орда», «Кешпенділер» сияқты ғасырларға созылған дәүірлерді немесе тарихты әңгімелуе әдісін қолданбайды. «Қылмыста» оқиға бірінші жақ баяндау тәсілімен бас кейіпкер Бигабілдің «Менімен» тізбектеліп отырады.

Кітаптағы оқиғалар көркем қейіпкер Биғабілдің ес біле бастаған шағынан 20-жылдардың сонынан басталады.

...Ертеңіне Күандықтан екі түйе сұрап әкеліп, Жәкең Байназар ауылына көшіпті. Қыс түсуге таяған кез. Құлназар мен Байназар ауылының қыстауы бір екен. Жаппарға там салып беруге екі ауылдың азаматы түгел шығыпты. Екі ауылдың түйесін бір-ақ тізіп Балқаштан қамыс әкеліп түсіріпті де, байлаган екі қабат қамыстың арасын топырақпен толтыра отырып, кең бір ауыз үйді қаздитып түргыза қойыпты.

Келдімұраттың «Кеңқарын» дейтін ауылы Тарбагатайдың бауырындагы бір қойнауда екен. «Кеңқарын» бізді келісімізben кең бауырына тартып, сіңіріп жеткендей болды.

Басында жаймашуақ өмір сүріп жатқан ел еді. Нағыз қыран аң-көстігімен екі эйелден тараған балаларын асырап жүрген кісі еді. Енді Жаппар аталары бай болған деген атпен кудалауға ұшырап бір жерде отыра алмай, ауылдан-ауылға осылайша көшіп-қонып жүрді.

Белсенділер жағынан жалалы болып, неше дүркін тоналып, бала-шағасының жейтін арпасы мен жалғыз сирына дейін үкіметке алғызыған Жапардың Үржардағы үйіне сақшыдағы туысы келеді:

– Ал Жаппар, менен қайран кетті. Тізімге ілінісің, ендігі арызың өттепейді. Айдалмай түрьип, негұрлым тез кетіп қал!..

– Айдалған кісі тірі қайттайды гой.

Шешемнің құмылы ширай тусті. Айналдырган бір пүт тарының бір болігін шекер қосып жармалады да бір дорбага салып, тосекте жасатқан әжеміздің бас жасына қойды. Қалған тарыны қоржынның бір басына, талқанын бір басына салып, тігіп тастады. Енді бұл үйде жейтін ештеңе қалған жоқ...

30-жылдардағы ашаршылық әр үйде осылай басталды.

Ату, шабу, айдау, бостыру, аштан өлтіру бұл Кенес үкіметін құршылардың салған лаңы, ұлтты жоюды мақсат еткен қырғыны еді. Ол осылайша екпінмен ондаған жылға жалғасты. Ал мына көрініс өмірге енді ғана көзін ашып қараған сәбидің сезгені еді.

Осынау ірі шығарманың 17 тараушадан тұратын алғашқы екі бөлімінде Тарбағатайдың сулы-нұрлы күнгей бектері мен жиделі, то-раңғылы, бүрген-бұталы, қамысты, қақты Таңсық даласының қыраттарын, азынаған желін, жөңкілген бұлтын балалық көнілмен суреттейді. Дәстүрлі қазақ өмірінің қаймағы шайқалар тұстағы тіршіліктынысын, дүниетанымын көз алдыңа көлбетіп-ақ салады. Сағынасын. Айтпақшы, Биғабіл осы екі тарауда суреттелген туған жерін (өмірінің елінде өткен 7 жылын) 6 кітаптың өн бойына роман желісінде тізілген 160-тан астам оқиғалардың бәрінде дерлік қайталаумен, еске алумен, зарыға сағынумен өтеді.

Осы сағыныш, осы зарығу біз үшін ғұмырдан да қымбат сезімдер еді. Сол сағыныштың мәйегінде отанның бостандығына деген құштарлық, азаттыққа деген ансар жататын.

...Шағуешек шекарасына келіп қалыптыз. Шешем бейіттің ішіне кіріп, күн батқанша тасаланбақ болып еді, мен қорқатындығымды білдіріп қыңқылдаадым. Мени дедектетіп қайта шықты да, алғи арықтың ішіне түсірді. Желкемнен басып жатқызып, өзі жсан-жасаққа баспалай қарады.

— Астағытыралла, келіп қалды! — деп менің басымды баса түсін құлады. — Қыбырламай жат, иті бар екі әскер келіп қалды!

Мен де шешем сияқты етпептеп қыбырсыз жатып қалдым. Біз көрмесек, олар да көрмейтіндей. Көзімді шарт жұмып алыптын. Жүргегінің қатты согуынан жер дүрсілден кеткендей сезілді. Сойтсем, аттың аяқ дүбірі екен. Біз келген жақтан бейітке келіп, аттан түскендей болды. Ит шағу ете түсті.

— Нельзя, — деді бір жуан дауыс. Иттің үні екінші шынқлады.

— Қыбырлама, — деп сыйырлады шешем, — жесел солар жақтан, қимылдамасақ сезбей қалар!.. Аттары ар жасына жайылды... Бұл жаққа беттемесе екен! А, құдаай, ақсарбас!

7 жастағы Қажығұмар шешесінің жетегінде туған жерден мәңгіге кетіп бара жатыпты. Туып, жер басып 7 жыл ғана өмір сүрген отанды 80 жыл ансайтынын онда қайдан білсін.

Кейін тергеушіге қейіпкер Биғабілдің былай дейтіні бар:

Әділетті «тергеушім», өзімді ұратын күрзіні қаһарлы қолыңызға енді ұстаттым білем, қандай қашқын екенімді баяндадым гой. Да-лелдең айтқанда, пролетариат диктатурасындағы Совет одагынан сол кезде феодализм диктатурасында тұрган Шыңжасаңға қашқан-мын. Пролетариат диктатурасына қарсы феодал болмасам, фео-далдық елде нем бар еді?! Демек, мен қаршадайымнан бұзылған кері тоңкөрісіш қашқынмын.

Өлімнен қашқан елдің барап жері Шәуешек болатын. Ол – босқын, баспанасыз, жұмыссыз, иесіз, тек өлмеу үшін, талғажау үшін тартыс-кан тағдырының басталуы еді.

1-кітаптың ендігі кезеңінде топ-топ босқын бір қап бидайға сатылған бала, қорланған, зорланған, үміті үзілген, тапталған қазақ өмірі суреттеледі.

Інісінің жерлік көше балаларынан таяқ жеген аянышты халін жаза келіп, «Құдіретті тергеушісіне»:

Қылмыссыз адам жазаланбайды, егер Биғабіл өзі осылай қаңғы-май, жейтін ешинарсесі қалмаса да, қозгалмай жатып алып, шағы жеткенде тып-тыныш қатып қалса, қылмыссыз болар еді» дей-тіні бар.

Осылай аянышты оқиғаға толы өмір мен аңы мыскылға толы баянды оқи отырып Биғабілді есейте түскенін сеземіз. Біздің босқан халқымыздың жан жылатар кешулері мен бала Биғабілдің әлсіз, бірақ намысқа толы ғұмырбаяны бірде лирикалы, бірде мыскылға толы тәсілмен оқырман еркін баурай түседі.

2. Шығарма тілінде негізінен баяндау әдісін пайдаланып, су-реттеуді сирек әмсө сұлу қолданады.

Әйелінің күміс білезігін (ең соңғы мүлкін) алдамшы сартқа алғызып, оның жүртін сипап қалған экесінің бір сэттегі қимыл-қозғалысы былайша сөз болады:

Дос ауылымыздың сарыала жүртүн көргендеге жүрегім зу етеп түсті: «достың» жүртүн бос қалыпты. Әкем тутігін кетті, өзіне Бигелді көзінің қырымен қараганда, біз бір-бірімізге жаутақтай қарасқанымызда, онан сайын қысылып, онан сайын тұншықты. Жүгін жүртқа тастай салып, жырттың тақиясын қолына алды да, үн-түнсіз бүлкілден желе жөнелді. Қоз ұшындағы бір ауылга қарат бүлкілден барады. «Досының» көшіп барған жерін білмек сияқты. Әкемнің төбесі әрек көрінсе де әлі бүлкілден бара жатқаны анық байқалды. Ойлы-қырлы сары далада ылдига қарай домалаган доп сыйқылды сол бас әр қырға бір соғылып, әр кедергіге бір қағылып, әр қырсыққа бір шалынып, ыриши домалап барады. Сары аспан, шақырайған сары күн сары уайымның лайсаң тенізіндей, сарылған сары даланың толқындары да сап-сары сияқты, сары доң, сары белестер көрінеді. «Кара доп», «сары толқындарға» сүңгіп көзден тасаланады.

Үнсіз дәғдарған шешеміз сол жаққа қарат отырып ауыр күрсінді. Өлең ғой бұл. Жүректен төгілген-ақтарылған ақ өлең. Мұңлық өлең.

3. 1-2-томда айырықша орын алған тағы бір тарау ол жаққа аудып барған Алаш зияллыларының көркем бейнесі – еңбегі мен тағдыры.

Биғабілге ұстаз болатын Елсадық Құрманғажы атты кейіпкер бар. Прототипі – Мырзасадық Құрманқажыұлы. Ол кісі – Мағжан Жұмабаевпен Уфада бірге оқыған, Сұлтанмахмұтпен сырлас болған. Алашордасына, кейін Ахметтермен бірге, Кенес үкіметіне де қызмет еткен Алаш зияллыларының бірі. 30-жылдары Тарбағатай асып, Қытайдары қазақтар арасына барған Алаш азаматтары ағарту ісіне құлшына арласты. Бұл Алашорда құлағаннан соң Алаш зияллыларының бейбіт миссиялы халықты ағарту жолындағы жанкешті құлшынысы болатын. Олар Шынжан қазақтары ортасына барған соңда көптеген мектептердің ашылуына, халықтың сауаттануына, оянуына өлшеусіз үлес қосты. Соның бірі Мырзасадық. Ақыры 1941 жылы НКБД-нің

араласуымен 600-ге жуық азамат (ішінде Райымжан Мәрсеков, Зият Шәкәрімде бар) Үрімшіге «жиналысқа» шақырылып, жан түршігер азаптаумен (тірідей қапқа салынып көмілген) өлтірілгені «Қылмыста» ойып орын алған.

Қажекен романның **3-4 томдарында** қытай қазақтарының ұлт-азаттық қарулы көтерілісі 3 аймақ төңкерісі, Алтай елінің ерлігі, Оспан батыр образы – сол заманның бейнесі, кестелі сөз, шебер қи-сынға құрылған шытырман оқиғалармен өріледі, қапысыз бейнеле-неді. Ал романның **5-томын** оқығанда өзі жасаған дәуірдегі науқан-дар мен саяси кейіпкерлерді, олардың сөздерін, бейнелерін кітапта қалай дәл суреттегенін (кейіпкерлердің прототивтері көбі бізге таныс адамдар) ойлаپ, айрықша жаралған есте ұстая қабілетіне танғалдық. Осы томда түрме өмірі бұл дүниенің тозағы дерлік – Тарым лагері, тіпті сол тозақтағы адам өмірінің эне бір қыры да әдемі суреттеледі. Романың **6-томында** жасы 80-те таяған жазушының көnlіндегі алаң, асығу байқалады. Ендігі мұрат – елге жету еді. Отанға асығу еді. Ро-маннның сонында Қажығұмардың көркем бейнесі – Бигабіл Алматыға жетеді. Шын мәнінде Қажекенің елге жетсем деген арманы орындал-мады. Сағыныштың 80 жылдық сарығы басылмай кетті. Есесіне оның өмір бойы күрескен аскак рухы, босқын, бодан халықтың өміrbаяны жетті елге. Өзі жетпесе де, өрлігі, көкейтесті мақсұты, отансуýгіштік-ке толы сүйкімді өсietі жетті отанына.

«Қылмыс» романы юмор мен ацы мысқылға толы болуы мен тілінің ерекшелегіне қарай сахналалауга сұранып тұрған шығарма. Ал оқиғалығының қызықты қым-қигаштығымен телесериал үшін де тар-тыымды дүние болар еді. Ең бастысы адамдың қасиет, биік рух, отанға деген сүйіспеншілік жөнінен қоғамға, жастар тәрбиесіне тым керек шығарма болмақ.

4. Қажығұмарды ол жақтағы қазақ қашан да қастерледі.

Ол бостандықта болғанда да, түрмеде болғанда да қаны қазак атаулы Қажекенді күрметтеумен болды. Мәселен, Қажекен соңғы

рет 15 жылға сотталғанда, ол кісі жатқан түрменің қазақ басшылары Қажекенді барынша құтімге алып, жазушылықпен шұғылдануына, қоғамдағы азаматтардың сәлем-сауқат беріп, көмектесуіне икемді жағдай жасаған. Үрімжі 1-түрмессінің бас дәрігері болған Сағидолла Әли деген азамат (қазір Алматыда) «Біз түрме қызметіндегі қазақтар Қажекеннің түрмеден аман шығуына, моральдық жағынан қажымауына ар-намысымыз алдында биік міндеттеме алғандай едік және соны орындағы», – деп еске алады. Шыңжаң қазақтарының арасында аса ірі тұлға саналатын профессор, жазушы Дүниежүзі қазақтары қауымдастырының төралқа мүшесі Шыңжаң провинциясы мәслихатының хатшысы болған Сұлтан Жанболатпен әңгімелескенімде, 2005 жылы Қажекеннің Қазақстанда шықкан «Пана» романын көтеріп, 80-те келген, үй қамағындағы Қажекене сәлем беруге Шәүешекке барып әңгімелескенін, Қажекеннің ар тазалығы мен адамдық қасиетті ерен биік қоятын, сез бен қымылда ширақ әрі өте аңғарымды екеніне көз жеткізгенін айттып: «80-дегі Қажекеннің алдында 70-ке келген (профессор, үлкен бастық) мен ақыл тындаған аңғал жігіттей сезімде болдым», – деп еді.

Сөйтіп, Қажекен Сұлтанға «Қазақстанға жиі барып, не бітіріп жүрсін? – дейді ғой.

– «Көрші» деген журнал шығарғалы жатырмыз, Қазақстан жазумен, соны дайындал жатырмын.

– Кім қаржыландырады?

– Қытай.

– Мақсаты не?

– Екі елдің түсінісуінде. Қазақты қытай, қытайды қазақ тануына мүмкіндік жасау мақсат.

– Қытай қаржыландырады ғой?

– Ия.

– Е, қазақтарға қытайды үгіттеймін де?

Мен селк ете түстім дейді Сұлтан Жанболат.

Дегенмен қазактар қытайды шынайы білсін деп.

– Е, қытай ақша салып, журнал шығарып, шын бейнесін жаздырады саған. Ақша табасың, абырой таппайсың.

– Мен қайтып Үрімжіге барған соң денсаулығымды себеп етіп, жобадан бас тарттым, – дейді Сұлтан Жанболат.

«Қылмыс» 6 томдық алып шығарма. Қазақ әдебиеті тарихында аналогі жоқ бірегей кесек туынды. Әдеби жағынан, көркемдік жағынан, әлемдік талаптарға да, ұлттық талаптарға да биік деңгейде жауап береді алады. Оқиға желілерін тізбектеу тәсілі де тартымды.

Бірінші жақпен баяндаудың бір артықшылығы автор сізben тікелей диологта отырады. Сізben сырласады, сөйлеседі. Бұл үшінші жақпен (ол) баяндауға қарағанда сенімді ері әсерлі келеді. Сол үшін де автор 6 томдық алып шығарманы бірінші жақпен алып шыққан. Оқиға желісі де сенімді байланаисқан. Құрылымы шебер құрылған.

Қажекен өмірде айналасына қамкор, әділетшіл, балажан кісі еді.

Біздің ол кісіні қөрген тұсымыз – 80 жылдық өмірінің ең бейбіт, бақытты саналатын 8 жылы еді. Сол кездегі аймақ бастығы Арыстанбек Ошақбайұлы Қажекенді Шәуешек зияллыларының атасы ретінде бағалап, барлық ірі шараларда ағартып, алға ұстайтын. Тек Арыстанбек Үәли ғана емес, аппарат бастығы Қасымхан Қажыбайұлы бастаған сол кездегі аймақ басшылығындағы қазақ азаматтарының бәрі де Қажекенді елдің рухани көсемі, әділдік пен тазалықтың байрағы көретін еді. Онда ол кісі Шәуешекте болатын. Осы Жайнар дүниеге келген, халық тәбесіне көтерген бақытты шағы еді. Үйіне барғанымызда Жайнар алпысқа таяған әкесінің иығына шығып, артына қайырылған ақ күмістей шашын сипалап, еркелеп отыратын. Жазушының баламен балаша ойнаған мереілі жүзін көруші едік...

Қазақ әдебиетінде аналогі жоқ 6 томдық «Қылмысты» Қабдеш Жұмаділов бастаған кіслер мемлекеттік сыйлыққа ұсынған. Біздің комиссия оны бермеді. Тек «Жас Алаш» газеті халықтық сыйлық дағындалап, «Ұлт рухы» сыйлығын ұсынды. Бұл езі бөлек мақаланың жүгі, сөті келгенде ұсынармыз.

ҚАЖЫҚҰМАРҒА

Қайсарлық жайлы өлеңді
қанжармен тасқа қашадым.
Өлеңнің атын мен енді
«Қажығұмар» деп атадым.

Сағыныш кернеп денемді,
ернімді тосып самалға,
ат қойдым бітпей өлеңді
Қажығұмар деп оған да.

Бетімнен сүйіп замана,
Қасырет жайлы жазбадым.
Оған да сенің, Қажы аға,
атынды қоя жаздадым.

Қамалап сиқыр сырлы бір
жағаның дәмі бүйірмай,
мұхитта қалдың бір ғұмыр
шөлмеккесалған диюдай.

Ұлтыңың рухы атандың.
Ақ тәнің алыс қалды әрі –
Шәуешек дейтін шахардың
Қалқалап жасыл талдары.

ҚАБДЕШ ӘЛЕМІ ЖӘНЕ ШӘУЕШЕК ФЕНОМЕНІ

Осыдан 40 жыл бүрын еңбек жолымды Шәуешекте бастап едім. Тарбағатай педагогикалық техникумының әдебиет кафедрасында Оразхан Жақыпбай, Тұрсынғали Құрбан, Сейіт Сейдахмет және Мырзахан Құрманбай деген кісілер бар еді. Сол кісілердің ортасына тап болдым. Бұлардың бәрі де Қабдештің сыныптастары, курсастары – қандықөйлек достары еді. Ел көшкенде Шәуешекте қалып қойғандар.

Себебі: Шәуешек түгел қотарыла бері өткенде бұлар оқуда – Қытайдың басқа қалаларында жүріпті. Барлығы да өз болмыстарымен, өмірімен, өзіне тән мінез-келбетімен Қабдештің кейіпкері болған жасы елуге енді ілінер жігіттер. Әсіресе, «Танғажайып дүние» романында бұл төрт адам да түгел суреттеледі. Оның ішінде үшеуі жағымдырақ, ал Қабдешпен 1956 жылы Қазақ Мемлекеттік университетіне бірге келіп түскен курсасы – Мырзахан Құрманбай романда жазса жазғандай қылышты тосын кісі, қызықты кейіпкер еді. Оқыған болсаңыздар «коммунизмге таяп қалған» КСРО жеріне өтіп, Жәркент манынан есек мінген үйғырды көріп, танғалатыны бар. Сонда қатты түңілген Мырзахан «Әй бұл сарттар комонизімде де есегін тастамайды-ау!» деп үйғыр курсастарын мұқататыны бар. Сол Мырзахан. Қазір бұл төртеуі де бақылық. Бәрі де Қабдештен бүрын аттанды. Екеуі Шыңқанда қалды. Екеуі Кенсайда жатыр.

Олармен бір кенседе отырып, Қабдешті әңгіме етпейтін күн болмайтын. Оның мектеп оқып жүргендегі талантты, математикаға жүйріктігі, үздік ойлы өткір оқушы, ұйымдастырыш лидерлігі, өжеттілігі сөз болатын. Ал Шәуешек гимназиясының жоғары сыныптарында оқып жүргенде өлеңмен бастап, сонынан әңгіме жазып, бірден қаламгер аты шығып кеткенін тамсана әңгімелейтін.

Қазақстанға келгеннен кейін бұрқырата жазып, «Соңғы көш» пен «Тағдырдың» туғанын айтып, кейіпкерлердің өмірдегі бейнесі мен көркем бейнесін салыстырып тамсанысып тоқтайдын.

Осы «Соңғы көш» пен «Тағдырдағы» кейіпкерлердің прототипі – шынайы бейнесі мен көркем келбеті үйлері, рулы елі, басқан жері, қонған жүрті түгенделіп отыратын. Біздің кафедра «Қабдештану институты» сияқты еді. Себебі: оның романдарындағы драмалы оқиғалар, оның болған жері мен қатысқан кейіпкерінің бәрі де сол Шәуешектің өзінде, маңында жатыр. Сібеті, Қараұңғір өзендерінің аңғары ашық жатқан кез еді. «Тағдырдағы» Демежанның До Қалдай-дың айдарын кесіп алатын тұсы – бәрі де Қабдеш туралы әңгіме қайнап шығатын бастаулар еді.

«Соңғы көш» романындағы Төртүкірдай мектебі, оны өртемек болған Шәкен Елубаевтың ұсталатын, атылатын жері, оны тергеген, атқан адамдар, оған жала жапқан ұйғыры, оның омыраулы қатыны бәрі қаламызда еді. Бұлбұл көмей Шәкен Елубаевтың ән салатын клубы, саябағы десеніз де, Қабдеш Жұмаділовтың бүкіл жастық шағы өткен Шәуешек гимназиясының бас гимараты да, жатақханасы да ол тұста аман-сау еңселе тұратын.

Ал енді татар қызы Розалина екеуінің комсомолдық тапсырманы мен Қарақабакқа кетіп бара жатқанда ат болдырып, далада қалып, татар қызы Қабдешті сүйіп, қатты «шошытып» алатын тұсы да сол Шәуешектің шығыс тұсында болатын. Демежанның қарағашы да сол күйі сау-саламат жап-жасыл болып топталып тұрған уақыты еді. Соның бәрі де Қабдештің атын атап, үн таратып, ән салып тұрғандай болатын.

Жалпы, Қабдеш жырлаған Шәуешек – Қабдеш жазған романдарға орта болған, сахна болған табиғат, оның бұлақтары мен өзендері, Көшелері мен ғимараттары оның маңындағы ауылдар, бәрі де Қабдеш романдары арқылы күллі қазақтың санасына көшті. Шәуешектен мыңдаған шақырымда жатқан кезкелген қазақтың көз алдына сол суретімен келетін. Ол барша ұлттың қай заманда келетін ұрпағы болса да, Қабдеш көрген уақыттағы бояуымен, сол замандағы түр-түсімен,

сол заманда жасаған кейіпкерлерімен елестеп, оқырманымен бірге уақыт көшінде ілесіп отырады.

Біз Шәушекте жүрген уақытта да солай бүкіл табиғат суреттеушісін еске түсіріп, ол туралы отты әңгімелерге тамызық болып жататын.

Біз Қабдешті оқымай тұрып таныдық дедім ғой. Онымен бірге мектеп оқығандардың әңгімесінен таныдық. Кейін бірінші болып «Сонғы көш» жетті, артынан «Тағдыр» романы барды. «Тағдыр» романында біздің әулет, рулы ел, аталас ауылдар түгел ру-руымен, ауыл-ауылымен роман сахнасында массовкада жүр. Анау Шәушектегі ұлықтан «табышың дейтін мансап алдым» деп қайтатын күлкілі кейіпкер біздің ауылдан. 2012 жылы жұмыс бабымен Жанаөзенге барғанымда сондағы Айтқали Бәшенов деген жігіт «Табышыңдың ұрпактары аман ба?» деп сұрады. Күлдім де, аманбыз дедім. Шәушек қайда, Жанаөзен қайда деңіз. «Табышыңды» танып тұр. 150 жыл бұрын жасаған кісі ғой.

1868 жылғы Тарбағатай қазағының Чин династиясына бодандығын бекітерде рулары бойынша төрт үкірдайлышқ (Ағасұлтан шамасы) құрылымға бөліп, одан кейін «зәңгі» (біздіңше болыстық) шен деп аталған. Сондағы шен алғандардың бірі менің үшінші атам Шал зәңгі де кейіпкерлер арасында жүр. Таңғыт, Еңсе қажылар да біздің ауылдың билері, билеушілері – өткен өмірі еді. Сейтіп, біздің ауылды, руды, туып-өскен жерімізді, білім алған қаламызды жырлаған Қабдеш жүргегімізге әбден ұялаған-ды.

Біз оны көрмей тұрып таныдық. Оқымай тұрып жақсы көрдік. Құдды пайғамбарды көрмей тұрып оған көнілі ауған мүміндер сиякты едік.

1989 жылы Қабдеш Шәушекке келді. Университетте оқитын болуы керек, Арман деген тұңғышын жетектеп келіпті. Ол сапары туралы «Көп жыл өткен соң» деген үлкен мақаласы сол уақытта «Қазақ әдебиетіне» шықты. Газет бізге Қытайдың орталық кітапханалары арқылы жеткен. Мақалада Қытайдағы реформаның басталып жатқаны туралы жазған. Ондағы қазактардың әртүрлі ішкі әңгімелері, билеуші ұлттың қазақ арасына салған іріткісі, олардың топқа, жіккө

бөлу тәсілдері туралы аямай аңы жазған. Қажығұмар Шабданұлы туралы да керемет, әсерлі әңгімені алғаш рет сол мақаласында айтқан болатын.

Сол жолы барғанда Қабдешті біраз бұрын кафедрада бірге жұмыс істеген Оразхан Жақыпбаевтың үйінде отырған жерінен көрдім. Орекен «Қабдеш үйде қонақ болады, сәлем беремін десен қел» деп шақырған болатын.

Қабдеш отырған үйіне кіріп, сәлем бердім. Мен онда «Тарбағатай» журналында жауапты редактор едім. Өжет сөйлеп, ұмтылынырап, дауысымды көтере келіп «Қабдеш аға, туған қалаңызға қош келдіңіз!» деп сәлем бердім. Дастаннан асыра ұсынған қолыма, жүзіме назары ауған сыйлы қонақ: «Сен қай баласың?», – деді.

– Мен, Қабдеш аға, езініз «Тағдыр» романында суреттейтін «Қубастан қуырдақ шығаратын қулардың айтуынша Хорошо, хорошо» деп Зайсанды тастап, Сарыемілге өтіп кеткен Қарашаның баласымын ғой, – дедім. Ол күліп алып:

– Ә, оқыған екенсің ғой. Ол енді романдағы жұрттың есінде қалатын эпизод болсын деп жазылған еді және сондай бір әзіл болатын ел арасында, – деді.

Шынында, ондай әзіл болатын. Бұл руладың қу тілділері бір-бірін қағытпай жүрмейді ғой. Зайсанда сарыала қайыс қылыш таққан патша офицерлері «Хорошо, хорошо» дей бергенін естіген қарашалар «Әй, мыналардың «қарашасы» көбейіп кетті, бізге бір зауал» деп бір түнде Қытай асып кеткен дейтін сарындағы әзіл болатын. Әзіл әңгіме «Тағдырға» да кіріп кеткен.

Сол үстелде түрлі әңгімелер айтып, ол кісімен таныс жан болдық. Романын алыста жатқан жиырмадан енді асқан жігіттің оқығаны қаламгер үшін әсері бөлек жай ғой. Қабекенмен содан былай жақын жүрдік.

Жазушы Шәуешекте еркін демалды. Өзінің курсас-сыныптастары дін аман кезі. Бәрінің де елуден енді асқан шағы. Дегенмен, Қабдештің ол баруы – ол туралы тың тыңдаушылардың ұйымдасқан тобының бақылауында болды. Курсас-сыныптастарының ішінде тек батылы

жеткендері ғана үйіне шақыра алды. Соның өзі Қабдешке айлап қонақ болатын мүмкіндік еді. Өзінің туған жеріне, сүйікті Сілбетісіне барды, Тарбағатайдың Қара үңгірінде, Қарағашында болды. Керемет бір сағынышын сарықкан көніл-күйде журді. Тек өзі оқыған гимназия ғимараты осы сапардан бір жыл бүрін сүріліп, орнына жаңа құрылыш түскен. Соған іші ашып, «Әттең-ай, көре алмай қалдым, сактап қалмапты-ай» деп өкініш білдірген. Бірақ Төртуыл мектебі, Төртүкірдай мектебі деген тарихи білім ошақтарының ғимараты, Қызылүй, Есенсейіт мешіті, орталық саябақ дін аман болатын. Бәрінің де қабыргала-рын қолымен сипап, сағыныш мауқын басты. Қала ортасынан өтетін бес өзеннің бойын жағалап, ұзақ серуендейді.

1993 жылдың 22 ақпанында Алматыға келіп, ертесіне Қабдешке хабарластым. Баяғыда танысқанда телефонын, адресін беріп еді. «Үйге кел» деді. Бардым. Қазіргі Жамбыл көшесіндегі сары үй ғой. Кең үй екен, төрт бөлмелі. Үйін аралап таныстырып шықты. Кітапханасын көрсөтті. Сәулө тәтеміз қазан көтеріпті. Әңгімелестік. Ол заманда Шәуешектің «Аққошқар марқалы жұнжұнін» сәлемдеме ретінде ала жүретінбіз. Тамсанып, «Шәуешектің сұығой» деп дәм татып отырды. Үйді таныстырып жүргенде жуыну бөлмесін «Мынау патшаның да жаяу келетін жері» деп таныстырганы есімде қалып кетті.

Содан былайғыда Қабекенмен сұхбаттас, сырлас болдық, қолғанат болдық. Қай жерде Қабекенді көре қалсақ, көлігімізге салып, үйіне жіктіземіз. Жол-жөнекей кафеге соғып, шай-шарап ұрттай отырып, әңгіме айтатынбыз.

1996 жылы Қабекен алпысқа толғанда үлкен салтанатты той болды. Той Алматыдан басталып, әрі қарай Мақаншида – Тарбағатай бауырында жалғасты. Ол кезде Шыңжаннан келгендер тым аз едік. Он жігіт бар екенбіз. Азын-аулак қаржы жинап, Қабекене ат мінгізбек болдық. Оны тапсыру маған жүктелді. Бірақ Мұхтар Құл-Мұхаммед жүргізіп отырган Әуезов театрындағы іс-шараада біздің сахнаға шығу мүмкіндігіміз жоқ еді. Марқұм Жақсылық Сәмитұлы шетелден келген қазақ өкілі ретінде сөйлеуі керек болған. Ол кісі регламентті ескермен сияқты. Мұхтар Құл-Мұхаммед ұзақ сөйлей бастаған Жақсылық

Сәмитұлының сөзін бөліп, алғыс айтып, орнына қайтарды. Бұл біздің жүйкемізге тиіп қалды.

Мен жақсылап жазып алған өлеңім мен конвертімді алып сұраусыз сахнаға шықтым. Аз сөйлемдім.

— Қабдеш аға, біз сізді Шәуешектен танимыз. Алматыға бір жетсек «тәбемізге көтереміз ғой» деп келгенбіз. Бірақ тәбеміз тұрған манда сіз жоқ екенсіз. Сіз одан әлде қайда биіктегі екенсіз. Соған қуандық. Романдарының, жалпы шығармашылығының арғы беттегі біздің ата-мекеніміз, туған жеріміз туралы ғой. Сол үшін борыштармыз, – деп бастап, Қабдешке арнаған өлеңімді оқыдым.

*Сол қолмен жасын сүйеп отыр Қабан,
ойында кеткен есе,
откен бақыт.*

*Төнеді ақ қазазга қара қалам,
саусақтың жасақтауына кеткен батын.*

*Әредік самалы кеп келешектің,
қозғайды сықырлатып сыр есігін.
Бау-багы қандай еді Шәуешектің,
Өзені қандай еді Сібетінің.*

*Бізден де өтіп еді қандай заман,
сол күнді кім бар еді тектегендей.
Мұлгиді Тарбагатай мұз құрсаған,
бұл маңға ешкім келіп-кетпегендей.*

*Еңсөнді ғасырлардың жүргі басын,
Күрсінбей откен күнің,
бар ма, Агатай?!*

*Беу, Қабдеш,
айтты деме асып-тасып,
сен таусың,
сенің атың – Тарбагатай! –*

деп өлең оқитын тұсын сол 1996 жыл еді. Келгеніме үш жыл болған мен өзіме сахнадан сөз бұйырмайтынын біліп, өз еркіммен шықтым да, өлеңімді оқып, қолымдағы конвертті ұстасып үлгердім.

Кешкі банкетте жанағы өлеңді асабаның шақыруымен қайта оқыдым. Қалың қою шашты, дауысы да, сөзі де салмақты қараторы жігіт банкет жүргізген. Сейтсек, ол Ұлықпан Сыдық екен.

Қабдеш Шыңжандан келген қазақтардың жағдайы үшін ерінбей, талай жиналыстар мен кездесулердің басын шалды. Талай додаға түсті.

«Қазақстан Тәуелсіздік алғанда шетелде бір күн тұрмаймыз, елге кетеміз» деген топқа арнайы шақыру жіберген Қабдеш екенін, сөйтіп, азат отанға тартқан алғашқы көштің де керуен басын Қабекен жетектегенін Армиябек Сағындық, Тұрсынхан Зәкен, Фалым Қалибектер жазып жүр. Ол – өз алдына бір тақырып.

Қабекенің алпыс бесі, жетпіс жастағы шаралары оның қоғамдық-саяси пікірлеріне, ұстанымына байланысты билік жағынан қолдаусыз өтті. Жетпіс бесінде де, сексенінде де солай болды. Сексен жасында көп жүрттап келген құттықтау Елбасыдан келген жоқ. Ешқандай марапат берілген жоқ. Шығыс Қазақстан облысында 80 жасы аталағып өтілген жоқ.

Ол кез – жер дауының ушығып тұрған уақыты еді. Қабдеш соған арапасып, ауқымды хаттарға, үндеулерге қол қойып еді. Ал ол өз кезеңінде биліктің шамына тиген. Жазушыларға беретін степендиядан да Қабекенде сыйып тастаған.

Сол кезде Жазушылар одағын басқаратын Нұрлан Оразалин де Қабекене пейілді болмады. Ол да Қабекенің қайсар мінезінен туындаған тағдырдың бір кезеңдері еді.

Қабекенің – Қабдеш Жұмаділовтың керемет ықыласы ауған кісілерінің бірі – Қажығұмар Шабданұлы. Ол кісімен Шәүешек мектебінде оқып жүргенде бір-ақ рет кездесіпті. Қажығұмар Шәүешектегі талантты жастармен кездесіп, оның ішінде өлең жазып жүрген Қабдешке:

– Әй, сенің бағытың проза екен. Проза салмақ тартады, оның салмағын поэзия көтермейді. Шаман қелсе, прозаға кет, – деген. Сейтіп болашақ классикке өмірлік бағыт берген. Қабдеш осыны аузынан тастамайтын.

1989 жылы Шыңжанға барып қайтқанда да Қажығұмар туралы ірі мақала жазды. Ол сол уақыттағы Қажығұмардың Шыңжандағы «ағайындарына» ұнамай, даулы-шұлы резонанс туғаны бар. Кейін Қажығұмардың алты томдық романы Қабдешке жетіпті.

Қабдеш көне – Ахмет Байтұрсынов жазуымен жазылған ұзақ қолжазбаны Дүниежүзі қазақтары қауымдастығына тапсырған. Ол жерде ұзақ кезек күткен соң, қайтарып алған. Алдымен, өзі кириллицаға көшірткен. Көшірткенде де өзінің жетпіс жасындағы даулы жағдайларға байланысты Шыңжаннан келген ағайындарға реніште жүрген кезі еді. Бізге – Талғат Мамырұлы екеумізге Шәуешек жігіттерін жинауды тапсырды. Біз Аскар Жәкулин, Дәурен Қалмет, Қару Қасен, Талғат Мамыр бастаған Шәуешектің 10 азamatын жинап, осы қолжазбаны төте жазудан кириллицаға көшіру жұмыстарын ұйымдастырыдық. Сол кездегі ақшамен 10 мың доллар жиганбыз. Алты том төтеше қолжазбаны көшіру, редакциялау, баспаға дайындауға сол ақша мол жетіп еді. Әрбір аударылған еңбекті Қабдеш пен Талғат Мамыр екеуі қарап, біршама редакциялап, корректорға оқытып, тас-түйін даярлаған. Кейін Қабекен Мәдениет министрі Мұхтар Құл-Мұхаммедкө арнайы барып, қаржы бөлдірген. Алты томдық аналогі жоқ керемет роман солайша елімен қауышкан.

Қабдеш аға алты томдық «Қылмыс» романын Мемлекеттік сыйлыққа лайық көрді. Ұсынуды ұйымдастырыды. Ол өзі бір аса даулы мәселе болған. Өзі эсселерінде жазған-жазбағанын білмеймін, Мемлекеттік сыйлық комиссиясында Қабдештің өзі де, Оразбек Сәрсенбай да бар екен. Дауысқа салғанда 17 адамның жетеуі қолдан, он адам қарсы болыпты. Содан Қабақ алты томды біраз салмақтап ұстап тұрып, шығып бара жатып артына қайырылып тұра қалады:

– Әй, мына Қажығұмардың алты томдығын Мемлекеттік сыйлыққа ұсынуға қарсы болған он жігіт осында отырындар ма? – дейді.

Комиссия үнсіз. Шамасы Бексұлтан Нұржекеұлы болу керек «Иә, отыр гой» деген әңгіме айтады. Сонда Қабекен салмақты дауыспен:

– Отырсаңдар, сендер бар гой, ит екенсіңдер! Тура ит екенсіңдер! – дейді де есіктен шығып жүре береді. Дәл айтқан. Қажықұмарды, оның 6 томдығын Мемлекеттік сыйлықтан сызу ол – иттік еді. Қаламгерлеріміздің осынау тобында отырган 10 кісі бірдей осындағы иттікіе баруы, Қабдештен сөз естүі сүйкімсіз-ақ жағдай гой. Бұл әңгімені Оразбек Сәрсенбай Қажықұмарға арналған жиналыста мінбеден айттып еді. Ол кісі де комиссиядағы 17-ліктің ішінде болыпты.

Ақыры ұсынылды-ау, ұсынылғанымен Астана жақтағы Мемлекеттік комиссия алты томдықты Мемлекеттік сыйлыққа лайықсыз деп таныды. Осы тұстарда Қабан қатты қүйініп, ашы-ашы мәлімдемелер жасап жүрді.

Кейін «Жас Алаш» газеті «Ұлт рухы» деген сыйлық дайындалап, жалпы жұртқа сауын айтып, осы ұлken сыйлықпен Қабекенің арманын орындағандай болды. Жалпы халық дайындаған сыйлықтың қо мақты сыйақысы Қажығұмардың қызы – Гүлжайнарға тапсырылды. Ал біз – Қабекенің қолғанаты ретінде сол сыйлықтың дайындалуына белсене кіріскенімізді айта кетсек болар.

Қабекенің адамдармен қарым-қатынастағы мінезі жайдары болғанымен, ұстанымы қатал еді. Бір көнілі қалған кісіге қайта жібімейтін. Ол «Бір кісіні екі сынамаймын» дейтін. Біз сол кісінің алдында қателік жібермеуге тырысатынбыз. Сол мінезге басып, сексен жасы тұсында билік өкілдерін тойына шақырып хат жазудан да бас тартты. 80 жылдық тойына шақырмады. Сол жылды мемлекет тарарапынан сыйлық та, марапат та болмайтыны содан. Шәуешек жігіттері, Шыңжан қазактары Қабекенің мерейін өсірмек мақсатта жиналды. Кәсіпкер азаматтар Қабекене жақсы сыйлық дайындауды ұйғарды.

Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театрында жиын болатын күні су жаңа Toyota Camry 55 маркалы автокөлікті үкілеп, көлденең тарттық. Дәурен Қалмет, Мерей Ислам, Жәйна Жәкулина және Думан, Сакош, Азат, Ғылымхан бастаған жігіттер дайындаған сыйлық Қабекенің көнілін біраз жасартып таставады. Бұл жолы да

Қабекенең көлік кілтін табыстаушы, сөз сөйлеуаші топты сахнаға бастап шыққанмын:

– Қабеке! Азаттықтан кейінгі атажүртқа оралған Шыңжан қазактары, оның бүгінгі ұрпағы сізге борыштар. Қазір жарнама деген ұғым бар. Ол – танымалдық, жүртқа таныс болу. Сіз біз келмей тұрып, 30 жыл бойы жазған романдарыныңбен Шыңжан қазактарының өмірін, рухани күйін, жан-дүниесін бүкіл Қазақстандағы бауырлардың жүргегіне әбден орнықтырып қойдыныз. Біз келгенде біз туралы жазылған романдар әр қазақтың үйінде әбден оқылып, мұқабасы жүккәрып, түбі қайта тігілген күйде тұрды. Біз келгенде «Демежанның ауылы келді», «Нұрсаланың, Есқаттың, Нартайдың елі келді» деп жүрт бізді танып тұрды. Сондықтан, атамекеннің құшағы бізге айқара ашық болды. Сол құшақты ашқан дүние – сіздің романдарының, шығармашылығының. Мұнша сұрапыл жарнаманың, мұнша жанкешті еңбектің борышын ешбір адам, ұйым өтей алмайды. Біз де өтей алмасақ те, сізге сексен жас мерейтойыныңға орай темір тұлпар сыйлайық деп едік. Қабыл алыныз! – дейміз.

Қабекен қайтқанда «Бұғін біздің әкеміз өлді» деп пост жаздым. Посттың мәтіні былай болатын:

«ҚАЙСАР ҚАЛАМГЕР ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛ қайтыс болды.

Жазушының бүкіл ғұмыры, жазған шығармасы – қазақ халқының рухы, болмысы, бөлек әлемі, дербестігі, азаттық аңсауы, еркі және биік мақсаттарына құрылған.

Өз сөзімен айтқанда ол – «заман қанша ауысса да бірде-бір шығармасы банкротқа кетпеген» жазушы.

Сонау кенес заманында жазылған «Соңғы көш», «Тағдыр», «Атамекен», «Саржайлау», «Бір тұп тораңғы» қатарлы шығармаларының қай-қайсысы да өз заманының шын сыйпатын ашқан туынды. «Заманау күйлемеген, заманы илемеген» шығармалар.

Жазушының тілі де, шығармасында сипатталған өмірдің көркем бейнесі де, кейіпкерлердің монологтары мен диалогтары да, аса шынайы және биік шеберлікпен жазылған. Бәрі де окушының ой-санасын шексіз баурауыш құбылыстар үйлесімі.

Жазушы Қабдеш Жұмаділов қайсар қүйінде қасқайып тұрған болмысымен, тік бейнесімен өмірден өтті. Ол шаршап-шалдықкан жоқ, қартайып қайысқан жоқ, заман қанша өзгерсе де майысқан жоқ . Ол барлық шығармашылық ғұмыры ерік пен жігерге, биік рухқа толы жазушы болды.

Ол Шыңжан қазақтарының жаршысы – бағыт берер жарық жүлдәзы – Темір қазығы болатын. Олардың жан әлемін жалпақ ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ жайып жіберген, күллі қазақтың жүргегіне жеткізіп орнықтырған ғажайып қаламгер.

ОЛ БІЗДІҢ РУХАНИ ӘКЕМІЗ ЕДІ. БҮГІН БІЗДІҢ ӘКЕМІЗ ӨЛДІ.

Ертең елі-жұрты жиналышп, ол өзі өсиет еткен топыраққа көмеді. Өзі өмірімен сүйген, өмірбақи жырлаған, күллі кейіпкерінің киелі мекені Тарбағатай тауының бір қыратына оны тапсырады. Оны өзі аса сүйіспеншілікпен суреттеген Шәуешек шаһарынан Арқаға қарай келе жатқан жолдың таусылған жеріне қояды. Тірісінде тынымсыз сүйіп жырлаған атамекені Қабдешті мәңгі тербетеді.

Қаламгердің шығармасы – жан әлемі халқымен бірге жасайды! Ол мың жасайды».

АЛМАТЫДА ҚАБДЕШ ЖОҚ

Алматыда Қабдеш жоқ!
Жолықпайсың енді оған.
Сәлем берер салмақтап
Қалмады ғой жөнді адам.
Ақындары шығатын
Қасыйетті тұрғыға
Қыран қайтып қонбайды-ау,
Қос қанатын қомдаған.

Алматыда Қабдеш жоқ
Зыйраты да жоқ онын.

Кезеңінен таппайсың
Таяу жатқан тәбенің.
Соғынан тоқтады-ау
Жұдырықтай бір жүрек
Жұрымына сыйғызған
Байтақ жердің көлемін.

Сөз қадірін ұққанға
Алып еді бір өзі.
күн сәулесі сыяқты
Жарық еді бір өзі,
Қаһарынан уақыттың
Жалтарғанда мың ақын
Майданында шындықтың
Қалып еді бір өзі.
Дауыл менен нөсерде
жан-рухыңды сақтайтын
Жел жағында тұратын
халық еді бір өзі.

Әрбір сөзі атқан оқ,
Айтылғандай жау үшін!
Күркіреген күн сынды
Сезуші едік дауысын.
Боран бұрқап кеткендей
Болушы еді Арқада.
Көшкін басып қалғандай
Болушы еді тау ішін.

Мәңгілікке тыншыдың
(Ашу-ыза тарқаған).
Қос қолымға күш салып
Көтеріп ем арқадан,

Пайғамбарын көметін
Сақабадай күй кешіп,
Тарбағатай тауына
жатқыздым кеп шалқаннан.

Жаңар таудай Қабдеш жоқ
Әр сөйлемі бір алау.
Енді жыйын мінбеміз
Қалғып-мұлгіп тұрады-ау.
Арпалысып-айтысып,
Кешсөң дағы бір ғұмыр
Бақыттымын деп өттің
Сонғы сәтте ғұлама-ау.
Бақыт деген сол шығар
Қазақстан кен байтақ
Бостандықтың желімен
Желбіреген ту анау.
Сенің жүріс-тұрысың
Көз алдыға келердей
Аман болса шығысым
Қабдеш тағы туар-ау.

Мен өз басым, Алматыны Қабдешсіз елестете алмай жүрген күй-демін. «Асқар тауың әкен құлады!» деп көңіл айтады ғой. Сол рас екен! «Алматыда Қабдеш жоқ» өлеңі содан туды. Ұлтына сіңбек еткен қайсар қаламгер өз тұған жерінің – Тарбағатай тауының бір салма-сын бастырып барып жатты. Өз қолымызбен топырақ салып, пайғамбарын көмгендей Қабдеш ағамызды да аттандырдық. Оның тәні топыраққа тапсырылғанда жан әлемі жалпақ қазаққа жайылып кетті. Жазушы десен оның бақыты сол шығар.

ҚАБДЕШ БЕКЕТИ

Қабдеш Жұмаділ дүниеден қайтқалы да жыл айналды. Өтерінен 15 жыл бұрын 70 жасын Мақаншыда тойлап, енді жақындарымен бірге Алматыға бет алған Қабекен көнілді еді. Ол қолдаушы топты Таскескеннің тұсындағы жол айрығына тоқтатып: «Мен дүниеден қайтқанда осынау тұсқа қойындар» деп жол жиегін көрсеткен.

Қапияда қайтқанына, пандемияның асқынып тұрганына қарамай, қалың елі жиналып, Қабдешінің өсиетін орындаған болатын. «Қабдеш қайтты» деген қаралы хабарды естіген бетте жұртты оның 15 жыл бұрын айтқан өсиетін орындауға жұмылдырған жазушының рухани інісі Ұлықпан Сыдық еді. Қазір де Тарбағатай тау сілемдерінің батыс күнгейіндегі Алматы–Өскемен жолының 683 шақырымында Қабдеш жатыр. Жол торабында еңсөлі ақкүмбез кесене көтеріліп, бұл мекен «Қабдеш бекеті» атанды.

Жазушы көз жұмған соң оның есімімен қоғамдық қор құрылған. Қорды құрған да сол көрнекті ұлт қайраткері, профессор Ұлықпан Сыдық пен жазушының ұлдары және біраз жанкүйер оқырманы еді. Қор классиктің рухани қазынасын насиҳаттаудың жоба-жоспарларын түзіп жіті әрі нәтижелі қимылдады. Кезек күттірмейтін келелі жұмыс – жазушы зиратына кесене тұрғызу болатын. Пандемия асқынып тұрған кезде жұртты жұмылдыру да қыын еді. Сондай уақытта саналы бағытпен сарқыла қимылдаған қор президентіне жерлестері қолдау көрсетti. Чүкеев Ерлан Мырзахметұлы қатарлы Семейдің серке жігіттері сайланып шықкан да қор президентінің қасынан табылған.

Маңғыстаудан алдырған мұғжиза ұлу таспен қиуолап қалаған ақ күмбезді кесенені солар салды. Ол ұлы жазушының аптақ ары, биік намысындај жарқырап алыстан көз тартады.

Тарбағатай тау жоталарының Алакөл, Балқашқа карай бұрылып аласарып, тәбешіктеп, шашылып барып тоқтайтын бұл тұсы шығыс өлкенің кіндігі дерсің. Қабдеш бекетінің батысы – әлем картасында

«Қазақ адырлары» деп аталатын қазыналы қатпарлы, қыналы қара төбелі Қарағанды беті, ары қарай Арқа. Ал шығысы – Шәуешек, Құлыстай, Орқашар, Барлық, Қараеміл–Сарыеміл, Семістай, Серке, Сауыр, Майлы, Жәйір – Қабдешті туған мекен. Қунгейін айтсаныз – Жетису, Балқаш, Алакөл, Арқас тау, Алматы бағыты болғанда; теріскейі – Аягөз, Семей, Өскемен, Алтай, ұзын аққан Ертіс. Мәңгілік мекенін таңдау үшін де талант, талғам, парасат және биік рух керек екен ғой. «Мәңгі жасаудың мұндай да ғажап үлгісі болады екен-ая!» дейсін.

«Қабдеш бекеті» деген қасиетті тіркесті де қор президенті жазушының іні досы Ұлықпан Сыдық айтқан. Қабдеш бекеті мындаған машина ағылып өтіп жатқан жол торабында тұр.

Күн сайын біраз кісі жол жиегіне тоқтап, кесенені тамашалап, тамсанып, жазушыға құрмет етер және оның томдарын, романдарын еске алар. Ал көптеген көліктің өзі кідірмесе де, көліктегі жолаушының көзі кідірер. Көрген көзден көңілге көшкен «Қабдеш бекеті» жолаушының ой-санасын мынау – осы нүктеден Қабдеш жасаған әдебиет әлемінің бекеттеріне – уақыт қойнауына қарай бастап кетер.

Мұндайда журдек көлік екпінімен жүйрік қиял да сапарға шығады. Енді қараныз, Қабдеш шығармаларының жұрт кідіретін тұстары, оқып отырып толқып тоқтайтын, шұқышып шұқып, қайталап қарайтын тұстары бар ғой. Иә, ол көп. Міне, сол ара – сана сапарының аялдайтын тұсы – Қабдеш жасаған әдебиеттің алтын бекеттері.

Жазушы шығармалары, сөз жоқ, қазақ әдебиеті көшінің де керемет сиқырылы өлкесін түзеді. Ол тұтас оқырман керуені түйесін шөгеріп, күркесін тігіп, ерулеп өтер алып бекеттер тізбесін құрайды. Ол – даусыз!

«Көкей кестіден» басталатын он роман, «Бір тұп тораңғыдан» басталатын жиырма повесі мен «Қаздар қайтып барады» деп басталатын жұтынып тұрған жыр сипатты әдемі әңгімелерін, тек осынау көркем әдебиет жанрындағы шығармаларын айтсақ, Қабдеш жасаған рух көшінің керуен жолы сіздің санацызды гасырлар сапарына шақырады.

КӨКЕЙКЕСТИ

Жазушының отызында орда бұзғанын әйгілеген роман. Бұл – жазушының тұнғыш романы.

Роман сюжеті 20 жас шамасындағы жап-жас Жәнібектің және оған жолығатын он шақты кейіпкердің қатысуымен құрылады. Шығармадағы аздаған шегіністі баяндауды қоспағанда, ол бірер жылдың ауқымын ғана қамтиды. Бас кейіпкерлері де жас, жазушы да жас болған соң, жалындан тұрган махаббат пен төгіліп түскен тілден ақ өлең дерлік лиризм лебі еседі.

Бас кейіпкердің әкесі Сәрсен заманың адамы. Айдаладағы ақ тышқандарды зерттеп, докторлық атақ алудың жанталасымен өмірі өтеді. Кенестік кадр мен кеңестік ғылымға тиесілі кісі. Оның екінші қатыны Күлзипа, шәкірті Сапар да сол уақыттың ойлау, өмір сұру дағдысын көрсетеді. Жәнібек бұлардың бәрін жек көреді. Шығарманың өн бойынан заманға деген зіл, кекесін көрінеді.

Роман басталғанда вагон терезесінен кең дала жосылады. Пойыз Семейден келе жатқанын, Алматыға ертең тәңертең жететінін ескерсек, шексіз сүйіне тамылжыта суреттелген сол дала қазіргі «Қабдеш бекетінің» тұсы. Жас Қабдештің кейіпкері осынау мекенді 60 жыл бұрын-ақ ақтарыла суреттегенін қараңыз.

Пойыз терезесінен кең далаға көз салған кейіпкер, сол замандағырышкерді жырлаған ақынның «Адамға табын жер енді» дейтін өрекпігеп өлеңін еске алып: «Апрай, осы ожар белсенділік қой түбімізге жеткен» деп түніледі. Ол заманда, 1960 жылдары, бұлай айту басқа кісінің ойына келмейтін, ойына келсе де батылы жетпейтін батырлық еді. Белсендінің ақын Қабдештің құрдасы Олжас екенін танисыз. Ал айналасына ашық пікірмен сөйлеу – Қабдештің қанында бар екенін содан білесіз.

Ол замандағы прозаға қойылар басты теориялық талап тип жасау типтік бейне сомдау болатын. Ата мекеніне келіп, еңбекке араласқан Жәнібектің Қарлығашпен махаббат диалогы жүрек толқытады. Онда жақстық жалын мен жан дүние дастаны шалқыды.

«Тип» дедік қой. Жәнібек Қарлығашқа «Мен ауылдан керемет типтер таптым» дейтіні бар. Шынымен де романды оқып отырып, сол ауылдың он шақты кісісімен танысадың және оны ұмытпайсын. Әумессерлеу Дудар, директор Кемел, сықаяқ Сатыбалды, тағдырлы Сақыш – бәрі де сізben таныс кісіге айналады. Әсіреле Базар ата мен оның ақиық Қыранын айтыңыз. «Қараңауылдың» тұсында Тарбағатайдың бір білік жотасына шығып, бүркітті түзге жібереді. Айналып әбден биікке көтеріліп, соナン соң теріскейді бетке алып сол бұлдырап кеткен қыранға қарап тұрған Базар қарт: «Алтайға тартты. Енді оралмайды», – деп көзіне жас алады. Осы жерді оқып отырып, қазір де Кек байрағымызда тұрған қыранға байқаусыз көз саласың...

Осы романдағы автордың жаңы байыз таппаған кейіпкері Жәнібекті ата мекенге алып кетуі, онда да Тарбағатайдың биігі Етікші шыңының етегіне апаруы, төрт жыл бұрын 26 жасында жазған «Қаздар қайтып барады» атты әңгімесімен астасады.

Ол әңгімede де Етікші шыны және жалғыз кейіпкер, Тарбағатай тау, жаңғырган жартас, жапан түз. Жансебіл қарт соңғы демін жинап, «Қарғыба –Базарым, қалың ел – Назарым!» деп атасының зиратына жетіп құлайды ғой.

«Дәл осы кезде тайыншадай овчарканы алдарына салып, екі шекарашы Айнабұлаққа қарай түсіп келе жатты. Ішіл ит шынжырларын жұлқа ентелеп, ескі қыстауға қарай тартады». Жазушы тұнғыш әңгімесін осылай аяқтайды.

Өмірде де дәл солай болды. Жаңағы исшіл овчаркалардың тұқымы 60 жыл бойы Қабдештің ізінен қалған жоқ. Шынжырын үзердей аласұрган тұстары да болды. Азаттықтан кейін де арсылдаپ артына ілесті.

Қабдеш 80-ге толғанда биліктің сыйы бетіне шығып тұрған шақ еді. Жазушының мерейтойын мемлекет әдейі елемеді. Ал сол жылы 80-ге толған Қабдештің құрдастарына білік марапаттар ұсынып, абыз қаламгерді алалап кетті. Алматыдағы кездесуде «Сізге неге марапат бермеді?» деген сұраққа Қабекен: «Осындаі денсаулықпен, осынша халықтың ықыласымен, осынша тартымды роман, повестермен

80 жаста алдарында тік тұрғаным мен үшін үлкен сыйлық» дегені бар. Сол күндері Қабекенің Ақордада қызмет ететін рухани інісі Мұхтар Абыраұлының биліктің бетін жылдытар қайла таптай жаңушырған кезі есімізде. Билік бұрылмады, жазушы иілмеді. Марат алғандардың қара үзіп Қабдештен озғанын да жұрт көрген жоқ. Бұгінде бірер бұралқы қазіргі Қабдеш бекетіне қарап үрсе, сонау Тарбағатайдың Айнабұлағында 60 жыл бұрын ізге түскен әлгі иттің тұқымы екені дауысынан танылар.

Кейінгі 30 жылда Қабдештің шапанын іліп, атын ерттеп қасында жүрдік. Өңгімесін тындадық, сырына қанықтық. Талантyna тәнті болдық, ұқыбына таңдандық. «Қандай шығарма жазсам да, кейіпкерім жүрген жерді, ауылы қонған бұлақты, жылқы жусатқан алқапты түп-түгел арапап, көзіммен көріп шығамын» дейтін еді. «Прометей алауын» жазарда Ақтайлақтың тұқымы Аягөзде тұратын Айтқазы деген жігіттің романда жазылатын тау-тасты түгел арапатқанын, жасы тоқсаннан асқан шежіреші Бейсенғали қарттың ел қонған көңс жүрттарды нұсқағанын айтатын. Сол жүрттардың қай-қайсысы да Қабдеш шығармаларындағы оқырман ойы түнеп қалар бекеттер санатында. Сол жолы «Ақтамбердің жатқан жерін жаңылмай тапқанын» әңгімелегенде тамсанып тыңдайтынбыз.

Мақаламызда есімі әлгінде аталған Абыраар ақсақалдың арғы экелері де сол «Прометей алауындағы» Ақтайлақ би Түркістаннан алдыратын көшпен Тарбағатайға келеді. Ары қарай Шәуешекке, Қабдештің ауылына барып қоныс тебеді. Бұл тақырып осы романда тарау бойы жазылып, суреттелген.

Достық дәстүрі деген де өзі текten тартатын көрінеді ғой. Аталары Сымайыл зәнгі, Ешенсейт-Құлмұхамметтерден басталып, Абыраар, Қабдеш, Сейдахметтерге жалғасқан достықтың жіп ұшы бұгінгі Мұхтардың, Рахымғалидың Қабдешке деген биік құрметіне ұласқан. Тағы да сол «Прометей алауындағы» бас кейіпкер Ақтайлақ би әулетінен өрбитін Бету ападан өрген бұгінгі Жәкулиндер де достық дәстүрді атадан балаға жалғап, жазушыға, оның рухына ерекше пейіл бергеніне жұрт риза көнілде.

Бірде Қабдеш аға: «Басқа ел, басқа жүртттан әкелетін және әкелмейтін мамандар бар» деп сөз бастап еді. «Жазушы мен ақын туған топырағында – ата-бабасынан өсіп-өнген мекенінде ғана маҳабbat пен шабытпен қалам сілтейді. Ол басқа өлкे, басқа халықтан ауыстырып әкелетін маман иесі емес» деген. Ары қарай Жетісуды, «Мамания» мектебін, Маманның Тұрысбекін жазуға жас, қайратты шағында мұрша болмағанын, қазір жазуға қаймығатынын айтып, «эттең-ай!» деп отырап еді.

Ол кісінің ойынша жаңалыққа, ғылымға құлшыну жағынан қазақ жерінде Жетісү өлкесі көш бастаған. Ал сол цивилизация, сол тарих, сол төңкерісті жасаған ұлы қазақтардың көркем бейнесі әдебиетте жасалмады.

Алғашқы қадамын «Қабдеш бекетінен» аттаған соң Қабдеш шығармаларындағы уақыт пен кеңістіктің көніл ерулер бекеттерін түгендеуге беттеген бұл «сапарымыз» таяу маңда тоқтамасы анық. Біз ол туралы асықпай және жалықпай жазуға, оны жазудың оқырман үшін тартымды тәсілдерін табуға құлшынамыз. Біздің мақаламызды оқыған кісі одан ары Қабдеш жазған жазира алқапқа ауса екен дейміз. Соған амал жасауды көздейміз.

Тұған топырақтың қадірін көтерер негізгі бір себеп ол жайлы айтылатын, оны сипаттайтын сөзде. Сөз бұлактарында, сөз өзендерінде. Айталық, Тарбағатайдың Етікші шыны тұсындағыдай кез келген кезеңіне шыққанда, Жәкуланың Қызылтасын, Жағалбайлы асуын көргенде, Үшбоғас, Тайжүзген, Шорға өзендерін көргенде ол жайлы айтылар әңгіме еске келуі керек. Өйтпесе, табиғат мылқау күйде қалады. Қабдеш жазған көркем, тартымды томдардың құндылығы сонда. Ұлтын, атамекенін сипаттауда Қабекең қара сөзден дария шалқытқан адам.

Жазушының өзі есейген сайын сөзі де ұлғаяды, роман, хикаяттарының жағрапиялық, ұлттық ауқымы да өсе түседі. «Сәйгүліктер», «Саржайлау», «Қозықүрен», «Сонғы көш», «Тағдыр», «Дарабоз», «Қылқөпір», «Танғажайып дүние» бұлардың бәрі де бірін-бірі қайта-

ламайтын және бірін-бірі толықтыратын ғажайып туындылар. Бұлар тұтас неше ғасырлық кеңістікте тарау тартатын жағрапиялыш және уақыт көкжиегіндегі маяктар.

Қазақ сезінің таусылмайтын, тасып ағатын тау өзендері. Ойлап қарасаң, соның бәрі Қабдеш әлемінің сәулеті бөлек, сәні сиқырлы ой үшінда құбылып бітпес ғажайып бекеттері.

«Саржайлаудағы» талқыға түскен тағдыры, адам сезімінің нәзік қылын шертетін шебер суреттеулер, естен кетпес кейіпкер бейнелері жан дүниенің еліктіреді. Ал «Сәйгүліктердегі» жылқы тағдыры және жылқышы мінезі көз алдында тұрады. Ондағы адамға, тіпті жылқыға жасалған ағы қияннаттың жан түршіктірер тұстарды да ұйықтасаң түсіне кірердей түбін түсіре баяндалған.

АРУАҚ ҚОНУ

«Соңғы көш» – ауқымды құбылыс. XX ғасыр басындағы тұтас ұлт кешуі. Бұл кез жазушының жеке кейіпкер сомдау, тип жасау шебрлігімен бірге ары қарай биқтей түскен кезі. Соған қоса тұтас ұлттық ауқымға ауыса бастаған уақыты. Қабдешті қазақ романшыларының алдыңғы тобына бір жолата орнықтырған туынды.

Уақыт кеңістігі жағынан XIX ғасырдың соңғы жартысына тұра келетін «Тағдыр» романы да «Соңғы көштің» арғы тұсынан тұтасатын аса ауқымды, көркем әлем. «Соңғы көште» негізгі тақырып ел тағдыры болса, «Тағдырда» жер тағдыры және ер тағдыры ерекше жазылады.

Жазушының кереметі де сол, сонша ауқымды тақырыптарды, ұлтты және оның ұлттық топырағы аумағын өзек еткен шығарманы, сол кездегі халықты оятқан шығарманы, осынау орасан қуатты ұлтшыл романдарды, орыс империясының отарында отырып-ак жазғанында. Сейтіп оны он мындаған тиражбен ортаға салғанында.

Сонымен қатар осы екі романда да жазушы шекара сыртында қалған қазақтың жан дүниесі мен жарқын образын жазды және оны ата

жүрттағы ағайынның жүргегіне орнықтырды. Бұл дегенің – ұлттың рухын тұтастауы.

Мақаламыздың бастауы «Қабдеш бекеті» болса, мынау екі роман атанның қомын алып, белін босатып, ат құнатып жататын жазириалы деңдер болмақ.

Автор шығармасындағы XVIII ғасыр және XIX ғасырдың баскы тұсындағы қазақ кешуі туралы «Дарағоз» және «Прометей алауы» жазушы мүмкіндігінің шексіздігін әйгіледі. Бұған қоса, шығармашылық шеберлік үйлесімі мен білім көкжиегін керемет көрсеткен кесек дүние болды.

«Дарағозды» жазған соң Қабекен қасқайып біктей түсті. Мандағы жарқырап, өзін өр рухпен ұстайтыны айналасына анық байқалғандай еді.

Сөйтсек, Қабанбайды ойлап, Қабанбайша ойлап, Қабанбайды сомдап, өнінде де, тусінде де «Қабанбайлап» жүрген Қабекене аруақ қонған екен ғой. Семсер сөзі жарқ етіп, кез келген сэтте кесіп түсетін тұсы осы кезден басталғандай еді. Қабдеш шығармаларының «Дарағоз» деген бекетінде айлап қалып, Қабанбай жорығына ойша қосылыныз. Бұл бекеттен сізге де аруақ қонады.

Осы жерде айта кетер болсам, бүгінгі ақкүмбез кесенелі Қабдеш бекетін тұрғызып жатқан топтың басында жүрген әкелі-балалы Ұлықпан мен Әсет – сол Қабанбайдың тікелей ұрпақтары. Ал екеуінің қатарында жүрген Съезбек Рахышұлы Қабанбайдың серігі Баймұрат батырдан өрбиді. Батырлардың батыл тұқымы 300 жылдан соң да бірге жүр деңіз.

«Аруақ қонады» деген шын ба, бізше, шын! Жазушының аппак арынан, Азат отанының болашағына деген алаң көнілінен және бірбеткей мінезінен туған роман ол – «Қылқөпір». Жемкор паразит билік пен қайсар қаламгердің арасын барынша ашқан да сол шығарма. Халық жазушысына қаншама қысым жасалатын кезі – сол уақыт. Оны 7 жыл бойы кім көрінген алатын стипендиядан айырып, масқара болатыны да сол кез. Ал оған қайғырған Қабдеш болған жоқ.

НАЙМАН АНА ЕСКЕРТКІШІ

Қабдеш хикаят жазуды «Бір тұп тораңғыдан» бастады. Трагикомедиялық үлгіде туған шығармада жан түршігер тұстар көніл толқытады. Ал осы шығармаға өзек болған киелі әпсананы Қабекең «Найман ана ескерткіші» хикаятында да қолданады.

Ұлттың негізін құраушы ірі тайпалардың қатарындағы 9 таңбалы Найман тараитын ақиқаттан қымбат аныз еді ғой. Соны шебер суреттейтін хикаятын соны мысқыл мен күлкіге өріледі.

Жазушы Айжарық пен мұсінші Барақ «Найман анаға Ескерткіш» жасап алғып, қоятын жер таппай бүкіл шығысты аралап сенделеді. «Қап, мыналарды-ай!» дейді ғой кейіпкер.

«Домалақ анаға ескерткіш жасап жолға шықсам, Ұзынағаштан оздырмай таласар еді. Адай атаға ескерткіш жасап сапарласам, Қызылордадан бастап жармасар еді» дейтіні бар. Ақыры, Өскемен мен Семейден көнілі қалған кейіпкер Аягөзге келіп, анау Еңірекейге шыға берістегі такыр төбенің бауырын сұрайды ғой.

Сөйтсе әкім: «Қап, кешігіп қалдыңыздар. Әлгінде, түсте ғана Қытайларға беріп қоюып едік», – деп қарал тұрады... Сонында ескерткішті көлікке салып Алматыға беттейді де, 92 км-ге келгенде тоқтап: «Мынау жер тоғыз жолдың торабы. Төрт төңірек түйіскең жер, осында қоямыз» деп, Найман ана ескерткішін ойша орнықтырады.

Жазушы мензеген мекенде ескерткіш шынымен де бой көтерді. Қаламнан туған «Найман ана» ескерткіші емес, Қабдешке арнап халық орнатқан кесене. Ақ күмбезі айға шағылысқан Қабдеш бекеті.

Жол бойындағы Қабдеш бекеті біреу дейік. Ал сан миллион сана-лы қазақтың жүргегіндегі Қабдеш рухтың бекеті, сан ғасыр бойы самаладай жанып, жүрек түкпірлерінде самсал тұрады.

Қабдеш қорының төрағасы Ұлықлан Сыдық жалпақ жүртқа сауын айтқан. 2022 жылдың 20 тамызында ақкүмбез кесенелі Қабдеш бекеті салтанатты шарамен ашылады. Толқулы көнілмен тойға ұлассын дейміз!

Жазушы рухын дәріптейтін жалаулы бастамалар жалғасын тапқай!

ЖАРТЫ ФАСЫР ЖАТҚАН ЖЫР

*Уа дүние, уа құдірет! Қайда сәтті сапарым?
Жапта деймін әкеп мазан қасіреттің шапанын.*

*Алдау ма еді, арбау ма еді, уақыт неге суынган?
Бүйткение мен өлсем едім берген сенің уыңнан!*

Шәуешек, 1961 жыл

Осындай шумақтармен басталатын ауқымды қолжазба алдында жатыр. «1961 жыл» ол менің туған жылым ғой. Ал «Шәуешек» ол менің туған жерім. Уәли Дүйсенбайұлы деген кісінің қолжазбасы екен. Жазуы да, жазған өлеңі де мөлдіреп тұр. Алпыс жылдай бұрын жазылған аяулы сезімге құрылған өлеңдер мені баурай түсті.

Бұдан біраз бұрын телефоныма хабарласып «Aға, Сіздің Сәкөш деген досыныздың құдашасы едік. Атамыз былтыр қайтқан. Тауда жеке заттарының арасынан өлеңге ұқсайтын араб жазуындағы дәптер таптық. Сіз қарап көрінізші. Егер өлең санатына қосылатын болса, кітап етіп шығарсақ деген ойымыз бар» деп электронды поштама жолдаған болатын.

Кәдімгі Байтұрсынов әліпбіймен кейде қызыл сиялы, кейде көк сиялы қаламмен дәптерге ұқыпты қондырылған өлең жолдарын парақтап өттім.

Әлде сағыныш, әлде мұң аралас көніл-күйде отырмын. Уақыт және мекен-жай мені баурап өтеді.

Елуінші жылдардың соны мен алпысыншы жылдардың басы деңгениң Шыңжандағы казақ мекендейтін өлкеде аса ауыр мемлекеттік террор, репрессия жүрген кез еді. Уәли мырзаның да: «Бұл уақыт не болып барады, бұдан да өлім артық па еді» дейтін күйдегі өлең жазуына себеп жеткілікті. Және бұл заман кісі қалам ұстайтын кез емес болатын.

Қарап отырсақ, Уәкен атақты Қәбдеш Жұмаділовтың жерлесі және құрдасы екен. Қатар өскен қаламдасы екен. Қазақстанға қатар өткен

тамырласы екен. Кейінгі өлеңдеріндегі адрес пен уақытқа қарап отырып Аягөзде, Ақжарда әртурлі қызметте болғаны білінеді.

*Туган жер, құмар едім сәүлетіңе.
Бір тамишы суың маган бал несібе!
Кетсем де белгісіз бір жолаушы бол,
Қалдырышы өз ұлым деп мәңгі есіңе!*

Бұл да Шәуешекпен қоштасу ғой. 1962 жылдың 10 кыркүйегі. Арттағы ел мен жерге деген сағыныш жаңын кернеген, Шәуешек шаһарына қайта оралудың үміті кесілген кез ғой. Қалған ел мен жерге бұндаі өлеңдерді біз де арнадық. Ал Қабдештер том-том роман арнады.

Үәли аға Шәуешек феноменының туындысы. «Шәуешек феномені» дегендеге ауқымды әңгіме еске түседі. Шәуешек дейтін шаһар Үрімжі мен Семейдің дәл ортасында орналасқан, екеуін жалғайтын үлкен географиялық және саяси маңызы бар аймақ. Әрі екі ел шекарасының сыйығында тұр. Еуразиялық мәдениеттің тоғысында тұр. Егер Семей қазақ мәдениетінің үлкен қара ордасы болса, қазақ саяси элитасының алтын бесігі болса, Алаш қаласы болса, Шәуешек сонан кейінгі ұлттық мәдени ошақтарының бірі еді. Әсіресе Шыңжандағы қазақтарға Батыс, жаңа заман мәдениетін өткізетін үлкен бекет сипатты еді. Жиырмасыншы жылдары Алаш қозғалысы өз топырағымызда женіліске ұшырағанда, оның көптеген өкілдері, қадрлары және қолдаушылары Шыңжанға – Шәуешекке жеткен. Тіпті 1918 жылы Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Райымжан Мәрсек, Әсет Найманбайлардың Шәуешекте кездескен туралы фото айғақ бар. Фотоны түсірген Мұхаметжан Бадрадчик деген татар кісі.

Айтайын дегенім сол Шәуешек, Алтай, Тарбағатай, Үрімжі шаһарлары Алаш идеясының, қазақтың азат идеясының, ұлттық рухының шекараның шегінен шығып дамылдаған үміті мен өмірін жалғастырған, бостандық үмітінің сәулесін сөндірмей сактаған өлкे сипатты еді.

Отызыншы жылдары Алаш зиялышарының сол елге барған өкілдері үлкен ағарту ісімен айналысты. Жаңаша оқыту бағдарламасындағы мектептер ашты. Сол қозғалыстан, ағарту қимылдарынан оянған халық қырықыншы жылдардың басында қарулы көтеріліске өтіп, басында «Шығыс Туркістан республикасы», кейін «Ұш аймақ ұлт-азаттық штабы» аталатын мемлекет құрды.

Әрине, уақыт мұндаі мемлекетті қабылдауға, санатқа қосуға да-
йын емес болатын. 1945-тен 1950-ші жылға дейін өмір сүрген Республика бүгінде жер шарында жок.

Біз қолжазбасына таңырқап отырған Уәли, Қабдеш, Қажығұмар –
бұлардың барлығы да сол Шыңжаңдағы тәуелсіз ұлттық қозғалыс за-
манында туып-өсіп, азамат болып қалыптасқан кіслер.

1949 жылы бүкіл Қытайда билікке келген коммунистік партия
бұрынғы Кеңес Одағының ізімен жүрді. Басында ұлттық өлкелерге
автономия берді, қадрларын қатарға қости. Ал арада он жыл өткен-
де жаңыштау басталды. Дәл осы репрессия күшейген кезде шекара
бойындағы Шәуешек, Шағантогай толықтай, Дөрбілжіннің жартысы,
Құлжадағы біраз жұрт, жалпы реңми санақ бойынша үш жұз мыңға
жуық халық қайтып Кеңес Одағы топырағына өтті.

Бұл отыз жылдан кейінгі көштің шалқуы еді. Осыншама қазақтың
Қазақстанға қайтадан қайтуы, әсіресе репрессияның ең ауыр соққы-
сына ұшыраған Шығыс өлкеге қайтуы ұлттық сипатымыздың тамы-
рына қан жүгіртті. Қазақы ойлау, қазақша салт-дәстүр, мінез, қазақ
ұлтына тән өмір сүру дағдысы Шығыстың аудандары мен ауылдары-
на қар суындаі жайылып, ұлттық рухты көктетіп жатты.

Бүтінгі қолжазбасын параптап отырған Уәли аға да сол қатарда
келген қазақтың марқасқа азаматтарының бірі. Бұндай азаматтардың
әрбірінің сұхбаты мен мінезінен, әңгімесі мен қарым-қатынасынан
қазақ жігітінің ұлгісі үтіттерел еді. Сол кезде келген қызы-келіншек-
тердің әр кісігে құйған кеседегі шайынан, басындағы жаулығынан,
бұрымынан, «Құдай-ая, бұл ұят қой» дейтін бірауыз сөзінен қазақ қы-
зының қасиеті, салт-дәстүрге сай сипаты мен сымбаты біздің әбден
әлсіреп, ұлттық белгісінен айырыла бастаған Шығысқа үлкен дәру-
мен болып келді.

Уәкенің қолжазбасындағы өлеңдерін баспаға бермеген көрінеді.
Сол кездегі газет-журналдарда жарияланбаған сияқты. Қолжазбасын
мынандай ұқыпты сақтаған кісі егер газет-журналда жарияланған
болса олардың киындысын да арасына қыстырып қояр еді. Сөйттес-
де, бұл өлеңдер өзі жасаған ортада, тойда, топтарда оқылып, жұртты
серпілткеніне, жақсы лепесін алғанына күмәніміз жоқ.

Тұған елге арналған тағы бір өлеңінде былай жазыпты:

Жарқылдаған наизагайлы түнің де,
Есімде гой қызыл-жасыл гүлің де.
Ұмытсам сені дер едің-ау «малғұным»,
Ұлан-ғайыр шат кездерде бүгінде!

Есімде гой көктен жаңбыр гүрлің,
Терезе де қызың өрген бұрымын.
Ойга сәулө, кеуделерге гүл еккен,
Ұйытқысысың ақын-ұлың жырының.

Өлең көркем және осы тұған жерге арнаған өлеңіне қарап Қазақстанға жеткеннен кейін ақынның сергіп қалғаны байқалады. Жұрт жақсы қарсы алғаны көрінеді – «Ұлан-ғайыр шат кездерде бүгінде!» деп. 1962 жылы жазылған бұл өлең адам көnlінің, адам семзімінің, адам тағдырының үлкен өзгеріске ұшырағаны, Уәли Дүйсенбайұлының рухы қайта жанғырғаны байқатады.

Ал

Есімде гой көктен жаңбыр гүрлің,
Терезе де қызың өрген бұрымын –

бүгінгі ақындардың есіне түсे бермейді. Себебі бүгін ондай тереzenің алдында жарыққа келіп, айнаны қойып өретін бұрым да, бұрым өретін қыз да жоқ. Сән салонына барып, «укладка» жасап кете беретінін бәріміз білеміз. Демек, Уәли Дүйсенбайұлы Қазақстанға келгеннен кейін қайта жанғырып, қаламын қолға алғып үлкен ақындық жолды бастап кеткені байқалады.

Тағы да, 1965 жылы жазылған бір өлеңінде:

Абзал көру ақын алін,
Ол өзінің ықтиярың.
Жайған гүлдей жасаптаразын,
Жас жансымның үк қиялын! –

бұл да Абайдың өлеңдеріндегі «Жас жүрек жайып саусағын» деген жолдар сияқты өзіндік әдемі, көркем сипатпен түскен шумақтар.

Ақын тағы бір шумағында:

Айттым ба мұны саған бұдан бұрын?
Мөлдір көз, қыылған қас, бұлаң бұрым.

Тарықсаң көңіл шіркін құс қанатты,
Бар ма досы жүргегінің үгар мұңын? –

дейді. Ақынның әрбір колтаңбасыменен өлеңнің туған адрес-мекені түгел жазылып отырған. Бұл ақынға тән ұқыптылқ деуге болады.

Айырмалдым даламда, үйде есімнен,
Сонау бір сұраплыда күн кешірген.
Қан төктім қорғап Арқа сұлу таңын,
Бөгдеге құл болуга төзбеспін мен!

«Қазақпын» деген өлеңінде Арқаның таңын қорғадым, қазактың үлкен арқалы даласын қорғадым деп түсстіні бар. Бұл өзі үлкен толғай, ауқымды өлең. Әрі қарай дастандар жазуға деген дайындық байқалады. Он бес-он алты шумақтан тұратын өлеңді тағы да сол Шұғылбай ауылында 1964 жылы жазылған.

Өлеңдеріне қарап отырып Уәли Дүйсенбайұлының заманға, мерең келерге ешқандай арнау жазбағанын көресің. Яғни, Кеңестік қызыл ұрандарды қабылдамаған кісі. Өлеңнің баспа бетіне шықпауының тағы бір себебі сонда болса керек. Егер мынандай өлеңшілдікпен Октябрді, 9 майды немесе партияны, Ленинді, кеңестік заманның мерең келерін жырлар болса, өлеңі ертемен баспаға шығар ма еді.

Ақын оған бармаған. Бұл Уәли Дүйсенбайұлының өлеңге, әдебиетке, оның тазалығына деген ішкі принциптерін көрсетеді.

Уәлидің өлеңдерінде арулар тақырыбы айырықша орын алады. Өзі де келбетті, жігіттің сұлтаны болған кісі сияқты. Оның ішінде ауқымды жазылғаны «Ақжар қызы» деген тогыз шумақтан тұратын өлең. Егер бірнеше шумағын өндеп, ән мәтініне дайындал жіберсе «Ақжар қызы» деген тақырыптағы алғашқы өлең болып шығар еді?!

Ақынның 1965 жылы жазылған тағы бір ауқымды өлеңінде:

Ойлама «каптады оның басын мұң» деп,
Өмірге алі-ақ келер ақынмын деп.
Жүрмесін қайдан білдің жыр құшақтап,
Өзім де «қайта туған Қасыммын» деп, –

жырлағаны бар. Соған қарағанда ақын біріншіден Қасым Аманжолды пір тұтқанын және өзінің де ақындық шабытына, өлеңге деген күштарлығына, махаббатына сенімі болғанын байқаймыз.

Мейлі кім айтпасын да «ақынсыз» деп,
Ойлаймын олеңімді, атырабымды.
Келемін алыс жолдан тынбай ізден,
Еліме сауыга етуге жасырақ үнді! –

дейді тағы бірде (Бұл да 1965 ж. жазылышты). «Жапырак үнді» немесе «Қайта тұған Қасыммын жыр құшақтап» дегіне қарағанда сол кездің өзінде поэзияға деген үлкен дайындық пен ұмтылыс шабыт болғаны көрініп тұр.

Тағы бір өлеңінде

Жыл келер сені балаша уатып,
Мүсіркеп бірақ елемес уақыт.
Қалап қал елдің бір тасын сен де,
Болашақ күнмен жарататын ұласып!

Тұған жер қимас тауы мен тасын,
Қызбай ма көкірек қанына басым.
Тастап бір кетпек адыра қалсын,
Бақыт қой бұры атының басын! –

адам санасындағы терең сезімдерді белгілеуге құрылған. Бұл өлеңдерді оқыған соң ойланып, қайталап қаруға тұра келетіні білінеді.

Қиялдан мінген ат бәйге,
Ғажасың дүние, ақ сәби.
Және бір ұзат шап дей ме?
Алдыңда тағы басқа күй.

Бұл да үлкен көлемді толғауының бірі. Әдемі, жеті буынды, Абай өлеңдерінің, Қасым жырларының қағылез, қиялы көрініп тұр.

Кезі бұл міне ақынның осы,
Шумақтап олең тастайтын.
Елі гой оның ақылшы досы,
Сүрінсе сүйен сақтайтын!

Ақын 1968-ші жылдан соң өлең жазбапты. Өмірінің кездейсоқ бір кезеңінде сүрінген сияқты. Сөйтіп Шәүешек феноменінің талантты бір өкілі, Қабдештің, Нұрсапаның, Заманбек Жакеннің, Қажығұмар Шабданұлының, Серік Қапшықбайдың, Төлеубек Жакыпбайдың замандасы, Шәүешектен тай мініп еткен Несілбек Айттың, Тұрсын Жұртбайдың, Шәүешектен сәбійінде кеткен Мұхтар Құл-Мұхаммедтің,

бесікте келген Секен Тұрысбектің ағасы тәріздес аяулы бір азамат тек қолжазбасында ғана қаншама жыр, қаншама көркем, сұлу дүние қалдырып арамызда өмір сүріп жатыпты.

Әрине, мұндай ақын кісінің, мұндай көркем кісінің, мұндай сұлу ойлы кісінің айналасына, ұрпағына, туыс-туғанына, көршісіне, еліне, жұрттына шашшатын шарапаты, кездескен кісіге беретін кемел ой-сезімдері өз алдына бір дүние.

Қолжазбаның ең басында осы Уәлиге арналған өлең тұр. Бұны, сірә, бала-шағалары Уәли Дүйсенбайұлының өз өлеңі деп ойлаған болар. Жоқ, бұл Мағауия Раев деген кісінің өлеңі екен. Бұны Уәлидің өзі қолжазба дәптерінің ең басына көшіріп қойыпты, төрт шумақтан тұрады.

*Досым Уәли, жсан досым жарқылдаған,
Сөзің шабыт беруші-ед, қарқын маган.
Серпіл, ұш, қанат қақ, аспандашы,
Әр кезде дос мейірімің сарқылмаган, –*

деп басталатын өлең 1961 жылы Шәуешек шаһарында жазылған. Иә, Шәуешек қазақ мәдениетінің үлкен ошағы, қазақ руханиятының керемет бір тұнық бастауы. Одан 1962 жылы Отанға оралған үлкен қазақтың ұлы көші ұлттың қайта түлеунің армиясы еді. Ал Уәли Дүйсенбайұлы болса сол армияның маңдайы жарқыраған үлкен сардарларының бірі болғаны анық.

Уәли ағамен кездесудің сәті түспеді. Алып шаһар Алматыда өмір сүріп жатыппыз. Әрине, ол кісі бізді білді-ау. Шәуешектен тоқсаныншы жылдары оралған екенші толқын жүртты білді. Бірақ, біз біліп үлгермедік.

Ақынның жарты ғасырдан астам жатқан жыры, менімен жасты өлеңдері – оның ұрпағына қалдырыған хаты. Әкесінен ұрпағына хат қалған ұрпақ бақытты. Ол ақынның жетпіс жеті ұрпағына дейін бой тұмар болып сақталатынына, қазақ әдебиеті деген бәйтеректің жасыл жапырақтары болып қалатынына сенімдіміз.

P.S.

*Бұл дәптерде ақынның 26-33 жасас аралығында ұстажан дәптері.
Басқа дәптер де бар шығар деген ойдамыз.*

ТҰРСЫНХАННЫҢ ТУМЫСЫ

(Жазушы Т. Зәкен туралы сыр)

I. ТУҒАН ӨЛКЕ

Тұрсынханның ата тегі Марқакөл–Алқабелде туып, оның сай-саласын толтырып өсken ел. Бұдан ғасыр бүрін заман шайқалған нәубет шақта әкесі Зәкен елден айырылып, жерден кеткен. Өр Алтайға өткен. Сөйтіп, кенже ұл – бүгінгі Тұрсынхан арғы бетте туды. Онда да Өр Алтайдың саласында, Қара Ертістің жағасында туды. Көзін ашып көргені тау мен дария.

Есін біліп естігені аққан дариядай шұбатылған жыр-толғаулар еді. Тыңдағаны таудай тұлғалар туралы – көкірегін кек кернеген батырлар жайлы аңыз-дастандар болды. Сөйтіп сана түкпіріне қурай сыйбызының құмбыл үні мен қобыз дауысының қоңыр бояуы шөкті. Тұрсынханның Алтайда тууы, ата-бабасынан сол тарихи киелі мекенде болуы өзгеше құбылыс. Өр Алтайдағы қазақтың басқа ұлттармен, халықтармен интеграцияға түспей, өзінің ежелгі ұстанымдары мен психологиясын, тілін, ділін, рухын оңаша сақтауы да Тұрсынханның әдебиетке келуге дейінгі алтын мәйегі – тумысына біткен түп тамырының бірі болды. Осының бәрі болашақ талантты жазушының, Тұрсынхан Зәкенұлы деген феномен қалытасуының негізі – тумыснан белгіленген алтайдай ірге тасы еді.

II. ЕЖЕЛГІ ӨМІР

Тұрсынхан тарихи романдар жазды. Онда да қазақ жазушылары қалам тарта қоймаған XII және VIII ғасыр мен V ғасырларға қарай тартты. Ол уақытта М.Магаун «Шыңғысқанды» жаза қоймаған. Ал

И. Есенберлиннің романдары «Алтын орда» Батуханнан – XIII ғасырдың орта тұсынан бастайтын еді.

Тұрынхан болса арғы мың жылдыққа қарай тартты. Тарихи романдар жазғанда жазушыға ең керек бір фактор сол заманғы тұрмысты білу, тарихи тұлғалардың дәстүр-салтын, өмір сүруін, қымылын білу. Оның ас ішүін, атқа мінуін, тұрған үйін, көш жеткен мекенін аңдау. Тұрмыстық жабдықтарын, айыл-тұрманнан бастап, астау, күбі, торсық, сабасына; табақ, шара, келі-келсабына дейін тануы керек. Қой қосақтаған он екі құлаш, арқан, шылбыр, көген, бұршақ, қыларқан, қайыс арқан, жүн жіп барлығын білетін кісі болуы қазақ тарихынан проза жазатын кісі үшін аса маңызды. Себебі: әр кейіпкер өз заманынан, өз мекенінен көрініу керек. Олай дейтініміз, тарихи тұлға жасаған заман түп-тұрпатымен бүгінгіден бөлек.

Сол қабылет Тұрынханға табиғи берілді. Оның тарихи романдағы суреттеулер, адам келбеті, ауыл келбеті, көштің жүрісі, ат әбзелдері, мінез-құлқы бәрі де нағымды, жағымды шығады. Себебі, осының барлығын Тұрынхан бала күнінде-ақ өз ортасынан көрді. Қызып жүріп, қой қосақтады, қоз-лақ көгендеді. Ат арқандады, түйе шөгерді, өгіз мұрындықтады, іркіт пісті.

Олай болатыны бағанағы біз айтқан өр Алтай Тұрынхан туған – ес білген заманға дейін он ғасыр бойы өмір дағдысын тым жаңартта қоймаған. Кешегі Алтайдан көшіп Таңғыт тауларын асып Түркияға дейін кеткен шактағы көш, ол көшті ұйымдастырған буын – бәрі де кемінде бес ғасыр бұрынғы өмір салтындағы кісілер еді.

Тұрынхан көзін ашып өзін көргенде қос керегені қапталдап қомдап, төрт тең жүкті айқыштап артқан түйе үстіндегі текшеде көрді. Ол көсілген аяғы басқұрмен бастыра байланып, қатар отырған басқа балалармен қоса ырғалып, қалғып бара жатқан кішкентай ұл болатын. Көш ерулер жерге жетіп атан түйені шөгергенде түйедегі бала бір ен-кейтіп, бір шалқайтып барып, жерге жақындар еді. Сөйткен Тұрынхан суреттеген тарихи романда бұрынғы заман адамдарының жасаған ортасы, келбеті сонша нағымды шынайы көрінер еді.

Біз «Ежелгі өмір» деп бөліп алғып жазатынымыз Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Бейімбет Майлин кезіндегі қаламгерлер. Болмаса, 1960 жылдары әдебиетке Қабдеш Жұмаділмен бірге келгендер қазақтың байырғы қоғамынан қол үзіп қалған буын еді. Құрдастары Қабдешті «Қатарымызда қазақтың ең соңғы байларын көрген сен ғанасын» дейтіні бар. Ол шындық болатын. Илияс Есенберлиннің жеті ғасырды қамтып жазған «Алтын ордасы» мен «Алтын ордасы» мен «Көшпендейлерінде» елеулі айырмашылықтар байқалады.

Қабдеш Жұмаділ еркін редакциялаған «Көшпендейлердегі» тұрмыс-салт далалық, көшпеді өмір мінсіз, тартымды берілген. Себебі, Қабдештің өз естелігінде жазғандай, Илияс Есенберлин: «Мен ас-фальтта өстім. Мына романның тұрмыс-салтқа өгейлеу тұстарына еркін редакция жаса. Қолыңды қақпаймын» дегені бар.

Қабдешке жазып берген қолтаңбасында «осы романға өзімнен артық күш салған Қабдеш ініме» деп жазған көрінеді. Бұлай дегізіп тұрған редактордың ежелгі өмірді білуі.

Ал «Алтынордада» көшпендейлерден айырмашылығы айқын көрінеді. Едігені, Тоқтамыс ханды, олардың жеңіс үшін жасаған тойларын суреттегендеге күлкілі тұстар кезігеді. «Алма мойын, қаракер арғымақтар» деген секілді сөз, сөйлемдер жолығады. Жылқының «алма мойын» болмас. Ол арғымақ болса қаз мойын болар еді. «Ұлан асыр той болды» дейді Едігенің жеңісінен кейін «Бес биенің терісінен тігілген сабага қымыз құйып...» деп жалғасады сөйлем. Ал шын мәнінде, жылқының терісінен саба тігілмес. Бес биенің терісінен саба тік-се кішігірім бассейн шығар еді. Сабаны тек өгіздің терісінен тігетін. Жылқы терісі суға шыдамсыз болады. Бұл жерде ол кісінің түсінігі «бес биенің сабасындағы» деген тұрақты сөз тіркесінен келген болуы керек. Бұл бес биенің сүтін құятын деген ұғым. Бір биеден он литр сүт болса, елу литрлік саба деген сөз.

Тұрсынхан жазған тарихи романдарда мұндай тұстар танғажайып танымдық ұғымдармен тамаша үйлесім тауып, оқырманын ондаған ғасырлық қашықтықта тарта түсер еді.

III. ТҮЯҚ СЕРПУ ЖӘНЕ АЗАТТЫҚ СӘУЛЕСІ

1970 жылдары Тұрсынхан Ертіс бойындағы Сарғұсын ауылында мектепке барып жүрген. Алтайдағы азаттық үшін отыз жылға созылған толку бірде женіп, бірде женіліп, бірде қырып, бірде қырылып саябыр тартса да, тұтылған «бандылар» (батырлар) тобымен Тарымға айдалса да толық тынышмай тұрған шак.

Құйма құлак бала Тұрсынхан ел ішіндегі әбігер ала шапқыннан Сарсұмбеде болған бұліктің тағы да бастырылғанын, біраз кісінің тау сағалап қашып кеткенін естіп, біліп жүрді. Бұл одан жиырма жыл бұрын азаттығынан айырылып, мемлекеті құлаған Шығыс Түркістан жігіттерінің соңғы түяқ серпуі еді. Ақын Қызырбек Орал бастаған бір тобы атылатын, Сейітхан Әбілқасымдар Монгол асып кететін соңғы толку – азаттық үшін соңғы түяқ серпу осы еді.

Болашақ жазушы – ол күнде қаншама ұлы мұраттар үшін жан қиған жігіттердің, жанталасқан уақығаның жанында ойнап жүргенін еркін сезіне қоймаған шығар. Сонда да бала түйсіктің түкпірінде бір теңдессіз ұғым – азаттық ұғымы, тәуелсіздік үшін курес ұғымы қылаң бергені анық еді.

Бұл кезде ересек жұрттың бәрі де ертегідей ерлік пен тәуелсіз елдіктің тірі қуәлери болатын. Осындағы ортада өмір сүру азаттық түсінігін, тәуелсіздік танымын, батырлық ұғымын ойға орнықтыра түсетін. Оның жеңісі мен жеңілісін, күреске жетелеген мақсатты, бостандыққа деген талпынысты шексіз бейнелейтін. Соның бәрін Тұрсынхан естіп қана өскен жоқ, шет жағасын көрді. Сондағы батырлардың достарын, соңғы қалдықтарын, сол көтеріліске қатысқан кісілерді көріп сөздерін естіді. Қолдарына су құйып, батасын алған кездері болды.

Бұл талапты ұлдың жүргегіне үміт еккен, бостандық сезімнің түйсігін түсірген алғы шарттары болатын. Ойлап тұрса бостандық пен тәуелсіз мемлекеттік деген қасиетті құбылыс қолдан шығып кеткенине көп болмаған секілді. Ұзай қоймаған шығар. Қайтарып келуге – қалпына келтіруге болатын сыйқты. Оны – азаттықты, тәуелсіз мемлекеттікті осы жұрттың үлкендері түгел көрген. Түрін таниды.

Тұрсынханның тұмысындағы үшінші үлкен сый ол – санаасындағы тәуелсіздік танымының табиғи орнығы. Жасы отыздан асқанда Қытайдағы қазақтардың 1930-1940- жылдардағы ұлт азаттық құресі туралы кандидаттық диссертация қорғап, «Жоғалған республика» деп кітап жазса ол сана – ол ғайыптан келген жоқ. Сол бостандық ұғымын жасаған орта, туған топырақпен танығаннан.

IV. КӘСІБИ ТАРИХШЫ БОЛУ

Бір киелі рухтын, бір құдіреттің тұрсынхан талантты тұра бағытқа түсіріп отырғаны анық секілді. Оның болашағына тап келген тағы бір теңдессіз сый тарих мамандығын окуы, тарихшы болуы, онда да тарихтың тым саясиланбаған тарихи деректерді түбірінен тануға бейімделген тұсында окуы. Оны Қытай тарихшыларынан ғана емес ұйғыр тарихшыларынан да окуы.

Шыңжаң университетінің тарих фаультетіне 1979 жылы он жеті жасында барған Тұрсынхан Шыңжандағы барлық саяси науходар тоқтап, теріске шығарылып, ғылым-білімге, шындыққа бет бұра бастаған реформа заманда окуға келді. Ұл кезең оның тарихты түп-тамырынан тануына үлкен мүмкіндік берді. Болашақ тарихи романдарының кейіпкерлерін ол сол уақытта таныды. Ол кейіпкерлері жүрген алқапты, шеп құрган даланы, бекінген тауларды, мындаған онындаған шақырым жорық жолдарын сол тұста аңдады.

Әсіресе, дербес мемлекеттікten үмітті ұйғыр ұлтынан шыққан ғалымдар ұйғыр-түркі тарихын айтқанда бағдарламадан ауытқып, жеке зерттеулері мен өз арман-мұраттарына, өткен шақтың өкініштеріне бойлап сейлітін. Батыс, Шығыс түркілерінің, Қарахан, Көкорда, Ақорда, Әмір темір, Алтын Орда категітеріне, Осман империясының қуатты шағында шығысқа – ежелгі мекенге қайырылмай батыспен ғана болғанына дейін курсініп, күніреніп тұрып айтатын. Сол ұстаздарының өкініші Тұрсынханның романдарында Ідік құт, Қашқар, Қотан атауларымен елеулі орын алды.

Шыңғысханға бірігіп тойтарыс беру туралы Құшліктің хатын әкелген елшілердің басын кесіп Шыңғысханға жіберген Ідікқұт жүртyn

Найман әскері келіп талқандағанда Зұпәр абыз «Қанша рет сатылдың Ідік құт, қанша рет шабылдың Ідік құт! Ел болмайсың-ау!» дег зарлайды. Қашқар мен Қотанды тыныштандыруға барған Күшлік бұл елге Отан да, ұлт та емес, керегі дін ғана екенін көріп, қатты қүйінеді. Мешіттерін өртеп, имамдарын тізіп қойып дарға асады. Шыңғысханың да ұтқан жері сол «мемлекеттікten бас тарт, дініңде қала бер!» деген жарлығы болғанын тігісін жатқыза жазады.

Бүтінгі Ұйғыр атанған Ідіккүттар содан бергі сегіз ғасыр бойы мемлекет емес, дін сақтаумен келе жатыр. Тұрсынхан осы бір қарама-қайшы дәйекті дәп басады. Бұл үрдістін – халқы дінді ең биік құндылық танудың мемлекеттікten айыратынын мензейді. Бізде де қыран қонған Қектудың түбіне жиналған қазақтан гөрі, «Құран» тұрған көк мешітке жиналған жастарымыздың неше есе көп болуы бүтінгі біздің мемлекетіміз үшін де аса қауіпті құбылыс екенін ишара етеді. Оны биылғы қантар қырғыны да дәлелдеген- ді.

Тұрсынханның тарих факультетіне түсүі, ондағы қарама-қайшы көзғарастағы әр ұлт ғалымдарынан әр алуан тұжырымда сабак алуы таланттың тұмысына уақыт тартқан тамаша сый еді. Ол ұйғыр ұстаздарынан алған білімін «Қекбәрілердің көз жасы» романында көркем әдебиетпен көмкерді. Сондай бір қайырыммен ұстаз алдындағы шәкірттік борышын да өтеді.

V. ТАРИХҚА ТЕРЕНДЕУ ЖӘНЕ ЖАЗУ ТАЛАНТЫ

Кейіпкеріміз тарих мамандығының баклавр дипломын алған кез Шыңжаңдағы қазақтардың ес жиып, өткен-кеткенін түгендей бастаған уақытына тұра келді. Қазақ тіліндегі өлкелік облыстық газеттерді айтпағанда, «Шұғыла», «Іле айдыны», «Іле жастары», «Алтай аясы», «Тарбағатай» аталатын әдеби журналдар да жарысып шыға бастаған. Бұл ондағы қаламгерлер жарамды жазса шығармасын жариялауға жеткілікті кеңістік еді.

Қажығұмар Шабданның әйгілі «Қылмыс» романының алғашқы екі томы, Жұмабай Біләлдің «Жондағы жорықтары», Жақып Мырзаханың «Арман асуы», Фалым Қанапияның «Тасқыны» бастаған ондаған роман жарық көрген кез болатын.

Университет оқып жүргенде алғашқы өлеңдері жарық көріп, жас ақын ретінде танылып қалған Тұрынхан жұмысқа тұрған. Оның «Алтай аясы» журналында еңбек жолын бастап, «лирик жазушы» атанған Жақсылық Сәмитке шәкірт болған шағы.

Ол уақытта әдебиеттен гөрі тарих тақырыбына жазған мақалалары, ондағы қытай иrogлифтерін ең ежелгі тасқа басылған түп нұсқадан танитыны Тұрынханды Алтайға тоқтатпады. Үрімжідегі Тарихи мұраларды зерттеу орталығы ат-түйедей қалап алып кетті. Ол одан ары Бейжіндегі Халықтар Университетіне барып, шағатай тілін оқуға жалғасты.

Енді қараңыз, «Мәңгітас» романы Күлтегін, Тоникөк жасаған дәүірге қарай тартады. Осындағы Тоныкөк «Ел болу, ел сақтау» ілімін, «Мәңгілік ел» мұратын қытайда алған білімімен түптейді.

Ойлап қарасаң, Тұрынхан да сөйткен екен. Ол өз тарихын – мың жылдықтар қатпарында қалған елдік, ерлік мұраттарын тауып, оны жаңғыртудың өзіндік әрекеттерін жасаған екен. Жиырма бестегі жапжас Тұрынхан деген баланың «Балқан тауға барғандар» атты ауқымды хикаяты «Шұғыла» журналына шыққанда былайғы қазақтың санасын мың жылдарға қуып салған болатын.

«Барар жерің балқан тау. Ол да біздің барған тау» деп жеп-женіл мақалдай салатын жүрт, ол жаққа қашан барып, не бітіріп жүргенін енді білгендей еді. Ол – өз романы «Мәңгі тастағы» Тоныкөк кейіпкері сияқты кісі. Ал білімді қайдан алсаң да қайырылып келіп, халықның қызыметіне жарату жанкешті рухпен ғана келетін еңбек.

«Балқан тауға барғандар» повесін жұз мыңдаған кісі оқығанына сенімдіміз. Шығарманың әр тұсынан үзіп алып әңгіме ететін олар жазушы қиялышын туған көркем эпизоттарды шынайы қабылдайтын. Бүкіл Еуропаны тізеге салған Аттиланың өліміне күйініп, оның жерленген тұсын әңгімелеп толқытын Дунай өзенінің бір арнасын бұрып салып, дария түбінен қазған шынырау көрге алтынмен атап, күміспен қаптап, темірмен құрсалап, Еділ патшаны қойып жатады. Сол сәтте өмірі Еділдің жанында откен Белби қарт бетін тіліп, көзін ағызған беті шынырау көрдегі темір табытқа өзін лактыратыны бар. Осы тұсқа келгенде хикаятты әңгімелеген топ ауыр күрсініп үнсіз қалар еді.

Олар түпкі түйсігінде тірілген бір мақсұттың мың жылдармен астасып жатқанын түсінікпен сезе қоймас еді.

Кейінде бұл повесті «Жұлдыз» журналына жариялаған Мұхтар Мағаун: «Аттиланы өзінше жазыпсың!» деп, жас жазушыны сүйіне құттықтағаны бар. Қазірде бұл шығарма романға айналып ауқымдана түсken. Ал біз үшін жастық шағымызыда танысқан қыз сияқты хикаят бейнесі айырықша сұлу қалпында қалды. Осының өзі тұрсынхан ту-мысындағы Тұрсынхан танымның, Тұрсынхан таланттың ешкім қай-талай алмас өмір жолы және ешкім қайталай алмас талғам биігі еді.

VI. АЗАТТЫҚ ТАҢЫ АТҚАНДА

Егер тарих білгірі мемлекеттігі қолдан кеткен ұлттың баласы болса оның бар ансары аргы заманда қалған азаттығы, елдігі болар еді. Ол орайлы жердің бәрінде осы тақырыпты айттар да отырап еді. Егер ол тарихшы бола тұра оған қоса талантты жазушы болса, ол отыз жас-қа қарағанда Отанында азаттық таңы атса, кешегі ұлы тұран даласына тәуелсіз мемлекеттігі орнықса ше? Онда оған қандай бақыт келгенін, қандай шабыт бергенін, қандай күш-қуат бергенін еш таразы тарта алмас еді.

«Мениң жарқын досым-ай,
Өр Алтайда түлеген.
Жарты гасыр тойыңда
Саған жаздым бір өлең.
Отызга сен толғанда
Отан азат болған да.
Өйтпегенде Түкем-ау,
Қалай өмір сүрер ең?!

Сүюші едің жүргініп,
Сор топырақ дағаңды.
Сүюші едің бүгіліп,
Әжім жүзді анаңды.
Сенің арман мұратың
Көктө көшикен бұлт сынды

*Кең даланың аспанын
Кернеп кетіп барады.
Киең сенің Қекбөрі
Желе жортқан жоны тік.
Кейіпкерің Қектурік
Елемміш пен Тонықүк.
Тәнің мунда тұрса да,
Жаның жетер мың жылға
Қаламыңды сілтейсің
Қанды жасқа тогытын.
Күлтегін мен Инаныш
Жиі кіріп туғызы.
Сауырықтың тұлтары
Сарыарқада кісіней.
Кейде жарқын көңілмен
Жалт қараган сәтіңде
Корінесің козіме
Мың жасасаған кісідегі.*

Қатар жүрген кісінің тәуелсіз топырағын, азат отанын, ел-жұртын қалай шексіз сүйеттініне күә болу да ғанибет. Оның қалай терең тебі-ренетінін, шабыттанатының шалқытынын бірге жүріп көріп-блу де қызық. Біз талантты тарихшы, шебер жазушы Тұрсынхан Зәкенұлының сондай бақытты сәттерінің, шабытты шақтарының бәріне күә болып, бірге келе жатқан сырлас достарымыз.

Тұрсынханның тұмысына қиуадан қысысып келіп бұйырған, оған сұрапыл шабыт берген өлшеусіз бақыт ол – Азаттық таңы. Ең бастапқы ұстаным өзгерген жоқ. Бүгінгі тәуелсіз мемлекет құруши ұрпаққа оның өткен шақтағы елдік, ерлік тарихтын көркем әдебиет-пен көмкере түсіп жеткізу сірә, мұраттардың асылы шығар. Шынында бұл қызмет Тұрсынханның тарихшылығына да, жазушылық талантына да тап келер – сол ғана көтөре алар жүк еді.

Бірде «Балқан тауға барғандарды» сөз еткен Мұқтар аға Мағауин: «Арғы бетте жүріп те мынадай повесть жазған екенсін. Еліне келдін. Енді роман жаз» деді. Бұл үлкен мотивация еді. Бағана Жазушылар

одағына кіре берісте жолыққан Қабдеш аға Жұмаділ де: «Оқыдым. Кесек шығарма. Сәтті шығыпты. Сірә, арғы беттен енді келетін әдебиеттің көшін былай сен бастайтын шығарсың» деген.

Анқылдаған Тұрсынхан осы сөздерді ары қарай ағайындарға айтып, арғы-бергі беттегі агаларының «Көнілін ауыртып алғаны» бар. Солайда бұл сөздер – классик агаларының жас жазушыға берген бағасы әрі оған артқан ауыр міндеті болатын.

Азаттықтың алғашқы жылдарындағы аласарыран шақта Тұрсынханды жүрттап бөлек жазу үстеліне отырғызған себептердің бірі осынау ұлы жазушылардың одан күткен үміті болғаны анық. Жүрт жалы жығылып жаңбағыспен жургенде ол – «Көкбөрілердің көз жасын» азаттықтың алғашқы он жылдығындағы ең озық романды жазды. Оны халық құшырлана оқыды ма, оқыды. Мемлекет бағалады ма, бағалады. Бас бәйге алды ма, алды. «Мәңгі Тастың» жазылуына да әсер еткен құбылыс – Көк тастың – Күлтегін – түркі уставы жазылған мәңгі тастың дәлме-дәл көшірмесінің Астанаға жетуі. Жазушының сол салтанатты уақығаның ортасында журуі. Отан азаттығының он жылдығы тұсындағы осынау енбек Тұрсынханды терең әсерге бөлеп еді. Жазушының жас шағында арғы бетте жазған «Балқан тауға барғандар» хикаятының романға айналуы да тәбиғи құбылыс. Ол енді шет елдегі жас магистрант емес, тәуелсіз елдің еркін қаламгері, тарих ғылымдарының докторы, профессор, романы бәйгеден келген бабы бөлек жазушы еді. Оған қоса Аттила туралы кітаптар жазған ағылшын, француздарды – Бувье Ажан-Морис, Джон Манды, Аттиланы жазған, оған елші болып барған ежелгі Рим тарихшысы Приск Панийскийді оқығаны.

Одан соң хикаяттағыдай батыр Аттиладан емес, енді бала Аттиладан бастап жазуға жол ашылып еді. Тағы бір тарихи роман деңіз. Біз осы мақаламыздың екінші бөлімінде айтқанымыздай, Илияс Есенберлиннің «Алтын Орда» көп томдығы XIII ғасырдың отызыншы жылдарынан басталады. Ал «Көкбөрілердің көз жасы» оған қабаттаспай сол ғасырдың жиырманшы жылдармен аяқтайды. Романың сонында Күшлік ханның Сарал батыры Сарыарқаның шетіне ілініп, «Шапқыншылар келер, кетер, отан кетпес, орнында қалар»

деп тыртықтарын ырситып курсінетіні бар. Романдағы жазушының жанынан қосқан көркем кейіпкер осы Сарал батыр және сәтті шыққан бейне. Романың ұйтқылық ортасы Найман ордасы ғой. Таянхан, Бұйрық, Көксая Сауырық, Керей ордасынан Тұғырылхан, Сәнгүн ханзада, Шыңғыс хан ордасы мен Меркіт Тоқтабекхан, Қолтуған мерген, Кидандардың Гөр ханы, Жегелу уәзірі. Бұлардың бәрі де сәтті бейнеленеді. Мұнда ежелгі өмір дағдысы да проза жанрына тән тәсілмен еш мінсіз суретtelгеніне тоқталдық. Біздің ойымызша, романдағы басты тұлға – Күшлікхан. Найман ордасы құлаған соң Шыңғысханға тұз дала түгел тізе бүккенде оған өлтөнше, басын бергенше берілмей күрестен Меркіт Тоқтабек пен осы Күшлікхан ғана. Күшліктің жанкешті күресі мен батырлығы, айлакерлігі, қайсардығы жан толқытады. Соңан соң жаңағы Сарал. Роман жазуда Тұрсынханның өз мақсұты, өз мәнері бар. Ол – патриоттық пафос. Ұлттық сүйспеншілік. Бұндай ұлгі кейде әдебиет теоретиктеріне ұнай бермеуі де мүмкін. Бәрі де бір қалай жазу – жазушының шабыты, таланты, ой қисыны және жүрек қалауы белгіліейтін құбылыс. Ол – жүрекке бағынып жазады. Тұрсынхандық туынды – «Атила – Балқан тауға барғандар», «Мәңгі тас», «Көкбөрілердің көз жасы» роман трилогиясы V–XIII ғасырларды қамтып, Қазақ тарихи романдарының ту бастауында тұрған мұзартты биіктөр екенін қазақ біледі.

Тұрсынхан таланттың бірге өскен досы ретінде – әдебиеттану маマンдығымыз, тұлғатану табиғатымыз болғанда, басты белгіміз ақындық деп білеміз. Сөзіміздің сонын өлеңмен өрсек.

Тұп тегің – Алтай қонған ұлыс еді.

Алынбас қамал еді, құрыш еді.

Жалынып мың жыл құткен жалғызы үлдай.

Алтайга сен келгенің ұлы іс еді.

Көтеріп құрсағында тогыз гасыр,

Бұл Алтай тұған сынды – ұлы сені.

Алтайдың жонын жайлап, тосін қыстап,

Ариасын тутіндетіп, етіңді ыстап,

Ертөтік сыйқтанып тез есейдің

Мың жылдың әр бір күнін есіңде ұстан.

Жазылтып жауынгер рух жалпақ жоннан
Жан-жасақта тарап жасты қосынга үқсан.
Тебірендік сен үзіліп, мен де үзіліп,
Толқыды дос сүйініп, ел қызығып.
Әу десең Алтай тауда көшкін жүрді,
Беу десең Қараертісте сең бұзылты.
Санаңа өткен шақтан дауыл соқты,
Шарпысып аргы кешу, бергі қызық.
Бұдан да мың жыл бұрын сегіз үл ек.
Бір тұган бір мақсұттан егіз үл ек.
Тамғанда «Көк бөрінің көз жасынан»,
Журекті соғып еді теңізі кеп.
Отан азат болғанда Бар қазақта
«Көктү үшін жсан тида» дегізіп ек.
Алтайда алтыстағы абызына
Қабылда сыңарыңның лебізі деп.
Келеміз бір уақытты бір кешіріп,
Келеміз бір үлгеріп, бір кешігіп.
Алтай тау арқамызды тірелегенде,
Төгеміз бір көсіліп, бір лепіріп.
Ертіс пенен Үлбінің құйғанына
Қараймыз екі ойменен бірге тұрып.
Алтай ол бітпейтүғын белең-белең.
Құлын ең белең сайын елеңдеген.
Кезеңі асқан сайын биқтеген,
Өзені кешікен сайын тереңдеген.
Орманы кезген сайын қоюлаған
Жазасың қою түсті өлеңменен.
Кешуде Таян ханнан қалған Алтай,
Бүгінде Оралханнан қалған Алтай
Бір күні қалауды гой сенен, менен.

МАЗМҰНЫ

Тұрсынхан Зәкен. Өлең таңдау	3
Әйкен Нәжімеденова. «Мені тапсан – өзім берем жүлдені...»	6

I бөлім **ТҮМАНДЫ ШАҚ ТҮНЫҚ ОЙ**

Kipicy	8
«Жұмекеннен жұз өлең» талдау қадамы	12
«Кек тасқа ұйықтады жалаңаш...»	18
Түннің мақпал балағы	22
Болмысқа қарau бұрышы	25
Үміттің балапандары	27
«Еліктеу табиғатка жаңалық па?»	29
«...Мен тамырға тараймын»	33
«Тыныстармын аспан бұлтын жамылып...»	36

II бөлім **АЛҒАШҚЫ ҮЗА**

Неге керек, неге керек қанағат?	40
---------------------------------------	----

III бөлім **ДОМБЫРАЛЫ АҚЫН**

«Кызға қарап қайтеді домбырасы бар кісі?!»	45
«Қағам үйдің есігін, қағам күйдің есігін...»	49
Ағытыл, күй, ағытыл!	53
«Берейін жүргегімді тиек қылып...»	56
«Домбырам, саған айтам»	59

IV бөлім
КИТАБЫНАН КҮЙ ЕСКЕҢ

Қайғырма, ана, серттемін!	65
«Жатып алды бес саусақ пернелерді жастанып...»	71
Жанғырықтан өзге түк жок, босқа тұрган жансындар!	76
Кірпікті төмендет, сөл қызар жетеді...	81
«Дауыл, дауыл... күркіретті»	90

V бөлім
ТАЛАНТ ТУРАЛЫ

Абай жырды құрметтеп	99
«Ашық бояу өртенген...»	108
«Пультте тұр, ойы жалқын, даңқы лаулап»	114
Талант	118
Алатау	123
Терезе	129

VI бөлім
БОДАНДЫҚ ПАРАЛЕЛ ЖӘНЕ ҚАРСЫЛЫҚ

«Өлім жайлыш тірі өлең»	135
-------------------------	-----

VII бөлім
ТҮНЕКТЕН ЖЕТКЕН ТҮНГІ ДАУЫС

Жұмекен «Жанғырығы»	144
Жұмекен жырдың жеті бояуы (<i>Түйін сөз орнына</i>)	184
Олжай Қ. «Соқыр мен саңырау»	201
Жұмекенге	217
Қигаш өзен	219

VIII бөлім
СӨЗТАНУ

«Көзімнің қарасы» көзімнің қараышығы емес	221
Мен жаттаған өлеңдер	232
Жастық шақтың өлеңі (<i>Сын эссе</i>)	242
Ақынның ойлау амалы	247
Ізгілік – ізденис үшін	249
Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы	254
Қыырдағы қаламгер қазактар (<i>Қазақстан Жазушылар одагының жыл қорытындысындагы баяндама</i>)	261

IX бөлім
ШӘҮЕШЕК ФЕНОМЕНІ

Ұлт рухының ұлы суреткери	267
Қажықұмарға	275
Қабдеш әлемі және Шәуешек феномені	276
Алматыда Қабдеш жоқ	286
Қабдеш бекеті	289
Жарты ғасыр жатқан жыр	298
Тұрсынханның тумысы (<i>Жазушы Т. Зәкен туралы сыр</i>)	305

Алмас АХМЕТБЕКҰЛЫ

ЖҰМЕКЕННЕҢ 100 ӨЛЕҢ

Әдеби сын

Редакторы С. Ақылов

Тех. редакторы С. Ақылов

Беттеген Д. Кәрімов

Дизайнері С. Төребайұлы

«Сардар» баспа үйі
Алматы қаласы, 8 ы/а, 19а үй.
Тел.: 8(727) 249 68 05, 225 25 42
e-mail: sardarbaspa@mail.ru
www.sardarbaspa.kz

Пішімі 60x90 1/16. Шартты баспа табағы 20,0.
Офсеттік басылым. Қаріп түрі «Times New Roman».
Таралымы 3000 дана. Тапсырыс

ЖҰМЕКЕННЕҢ 100 өлең



Алмас АХМЕТБЕКҰЛЫ

ЖҰМЕКЕННЕҢ
100 өлең

